

ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі  
М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті

**ХАСАНОВА ИНКАР УТЕБАЕВНА**

**БАСТАУЫШ МЕКТЕПТЕ ЗАТ ЕСІМДІ КОГНИТИВТІ  
ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ**

Оқу құралы

Орал, 2022

**УДК 373.3**  
**ББК 74.202.4**  
**X 23**

ҚазҰлтҚызПу жанындағы ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі  
РОӘК ОӘБ-ЖБТ-ның грифімен баспаға ұсынылған

**Пікір жазғандар:**

- Муханбетжанова А.У.** – п.ғ.д., қауымдастырылған профессор,  
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау  
университеті
- Туребаева К.Ж.** – п.ғ.д., профессор, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе  
өңірлік университеті
- Ергалиева Г.А.** – п.ғ.к., М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан  
университеті

**Автор:**

**Хасанова И.У.** – педагогика ғылымдарының кандидаты

**Хасанова И.У.**

**X23 Бастауыш мектепте зат есімді когнитивті оқыту әдістемесі:** Оқу құралы  
/ И.У. Хасанова – М.Өтемісов атындағы БҚУ РБО, 2022. – 183 б.

**ISBN 978-601-266-532-1**

Бұл оқу құралында бастауыш мектепте зат есімді когнитивті оқыту әдістемесі бойынша теориялық материалдар мен практикалық тапсырмалар қамтылып, инновациялық оқытудың бір түрі ретінде когнитивті оқытудың ғылыми және әдістемелік жетістіктері ашылған. Оқу құралы 6B01301 Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі білім беру бағдарламасының студенттеріне арналған элективті пәндердің қатарына жатады. Бастауыш мектепте зат есімді когнитивті оқыту әдістемесі арнайы іріктелген білім мазмұны мен концептілік тапсырмалар, жаттығулар жүйесіне құрылған. Еңбекті бастауыш сынып мұғалімдері, «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасының студенттері оқу құралы ретінде пайдалануына болады.



© Хасанова И.У., 2022  
© М.Өтемісов атындағы РБО, 2022

## АЛҒЫ СӨЗ

Соңғы жылдары еліміздің білім беру саласында қолданылып жүрген әдістемелік жүйелер, оқытылатын пәндердің мазмұны өзгерістерге түсіп, ғылым саласының соңғы жетістіктері мен қоғамда пайда болған жаңа құндылықтар мен бағыттар негізінде жетілдіріліп, олардың жаңадан озық, тиімді модельдері жасалуда. Жалпы орта білімнің он екі жылдық саты жүйесіне көшуге әзірленуі, жоғары білім беруде кредиттік оқыту жүйесінің енгізілуі бастауыш мектептегі әдістемені одан әрі жетілдіруді талап ететіні сөзсіз. Әлемдік бәсекеге түсер ұрпақты дайындау мақсатында қазақ тілін оқытуда жаңа педагогикалық технологияларды тиімді қолдану мектептің бастауыш сатысынан бастау алады.

Білім берудің жаңару бағытында жасөспірімдерді ұлттық рухта, ғасырлар бойы қалыптасқан рухани құндылық негізінде жан-жақты дамыту көзделінсе, адамға қатысты антропоцентристік бағыттағы адам танымын зерттейтін когнитология аумағындағы ғылымдардың басты қағидалары мен нәтижелерін әдістемелік жүйеге енгізіп, оқыту технологиясын жаңа бағытта жүргізуге тиіспіз. Сондықтан қазіргі таңда, тәуелсіздік кезеңінде ұлттық жаңғыруға сәйкес, қазақ тіл білімінде қарқынды дамып келе жатқан лингвомәдениеттану және когнитивті тіл білімі ғылымдарының соңғы нәтижелерін мектепте грамматиканы оқытуда пайдалану қажеттілігі туындап отыр. Тіл табиғатын когнитивті сипатта қарастыратын бұл бағыттың ерекшелігі – тілдік ұғымдарды құрылымдық лингвистикадан өзгешелеу қалыппен жаңа арна үлгісінде таныту. Бұл бағыт – тілдік тұлға келбетін қалыптастырудың ең басты да, негізгі жолы. Ал тілдік тұлға дегеніміздің өзі – ұлттық тіл ортасында, ұлттық құндылықтар негізінде тәрбиеленген, ұлттық рух пен ұлттық тілді толық меңгерген жеке адам, бүкіл ұлттық болмысты бойына жинақтаған жеке тұлға. Бастауыш мектепте қазақ тілін когнитивті тұрғыдан оқыту арқылы ұлттық дүниетаным мен тілдік таным негізі қалыптаса бастайды, сондықтан бастауышта зат есімді когнитивті оқыту әдістемесі мұның іргетасы іспетті болады. Когнитивті оқытудың басты ерекшелігі – ұлттық ойлаудың биік шыңына жеткізу. Ұлттық таным, ұлттық мінез, ұлтжандылық сияқты бүгінгі балаларда толық көрінбей бара жатқан сезімдерді дарыту, тәрбиелеу.

«Бастауыш мектепте зат есімді когнитивті оқыту әдістемесі» курсының мақсаты – «Бастауышта оқыту педагогикасы және әдістемесі» білім беру бағдарламасыбөлімінде оқитын болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінепәннің мазмұны мен оқыту ерекшеліктеріне талдау жасата отырып, тіл білімінің лингвистикалық, когнитивтік бағыттары, олардың негізгі ғылыми ұғымдары, бастауыш мектепте зат есімді когнитивті оқытудың басты педагогикалық ұстанымдары, әдіс-тәсілдері, мазмұны туралы білім беру және бастауыш мектепте зат есімді когнитивті оқытуды жүзеге асырудың тиімді жолдарын үйрету. Студенттер курс бойынша теориялық білім ала отырып, практикалық жағынан когнитивті оқытуға арналған тапсырмалар мен жаттығулар жүйесін жасауға үйретіледі.

*Автор.*

## КОГНИТИВТІЛІК ҰҒЫМЫ ТУРАЛЫ ТҮСІНІК

Адамзат қоғамы дамып, мәдениет, ғылым, өндіріс өрбіген сайын адамның танымдық ой-өрісі арта түсетіні заңды құбылыс. Бүгінгі күні тіл білімінде танымдық бағыттың өріс алуы когнитивті тіл білімін қалыптастыруда. Когнитивті тіл білімі негізінде когнитивтілік ұғым жатыр, ал когнитивтілік – бұл когнитология ғылымынан бастау алатын үлкен ғылыми бағыт. Когнитология ғылымы адамның ой-өрісі мен тілдің ара-қатынасын, антропоцентристік ерекшеліктерін, сонымен қатар, индивидтің санасында жүзеге асатын танымдық әрекеттің ерекшеліктерін зерттейді. Адамның бұл әрекетін танытатын негізгі белгі – оның тілі. Себебі, «тіл – адамның қабылдаған ақпаратын өндеп санада реттеген нәтижесін көрсететін құрал» [1, 8 б.].

Танымдық әрекетке байланысты қабылдау кезінде Г. Фреге, Ф. де Соссюр жазған тілдің таңбалық жағдайы жүзеге асады, себебі, Ф. де Соссюр сөзімен айтқанда, «Тіл – таңбалар жүйесі» [2, 121 б.]. Тілдің таңбалық жағдайының құрылымы бастауышта оқитын балаларға және мектеп жасына дейінгі балаларға да бір деңгейде болады. Таңбалық жағдайдың құрылысы шеңбер сипатында болады, яғни, шындық болмыстағы заттар мен құбылыстар және жағдайлар одан соң, сол заттар, құбылыстар мен әртүрлі жағдайлардың бейнелерінің акустикалық таңбалармен белгіленіп, тіл қабылдаушыға берілуінен тұрады. Бұл аралықта мән, мағына, ақпарат, бейне, түсінік, ұғым өзара тығыз байланыста келіп, бастауышта зат есімді оқытуда қиындық туғызатыны анық. Қиындық берілген ақпаратты қорыту мен оның әртүрлі белгілерін қабылдаудан туындайды. Бұл жерде, әрине, баланың жалпы психологиялық жағдайы, тәрбие деңгейі, ойлау дәрежесі өз әсерін тигізіп отыратыны белгілі.

Когниция және когнитивизм – бір-біріне қабысып жатқан қабылдау, білім және ойлауға байланысты болатын егіз ұғымдар. Бүгінгі күні когниция ұғымы адамзаттың рухани болмысын сипаттайтын білім, сана, ақыл-ой, ойлау, шығармашылық, жоспарлау, логикалық қорытынды жасау, сәйкестендіру, армандау, қиялдау әрекеттерінен ғана емес, сонымен қатар, қабылдау, еске түсіру, зейін аудару, тану процестерінен де құралады [1, 15 б.].

Н.Ф. Алиференко: «Когниция дегеніміз – бұл танымның өзгеше сипаты, ол адамды қоршаған шынайы болмыс туралы жан-жақты мәлімет беретін, сезім, эмоция, жады, қиял, қабылдау, ақыл-парасат сияқты әрекеттермен бірлікте дамиды дегенді білдіреді» [3, 196 б.]. Ал В.А. Маслова когнитивизм ұғымы туралы былай деп жазады: «Когнитивистикада адам когнициясына басты назар аударылады, көзге түскен іс-әрекеттер ғана емес, олардың ментальді репрезентациялары (ішкі таным), ішкі көріністері, модельдері, тілдегі когнитивтік модель ретіндегі символдың түрлері, адамның көзқарасы тұрғысынан қарастырылады, демек, адамның когнитивтік әлемі оның ойлау әрекеті мен тәжірибесі арқылы анықталады» [4, 9 б.]. Ж. Аймауытов: «Әңгіме үшін берілетін мағлұмат кітаптағы даяр заттар бола бермей, баланың тәжірибесінен, көрген-білгенінен алынуы тиіс», – деп, өмірдегі тәжірибені алдыңғы орынға қойып, тілдік танымды, яғни көру қызметімен байланыстырады [5, 80 б.].

Бүгінде когнитология дамыған сайын когнитивизм жеке ғылыми салаға айнала бастады деуге болады. Бұл мәселені өз еңбегінде В.А. Маслова одан әрі тереңдетіп, когнитивтіліктің ең басты ұғым екенін көрсетеді. Оның ойынша, когнитивизм ұғымына мына мәселелер енеді:

- «адамның «ойлау механизмін» зерттеудің бағдарламасы;
- адамға әртүрлі арналар арқылы келетін ақпаратты өңдеуді зерттеу;
- әлемнің менталды үлгілерін құру т.т.» [1, 8 б.].

Сонда когнитивті қызмет нәтижесінде әлем туралы адам не ойлайды, не біледі, соған қатысты әртүрлі мәндердің жүйесі құралады. Мұның бәрі когнитивтіліктен бастау алғандықтан, кіші мектеп жасындағы балалардың тілді қабылдауға негізделген танымдық әрекетіне байланысты болады.

## **ЗАТ ЕСІМДІ КОГНИТИВТІ ОҚЫТУ ПАРАДИГМАСЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ**

Тілді тануға бағытталған әдіснамалық негіз деп атауға болатын ұғымды когнитивті тіл білімінде, бүгінде, «парадигма» терминімен атау орын алған. Сол себепті, алдымен, когнитивті лингвистикада жиі қолданылатын, өзіміз басшылыққа алған

«парадигма» терминінің мағынасын ашып алайық. Бұл ұғымның мағынасын ашуда В.З. Демьянков мынадай шолу жасайды: «Бұл термин латын тіліне грек тілінде шыққан әртүрлі діни жазбалар мен риторикалық еңбектер арқылы енген. Италиян тіліндегі мағынасы «жағымды, жағымсыз мысалдардың айтылуы, өмірден алынған үлгілер», ал испан тілінде «жүйе, заңдылық», ағылшын тілінде «үлгі немесе модель», «жалпы түсінік немесе концепт», «сөздің түрлену мүмкіндіктерін айқындайтын септелу формалары» мағыналарында қолданған» [6, 16-18 бб.]. Ресей когнитивті тіл білімінің негізін салушы Е.С. Кубрякова бұл терминді де В.З. Демьянков қолданған мәнде алады, яғни, оның ойынша: «Парадигма ғылымдағы нақты қол жеткен нәтижелерге сүйенеді. Ғылыми қауымдастықтың сол нәтижелерді қабылдауына негізделеді. Парадигма белгілі бір үлгі бойынша нақты мәселелер мен олардың шешімін моделдеу идеясын қолдау», – деп тұжырымдайды [7, 6 б.]. Жалпы алғанда, көптеген когнитивті тіл білімінің өкілдері Т. Кун қолданған парадигма терминінің мәнін дұрыс деп қабылдайды. Ол оны былай деп анықтайды: «Парадигма деп, барлығы қолдайтын және белгілі бір уақыт аралығында ғылыми қауымға алдына қойылатын міндеттер мен оларды шешу жолдарының моделін ұсынатын ғылыми жетістіктерді атаймын» [8, 11 б.].

Біз бұл еңбегімізде парадигма терминін В.А. Маслова қолданған ұғымда алдық. Ол парадигма ұғымын былай анықтайды: «Парадигма – «ғылыми зерттеудің әдіснамасы» деген ұғымға жақын келетін, жеткілікті дәрежеде айқындалмаған жалпы ғылыми термин» [1, 11 б.]. Осы пікірге сүйене отырып, қазақ морфологиясындағы зат есімді қарастырудың басты парадигмаларын, оның ішінде, балаларға олардың танымдық жағын ұғындыруға әрекет жасадық. Сол себепті, қазақ тіл білімінде морфология мен оны оқытудың кезеңдерін жүйелеуде, бүгінде, когнитивті лингвистикада қалыптасқан «парадигма» терминін қолдандық.

Э.Н. Оразалиева когнитивті лингвистикаға арналған өз зерттеуінде «тілтану парадигмасы, танымдық парадигма, тілтанымдық этюдтер парадигмасы, когнитивтік парадигмалар» терминдерін қолданады [9, 17 б.]. Сондықтан, В.З. Демьянков, В.А. Маслова, И.А. Стернин, Н. Уәли, Ж.А. Манкеева, А. Ислам, Э. Оразалиева, Ж.И. Сұлтан т.с. сияқты зерттеушілердің

еңбектеріне сүйене келе, қазақ грамматикасы мен оны оқытуды жүйелеу мен құрылымдау кезеңдерін когнитивті лингвистикада қолданылатын парадигмаларға бөліп, қарастырдық. Әсіресе, қазақ когнитивті лингвистикасының қалыптасуы мен дамуын зерттеуге арналған Э.Н. Оразалиеваның когнитология кезеңдерін когнитивті парадигмаларға жіктеуін басшылыққа алдық. Бұл термин оқыту әдістемесінде Ж.Т. Дәулетбекова зерттеуінде де қолданылады, себебі оның зерттеуінде антропоцентристік ұстаным басшылыққа алынады. Ол былай дейді: «Сөз мәдениетін оқытудағы аса маңызды парадигма – ана тілін ұлттық құндылық ретінде меңгерту парадигмасы. Сөз мәдениетін меңгертуде басты міндеттің бірі оқушының бойында ұлттық ділді қалыптастыру болып саналады» [10, 16 б.].

Тілді танымдық құрал ретінде оқып-үйрету маңызды мәселеге айналып отыр. Тіл заңдылықтарын, соның ішінде, сөз таптарын оқыту әдістемесін танымдық тұрғыдан зерделеуде біз әр кезеңдегі қазақ тіл білімінің морфология саласындағы сөз таптарының ішіндегі зат есімді когнитивті оқытуға қатысты ой-пікірлерге тоқталамыз.

Қандай кезең болса да лингвистикалық ғылыми-зерттеу еңбектерді оқу барысында морфологияның ең өзекті мәселесі сөздерді әртүрлі лексико-грамматикалық топтарға бөлу болғанын зерделедік. Мысалы, тілдегі сөздерді есім, етістік, шылау деп үш тапқа бөлу жыл санауымыз алдындағы V-IV ғасырдағы көне Үндістан лингвисті Панини грамматикасынан, байырғы Греция ойшылдарының еңбектерінен бастау алып, әлемдік лингвистикада әлі де болса шешімін таппаған мәселелердің қатарында екенін байқадық.

Тіліміздің грамматикалық жүйесін қарастырған зерттеулерге қысқаша шолу жасасақ, XIX ғасырдың басындағы неміс ғалымы Г.Ю. фон Клапроттың «Қырғыз тілі» деген атпен 1825 жылы Парижде жарық көрген еңбегінен бастап, орыс миссионерлері зерттеулерінен, яғни XIX ғасырдың екінші жартысынан басталады.

Қазақ тіл білімінде де сөздерді түрлі тапқа жіктеу мәселесінің өзіндік даму, қалыптасу жолы бар. Қазақ тіліндегі сөздерді тапқа бөлудің алғашқы жолдары XIX ғасырдың екінші жартысындағы Н.И. Ильминский, П.М. Мелиоранский, В.В. Катаринский секілді орыс түркологтарының еңбектерінде салынды. XIX ғасырдың



екінші жартысы мен XX ғасырдың бірінші ширегінде қазақ тілін зерттеуге арналған орыс түркологтарының еңбектері ішінде ғалымдар тарапынан ерекше бағаланған – П.М. Мелиоранскийдің «Краткая грамматика казак-киргизского языка» атты зерттеуі. П.М. Мелиоранскийдің жалпы түркологиядағы сөз таптарын ажыратуындағы айырмашылығы зат есім мен сын есімді бір сөз табы «есім» деп қарауы еді. Одан кейінгі В.В. Катаринскийдің «Грамматика киргизского языка», И. Лаптевтің «Материалы по казак-киргизскому языку», Г.В. Архангельскийдің «Грамматика казахского языка» (есім – имена вообще) деген еңбектерінде де қазақ тілі сөздерін таптастыруда негізінен семантикалық белгі басшылыққа алынады, зат есім мен сын есімнің ара жігі айқын ажыратылмайды. Бұл зерттеушілердің сөздерді таптастыру мәселесі С.С. Мұхтаровтың зерттеуінде толық қарастырылған болатын [11].

Ә.Т. Қайдаров бұл түркологтардың сөз болып отырған дәуірдегі еңбектері туралы: «...Қазақ тіліне деген ғылыми қызығушылықты туғызған бұл төңкеріске дейінгі бірінші кезең белгілі нәтижелерге қол жеткізді: қазақ тілінің негізгі өзіндік ерекшеліктері мен оның түркі тілдері жүйесіндегі орны анықталды, ал ең бастысы, бұл тілді одан әрі жан-жақты зерттеуге ғылыми негіз салынды», – деп жазған болатын [12, 18 б.].

Адамның тілдік танымын зерделеуге, жалпы антропоцентристік негізге құрылған когнитивті лингвистика – жас ғылымдардың бірі. З.Д. Попова, И.А. Стерниннің көрсетуінше, когнитивті лингвистиканың бастапқы негізі нейрофизиологиядан (П. Брока, К. Вернике, И.М. Сеченов, В.М. Бехтерев, И.П. Павлов) дамып шыққан нейролингвистикада (Л.С. Выготский, А.Р. Лурия) жатыр, яғни әртүрлі тілдік қызмет адам миында жүзеге асатыны белгілі болды. Тіл мен ойлаудың өзара тығыз байланысын зерттеудің келесі кезеңінде психоллингвистика ғылымы қалыптасты (Дж. Диз, Ч. Осгуд, Т. Себеок, Дж. Гринберг, Дж. Кэррол, Р. Солсо, А.А. Леонтьев, И.Н. Горелов, А.А. Залевская, Ю.Н. Караулов т.т.). Адам санасындағы тіл, оны жарыққа шығару, индивидтің жеке мінезі мен сөйлеу тілінің арақатынасы, қабылдау мен хабарлаудың психологиялық аспектісі осы ғылымда қарастырылады. Міне, осыдан келіп, адамның тілдік танымын зерттейтін когнитивті лингвистика ғылымы қалыптасты [13, 8 б.].

Жалпы когнитивті лингвистиканың қалыптасуы шетелде Дж.

Лакофф, Р. Лангакер, Р. Джакендофф, А. Вежбицка т.т., Ресейде Е.С. Кубрякова, Ю.Н. Караулов, Е.В. Рахилина, В.В. Слышкин, И.А.Стернин, Н.Н. Болдырев, В.А. Маслова, В.И. Карасик, С.Г.Воркачев, А.П. Бабушкин т.т., біздің елімізде Ә. Қайдари, Э.Д. Сүлейменова, Ж.А. Манкеева, Н. Уәли, Г. Гиздатов, А.Ислам, Э.Н. Оразалиева, Б.М. Тілеубердиев, М.Т. Күштаева, А.Б. Әмірбекова т.т. зерттеушілер есімдерімен байланысты.

Е.С. Кубрякова: «Когнитивті лингвистиканың басты мақсаты – сананың қызметі туралы мәліметтерді алу», – деп жазса [14, 13 б.], Ж.А. Манкеева: «Қазақ тілін зерттеудің когнитивтік негіздері» атты мақаласында: «Адам дүниені жалпы адамзаттық және ұлттық қоғамдық-тарихи тәжірибе негізінде бейнеленген тіл арқылы таниды. Сонда ұлттық тәжірибе тілдің ерекшелігін анықтап, соның негізінде, сол тілде сөйлеушінің санасында, соған сай өзіндік дүниенің тілдік бейнесін жасайды», – дейді [15, 42 б.]. Сол себепті, балалар тіліндегі дүниенің тілдік бейнесінің дұрыс ұлттық тағылым мен тәрбиеге, ұлттық ойлауға сай қалыптасуынан оның ұлтжанды жеке тұлғаға айналуы жүзеге асады. Міне, осы кезде, бастауыш мектепте, ұлттық дүниетаным мен тілдік таным негізі қалыптаса бастайды, сондықтан когнитивті оқыту әдістемесі мұның іргетасы іспетті болады.

Ал бұған қажетті арнайы әдіснаманың қалыптасуының белестерін когнитивті парадигмалармен қарастыруымыздың себебі де осыдан туып отыр.

## **Бақылау сұрақтары мен тапсырмалар**

1. Когнитология ғылымы нені зерттейді?
2. Бастауыш мектепте когнитивті оқытудың маңызы қандай?
3. «Парадигма» терминіне ғалымдар қандай анықтама береді?
4. Ғалымдар қазақ морфологиясындағы зат есімді қарастырудың басты парадигмаларын анықтауда қандай пікірге сүйенеді?
5. Когнитивті лингвистиканың қалыптасуына атсалысқан қандай ғалымдарды білесіз?

**1-тапсырма.** «Таным», «когнитивтілік», «когнитивтілік»

ұғымдарына түсініктеме беріп, арасындағы байланысты талдаңыз.

**2-тапсырма.** Когнитивті тіл білімінің негізін салушы шетел

ғалымдарының еңбектеріне шолу жасаңыз.

**3-тапсырма.** Когнитивті тіл білімінің негізін салушы қазақ ғалымдарының еңбектеріне талдау жасаңыз.

**4-тапсырма.** Қазақ тілін оқытуда когнитивті тіл білімінің, когнитивті психологияның байланысын анықтаңыз.

**5-тапсырма.** Танымдық әрекет, танымдық үдеріс, ұлттық танымның ерекшеліктерін сипаттаңыз.

**6-тапсырма.** «Парадигма» терминінің мағынасына түсініктеме беріңіз.

### **Студенттердің өз бетімен орындайтын жұмыстары**

1. Когнитивтілік ұғымын беретін анықтамаларды кесте түрінде толтырыңыз.

2. Бастауыш мектепте қазақ тілін оқыту жүйесіне талдау жасаңыз.

#### **1. Қазақ когнитивті грамматикасының қалыптасуындағы «Тілтанымның» бастапқы парадигмасы**

Жалпы қазақ мектебінің бастауыш сыныптарында қазақ тілін оқыту Ы.Алтынсарин еңбектерінен басталады. Бұған халқымыздың алғашқы педагогы Ы. Алтынсариннің қазақ балаларына грамматиканы оқытуға байланысты арнайы еңбегі болмаса да, оның орыс тіліндегі сөз таптарын қазақтарға үйрету мақсатымен олардың (сөз таптарының) қазақша аударма үлгісінде жасаған алғашқы оқу құралдарынан балаларға сөзді, оның мағыналарын түсіндіруде тұрмыста жиі кездесетін заттар мен құбылыстардың атауын білдіретін сөздермен жаттықтыру кезіндегі қолданған амал-тәсілдерінің өзі негіз бола алады. Ол өзінің «Қазақ хрестоматиясында» қазақ тілінің тазалығы мен сөздердің дұрыс қолданылуына қатты мән берсе, «Орыс тілін қазақтарға оқытудың бастауыш құралы» атты оқулығында балалардың тілді меңгеру кезіндегі жеке сөз мағыналарын үйретудің маңыздылығын айта келіп, тұрмыста жиі кездесетін сөздерден қазақша-орысша аударма сөздігін жасайды.

Ы. Алтынсарин сөздігінде сөздер алфавит ретімен емес, білдіретін мағыналарының жуықтығына қарай орналастырылған (дінге қатысты атаулар, туыстық атаулар, мамандық түрлері т.б.). Сөздікте сөздерді жүйелі бергені туралы: «... вообще всякий,

неразвитый мальчик, так в особенности киргизский, не в состоянии сразу понять и усвоить все указанные выше и подобные им изменения и построения неродного языка от киргизского» [16, 91б.]. Сонда Ы. Алтынсаринды қазақ тіл білімінде тұңғыш рет *тезаурустық сөздік* жасаған ғалым деп білеміз, ал ол кезде мұндай сөздік орыс тіл білімінде де жоқ еді. Жалпы тіл білімінде тезаурустік әдіспен жазылған сөздік кеңінен танымал болған ағылшын ғалымы П.М. Роженің сөздігі (Roget's International Thesaurus of English Words & Phrases) болатын. 1852 жылы Лондонда жарық көрген бұл сөздікті ағылшын ғалымы П.М. Роже алты ірі тақырыптық таптарға топтайды [17, 123 б.]:

1. Абстрактылы қатынас.
2. Кеңістік.
3. Материя.
4. Сана.
5. Ерік.
6. Сезімдік және моральдық күштер.

Бұл таптар ішінен 24 түрге бөлінеді. Мысалы, Кеңістік табы өз ішінен 4 таптық түрге бөлінеді: 2.1. Жалпы кеңістік. 2.2. Өлшем. 2.3. Түр. 2.4. Қозғалыс. Бұдан әрі қарай кіші таптарға бөлінеді.

Ы. Алтынсарин оқулығындағы балалардың сөздік қорын дамыту, олардың сөз мағыналары туралы ұғымдарын кеңейту мақсатындағы тәсіл тілдің грамматикасын (қазақ және орыс тілдерінің грамматикаларын салыстыра оқытуды көздеген) меңгертумен тығыз байланыста қолданылғаны анық. Ы. Алтынсаринның тілдің когнитивті аспектісіне зейін қоюы өз еңбектерін қазақтың ұлттық танымына сүйене отырып жазуында жатыр. Ол орыс, татар, башқұрт т.б. ұлттардың когнициясына емес, өз ұлтының дүниетанымына қарай әдіснамасын құра білді. Мәселен, аталмыш еңбегінің «Нәрселердің аттары. Зат есім» деп аталатын бөлімінде зат есімдерді туыстық атаулар (*ата, әке, шеше, ...*), мамандық атаулары (*ұстаз, дәрігер, егінші, ұста, ...*), дене мүшелері (*дене, тері, сүйек, ет, бас, маңдай, ...*), дерексіз ұғымдар (*өмір, ақыл, жан, ой, қуаныш, ...*), киім атаулары (*төбетей, тақия, шапан, кебіс, мәсі, ...*), төсек-орын атаулары (*төсек, көрпе, киіз, ...*), тамақ түрлері (*қуырдақ, палау, нан, ...*), сүтті тағамдар (*ірімшік, қатық, сүт, ...*), ауылдағы киіз үй құралдары (*ауыл, киіз үй, кереге, уық, ...*), оқу құралдары (*қалам, кітап, ...*), ыдыс-аяқ атаулары (*шанышқы, шыныаяқ, ожау, ...*), тұрмыс құралдары (*ара, қашау, шеге, ...*), ат әбзелдерінің атаулары (*делбе, ер, тоқым, жүген, өмілдірік, ...*), табиғат құбылыстары (*күн, ай, жұлдыз, өрт, жел, найзағай, ...*), мерзім атаулары (*күндіз, түс, түн, ымырт, ...*), ағаш (*бұтақ, қарағай,*

*арша, ...), құс (лашын, сұңқар, шібіш, шыбжық, тауық, ...), жәндік (шыбын, өрмекші, ...), жеміс-жидек атаулары (жидек, қияр ...), үй жануарлары (түйе, інген, бота, бие, ат, құлын, ...) мен жабайы аңдар (қарсақ, борсық, піл, ...) т.б. [18, 93-99 бб.]*

Сонда Ы. Алтынсарин өзінің әдіснамасының басты ұстанымы ретінде тілдегі ұлттық танымды, діни сенімді және қазақ менталдығына құрылған ойлау, тәрбиелеу жүйесін алады. Зат есімдерді арнайы тақырып ретінде алмаса да, ұлы ұстаз әңгімелеріндегі когнитивті парадигма желісі басты арқау болып көрініп отырады. Ы. Алтынсарин еңбектеріне шолу жасай келгенде, өз сөздігінде сөздерді мәніне қарай орналастырған әдіскер ұстаз деп есептеп, өз сабағын танымдық тұрғыдан оқытуға бағыттаған қазақ когнитивті педагогикасының бастауында тұрғандығын көреміз.

## **2. Тілдік таным мен когнитивті грамматиканың басталу парадигмасы**

XX ғасырдың басында «Тіл – құрал» деген ұстанымды басшылыққа ала отырып, А. Байтұрсынов тілдің әлеуметтік, психологиялық, танымдық қызметтеріне назар аударды. Қазақ педагогикасындағы елеулі өзгеріс әкелген қазақ тіл білімінің негізін салушы, терминолог, ғалым-педагог А. Байтұрсынов – қазақ грамматикасын және оның оқыту әдістемесін кешенді түрде тұңғыш жүйелеген ғалым. Ғалымның үш кітаптан тұратын «Тіл – құрал» атты оқулығы – тұңғыш оқулық болумен қатар, бастауыш мектепке арналған оқулық, сонымен бірге, бұл – қазақ тілінің фонетикалық және грамматикалық құрылымын талдап, жүйелеп, танытып берген, қазақ тіліндегі тұңғыш ғылыми жұмыс. Бұл еңбекті Р. Сыздық: «Тіл – құрал» – қазақ мәдениетінде бұрын болмаған соны құбылыс», – деп жоғары бағалайды [19, 32 б.]. Жалпы ғалымның еңбектері туралы Қ.Т. Ыбыраимжанов: «Ахмет Байтұрсыновтың өз қолымен жазған 1929 жылы мамыр айының 5-де газет және журналдарда жарияланған ғылыми еңбектерінің көрсеткіштік тізімін нақтылайтын құжат ҚаЗПИ архивында сақталған», – дей келе, мұнда барлығы 14 еңбегі көрсетілгенін жазады [20, 103 б.]. Ұлы ғалым, ұстаз тілдің грамматикасын меңгертуге даярлықты алдымен, сауат ашу кезеңінен бастайды. Мәселен, оның «Оқу құралы» (қазақша әліф-би) әліппесінде дыбыстарды оқыту кезінде жаттығулардан кейін оқушылардың

ауызша сөйлеу дағдыларын қалыптастыру, сөздік қорын байыту мақсатында танымдық деректер берілген. Бұл деректер – балалардың дүниетанымын кеңейтетін өзін қоршаған айналадағы заттар мен құбылыстардың атауын білдіретін сөздер. Атап айтсақ,

«1. **Туысқан-туған іліктес:** ата, баба, әке, ана, әже, шеше, аға, іні, апа, қарындас, жеңге, келін, қайын ата, қайын ене, ... бажа.

2. **Киімдер:** шапан, ішік, тон, шекпен, бешпент, тымақ, жалбағай, құлақшын, бөрік, тақия, жаулық, орамал, ... шұлғау.

3. **Ойын-ойыншықтар:** жалақ, соқыр теке, жасырынбақ, ... қуыршақ.

4. **Тамақтар-сусындар:** нан, ет, тары, сөк, құймақ, бөртпе, құрт, ірімшік, жент, малта, бауырсақ, жалпақ нан, қуырдақ ... томыртқа.

5. **Дене мүшелері:** бас, мойын, кеуде, қол, аяқ, көз, құлақ, мұрын, ауыз, маңдай, иек, тіл, тіс, көкірек, өкпе, бауыр, жүрек, ... бармақ.

6. **Үй саймандары:** шаңырақ, уық, кереге, есік, босаға, таяныш, маңдайша, сықырлауық, табалдырық, түндік, ... белдеу.

7. **Үдыс-аяқ:** қазан, тегене, шара, табақ, аяқ, тостаған, кесе, күбі, ... дорба.

8. **Малдар аты:** *түйе*, бура, атан, лөк, нар, қоспақ, інген, ... бота.

9. **Жылқы:** айғыр, ат, бие, бесті, дөнен, құнан, тай, құлын, ... бедеу.

10. **Сиыр:** бұқа, өгіз, құнан-өгіз, дөнен-өгіз, тайынша, ... торпақ.

11. **Қой:** қошқар, азбан, саулық, тұсақ, ісек, бойдақ, тоқты, ... қозы.

12. **Ешкі:** теке, серке, серкеш, туша, шыбыш, ылақ.

13. **Малдан басқа төрт аяқтылар:** ит, мысық, тышқан, күзен, тиін, қарсақ, борсық, суыр, түлкі, сусар, құндыз, қоян, ... бөкен.

14. **Құстар:** бүркіт, түйғын, сұңқар, қаршыға, қырғи, ителгі, ... қарлығаш.

15. **Бақа-шаян:** жылан, кесірткі көл-бақа, құр-бақа, тас-бақа.

16. **Құрт-құмырсқа:** қоңыз, бүйі, шаян, көбелек, маса, шыбын, шіркей, сона, бөгелек, өрмекші, шегіртке, құрт, құмырсқа, ара.

17. **Жер түгінің аттары:** *ағаштар:* қарағай, қайың, емен, терек, қара-ағаш, жиде, тал, жыңғыл, мойыл, тобылғы, арша, ...

қараған.

18. **Шөп-шөлендер:** қамыс, қоға, қурай, ала бота, қара сора, қаңбақ, шағыр, шілік, жоңышқа, бидайық, көде, селеу, тарлау, ... мүк.

19. **Жер жүзінің аттары:** тау, адыр, қыр, жон, дөң, төбе, төмпе, шоқы, қабақ, жар, ой, жазық, дала, сай, жыра, жылға, шың, томар, ... бұлақ» [21, 43-45 бб.]. Бұл еңбектің танымдық, этнографиялық, ұлттық-мәдени өзгешелігі ерекше. Біздің пікірімізше, таным көзін құраған тілдік материалдар сол кездің өзінде таза теориялық қағидаларға ғана емес, идеялық-рухани тәрбиеге де, халықтық дүниетанымға да арқау болған. Бұдан ғалымның бастауыш мектептен бастап оқушыларға тілді үйретіп қана қоймай, тілді таныту қажеттілігіне, әсіресе, ұлттық ойлау мен қабылдауға көңіл бөлгенін байқаймыз. Сол себепті, де ғалымның осы ұстанымы оқытудың келесі парадигмасын құрайды деуге құқымыз бар.

Ғалым заттың атын білдіретін сөздерге *зат есім* деп атау беріп қана қоймай, оған анықтама беріп, балаларға жете меңгерту үшін әдістемелік жағын да түсіндіреді. Мәселен: «Сөздердің кейбіреуі нәрсенің өзін атайды. Мәселен, жер, тау, тас, су, ағаш, шөп, жапырақ, күн, ай, жұлдыз т.б. ... Осындай нәрсенің өзін атайтын сөздерді *зат есім* дейміз. Зат туралы кім? не? деп сұраймыз. Кім? деп сұраймыз адам туралы. Не? деп сұраймыз басқа заттар туралы. Мысалы:

1) «Ат ерінді келер, ер мұрынды келер». «Кім мұрынды келер?» – «ер». «Не ерінді келер?» – «ат».

2) «Ас – адамның арқауы». «Адамның арқауы не?» – «ас». «Ас кімнің арқауы» – «адамның».

3) «Ананың көңілі балада, баланың көңілі далада».

«Кімнің көңілі балада?» – «ананың».

«Кімнің көңілі далада?» – «баланың».

«Ананың көңілі кімде?» – «балада».

«Баланың көңілі неде?» – «далада».

Осындай кім? не? деген сұрауларға жауап болып айтылатын һәм нәрселердің атын көрсететін сөздерді *зат есім* дейміз» [21, 160 б.]. Бұдан шығатын қорытынды А. Байтұрсынұлы қазақ тілін оқыту әдістемесінде алғаш *ассоциациялық әдісті* қолданған деуге толық негіз бар. «Тіл-құралда» «дағдыландыру, сынау» деген сөздер ұшырайды. Ғалым бұл сөздерді ережені балалардың саналы

түрде меңгеріп кеткенінше дағдыландыратын жаттығуларында қолданады. Сынау үшін мұғалімнің өзі ауызша, жазбаша жаттығуларды түрлендіріп беруге тиіс екенін айтады.

Бұл еңбектерден А. Байтұрсыновтың зат есімді меңгертудің дұрыс бағытын көрсеткен әдістемесін және алғашқы парадигма тұжырымының ізін көреміз. А. Байтұрсынов ең алғаш, жүйелі түрде қазақ тілі морфологиясын оқыту үшін оқу құралын жазған адам болғандықтан, ол – зат есімді оқытудың ең тиімді және қарапайым әдістерін қолданған әдіскер ұстаз. Оқушылардың ұлттық психологиялық мінезін басшылыққа алған ол өз жаттығуларын ұлттық мәдени өмір нышандарына құра білді. Материалды мәдениетке жататын құрал-сайман атаулары, зергерлік өнер, мал шаруашылығына қатысты зат есімдер, саятшылық, жан-жануарларын атауларын кеңінен қамту арқылы бұрыннан келе жатқан басты қағида, яғни, оқушылардың санасындағы ғаламның тілдік бейнесінің қарапайым моделін негіздеп, сол мақсатқа өз әдістемесін орайластырып құра білген – ұлт ардақтысы.

А. Байтұрсынұлының оқу құралдарының ішінен біздің еңбекке басты негіз болатын қағидалары – бүгіндегі лингвомәдениеттану және когнитивті тіл білімінің басты категорияларына айналған ұлттық танымдық әрекетке және тілдік таңбалық жағдайын танытуға құрылған әртүрлі мазмұндағы лингвокультуремалар мен концепт негізін құрайтын құрылымдық үлгілер. Оның бастауыш сыныптарда оқитын балалардың білім деңгейіне лайықтап берілген ғаламның тілдік бейнесінің қарапайым үлгілерін көрсететін зат есімдерді жүйелеуін жоғары бағалаймыз. А. Байтұрсынов еңбектерін шолу барысында бір байқағанымыз – Ы. Алтынсарин салған дәстүрді бұзбай, морфологиялық жаттығуларды сол негізде дамыта құрып, артында үлкен мән тұрған ұлтымызға етене жақын тұрмыс, тіршілігіне қатысты зат есімдерді жиілік сөздік сипатына сәйкес беруі. Жалпы, А. Байтұрсынов еңбектерінде балалардың көзқарасына лайықты, қабылдау жүйесіне оңай, жадында сақталған зат есімдерді жаттығулардағы мысалдарда пайдалану тән, оның үстіне, зат есімдердің молынан қолданылуы ғалымның ұлтжандылық ерекшелігінде жатса керек. Мәселен, мал атауларының өзін әр түлікке байланысты ажыратып береді:

«Малдар аты: *түйе*, бура, атан, лөк, нар, қоспақ, інген, ...



бота.

**Жылқы:** айғыр, ат, бие, бесті, дөнен, құнан, тай, құлын, ... бедеу.

**Сиыр:** бұқа, өгіз, құнан-өгіз, дөнен-өгіз, тайынша, ... торпақ.

**Қой:** қошқар, азбан, саулық, тұсақ, ісек, бойдақ, тоқты, ... қозы.

**Ешкі:** теке, серке, серкеш, туша, шыбыш, ылақ.

**Шөп-шөлендер:** қамыс, қоға, қурай, ала бота, қара сора, қаңбақ, шағыр, шілік, жоңышқа, бидайық, көде, селеу, тарлау, ... мүк т.б.». Сонымен қатар, ол қазақ халқының материалды мәдениетіне қатысты зат есімдерді (киімдер, тамақ-сусындар, үй саймандары, т.б.) береді [21, 43-46 бб.].

А. Байтұрсынов еңбектеріндегі ұлттық мәдениетке негізделген оқытуды когнитивті парадигмаға жатқыза отырып, кеңістік дәуірде үзіліп қалған ұлттық мәдениеттануға негізделген осы бір дәстүрді барынша қайта енгізген артық болмас деп ойлаймыз. Жалпы Алаш ардақтыларының ұлттық танымды дамыту негізінде жазылған еңбектері сол кезде жүргізілген саясатпен өзгертілген болатын.

Бұл туралы Б.Е. Қалыбеков: «Ұлттық оқулықтарымыздың іргесін қалаған Ы. Алтынсарин, А. Байтұрсынов, М.Дулатовтардың жазған оқулықтарынан бергі кезеңде қалыптасып келе жатқан үрдісті 1918 жылғы «Шағын ұлттардың мектептері туралы» қаулысы бұзып жіберді. Таптық көзқарасты басшылыққа алған ұлтсыздық бағытындағы бір үлгідегі мектептерде орталықтан жіберген оқулықтар мен оқу бағдарламалары басшылыққа алынды», – деп жазған болатын [22, 4 б.].

Қазақ тіл білімінің жарық жұлдызы Қ.Қ. Жұбановтың «Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер» еңбегінде алғаш рет қазақ грамматикасы терең ғылыми түрде жүйеленеді. Тіліміздегі зат есімдердің басты когнитивтік қызмет атқаратынын алғаш байқап, бұл ерекшелік туралы «Қазақ тілінің жоғары курсы» еңбегінде былай дейді: «Бұл мәселені білу үшін тарихи шолу керек. Құбылыс – көп, сөз – аз. Орыста *қой* сөзінің баламасы жоқ. Олардың *овца* дегені саулық, *баран* дегені қошқар. Орысша *корова* – сауын сиыр; *рогатый скот* – мүйізді мал; *толстый* дегені бірде – жуан, бірде – қалың; *лошадь* – жылқы; бірақ ат, байтал, айғыр емес. Ал біздің *ісек, тұсақ, құнан, құнажын, дөнен, дөнежін* деген сөздеріміз басқаларда жоқ. Қазақ *синий, голубой, зеленый* деген

түстердің бәрін көк дейді. Адайларда, арабтарда түйе түлігінің аттары көп; Еділ, Каспий (Атырау) бойының қазақтары балық түрлерінің аттарын көп біледі. Демек, қолданылмаған затқа ат жоқ. Халықтардың тұрмыс қалпы түрлі-түрлі болған соң, олардың әр затқа қоятын аттары да түрлі-түрлі. Тіл ұзақ заман жасалады, бірден өзгермейді, оның өзгерісі тұрмысқа байланысты» [23, 92-93 бб.].

А. Байтұрсыновтың ізімен Қ. Жұбанов бастауыштағы қазақ тілін оқыту әдістемесін арнайы қарастырмағанымен, жалпы қазақ тілін оқыту мәселесін ғылыми жүйеге салып, негіздеген зерттеуші деп білеміз [24]. Сонымен бірге, оқытудағы тілдің таңбалық жағдайын және бастапқы тілдік танымның негіздерін қалаған А. Байтұрсынов мен Қ. Жұбановты морфология мен оны оқыту мәселесін ажыратпай, бірге қараған зерттеушілер деп танимыз.

Ж.И. Сұлтан «Тілтанымдағы антропологиялық парадигманың Қ.Қ. Жұбанов мұраларындағы көрінісі» атты зерттеу жұмысында Қ.Қ. Жұбанов еңбектеріндегі когнитивті парадигма туралы мынадай тұжырым жасайды: «Қ. Жұбанов еңбектеріндегі микрокосмостық таным, тотемизмнің мәні, ерте замандағы адамдардың қоршаған ортаға, дүниеге көзқарастары арқылы заттарға ат қоюы турасындағы лингвофилософиялық, мифопоэтикалық, лингвогнесеологиялық ой-тұжырымдары мен дәйек-дәлелдері бүгінгі когнитивті лингвистиканың базалық ұғымдарымен тереңнен астасады» [25, 5 б.].

Бұдан ұғынатынымыз, Ж.И. Сұлтаннан басқа Э.Н.Оразалиева көрсеткендей, Қ.Қ. Жұбановтың мол тілдік мұрасының, оның ішінде, морфологияға қатысты еңбектерінің өзі біртұтас әдіснамалық негіз ретінде когнитивті лингвистиканың бастауларының бірі болып саналады. Ғалым Қ.Қ. Жұбановтың дүниетанымындағы когнитивтілік туралы Ж. Кемерова былай сипаттайды: «Когнитивті лингвистикада тіл арқылы адамды, адам арқылы тілді тануға бағытталса, Қ. Жұбановта мұның бір жағы субстанцияның миға әсері, сыртқы дүниенің танымдық бейне жасауға ықпалы жағын беруі басым болған. Тілдің танымдық қасиетін, қиюын тауып, қиыстыра зерделеген Қ.Қ. Жұбанов еңбектерінен когнитивті лингвистиканың қай жағы да табылатынына көз жеткізу қиын емес» [26, 139 б.]. Профессор Қ.Қ. Жұбановтың когнитивтік пайымдаулары туралы Ж. Сұлтан мен Ж. Кемерованың еңбектерінен табуға болады.

Дегенмен де, біздің бір түйгеніміз, қазақ тіл білімінің негізін салушы Қ.Қ. Жұбанов – бүгінде бастауышта оқытылып жатқан алғашқы морфологиялық ұғымдардың когнитивті теориялық негіздерін қалыптастырған ғалым. Жоғарыдағы ғалымдардың пікірлеріне қосыла отырып, Қ.Қ. Жұбановтың еңбектері қазақ тілін когнитивті оқыту парадигмасының бастапқы кезеңіне жатады деп білеміз.

### **Бақылау сұрақтары мен тапсырмалар**

1. Когнитология ғылымы нені зерттейді?
2. Қазақ когнитивті грамматикасының қалыптасуындағы негізгі парадигмаларды жүйелеп бере аласыз ба?
3. Тіл білімінде тезаурустік әдіспен жазылған алғашқы сөздікті кім жазды?
4. А. Байтұрсынұлы еңбегінің танымдық, этнографиялық, ұлттық-мәдени ерекшелігі неде?
5. Қазақ тілін оқыту әдістемесінде алғаш ассоциациялық әдісті қолданған ғалым? Мысал келтіріңіз.

**1-тапсырма.** «Когниция» ұғымына сілтеме жасап, түсініктеме беріңіз.

**2-тапсырма.** Ы. Алтынсариннің қазақ когнитивті педагогикасының бастауында тұрғандығын мысалдар келтіре отырып, дәлелдеңіз.

**3-тапсырма.** Ж. Сұлтан, Ж. Кемерованың профессор Қ.Қ.Жұбановтың когнитивтік пайымдаулары туралы еңбектеріне талдау жасаңыз.

**4-тапсырма.** Қазақ тіл білімінде тұңғыш рет *тезаурустық сөздік* жасаған ғалым туралы хабарлама жасаңыз.

**5-тапсырма.** А. Байтұрсынұлының қазақ тілін оқыту әдістемесін дамытуға қосқан еңбектеріне талдау жасаңыз.

### **Студенттердің өз бетімен орындайтын жұмыстары**

1. А. Байтұрсынұлы еңбектерінің танымдық сипаты.
2. Қ.Қ. Жұбановтың еңбектерін қазақ тілін когнитивті оқыту парадигмасының бастапқы кезеңіне жатқызудың себебін анықтаңыз.

### **3. Тілдік таным мен когнитивті грамматиканың жалпы теориялық парадигмасы**

Қ.Қ. Жұбановтың мол мұрасын одан әрі байытып, морфологиялық зерттеуді дамытқан академик Н.Т. Сауранбаев болатын. 1939 жылы «Халық мұғалімі» журналында шыққан Н.Т.Сауранбаевтың «Қазақ тіліндегі сөз таптары және олардың таптастырылуы туралы» атты мақаласында қазақ тіл білімінде сөздерді тапқа бөлудің түбегейлі шешілмей келе жатқандығын айта отырып, оның себебін сөз таптары проблемасының ғылыми жағынан толық шешілмеуінен, жалпы қазақ тілінің толық ғылыми курсының жасалмағандығынан көреді. Қазақ тілі сөздерін таптастыруда құрылымы басқа тілдердің тәжірибесін калькалап көшірудің дұрыс еместігін ескертеді. Ол зат есімді оқытуда зат есімнің қалыптасуын концептуалды даму тұрғысынан талдап, оның этимологиясы арқылы ұғындыру тиімді әдіс деп есептейді. Мәселен, «Қазіргі ақ, қара, сары, көк сияқты түс атаулары көне заманда қазіргідей түс аттарын білдірмеген, белгілі затты, құбылысты білдірген. Оны мынадан білуге болады», – дей отырып, «...көк сөзі алғаш аспанды білдірген (аспан күйінде жұрнақ арқылы шыққан); Ол көк тәңірі (көк құдайы) болып қолданылған, себебі 6-8 ғасырдағы орхон жазуында ол уақытта түрік рулары да көкке табынған. Көктің (аспанның) қарама-қарсы жағы – жерде өсетін нәрселер де (флора) көк деп аталған. Мәселен, көк шөп, жер көгерді, көктем...» [27, 50-52 бб.].

Бүгінде Н.Т. Сауранбаевтың қазақ грамматикасына қалам тартқан кезеңін қазақ грамматикасындағы когнитивті грамматиканың басталуы дегіміз келеді.

40 жылдары жазылған Ғ. Бегалиевтің «Бастауыш мектепте қазақ тілі методикасының мәселелері» атты еңбегінде қазақ тілін оқытудың ұтымды жолдары көрсетіледі. Ол бастауыш сыныптарда түсініксіз сөздерді түсіндірудің әдіс-тәсілін көрсете отырып, оқушылардың ауызша және жазбаша сөйлеу дағдыларын қалыптастыруда кешенді жұмыстар жүйесін ұсынады. Мәселен:

1) Балаларға таныс емес сөздер белгілі бір затты білдіретін болса, сол заттың өзін көрсету керек; егер дерексіз ұғым болса, анықтау жолымен түсіндіру керек.

2) Мәтінде аталып отырған затты балалар білгенімен, сирек қолданылатын атымен білетін болса, сол сөздерді түсіндіргенде

балаларға осыны ескертіп, затты оларға таныс атымен айтып түсіндіру қажет. Мысалы, *тоғай* (орман), *белдемше* (алжапқыш), *соқпақ жол* (жалғыз аяқ).

3) Дерексіз сөздердің мағынасын (мысалы: *ашкөздік*, *жамандық*, *қулық* т.б.) түсіндіргенде, оқылып кеткен шығармаларды пайдалана отырып, нақтылы мысалдар келтіру керек (жақсылыққа жамандық ойлаған қасқыр туралы, қулықпен аңқау қарғаны алдап, аузындағы ірімшігін жеп кеткен түлкі туралы т.б.). Мұнда ғалым дерексіз зат есімдердің мағынасын балалардың санасында оқыған шығармалары бойынша қалыптасқан бейнелері арқылы тануды көрсетеді. Бұл, қазіргі терминмен айтқанда, тілдің санада қалыптасқан денотаттық (заттық) бейнесі болып табылады.

Сонымен қатар, Ғ. Бегалиев 1958 жылы «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналының №6 санында шыққан «Бастауыш мектепте қазақ тілі методикасының мәселелері» атты мақаласында балалардың ойлау қабілетін дамытуда тілді басты құрал етуді, олардың ойлау қабілетінің өсуіне мүмкіндік туғызу мәселесін қозғайды. Т. Қордабаев Н.Т. Сауранбаев пен Ғ. Бегалиевтің «Қазақ тілінің грамматикасы» атты еңбегінде «Морфема» дейтін грамматикалық терминнің қазақ тілі білімінде алғаш рет қолданылғанын, бірақ авторлар оны қосымша формалардың ғана атауы деп түсіндіретіндігін» көрсетеді [28, 99 б.].

С. Жиенбаев – грамматикалық ұғымдарды оқытумен айналысқан әдіскер ғалымдардың бірі [29]. Қазақ тіл біліміне, әсіресе, синтаксиске ерен еңбек сіңірген С. Жиенбаев қазақ тілінде формасы бірдей, тек мағынасына қарап айырылатын сөз таптары бар дей келе, зат есім мен сын есімнің түрлі мағынаны білдіретіндігін мысалдармен салыстыра дәлелдейді: «*Ақ, көк, қызыл, жасыл, жақсы, жаман* сияқты сөздердің сын есім екені айқын көрініп тұр, өйткені бұлар заттың аттары емес, мұндай зат болмайды. Ал енді *жас, батыр, жорға, ақсақ* сияқты сөздер бұлай емес. Бұлардың әрқайсысы екі-екі мағынаға ие. *Жас адам, батыр жауынгер, жорға тай, ақсақ құнан* деген тізбектерде бұлар – сын есім, *жас өсер, батыр – ел қорғаны, жорға озды, ақсақ жүре алмады* тізбектерінде бұлар – зат есімдер. Бұл сөздер жеке-жеке тұрғанда сын есім мағынасын береді деп те, зат есім мағынасын береді деп те таласа беруге болады. Олай болса, зат есім мен сын есімді тек қана мағынасынан айырамыз, тек сұрауынан айырамыз»

[30, 32 б.]. Сондай-ақ, ғалымның балаларды дұрыс сөйлеуге төселдіруде ұсынған көркем шығарманы талдау түрлері, сөздік жұмыс, шығарма мазмұнына сәйкес сурет салу жұмысы сияқты ойлары оқығанды дұрыс түсінуге көмектесіп қана қоймай, оқушының өз бетінше ойлануға, өз танымын, ойын жүйелі жеткізуге мүмкіндік береді. Сондықтан да әдіскер-ғалымдар Ғ. Бегалиев пен С. Жиенбаевтың қазақ тілін оқыту әдістемесіне қосқан үлесі ерен деп есептейміз.

Өткен ғасырдың 40-шы жылдардың аяғы мен 50-ші жылдары әр сөз табы ғалымдардың жеке зерттеу нысанына айналды. 1950-ші жылдары қазақ тіл білімінде сөз таптастыру мәселесі ең өзекті мәселе ретінде күн тәртібіне қойылып, бұл іске белсене араласқан, морфологияны, әсіресе, оның есім саласын тұтас алып зерттеген, оны өзінің ең негізгі ғылыми нысаны деп есептейтін ғалым А. Ысқақов болды. Ғалымның филология факультеті студенттеріне арнап жазған «Қазіргі қазақ тілінің (морфология)» 1974 жылғы бірінші, толықтырылып, өңделген 1991 жылғы екінші басылымы да тіл біліміндегі сөз таптары туралы соңғы зерттеулерді қарастырған еңбек болды. Осы еңбегінде А. Ысқақов зат есімдерді кең түрде жүйелеп, зат есімнің лексика-грамматикалық сипатын ашып, жалпы және жалқы зат есімдер, адамзат және ғаламзат зат есімдер, көптік мәнді есімдер, көмекші есімдер, эмоциялы-экспрессивтік ренді есімдер деп бөледі. Зат есімнің лексика-грамматикалық сипаты туралы былай деп жазады: «Зат есімдердің қай-қайсысы болсын заттық ұғымды білдіретіндіктен, олар, негізінен алғанда, біркелкі болғандарымен іштей нақтылық және абстрактілік, жалпылық және жалқылық, даралық және жинақтылық, жекелік және топтық сияқты семантикалық категорияларды да қамтиды. Мысалы, *ағаш, су, шөп, темір, шүберек, ...ақыл, сана, ой, жақсылық, ...құрт, құмырсқа, құрт-құмырсқа, ...мая-мая, қора-қора* т.б.» [31, 135-136 бб.].

Бастауыш сыныпта біресе зат есім, біресе етістік болатын сөздерді меңгертуде қиындық туатыны белгілі. Бұл мәселені ұғынуда баланың танымдық деңгейі негізгі роль атқарады, сондықтан мұғалім бұл мәселені оқытуда баланың осы деңгейіне сүйенеді. Мысалы, әрі есім, әрі етістік болатын «қашау» сөзінің зат есім екендігі құралдың атауы екенін білдіретін суретпен беру арқылы меңгертуге болады. Бұл қиындықтан шығу әдісі – балалардың танымдық ерекшелігіне сүйену, яғни сурет арқылы

меңгерту. А. Ысқақов «Қазіргі қазақ тілі» оқулығында бұл мәселе туралы: «Қазақ тілінде тым ерте замандардан бері қарай әрі есім әрі етістік мағынасында қолданылатын омоним сөздер бар. Ондай омонимдер лексика-семантикалық жағынан қарағанда бір негізден шыққандығы аңғарылып тұратын сөздер болса да, грамматикалық жақтан бір сыңары етістік болып келеді. Бұлардың қатарына, мысалы, *той, көш, тоң* тәрізді түбір омонимдерді жатқызуға болады. ...Мұндай омонимдерден жаңа туынды сөздер, басқа туынды формалар жасайтындай жағдайда, олардың есім сыңарлары есімдерше, етістік сыңарлары етістіктерше түрленіп, (мысалы, *көшіші көш басында, тойшы той басында; көшкен, көшер, көссе; тойған, тойып, тойса* т.б.) соларға тән категориялық формаларды иелене кетеді. Сондықтан сөздерді таптастырғанда, мұндай омонимдердің есім сыңарлары есімдерге, етістік сыңарлары етістіктерге жатқызылып, сол сөз таптарының аяларында қаралуы керек», – деп қысқаша мәлімет береді [31, 132 б.]. Қалай болғанда да, тегі сонау түркі синкретизмі болып табылатын бұл тілдік құбылыстың қазіргі қазақ тілінде бар екені анық және бұл синкретті түбірлердің қай сөз табына жататынын анықтаудың өзіндік табиғатынан туындайтын ерекшелігі де бар, бұларды (синкретті түбірлерді) тек сөйлеу барысында, яғни басқа сөздермен қарым-қатынасқа түсуі арқылы тұрған орны, қосымша қабылдау ерекшелігіне қарай ғана ажыратуға болады. Басқаша айтсақ, әрі есім, әрі етістік сыңарлары бар бұл түбірлерді сөз табына ажыратуда сөз таптастырудың синтаксистік, морфологиялық ұстанымдарының маңызы ерекше. Мысалы, *Жердің тоңы әлі жібіген жоқ* деген сөйлемде бастауыш қызметін атқарып, тәуелдік жалғауын қабылдаған *тоң* сөзінің зат есім екендігі анықталса, *Бала тоңып қалды* сөйлемде күрделі баяндауыш құрамындағы *тоң* сөзі – *ып* көсемше жұрнағын қабылдау арқылы етістік екендігін білдіреді. Семантикалық бағыттың маңыздылығы ше? Мысалы, *Жазда жайлауда көңілді* деген сөйлемде қашан? сұрағына жауап беріп, пысықтауыш қызметін атқарып, жатыс септігінде тұрған «жазда» сөзінің сұрағына қарап, үстеу деу қисынды ма? Бұл жерде оның лексикалық мағынасын да ескеру керек деп айтқымыз келеді. Мәселен, *Күн арқан бойы көтерілді* сөйлеміндегі «арқан» зат есімі ұлтымыздың материалдық мәдениетіне қатысты бұйым атын білдіретіндіктен, *Күн қамшы бойы* көтерілгеннен, *қамшы бойы,*

*құрық бойы, найза бойы* көтерілгеннен *арқан бойы* көтерілген әлдеқайда биік екендігін білдіреді. Мұнда *күн, арқан, көтерілу* сөздері тұтасып кетіп, уақыт өлшемін береді. Мұндағы өлшем атауы ұлттық танымға қатысты болғандықтан, халқымызда уақыт туралы бірден ұғым туғызады. «Арқан бойы» сөзі уақыт өлшемінің атауын білдіретіндіктен, қанша? сұрағына жауап беріп, пысықтауыш қызметін атқарады.

Ал бүгінде тілдегі ұлттық нышаннан мақұрым ұрпақтың бұл сөйлемді ұғынбайтыны белгілі, сол себепті *қамшы, құрық, найза, арқан* сөздерін тек олардың денотаттық бейнесін көрсету арқылы ғана біз балалардың санасына когнитивтілікті дарыта аламыз. Қазақ тілін оқыту мәселесіне тың ойлар айтқан бұл ғалымдарды өз алдына бөлек қарастырып, когнитивті оқыту парадигмасының үшінші кезеңіне топтастырдық.

### **Бақылау сұрақтары мен тапсырмалар**

**1-тапсырма.** Ғ. Бегалиевтің «Бастауыш мектепте қазақ тілі методикасының мәселелері» атты еңбегіндегі қазақ тілін оқытудың әдістеріне салыстырмалы талдау жасаңыз.

**2-тапсырма.** Әдіскер-ғалымдар Ғ. Бегалиев пен С.Жиенбаевтың қазақ тілін оқыту әдістемесіне қосқан үлесі қандай және оған сипаттама беріңіз.

**3-тапсырма.** Когнитивті оқыту парадигмасының үшінші кезеңіне жататын ғалымдарды топтастырып, еңбектеріне талдау жасаңыз.

**4-тапсырма.** Морфологияны, оның есім саласын тұтас алып зерттеген, оны өзінің ең негізгі ғылыми нысаны деп есептейтін ғалым кім және оның еңбектерінің маңызына тоқталыңыз.

**5-тапсырма.** Ол зат есімді оқытуда зат есімнің қалыптасуын концептуалды даму тұрғысынан талдап, оның этимологиясы арқылы ұғындыру тиімді әдіс деп есептейді. Бұл кімнің пікірі? Мысал келтіріңіз.

### **Студенттердің өз бетімен орындайтын жұмыстары**

1. Когнитивті оқыту парадигмасының үшінші кезеңіне топтастырылған ғалымдар еңбектеріндегі ой-тұжырымдарды талдау.

2. Бастауыш мектепте қазақ тілін оқыту әдістерін қолдану



аясына қарай топтап, презентация жасаңыз.

#### 4. Дәстүрлі грамматика және дәстүрлі мен когнитивті оқыту парадигмасы

Қазақ тілін оқыту әдістемесінің негізін салған әдіскерлердің бірі М. Балақаев 1937 жылдан бастап 1991 жылдар аралығында бастауышқа арналған «Қазақ тілі» оқулығының авторы болды. Осы оқулықтарға арналған әдістемелік нұсқаулар жазды. Ол «2-сыныпта қазақ тілін оқыту» деп аталатын әдістемелік еңбегінде сөз құрамы мен сөз таптарын оқытуда салыстырма әдісін қолдануды ұсынады да, мысалға зат есім болатын *құлын* – *құлыншақ*, *өгіз* – *өгізіше* сөздерін келтіреді. Мұнда балалар түбір сөздер мен туынды сөздерді салыстыра оқып, мағыналық айырмашылығын, соған лайық тұлғалық айырмашылықтарын айтуға тиіс, яғни түбірге жалғанған жұрнақтарға назар аудартып, балаларға сөздердің мағынасының бұрынғыдан өзгеруіне қосымшалардың әсері барын аңғаратын болсын дейді. М. Балақаев «Тіл мәдениеті және қазақ тілін оқыту» еңбегінде былай дейді: «Заттың аты мен заттың өзі бір емес, бірақ затты басқа заттардан айырып тануы арқылы бала сол заттың атын, басқа қасиеттерін біледі. *Қой, ат, ит, мысық* сияқты заттарды ойыншық арқылы, тірі қалпында көріп-біліп тануы баланың ақыл-ойына олардың атымен бірге қалыптасады да, бара-бара ол атаулар да бала үшін өз үйінде, қорасында көрінген заттары ғана болмай, жалпылық қасиеті бар заттардың абстракт аттары болып ұғынылады» деген ғалым тұжырымы да сол танымдық үрдістің көрсеткіші болып табылады [32, 258 б.]. Адам санасының қалыптасу, жетілу сатыларын зат немесе құбылыс атауымен тығыз байланыстырған зерттеуші тіл мен таным арақатынасын ажырамас бірліктің үлгісі ретінде ұғынды, сол себепті: «Сөз адамның айналадағы объективті болмысты тануының жалпылама аты, сондықтан ...сөз байлығы оңайлықпен қалыптаспайды», – дей отырып, сөзді танымдық бірлік ретінде айқындайды [32, 5 б.]. М. Балақаев өзбек, орыс, қазақ тілдеріндегі өсімдік, мал шаруашылығына қатысты кейбір сөздерді салыстырып, бір тілде бар сөздердің баламасы екінші тілде бола бермейтіндігін жазады. Мысалы, «...түйе малына қатысты атау орыс тілінде екеу-ақ: *верблюд, верблюженок*. Басқаларын *екі өркешті, бір өркешті еркек, ұрғашы* сияқты сөздерді *түйе* сөзіне анықтауыш етіп айту арқылы ажыратады. Ал

қазақ тілінде ол жануарлардың өздеріне тікелей және жанама түрде қатысты сөздердің саны 70 шақты: *түйе, нар, інген, бура, атан, тайлақ, үлек, мая, бота* т.б. Бұл нені көрсетеді? Әрбір тілдің сөз байлығына, сол халықтың өміріне, тіршілігіне, тұрмысына керекті, солардың негізінде танымал болған заттардың аттары енеді де, іс-әрекет, тіршілігінде керегі болмаған, танылмаған заттардың аттары бола бермейді. Қазақ халқы атам заманнан мал шаруашылығымен кәсіп еткен.

Сондықтан қазақ тілі төрт түлік малға, олардың жем-шөбіне қатысты сөзіне бай, ал өзбек тілі егін шаруашылығына қатысты сөздерге бай», – деп жазады. Ғалымның бұл ойынан ұғатынымыз, бастауышта қазақ тілін оқытуда сол ұлттың өзіне тән тұрмыс, тіршілігіне байланысты сөздерді пайдалануымыз керек. Осы еңбектеріне сүйене келе, М. Балақаевтың бастауыш мектепте грамматикалық ұғымдарды оқытудың әдістемелік жағына когнитивтік тұрғыда көңіл бөлгендігін байқаймыз.

Сөз таптарын зерттеуге үлес қосқан ғалым Ә. Төлеуов зат есімнің семантикалық түрі жалпы есімдерді мағыналарына қарай жинақты, жіктемелі деп екіге бөледі. Бұл жөнінде ғалым «Сөз таптары» еңбегінде былай жазады: «Бірыңғай тектес заттарға жалпылама қойылатын атауларды (мал, ағаш, құс, аң) жинақты жалпы есім десек, осы жинақты зат есімдерге енетін сөздердің ішінен бөлінетін, дараланатын сөздерді жіктемелі жалпы есім деп атаймыз: *сиыр, қой, жылқы, ешкі, түйе* сияқты жіктемелі жалпы есімдерді жинақтап, бір сөзбен *мал* десек, *жиде, терек, қарағай, емен, тал* тағы басқаларды жинақтап, *ағаш* дейміз. Сондай-ақ, *қаз, үйрек, торғай, бүркіт, қаршығаны* – *құс* десек, *қасқыр, түлкі, тышқан, қоян, киік* сөздерін жинақтап *аң* дейміз. Олай болса, *мал, ағаш, аң* жинақты жалпы есім, *қой, жылқы, терек, тал, қаз, бүркіт* сөздері дараланған жіктемелі жалпы есім болып аталады» [33, 9-10 бб.]. Ә. Төлеуовтың бұлайша бөлуі бастауыш сынып оқушыларының зат есімдерді тез қабылдап, санада қорытуларының тиімді әдісіне негіз болады. Ә. Төлеуовтың зат есімдерді қарастырғандағы тағы бір ерекшелігі – жалпы зат есімдерді семантикасына байланысты жанды, жансыз деп екіге жіктеуі. Мысалға, ол өсімдіктерді (гүл, жапырақ, жусан, емен, арша) өз бетінше өсіп-өнгендіктен, жанды зат есім деп қарауға тура келетінін айтады. Сонымен қатар, *самолет, машина, комбайн, тракторларды* сырт қарағанда қимылдайтын болып

көрінгенімен, жансыз зат есімдер тобына жатқызады, себебі олар өз бетінше өз күшімен қозғала алмайды. Ол бұларды былай деп тұжырымдайды: «Сонымен, жанды зат есім деп өзінің еркімен қозғала алатын нәрсеге, материяға берілген атауларды атаймыз. Өзінің еркімен, күшімен қозғала алмайтын нәрселерді жансыз зат есім дейміз» [33, 10 б.]. Шын мәнінде, өсімдіктердің атын білдіретін зат есімдерді бастауыш сынып оқушыларына оқыта отырып, олардың танымдық деңгейін айқындап, ойлантуға болады.

Жалпы алғанда, қазақ тілін оқытуға байланысты еңбектердің басында белгілі әдіскер Ш.Х. Сарыбаевтың 1959 жылы шыққан «Қазақ методикасының кейбір мәселелері» іргелі еңбегі тұрады. Ғалым бұл еңбегінде оқыту әдістемесі жөнінде құнды пікірлер айтады. Ол оқу материалының жеңіл, бала ұғымына түсінікті болып, сабақты үнемі түрлендіріп өткізуді ұсынады. Ғалым туралы Ф.Ш. Оразбаева: «Морфологияға қатысты, оның ішінде, сөз таптарын оқыту әдістемесін сөз еткен – Ш.Х. Сарыбаев. Қадап айтқанда, тілші ғалым етістіктерді, оның басты категорияларын оқыту мәселелерін қарастырды. Сондай-ақ, зат есімді, сын есімді, сан есімді, үстеуді, шылауды оқытуды 50 жылдардың ішінде зерттеп, нақты пікір білдірді», – деп жазады [34, 29 б.]. Бұл еңбекке қоса, С. Рахметова «Бастауыш оқытудың тиімділігін арттыру» (М. Жазыбаев, А. Асқарбаева, С. Рахметова, Алматы, 1968), Ы. Маманов, Д. Әлімжановтардың «Қазақ тілін оқыту методикасы» (Алматы, 1965) еңбектерін де атайды [35, 132 б.].

## **5. Когнитивті грамматика, когнитивті оқыту парадигмасы**

Соңғы жылдары бастауышта қазақ тілін оқыту ғылыми деңгейде зерттеле бастады. Бұл кезеңдегі ғылыми еңбектерде қазақ тілін оқыту когнитивті тұрғыдан зерттелмегенімен, сөз мағыналары, тіл дамыту т.б. оқыту мәселелері жаңаша оқыту тұрғысынан қарастырылып, ойлау, таным үдерісін дамытуға көңіл аударыла бастады. Сондықтан бұл еңбектердің авторларын когнитивті оқыту парадигмасының бесінші кезеңінің өкілдері деп қарастырдық. Бұл кезеңдегі бастауыш сыныптар үшін көлемді еңбектердің бірі – әдістемеші-ғалым С. Рахметованың «Қазақ тілін оқыту методикасы» (1991), «Ана тілін оқыту әдістемесі» (1998, 1999, 2000), «Қазақ тілін оқыту әдістемесі» (2003), т.б. еңбектері.

Әдістемеші Г. Уәйісова «Бастауыш мектепте қазақ тілін оқыту

әдістемесінің тарихы» атты оқу құралында: «Ы.Алтынсарин, А. Байтұрсынов, Ш. Сарыбаев, Қ. Жұбанов, С.Жиенбаев, Ғ. Бегалиев сынды белгілі әдістемешілердің пікірлерін жаңа заман талабына орай жетілдіріп, толықтыра отырып, одан әрі тіл ұстартудың мақсаты мен міндетін айқындап берудегі атқарған зор еңбегін айта келіп: «Профессор С. Рахметова – бастауыш сынып оқушыларының тілін дамыту әдістемесін ғылыми негіздеуші», – деп, әр еңбегіне талдау жасап, баға береді [30, 44 б.]. Мәселен, зерттеушінің «Қазақ тілін оқыту әдістемесі» деп аталатын еңбегінде бастауыш сыныпта грамматиканы оқытуға байланысты айтылған әдістемелік ойлары «Грамматика және тіл дамыту» тарауында жүйелі түрде беріледі. Бұл тарауда грамматиканың ғылыми негіздері, грамматика сабақтарының міндеті мен мақсаты, грамматика мен тіл дамыту жұмыстарына үйретудің әдіс-тәсілдері, грамматикалық материалдарды пайдалану жайында және грамматикалық жаттығулар, грамматикалық талдау, грамматикалық сабақтардың түрлері мен грамматика сабақтарында қолданылатын көрнекі құралдар нақты мысалдармен дәлелді түрде талданылады. Ғалым оқу мен таным әрекетін бір қарастырып, оқыту әдістерін 3-ке топтап көрсетеді [36, 15 б.]. Оқу-таным қызметін басты есепке алып, өз әдістемесін сол деңгейде құрған оқытушы бастауышта грамматиканың күрделі мәселелерін оқытуға жақсы нәтижелерге қол жеткізеді.

Оқу-таным мәселесін алдыңғы кезекке қойған ғалым С.Рахметова: «Мектепке алғаш оқуға келген балалар заттар мен құбылыстарды әлде де болса, тұтас күйінде қабылдайды, оларды талдап, ішкі заңдылықтарын, себептерін, байланыстарын ажырата қабылдауға әлі машықтанбағандықтан, объектіні қабылдау қиындау болып бара жатса, ол дереу екіншісіне ауыса қояды. Тіпті олар заттардың жеке бөліктерін тізбектеп айтып та береді, бірақ онда жүйе, мән жоқ, негізгі жағдайын айыра алмайды», – деп көрсетеді [36, 101 б.]. Тәжірибелі ұстаз балалардың сөздің лексикалық мағынасын, яғни мұндағы заттық мағынаны бірден қабылдайтынын дұрыс көрсетеді.

Жалпы лексикалық мағына дегеніміз – шындық болмыстағы заттар мен құбылыстардың адам санасында бекуі. Семантика ғылымында сөздің лексикалық мағынасы үлкен құрылымнан тұратыны дәлелденген. Лексикалық мағына үш басты мағына бөліктерінен тұрады: денотаттық (заттық) бөлік, сигнификаттық

(ұғымдық), коннотаттық (сезімдік) бөлік. Заттардың мағынасын индивидтің түсінуі оның қабылдау, яғни танымдық әрекетіне байланысты жүзеге асады. Егер адамда зат не құбылыс туралы түсінік болмаса, ол адамның сол зат пен құбылысты көрмегенін не түйсінбегенін білдіреді. Бір сөздің мағынасын қабылдағанда, индивид, алдымен, заттық бөлікті түсінеді. Бала бірінші сол зат туралы бөлікті түсінеді, екінші соның негізінде ұғымдық бөлік санасында туады. Содан кейін сезімдік бөлік қалыптасуы мүмкін. Мәселен, бір адам екінші адамға «қайда тұрып жатырсың?» деп сұрағанда, ол «үнгірде тұрып жатырмын», – деп жауап берсе, сұрау қойған адамның санасында ең бірінші денотат, яғни үнгірдің бейнесі туады, содан кейін ұғымдық компонент қалыптасады. Атап айтқанда, мынадай сигнификаттық семалар туындайды: «терезе жоқ, жылу жоқ, электр жарығы жоқ, есік жоқ, суық, қорқынышты т.б.». Сосын барып бағалаушы компоненттің жағымсыз түрі, яғни таң қалу, аяу, мүсіркеу туындауы мүмкін. Сонда танымдық қызмет нәтижесінде адам санасында заттың ең ерекше деген белгілері мағына болып саналады.

Танымдық әрекетте семантикадағы ұқсату заңы басты қызмет атқарады. Мысалы, *үш аяқты мотоцикл* дегенде мотоциклде *аяқ* жоқ екені бәріне белгілі, дегенмен де, «аяқ» сөзінің анықтауыш болуына әсер етіп тұрған «қозғалыс түрі» – денотаттық сема немесе ассоциациялық белгі. Бастауышта балаларда танымдық әрекет ұшқары жүргендіктен, ғалым С. Рахметова айтқандай, заттардың денотаттық, сигнификаттық, конотаттық белгілері (семаларды) олардың санасында жүйелі түрде орналаспауы мүмкін. Біздіңше, оларда көбіне денотаттық және сезімдік компоненттер бір-бірімен тікелей байланыста орналасады. Осы себептерді түсінген ғалым былай деп жазады: «Бұл жұмыстарды ұйымдастыру барысында осы жастағы балалардың дүниетаным ерекшеліктерін де естен шығаруға болмайды. Мысалы, 1) грамматикада берілетін түсініктер балалар ұғымына сай келе қоймайды. «Зат, сын, қимыл» т.б. с.с. сөздер олар үшін дерексіз (абстракт) болады. Сондықтан, ондай ұғымдарды әлсін-әлсін нақтылап түсіндіріп отырғанда ғана оқушылар ол сөздердің мағынасын меңгере бастайды. 2) Бастауыш сынып балалары сөздердің тек лексикалық мағынасын қабылдайды, ал оның грамматикалық мағынасын мүлде елемейді. Мысалы, *...жақсылық, адамгершілік* деген сөздер заттың сапасын, соған тән

белгіні білдіреді. Грамматикалық жағынан алып талдағанда, бұл сөздер дерексіз ұғымдарды білдіреді де зат есімге жатады. Осы сияқты сөздердің лексикалық мағынасы мен грамматикалық мағыналарының арасында кездесетін қайшылықтарды оқыту барысында жойып, бір-бірін нақтылай саралап, айқындай түсетіндей әдіс-тәсілдер тауып қолдану қажет» [36, 101-102 бб.]. Егер балада танымдық әрекет жүзеге аспаса, яғни ол бір затты көрмесе, сол заттың мағынасын да түсінбейді. Ал дерексіз зат есімдердің ешқашан да денотаттық, сигнификаттық, коннотаттық белгілері болмағандықтан, әр бала ол сөздерді өзінің танымдық әрекеті мен танымдық деңгейіне сәйкес қабылдайды.

Жоғарыда ғалым С. Рахметова тауып қолдану керек деген әдіс-тәсілдер осы бір когнитивті семантика қағидаларына сүйенгенде ғана табуға болады деп ойлаймыз. Сондықтан ғалымның бұл ойлары бастауышта «сөйлеуші бала» емес, «ойлаушы, түйсінүші бала» қалыптастыру әдістемесіне негіз болады. Сонымен қатар, ол таным қағидаларын тілдік деректермен сабақтастырады. «Қазақ тілі әдістемесі қазақ тілін зерттейтін тіл ғылымы деректеріне сүйенеді. Сондықтан тілдің әдістемесі тіл ғылымымен, ғылыми грамматикамен өте тығыз байланысты.

Ал ұтымды әдіс-тәсілдерді және оларды тиімді қолдану жолдарын грамматиканың әдістемесі белгілейтінін» айта келе, грамматиканың әдістемесі тіл білімі, психология ғылымының деректеріне сүйенетіндігін және педагогика ғылымының ұстанымдарын басшылыққа алатынын назарға салады [37, 94 б.].

Әдіскер С. Рахметованың мұнда тілге тиек етіп отырған мәселесі – когнитивті грамматиканың бастауыштағы басталу негізі. Когнитивті грамматикада грамматикалық тұлғалардың, тәсілдердің тек қана сөз құрушы үлгі ғана емес, ойды, адамның танымдық әрекеті нәтижесін беруші құрылымдық жүйе екендігі қарастырылады. Когнитивті грамматиканы семантикалық грамматика деп те атауға болады. Тілдегі грамматикалық әдіс-тәсілдер – көптеген ғасырлар бойы қалыптасқан адамның тілдік танымын құрып, хабарлаудың нәтижесі. Грамматиканы оқыту, басқа тілдік ортаға бір тілдің грамматикасын үйрету мәселесі осындай себептерге байланысты қиын мәселе болып қала береді.

Әдіскер ғалым С. Рахметова грамматиканы оқытуда тек білім беріп қана қоймай, балаларды жан-жақты жетілдіру мен тәрбиелеуге және олардың игеретін білімін өмір тәжірибесінде

шеберлікпен қолдана алуы мен дағдылануына үйрететін тәсілдерге көңіл бөледі. Мысалға, «зат есім» ұғымының мазмұнын ашу үшін «есім» деген сөздің өзінің мағынасы, ал зат есім деген затқа қойылған ат, яғни заттың атын білдіретін сөздер екені тәжірибелік мысалдар арқылы айтылып түсіндіріледі. Зат есімнің неліктен есім тобына жататыны, оның басқа сөз таптарымен өзара ұқсас, ортақ белгілері, айырмашылығы т.б. ұғындырылуы тиіс деп есептейді. Мұнда алдымен, есім сөзінің мағынасына көңіл аударып, сол арқылы зат есімнің есім тобына жатқызудың белгілерін табуды және есім тобындағы басқа сөз таптарымен ортақ белгілері және айырмашылығын салыстыру әдісімен айыру арқылы игертуді көздейді. Басқа сөздермен (сөз таптары) байланысқа түсуіне қарай сол заттың сын сапасын, санын анықтайды. Есім сөздер тобындағы сөздердің (сын есім, сан есім, есімдіктің) зат есімнің орнына жұмсалып қолданылатынын да аңғартуды меңзейді. Ғалым грамматикалық тақырыптар туралы түсініктерді қорытындылауда оқушылардың көңілін тек анықтамада көрсетілген белгіге ғана аударып қою жеткіліксіз екенін, яғни басқа да белгілеріне қарай қосымша мағлұматтар беру, олардың алған мағлұматтарын толық жинақтап, нақтылау бала ұғымының айқындала түсуіне, танымының кеңеюіне және ойлау, қиялдау әрекетінің дамуына мүмкіндік береді деп түйеді.

Бастауыш сыныптарда қазақ тілінің морфологиялық жүйесін оқытуды жан-жақты, терең қарастырған ғалымдардың бірі – Г.И.Уәйісова. Ол «Бастауыш сыныптарда морфологиялық ұғымдарды оқыту» (1994) деп аталатын еңбегінде бастауыш сыныпта оқушыларға қазақ тілінің морфологиялық жүйесін оқытудың мәні мен оқыту әдістеріне, оқытылатын морфологиялық ұғымдардың мазмұны мен олардың өзара сабақтастығына кеңінен талдау жасайды. Сонымен қатар, бастауыш сынып оқушыларына грамматикалық ұғымдарды меңгертуде түсіндіргенді қайталап айтып беруге (репродуктивті) баулу әдісі ойдағыдай нәтиже бермейтінін айтып, көптеген әдіскер-ғалымдардың аузында жүрген бастауыш сыныптарда грамматикалық ұғымдарды меңгерту үшін қолайлы әдістердің мынадай түрлерін атап көрсетеді: 1) Оқушылардың белсенді ойлау қызметін іске қосу; 2) Сөзге немесе сөйлемге қатысты оқушылардың лингвистикалық көзқарасын дамыту; 3) Өтілген грамматикалық ұғымның айқын және көмескі белгілерін меңгерту; 4) Жаңа меңгерген

грамматикалық ұғымды бұрын өтілген ұғымдар жүйесімен байланыстырып отыру; 5) Жаңа грамматикалық ұғымды түсіндіру үшін оқушылардың бұрынғы білімдері мен дағдыларына сүйеніп отыру; 6) Грамматикалық ұғымды көрнекі құралдар көмегімен меңгерту. Бұл еңбекте бастауыш сыныптарда оқытылатын морфологиялық ұғымдардың мазмұны мен олардың өзара сабақтастығын баяндай келе, оқушыларға сөздердің семантикалық-грамматикалық топтарға бөлінетінін байқату барысында балаларды дерексіз ойлауға, сөздердің лексикалық мағыналарын жинақтап, дерексіз белгілерді ойша топтай білуге машықтандыру керектігін және әрбір грамматикалық тақырыптар бойынша берілуге тиісті ұғымдарды қарапайым түсініктен күрделі түсінікке қарай бірте-бірте жүйелеп оқытудың нәтижелі екенін айтып, мысалға «Кім? кімдер? Не? нелер? сұрақтарына жауап беретін сөздер» тақырыбын (2-сынып) 10 сағатқа бөліп, жүйеленген сабақ үлгілерін ұсынады [38, 6-7 бб., 24-25 бб.].

Қазақ халқының өз алдына егеменді ел болып, оның тарихы мен мәдениетінде, экономикасында болып жатқан жаңа құбылыстар оқыту үдерісінде пайдаланылып жүрген оқу бағдарламалары мен оқулықтарға өзгеріс енгізуді қажет етері сөзсіз. Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алғаннан кейін, қазақстан тарихында елеулі оқиғалар мен жаңалықтар болды. Соның негізінде, жаңа мазмұнды төл оқулықтар шығару жұмысы шұғыл қолға алынып, бастауыш сыныптың оқу бағдарламасы жасалып, жарық көрді. Білім берудің тұлғалық-бағдарланған стратегиясының негізгі идеясы – оқушыларға механикалық түрде білім беру емес, олардың табиғи қабілеттері мен әлеуметтік мүдделеріне баса назар аудара отырып, өмірлік жоспарларын жүзеге асыруларына кең мүмкіндіктер жасайтын білім кеңістігін құру. Бұл өз кезегінде бастауыш сыныптарда қазақ тілін оқыту әдістемесіне де өзгерістер әкеліп, оқушыларға сапалы білім беру көзін іздеудің қажеттілігін көрсетеді.

1997 жылдан кейінгі кезеңде бастауыш мектептің оқу бағдарламалары мен оқулықтарына өзгеріс енгізудің қажеттілігін оқулық құрастырушы ғалымдар былай түсіндіреді: «Дамыта оқытуға байланысты жаңартуларды айтпағанның өзінде оқулықтағы мәтіндер мен жаттығулардың өзі бүгінгі күнге жарамсыз еді. ... Міне, осының бәрі оқу-әдістемелік жүйенің базисін өзгертуді қажет етті» [30, 49 б.]. Заман талабын



қанағаттандырмайтын оқу мазмұны мен оқыту әдістемесіне өзгерістер енгізу бағытында «Жалпы білім беретін мектептің бастауыш сатысындағы білім мазмұны тұжырымдамасы», «ҚР жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (жалпы бастауыш білім)» (1998) қабылданды [39]. Осы құжат негізінде 2003 жылы жалпы орта білім беретін мектептің 2-4-сыныптарына арналған Қазақ тілі бағдарламасы жасалынды [40]. Бұл құжаттарда: «Бастауыш сатыда оқушының жалпы және психикалық дамуының жеткілікті деңгейіне қол жеткізу үшін, ең алдымен, білім берудің мақсат приоритеті түбегейлі өзгеруі керек: бірінші кезекке бұрынғыша оқушыны пәндік білім, біліктердің белгілі бір жиынтығымен қаруландыру емес, оқу әрекетін қалыптастыру негізінде жеке бас тұлғасын тәрбиелеу мақсаты қойылады», – делінген. Осы құжаттарда қойылған талаптар бойынша дамыта оқытуға бағытталған әдістер мұғалімнің «дәстүрлі емес тапсырма түрлерін ізденудің объектісі ретінде» қоюы, «жекеліктен жалпыны тауып шығару», қалыптасуы тиіс «әрекеттің жалпы моделін» құру, «аналогтарды пайдалану», «объектінің жаңа қызметін көру», т.б. сияқты оқушыларды шығармашылық ізденіске жетектейтін іс-әрекетке қосатын, оқушыны «өз көзқарасының авторы» ететін әдістемелік тәсілдер арқылы жүзеге асады.

Осы кезеңде әдістеме ғылымы қомақты зерттеулермен толыға түсті. Атап айтсақ, әдістемеші-ғалымдар Г.И. Уәйісованың «Лексикологияны оқыту әдістемесі» оқу құралы [41], Т.М.Әбдікәрімованың «Бастауыш сыныпта мәтін арқылы тіл дамытудың ғылыми негіздері мен оқыту әдістемесі» еңбегі [42], Ә.Е. Жұмабаеваның «Бастауыш мектептегі сауат ашу кезеңінде жүргізілетін тіл дамыту жұмыстарының әдістемесі» атты еңбегі [43], Б.Т. Қабатайдың «Ана тілі сабақтарында оқушыларды шығармашылыққа баулу әдістемесі» [44], Б.Қ. Игенбаеваның «Ана тілі сабағында жеке тұлғаның рухани адамгершілігін дамыта оқыту әдістемесі» [45], Н.Ә. Тойбазарованың «Бастауыш мектепте қазақ тілін дамыта оқыту арқылы морфологиялық ұғымдар қалыптастыру әдістемесі» [46] атты зерттеу еңбектерінде жаңа талаптар тұрғысынан жүйелі түрде сапалы білім беру мәселелері сөз болады. Соңғы 2008 жылы «Алматыкітап» баспасынан Г.И. Уәйісова, Ә. Жұмабаева бастаған авторлардың жарық көрген бірінші сыныпқа арналған «Ана тілі оқулығы мен әдістемелік

кұралында» оқушылардың танымдық қызығушылығын арттыратын тапсырмаларды құру әдістері берілген. Мәселен, «Табиғат» концептісіне енетін аң, төрт түлікке қатысты қазақ ділін көрсететін көптеген танымдық тапсырмалар, мәтіндер, сұрақтар бар. Мысалы, «Құстардың балапанын неліктен мамыр деп атайды? Мамыр сөзі қандай мағына білдіреді?» [47, 134 б.].

2003 жылғы бағдарламада авторлар: «Білім мазмұны жүйесінің сөйлеу және таным әрекеттерін іс жүзінде қалыптастырып, дамыту мақсатына бағындырылуы – оқу бағдарламасының басты ерекшеліктерінің бірі» – деп көрсетеді [40, 3 б.].

Жоғарыда аталған ғалымдардың еңбектерін зерделей келе, бастауышта зат есімді когнитивті оқытудың басты парадигмасы шартты түрде мынадай кезеңдерге жүйеленді:

1) *«Тілтанымның» бастапқы парадигмасы* – ХІХ ғасырдың аяқ шенінде Ы. Алтынсарин еңбектерінде көрінеді, себебі қазақ ұлтының тұрмыс сипаты өзгеріске түспеді, сондықтан оқушылардың танымдық әрекеті, ұлттық когниция басшылыққа алынды.

2) *Тілдік таным мен когнитивті грамматиканың басталу парадигмасы* – ХХ ғасырдың басы. Негізгі өкілдері: А.Байтұрсынов пен Қ. Жұбанов еңбектері. Мұнда грамматикалық алғашқы ұғымдар ұлттық танымға негізделіп, когнитивті оқытудың алғашқы әдіс-тәсілдері бұл ғалымдардың еңбектерінде көрініс тауып, ғылыми жүйеге салынды.

3) *Тілдік таным мен когнитивті грамматиканың жалпы теориялық парадигмасы* – 40-шы және 70-шы ж.ж. Негізгі өкілдері: Ш.Х. Сарыбаев, Н. Сауранбаев, Ғ. Бегалиев, С. Жиенбаев, А. Ысқақов, Ы. Маманов, Д. Әлімжанов, И.Қ. Ұйықбаев, Х. Арғынов, Ғ. Сүлейменов, Р.С. Әміров, т.б. еңбектері. Қазақ грамматикасы кең көлемде жүйеленіп, семантикалық ерекшелік есепке алынып, грамматиканы оқыту толық ғылыми негізде дамыды.

4) *Дәстүрлі грамматика мен дәстүрлі және когнитивті оқыту парадигмасы* – ХХ ғасырдың аяғы. Негізгі өкілдері: М.Балақаев, Ә. Қайдаров, Ә. Төлеуов, С. Исаев еңбектері. Дәстүрлі грамматика қарқынды дамып, осы негізде оқыту әдістемесі, оның ішінде, оқытудың алдыңғы қатарлы әдіс-тәсілдері кеңінен қолданылды.

5) *Когнитивті грамматика, когнитивті оқыту парадигмасы*

– ХХІ ғасырдың басы. Негізгі өкілдері: С. Рахметова, Т.Әбдікәрімова, Ә. Мұханбетжанова, Н. Құрманова, Ж.Балтабаева, Ә.Е. Жұмабаева, Г.И. Уәйісова, Б.Т. Қабатай, Н.Ә. Тойбазарова т.б. әдістемешілердің еңбектері.

Сонымен, аталған ғалымдардың ғылыми еңбектеріне талдау жүргізе келе, мынадай қорытындыға келеміз: бастапқы кезең, екінші кезең мен соңғы кезеңдегі ғалымдардың еңбектерінде тілдік ұғымдарды когнитивті оқытудың белгілері бар. Осы кезеңнің аралығында тілді танымдық тұрғыдан оқыту төменгі деңгейде, бірқалыпты дамиды. Бұл қорытындыдан ғалымдардың еңбектерінде когнитивті оқытудың маңызын көрсететін элементтер кездесе де, қазақ тілін когнитивті тұрғыдан оқытуда жүйелі зерттеу болмағанын, яғни когнитивті оқыту арнайы зерттеу көзі болмағанын және ғылыми жүйеге түспегенін байқауға болады. Мәселен, А. Байтұрсынов оқушылардың сөздік қорын байыту мақсатында киім, шөп, ыдыс т.с.с. атауларын тануды берсе де, ол заттардың басқа қасиеттерін танытуға байланысты, яғни сол сөздің мағынасын, бүкіл қасиетін толық танытатындай, талдап түсіндіретіндей еңбек жазған жоқ.

Сондықтан да қазіргі таңда қазақ тіл білімінде қарқынды дамып келе жатқан лингвомәдениеттану және когнитивті тіл білімі ғылымдарының соңғы нәтижелерін мектепте грамматиканы оқытуда пайдалану қажеттілігі туындап отыр. Тіл табиғатын когнитивті сипатта қарастыратын бұл бағыттың ерекшелігі – тілдік ұғымдарды әбден дәстүрге айналған құрылымдық лингвистикадан өзгешелеу қалыппен жаңа арна үлгісінде таныту. Бұл бағыт – тілдік тұлға келбетін қалыптастырудың ең басты да, негізгі жолы. Ал тілдік тұлға дегеніміздің өзі – ұлттық тіл ортасында, ұлттық құндылықтар негізінде тәрбиеленген, ұлттық рух пен ұлттық тілді толық меңгерген жеке адам, бүкіл ұлттық болмысты бойына жинақтаған жеке тұлға.

### **Бақылау сұрақтары мен тапсырмалар**

**1-тапсырма.** Н.Т. Сауранбаев, Ғ. Бегалиев, С. Жиенбаев, М.Балақаев, Ш.Х. Сарыбаевтың қазақ тілін оқыту әдістемесіне қосқан еңбектеріндегі пікірлерді талдау және конспектілеу.

**2-тапсырма.** Тілдік таным мен когнитивті грамматиканың жалпы теориялықпарадигмасы – 40-шы және 70-шы жылдың егізгі

өкілдері: Ш.Х. Сарыбаев, Н. Сауранбаев, Ғ. Бегалиев, С.Жиенбаев, А. Ысқақов, Ы. Маманов, Д. Әлімжанов, И.Қ. Ұйықбаев, Х.Арғынов, Ғ. Сүлейменов, Р.С. Әміров, т.б. еңбектеріндегі көзқарастар, пікірлер.

**3-тапсырма.** Соңғы кезде қазақ тілін оқытудың келелі мәселелерін қарастырған ғалымдар туралы және олардың еңбектеріне шолу жасаңыз.

**4-тапсырма.** Когнитивті грамматика, когнитивті оқыту парадигмасының негізгі өкілдері, олардың еңбектеріндегі когнитивті пайымдаулар.

**5-тапсырма.** Бастауышта зат есімді когнитивті оқытудың басты парадигмасын шартты түрде кезеңдерге жүйелеуде өз ұсынысыңызды қосыңыз.

### **Студенттердің өз бетімен орындайтын жұмыстары**

1. Оқыту мен оқу әдістемесіне өзгеріс енгізудің қажеттілігі жөнінде эссе жазыңыз.

2. Дәстүрлі оқыту мен когнитивті оқыту ерекшеліктерін салыстырмалы кесте арқылы түсіндіріңіз.

3. М. Балақаев, Ә. Қайдаров, Ә. Төлеуов, С. Исаев, т.б. ғалымдардың еңбектеріне әдістемелік талдау жасаңыз.

4. С. Рахметова, Т. Әбдікәрімова, Ә. Мұханбетжанова, Н.Құрманова, Ж. Балтабаева, Ә.Е. Жұмабаева, Г.И. Уәйісова, Б.Т.Қабатай, Н.Ә. Тойбазарова т.б. әдістемеші ғалымдар еңбектерінің когнитивтік мәнін анықтаңыз.

5. Орыс тіл білімінде когнитивистер қалыптастырған мектептер туралы баяндама жасаңыз.

6. Ж.А. Манкеева, Н. Уәли, А. Ислам, Э.Н. Оразалиева, Г.Е.Утебалиева, А.Б. Әмірбекова т.б. ғалымдардың еңбектерінің когнитивтік мәнін анықтау.

7. В.А. Маслова зерттеуіндегі когнитивті лингвистиканың ұғымдық бірліктеріне түсініктеме беріңіз.

### **Пайдаланылатын әдебиеттер**

1 Маслова В.А. Введение в когнитивную лингвистику. – М.: Флинта: Наука, 2007.

2 Соссюр Ф. Курс общей лингвистики. – М.: КомКнига, 2006.

3 Алефиренко Н. Поэтическая энергия слова. Синергетика языка, сознания и культуры. – М.: Academia, 2002.

4 Маслова В.А. Когнитивная лингвистика. Учебное пособие. – Минск: ТетраСистемс, 2004.

5 Аймауытов Ж. Жан жүйесі мен өнер таңдау. – Алматы: Қазмембас, 1926.

6 Демьянков В.З. Термин парадигма в обыденном языке и в лингвистике // Парадигмы научного знания в современной лингвистике: сб. науч. трудов. – М., 2006.

7 Кун Т. Структура научных революций. – М., 1977.

8 Оразалиева Э. Когнитивтік лингвистика: қалыптасуы мен дамуы.– Алматы: Ан Арыс, 2007.

9 Попова З.Д., Стернин И.А. Когнитивная лингвистика. – М.: АСТ: Восток – Запад, 2007.

10 Кубрякова Е.С. Язык и знание: На пути получения знаний о языке: Части речи с когнитивной точки зрения. Роль языка в познании мира. – М., 2004.

11 Алтынсарин Ы. Таңдамалы шығармалары. – Алматы: Мектеп, 1955.

12 Кобозева И.М. Лингвистическая семантика. – М.: КомКнига, 2007.

13 Алтынсарин Ы. Таза бұлақ. – Алматы: Жазушы, 1988. – 320 б.

14 Сыздық Р., А. Байтұрсынов. – Алматы: Қазақ ССР «Білім» қоғамы, 1990.

15 Ыбыраимжанов Қ.Т. Ахмет Байтұрсыновтың бастауыш мектеп жайлы педагогикалық мұралары: пед. ғыл. канд. ... дисс. – Алматы, 2001.

16 Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992.

17 Қалыбеков Б.Е. 50 жылдардағы бастауыш сынып оқулықтарының лексикалық жүйесі мен морфологиялық құрылымының статистикасы (соңғы жылдардағы оқулықтармен салыстыра зерттеу): филол. ғыл. канд. ... дисс. – Алматы, 2003.

18 Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1999.

19 Жазықова М.Қ. Құдайберген Жұбановтың әдістемелік мұрасы: пед. ғыл. канд. ... автореф. – Алматы, 2008.

20 Сұлтан Ж.И. Тілтанымдағы антропологиялық парадигманың Қ.Жұбанов мұраларындағы көрінісі: филол. ғыл. канд. ... автореф. – Алматы, 2007.

21 Кемерова Ж. Профессор Қ. Жұбановтың когнитивтік пайымдаулары, тілдік негіздері // Жұбанов тағылымы: VI халық. ғыл.-теор. конф. материалдары. – Ақтөбе, 2005.

22 Сауранбаев Н.Т. Қазақ тіл білімінің проблемалары. Проблемы казахского языкознания. – Алма-Ата: Наука, 1982.

23 Қордабаев Т. Қазақ тілі білімінің қалыптасу, даму жолдары. – Алматы: Рауан, 1995.

24 Жиенбаев С. Қазақ тілінің методикасы. – Алматы: Қазмембас, 1946.

25 Уәйісова Г.И. Бастауыш мектепте қазақ тілін оқыту әдістемесінің тарихы. – Алматы: ҚазҰПУ, 2007.

26 Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы: Ана тілі, 1991.

27 Балақаев М. Қазақ тіл білімінің мәселелері. Вопросы казахского языкознания. – Алматы: Арыс, 2008.

28 Рахметова С. Қазақ тілі әдістемесінің теориясы мен технологиясы. – Алматы: ҚазҰПУ, 2007.

29 Уәйісова Г.И. Бастауыш сыныптарда морфологиялық ұғымдарды оқыту. – Алматы, 1994.

30 Краткий словарь когнитивных терминов // Под общей ред. Е.С. Кубряковой. – М., 1996.

31 Манкеева Ж.А. Қазақ тілін зерттеудің когнитивтік негіздері // Тілтаным, – Алматы. – 2001. – № 4.

32 Оразбаева Ф.Ш. Тілдік қатынас. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2005.

33 Исаев С.М. Қазіргі қазақ тіліндегі негізгі грамматикалық ұғымдар. – Алматы: Ана тілі, 1992.

34 Шунк Дейл Х. Оқыту теориясы: Білім беру көкжиегі. – Алматы, 2019. – 608 б.

35 Гритт Р. Бастауыш мектеп мұғалімі: шеберлікті шыңдау. – Алматы, 2020. – 600 б.

## **ЗАТ ЕСІМДІ ОҚЫТУДЫҢ КОГНИТИВТІ НЕГІЗДЕРІ**

Соңғы кезде тіл ғылымында таным мәселелері лингвистердің жаңа когнитивтік концепцияларды зерттеуіне жол ашып, когнитивті тіл білімі қарқынды дамуда. Ұлттық тіл – ұлттық танымның (когниция) ең биік жемісі, яғни В. фон Гумбольдт айтқандай: «Тіл – сөйлеу арқылы ойды жеткізу үшін тұрақты қайталанып отыратын рухтың күші. Демек, әрбір ұлт өз тілінің

шеңберімен қоршалған» [44, 349 б.]. «Когниция» термині таным ұғымын бергенімен, оның мазмұны танымға қарағанда кеңірек сипатта келеді.

Ғалым Ә.М. Мұханбетжанова: «Таным дегеніміз – рухани әрекеттің арнайы түрі, қоршаған дүниені тану процесі. Әрбір дәуірге дүниені тануды модельдеудің ерекше түрі ретінде белгілі бір танымдық модельдер сәйкес келеді. Дүниені танудың танымдық модельдерін толық талдауды және адамзат дамуының нақты дәуіріне тәуелділігін Ю.В. Чайковский – схоластикалық, механикалық, статистикалық, жүйелік және диоптрикалық (диоптрика – әртүрлілік жөніндегі ғылым) танымдық модельдер ретінде бөліп көрсетеді», – деп жазған болатын [45, 16 б.]. Сол себепті, біз бұл бөлімде когнитивті лингвистика және когнитивті психология ғылымдарының ғылыми негіздерін басшылыққа ала отырып, бастауышта когнитивті оқыту тұрғысынан заттар мен құбылыстардың атын білдіретін сөздерді, яғни зат есімдерді меңгертуді көздейтін когнитивті педагогика ғылымының негізін құрайтын терминдерге анықтама беруге тырыстық. Жалпы когнитивтік ғылымға жаңа философиялық энциклопедияда: «Теориялы-информациялық модельдерді қолдану негізінде сана мен жоғары ойлау процестерін зерттейтін жүйе» деп анықтама берілген [46, 264 б.]. Когнитивтік ғылымның зерттеу нысаны – санада бейнеленген ақпараттар мен білім [48, 180 б.]. Когнитивтік бағыттың басты мақсаты – дүниенің бейнесін белгілі бір тілдік жүйеде көрсету. Репрезентация (көрсету) – алғашқы түсініктен бастап, дамыған бай концептілік жүйедегі түсінікке дейінгі санадағы білімінің көрінісі [49, 15-16 бб.].

Когнитивті тіл білімі адамның ұлттық болмысқа негізделген танымдық деңгейінің тілдегі көріністерін зерттейді. Мұнда басты бірлік – *концептілер*. Концептілер когнитивті, ұлттық, мәдени тұрғыдан анықталады. Олар мәдени, ұлттық мәдени, лингвомәдени және когнитивті деген түрлерге бөлінеді.

Қазақ тіл білімінде алғашқылардың бірі болып когниция мәселесін, когнитивті тіл білімін өз монографиясына арқау еткен ғалымдардың бірі Қ. Жаманбаева болатын. Қ. Жаманбаева сол кезде енді ғана сөз болып жатқан тілдік танымға қатысты мәселелерді қарастыра келе, алғаш рет тіліміздегі «мұң» концептісін зерттеді [51]. Соңғы кезде Н. Уәли, Ж.А. Манкеева т.т. тілшілердің шәкірттері когнитивті тіл білімінің әртүрлі

мәселелерін кеңінен қарастыруда. Осы ізденістердің нәтижесінде *тары, қамшы* ұлттық мәдени концептілер мен *өмір, тағдыр* сияқты когнитивтік концептілер зерттелген. Мәселен, М.Т.Күштаева «Тары» концептісінің семантикасы мен лингвомәдени мазмұнының арнайы зерттеу тақырыбы еткен [52]. Орыс тіл білімінде Ю.С. Степанов, А.П. Бабушкин, Е.С.Кубрякова, В.И. Карасик, В.А. Маслова сияқты когнитивистер қалыптастырған әртүрлі деңгейдегі мектептер жұмыс істеуде. Ал қазақ тіл білімінде когнитивті лингвистиканың терең мәселелері Ж.А. Манкеева, Н. Уәли, А. Ислам, Э.Н. Оразалиева, Г.Е. Утебалиева, А.Б. Әмірбекова т.б. ғалымдардың еңбектерінде кеңінен қарастырылуда.

Танымдық әрекеттің жүзеге асуы негізінде тек ана тілі арқылы ғана қалыптасатын тілдің қарапайым, іріленген концептілік жүйесінде бала санасында дамитын сөздер, сөз тіркестері, тұрақты тіркестер жатады. Бұл концептілік жүйе ғаламның тілдік бейнесінің қарапайым формасының көрсеткіші болғандықтан, өзі де күрделі мазмұнда болмайды. Бұл қарапайым мазмұн, жеңіл танымдық әрекетте ғана танылады, сондықтан баланың танымдық әрекетінің нәтижесі болады. Атап айтқанда, ғаламның тілдік бейнесі баланың тілінде қалыптасады. Бала ғаламды тіл арқылы таниды, сонда баланың тілінде ғаламның қарапайымдалған түрі көрінеді. Когнитивті лингвистиканың басты бірліктері, яғни категориялары когнитивті лингвистиканың негіздерін құраса, олардың бәрі осы танымдық әрекеттің жемісі деп білген жөн. Әрине, танымдық әрекет те индивид жеке тұлғаға айналған сайын күрделене береді де, оны тілдік тұлғаға ұластыруға өз әсерін тигізеді. Тілдік таным, яғни когниция терминінің мәніне жақын келетін осы қызмет адамды жеке тілдік тұлғаға көтеретін басты тетіктердің бірі болады.

Н.Ф. Алифференко: «Когниция – бұл танымның өзгеше сипаты, ол адамды қоршаған шынайы болмыс туралы жан-жақты мәлімет беретін, сезім, эмоция, жады, қиял, ойлау, ақыл-парасат сияқты әрекеттермен бірлікте дамитын құбылыс ретінде айқындалады», – дейді [3, 196 б.]. Когнитологтар логикалық танымға қарағанда, когниция әлемді танудың алуан түрлі амал-тәсілдерін, олардың заңды сабақтастығын басшылыққа алады деген тоқтамға келеді. Соның ішінде нақты және абстрактылы, теориялық және тәжірибелік, объективті немесе субъективті шындыққа бағытталған



анық не бұлыңғыр қабылдау нәтижелері ерекше аталады, өйткені «когниция» деген термин пайда болғанға дейін олардың кейбіреулері осы ұғыммен мағыналас қолданылып келді. Айталық, абстрактылы, теориялық және т.б. [53, 17-33 бб.].

Ал В.А. Маслова когниция туралы: «Бүгінгі күні когниция ұғымы адамзаттың рухани болмысын сипаттайтын білім, сана, ақыл-ой, ойлау, шығармашылық, жоспарлау, логикалық қорытынды жасау, сәйкестендіру, армандау, қиялдау әрекеттерінен ғана емес, сонымен қатар, қабылдау, еске түсіру, көңіл бөлу, тану үдерістерінен де құралады», – деп жазады [4, 32 б.]. Сонымен қатар, В.А. Маслова өз зерттеуінде когнитивті лингвистиканың ұғымдық бірліктері, яғни терминологиялық базасы қатарында: *сана, білім, концептуалдық жүйе, категория, когниция, галамның тілдік көрінісі немесе бейнесі, ментальді көзқарастар, когнитивті модель, концепт, әлем бейнесі, концепттік ая, ұлттық мәдени кеңістік* т.б. терминдерін қарастырады [1, 29-35 бб.]. Енді солардың мәніне тоқталайық:

**Сана** – көптеген ғылымдардың еншісінде қарастырылатын категория, сондықтан әр ғылымның өзіндік мақсатты тұрғысынан анықталады. Когнитивті тіл білімінің өкілі В.А. Маслова бұл танымдық бірліктің шеңберінде: «Адамның құндылықтарды, заттар мен құбылыстардың универсалды байланысын тану мүмкіндіктерін әрі сол сабақтастық негізінде әрекет ету өзгешеліктерін» қарастырады, «бұл сананың тууы және оның мақсатты бағытта берілген организмнің қоршаған ортамен өзара қарым-қатынаста жүзеге асу механизмі», – деп таниды [1, 30 б.].

Ал Е.В. Петрушкова сана пәлсапалық және психологиялық бірлік деп есептейді: «Психологиядағы сана ұғымының болмысы субъектінің өзін басқалардан бөліп көрсетуінің, өзін сырттан бақылай алуының құралы болып табылады» [54, 950 б.]. Ендеше, сананың қызметі адамның өзін-өзі тануымен, өзін-өзі айқындауымен де ұштасатындықтан, когнитивті психология өкілі Р. Солсо оны әртүрлі жағдайлар мен қоршаған әлемді жылжытушы күштер негізі, жады, ойлау, сезу сияқты танымдық құбылыстардың кілті деп бағалау қажеттігін ескертеді. Шетелде алғаш когнитивті семантика негізін салушы Б. Уорф: «Танымдық үдерістер толығымен ана тілі ретінде қолданылатын тілге қатысты болады, соның ықпалымен дамиды», – дейді [9, 265 б.].

**Білім** – «бұрыннан орныққан тәжірибе мен қалыптасқан

түсінік негізінде субъективті-объективті қатынастарды реттейтін, сөйтіп, тұжырымдар мен қорытындыларды негіздеуге көмектесетін, бір мақсатқа бағытталған әрекет. Білім – «әлем бейнесін» қалыптастырушы вербалды, бейвербалды тәжірибені өңдеуден туған өнім, динамикалы функционалды құрылым» [1, 30 б.]. Білім ғылыми және күнделікті болып бөлінетіні белгілі, ал когнитивті педагогиканың зерттеу нысанына білімнің екі түрі де енеді. Бастауышқа келген балалардың санасындағы күнделікті білімнің оқыту барысында дамуы ғылыми білімнің алғашқы негіздерінің қалыптасуынан басталады. Осы себептерге орай, жалпы білімнің саралануы бастауыш кезеңінде жүре бастайды да, индивидтің тәжірибесіне қатысты болады.

Бірқатар тілшілер соңғы кезде концептінің құрамдас бөліктері болып жүрген сызба, картина, фрейм, сценарий, скрипт, гештальт сияқты бірліктерді білімді көрсетудің типтері деп есептейді. Мәселен, В.А. Маслова бұл бірліктерді жалпы білімнің әр алуан типтері деп санайды [1, 35 б.].

Ал З.Д. Попова, И.А. Стернин, Г.Г. Слышкин, Е.В. Рахилина өз зерттеулерінде бұларды концептінің құрамдас бөлшектері екенін дәлелдейді.

**Ұлттық мәдени кеңістік.** Тілдің когнитивтік ерекшелігін оқытуда аудиторияның өмір сүріп жатқан өзіндік ортасы да бұл үрдіске өз ықпалын тигізетіні сөзсіз, сол себепті когнитивистер бұл ұғымды ұлттық мәдени кеңістік деп атайды. «Ұлттық мәдени кеңістік – бұл ұғымның аясы мен негізгі айырым белгілері өзге мәдени құбылыстармен бетпе-бет келгенде ғана айқындалатындықтан, оның мағыналық ерекшелігін информациялар мен эмоциялар тізбегі, адам өмір сүретін және қызмет ететін виртуалды әрі шынайы шарттар құрайды» [1, 32 б.].

**Категория** – адам ойының танымдық түрі. Э.Н. Оразалиева бұл туралы: «Ол – адам тәжірибесін жалпылауға, жіктеуге мүмкіндік беретін ерекше ұғым. Бүгінгі күні танымдық категория негізгі ерекшеліктеріне қоса, жаңа мүмкіндіктермен қамтамасыз етіліп, адамның когнитивті әрекетімен, яғни әр түрлі заттарды белгілі бір қасиеттеріне орай жіктеу, топтау негіздерімен, материя мен оның қимыл-әрекеттерін сипаттар көп қырлы формаларды объективті түрде кластарға, топтарға біріктіру мүмкіндіктерімен сабақтаса дамып келеді», – деп ойын сабақтайды [9, 270 б.].

Бастауыштағы бала танымының өзіндік әрекетін көрсететін

ұғым болғандықтан, зат есімді танымдық тұрғыдан оқыту бұл мәселеге де байланысты болады. Деректі, дерексіз, жанды, жансыз зат есімдердің түпкі негізінде осы категоризациялау үдерісі жатыр.

**Концептосфера.** Бұл терминді алғаш қолданған академик Д.С. Лихачев болатын. Когнитивті тіл білімінде бұл терминмен қатар, концептілік жүйе термині де қолданылады. З.Д. Попова, И.А. Стернин: «Концептосфера – бұл халықтың концептілерінің жиынтығы, ойлаудың ақпараттық базасы», – деп анықтайды [13, 36 б.]. Ал Р.И. Павиленистің тұжырымынша: «Концептілік жүйе – индивидтің ақиқат, бейақиқат дүние туралы (ой, пікір, білім) ақпараттарының өзара үздіксіз ұласқан конструктілік жүйесі», – деп танылады [55, 280 б.].

Ғаламның когнитивті бейнесі және әртүрлі түрлері концептосфера бойынша ұғынылады, жалпы, тілдік ұғым туралы санадағы ақпараттар концептілік жүйеде дұрысталады. Концептілік жүйенің қызметі – ұлттық нақыштағы күрделі ұғымдарды бір мазмұнға реттеп топтастыра отырып, жүйелеу. Жалпы, бұл мәселені қазақ тіл білімінде қарастыру енді ғана қолға алынғандықтан, концептілік жүйе, оны құраушы бөліктер мәселесі әлі де зерттелу үстінде екенін айта кету керек.

**Когнитивті модель (үлгі).** А.Б. Әмірбекова концептілік жүйе мен когнитивті модельдің тығыз байланысынан концептінің құрамдас бөліктері туындайды деп санайды. «Біздің пікірімізше, дүниенің концептілік бейнесін көрсететін негізі тірек – концептілік жүйе. Концептілік жүйе ішкі және сыртқы құрылымдардан тұрады. Ішкі құрылымы концептіні танытуға бағытталған құрылымдар: фрейм, сценарий, ойсурет, сызба; ал сыртқы құрылымы: сөз, фразеологизм, метафора, сөйлем, тіркес, метонимия т.б..

Концептілік жүйе қалыптастыруда санадағы ішкі құрылымдар белгілі бір когнитивті модельге салынып жинақталады. Когнитивті модель автор танымындағы символ, бейне, прототип, этикет, эталон, ассоциативтік, стереотиптік бірліктер мен инсайт таңбалар арқылы қалыптасады» [56, 28 б.].

Ал Г. Гиздатов: «Жалпы алғанда, когнитивті моделдер адам дүниеге келгенде бірге келмейді, ол адамның жеке тәжірибесі мен адамзат дамуының ұзақ жылдардағы нәтижесі», – деп, оның түрлерін эксперименттер арқылы зерттейді [57, 15 б.]. Өзге тілді

оқыту мәселесін қарастырған Г.Е. Утебалиева модельдің коммуникативті-когнитивті моделі түрін көрсетіп, оны: «өзге тілді меңгеру механизмі сипаттау модельдің барлық компоненттерінің жиынтығы ретінде», – деп ұғынады [58, 126 б.].

Сонымен, когнитивті модель дегеніміз – концепттің құрамдас бөліктерін көрсетуші әртүрлі ассоциативтік, символдық белгілер арқылы танылатын үлгі, құрылым.

### **Бақылау сұрақтары мен тапсырмалар**

1. Ғалымдар когнитивті лингвистиканың ұғымдық бірліктері қатарында нелерді жатқызады?

2. Концептосфера терминді алғаш қолданған академик кім?

3. Қазақ тіл білімінде алғашқылардың бірі болып когниция мәселесін, когнитивті тіл білімін өз монографиясына арқау еткен ғалымдардың бірі?

4. Қазақ тіл біліміндегі когнитивті бағыт қашан қалыптасып, дамыды?

**1-тапсырма.** Ғ. Бегалиевтің «Бастауыш мектепте қазақ тілі методикасының мәселелері» атты еңбегінде қазақ тілін оқытудың әдістеріне сипаттама беріңіз.

**2-тапсырма.** Когнитивті лингвистиканың ұғымдық бірліктеріне берілген анықтамаларды жазыңыз.

**3-тапсырма.** А.Б. Әмірбекованың концептілік жүйе мен когнитивті модельдің тығыз байланысы туралы айтқан тұжырымына талдау жасаңыз.

**4-тапсырма.** Когнитивті модель терминіне түсінік беріңіз.

**5-тапсырма.** Ұлттық мәдени кеңістік терминін мысал келтіріп түсіндіріңіз.

### **Студенттердің оқытушымен бірлескен өздік жұмыстары**

1. Когнитивті лингвистика және когнитивті психология ғылымдарының өзара байланысын анықтап, бастауышта зат есімді оқытудағы қатысын анықтап, дәлелдеңіз.

2. Бастауышта зат есімді когнитивті оқытудың басты парадигмасын шартты түрде кезеңдерге жүйеленуін кестеге жазып, толықтырыңыз.

## КОНЦЕПТ – КОГНИТИВТІ ЛИНГВИСТИКАНЫҢ БАСТЫ БІРЛІГІ

**Концепт** – когнитивті лингвистиканың басты бірлігі. Оның әр зерттеу тұрғысына және әр мектептерге қатысты көптеген түрлері бар. «Концепт» термині «ұғым, мағына» терминдерімен бірдей мағынада қолданылады. Ғалымдар бұл терминдердің ара жігін былайша ашып көрсетеді. Мәселен, бұл терминді кеңес тіл білімінде 1928 жылы ең алғаш қолданған С.А. Аскольдов-Алексеев: «Концепт – лексикалық мағынаға қарағанда ауқымы кең дүние», – деп таниды [59, 267 б.]. В.А. Маслова «Концепт» пен «ұғым» терминдері ішкі формасына қарай бірдей: концепт латынның «conceptus – ұғым» сөзінің калькалық аудармасы» – деп түсінеді [1, 49 б.]. Бірақ бұл ұғымдардың мағынасы бірдей емес. Егер ұғым танылатын объектінің мәнді, мазмұнды қасиеттерінің жиынтығы болса, ал концепт – ұлттық болмысқа негізделген ментальді білім жиынтығы. Когнитивті тіл білімін қарастырған А. Ислам концептіні: «Концепт дегеніміз – этномәдени санада сақталатын, белгілі бір ұлттың ұрпақтан ұрпаққа берілетін ықшам, әрі терең мағыналы шындық болмыс, ұлттық мәдени құндылықтары жөніндегі сан ғасырлық түсінігін білдіретін құрылым. Концептінің басты қызметі – дүниенің тілдік суретінің басты элементтерін атау», – деп анықтайды [60, 56 б.].

Тіл білімінде концептіні таныту мақсатында кез келген тілдік бірлік, лексикалық мағынасы бар сөздер қолданылады. Ал концепт ретінде барлық ұғымды ала алмаймыз, тек белгілі бір мәдениетті тануда қолданылатын және автор үшін маңызы зор деп танылатын күрделі ұғымдарды, ең бастысы, жалпыадамзаттық, жалпыхалықтық, жалпыұлттық құндылықты таныта алатын ұғымдарды тани аламыз. Мысалы, А.Б. Әмірбекова былай дейді: «Қазақ халқы үшін *киіз үй, шаңырақ, қамшы, жазық дала, көш, бөрік, бесік, домбыра, тұмар* т.б. сөздер лингвомәдени бірлік ретінде ұлттық-мәдени концепт деп таныла алады» [56, 15 б.]. Бірқатар ғалымдар концепт пен ұғымның тағы бір өзгешелігі: ұғым өз бойына мәнді, маңызды белгілерді жинайды, ал концепт – бұнымен қоса, мәнді емес қасиеттерін де қамтиды деп жазады. Ұғым құрылымына қарағанда концепт құрылымының шеңбері едәуір кең. Ұғым құрылымында тек мазмұндық элементтер болады, оған концептілік құрылымдағы барлық компонент ене бермейді. Сонымен, «концепт пен ұғым – екі

түрлі термин. Ұғым – логика мен философия термині, ал концепт – математикалық логика, мәдениеттану, когнитивті тіл білімі термині. Концепт пен мағына да біржақты ұғымдар емес. Концепт дүние туралы тұрақты мәліметтер жинайды, ал сөз өз мағынасымен концептінің бір элементін ғана танытады. Дегенмен, концептіні анықтауда оны танытып тұрған мағыналар мен сөзге, сөйлемдерге, дискурсқа сүйенеміз» [1, 40 б.]. А.А. Залевская және көптеген зерттеушілер концепт, ұғым, және мағына әртүрлі ұғымдар дей келе, бір-бірін араластырып жібереді, яғни концептіні мағыналардың дефинициясы арқылы түсіндіретінін, концептіні анықтаудың қиын мәселе екенін жазады. Ол америкаан нейрологы Атонио Дамазионың 1989 жылғы еңбегіне сүйеніп, концептіні адам санасындағы когнитивті құрылым ретінде, жан, тән және сезімнің белсенділігінен концептілердің туындайтынын, ең бастысы, ғаламның тілдік бейнесінен туған тілдік конструкт деп көрсетеді [62, 43 б.].

Тіл білімінде концепт терминін анықтайтын үш бағыт қалыптасты. Бұл туралы В.А. Маслова: «Қазіргі лингвистикалық әдебиеттерде концептіні түсіну үшін жалпы ережеге негізделген үш негізгі бағытты белгілеуге болады: концепт дегеніміз – ұғым мазмұны, мағына синонимі. Бірінші бағыт (оның өкілі – Ю.С.Степанов) концептіні қарастыруда мәдениеттану аспектісіне көп көңіл бөледі, мұндағы барлық мәдени концептілер жиынтығы олардың арасындағы байланыстар ретінде ұғынылады. Сонымен, концепт дегеніміз – бұл адамның ментальдік дүниесіндегі мәдениеттің негізгі ұясы», – деп жазады [1, 42-43 бб.].

Концептіні тану үшін екінші мазмұн бағыты (Н.Д. Арутюнова, Т.В. Булыгина, А.Д. Шмелев т.б.) тілдік таңба семантикасының мазмұнын қалыптастырудың бірден-бір құралы деп танытады. Н.Ф. Алефиренко да осындай пікірге тоқталады, ол концептіні когнитивті семантиканың бірлігі ретінде түсіне отырып, концептіге семантикалық әдісті жорамалдайды.

Ал үшінші бағыттың жақтастары болып табылатын Д.С. Лихачев, Е.С. Кубрякова т.б. былай деп пайымдайды: «Концепт сөз мағынасынан тікелей пайда болмайды, сөз мағынасы адамның және жеке халықтың іс-тәжірибесімен тоғысуы нәтижесінде пайда болады, демек, концепт – ақиқат дүние мен сол дүниені таңбалайтын сөз аралығындағы көмекші делдал білімдер жиынтығы» [1, 43 б.]. З.Д. Попова, И.А. Стернин көптеген анықтамаларды сипаттай келе, концептіні былай анықтайды:

«Концепт как дискретное ментальное образование, являющееся, базовой единицей мыслительного кода человека, обладающее относительно упорядоченной внутренней структурой, представляющее собой результат познавательной (когнитивной) деятельности личности и общества и несущее комплексную, энциклопедическую информацию об отражаемом предмете или явлении, об интерпретации данной информации общественным сознанием и отношении общественного сознания к данному явлению или предмету» [13, 34 б.]. «Концепт» ұғымының әр қырынан қарастырылуын А.Б. Әмірбекова былай топтайды:

«1) Лингвомәдениеттанымдық аспектіде, концепт – ақиқат дүниенің санадағы мәдени, рухани, этикалық, әлеуметтік танымын айқындайтын бірлік ретінде танылады (Н.Д. Арутюнова, А.М.Мороховский, Д.С. Лихачев т.б.).

2) Психолингвистикалық аспектіде концепт – ақиқат дүние туралы психикалық қабілеттер (қабылдау, жадыда сақтау, көру, есту, ұғыну, сезу) арқылы қабылданған алғашқы ментальді түсініктер ретінде танылады (Р.И. Павленис, Дж. Келли, Дж.Каган).

3) Лингвокогнитивтік аспектіде, концепт – ақиқат дүниенің санада жан-жақты жинақталып тұжырымдалған ақпараттары мен когнитивтік семантикасы арқылы танылған көрінісі (бейнесі). Әрбір концепт тіл арқылы көрініс табады, концептіні танытуда тілдік семалар қызмет атқарады (Е.Н. Кубрякова, А. Вежбицкая). Дүниені танытатын әрбір сема санада фрейм, сценарий, ойсурет, сызба секілді фонға салынған ситуациялар мен бейнелер арқылы таңбаланады». Бұған қоса, ол концепт ұғымына берілген тұжырымдарды зерттеу нәтижесінде концептіні танытатын мынадай критерийлердің бар екендігін көрсетеді:

- «– концепт дүниенің құндылықтарын танытады;
- концепт санадағы дүниенің мәнін бейнелейді;
- тіл арқылы объективтенеді;
- субъектінің білімдік деңгейін танытады;
- белгілі бір ұлттың мәдени деңгейі мен менталитетін көрсетеді;
- әрбір ұлттың танымдық белгілерінің мазмұнын ажыратады;
- тұлғаның өзіндік танымдық стилін айқындайды;
- концепт – адам тәжірибесіндегі идеалды түсініктің ең кішкене бірлігі;

– концепт – білімді тарату, сақтау және өңдеудің негізі бірлігі;

– концепт – белгілі бір мәдени болмыстың негізгі ұясы» [56, 20 б.].

Жалпы тілді оқыту тұрғысынан келгенде, концепт ұғымын адамның әлем туралы өз бойына жинақтаған мәдени түсініктерін бейнелейтін ғаламның тілдік бейнесі ретінде түсінеміз. Айта кететін бір жайт, қазақ тіл білімінде концепті ұғымын тұжырым деп алуға болатындығы туралы пікірлер айтылды, алайда бұл ұғым концепті мәнін толық бере алмайды деп ойлаймыз. Біздіңше, концепті терминін сол күйінде алған дұрыс болар, оның үстіне, бұл термин халықаралық термин ретінде тарап кетті.

Концепт – адам санасыныңойлау көрсеткіштері мен психикалық ерекшелігін, білім мен тәжірибенің бейнелі суретін құрайтын, терең мазмұнды құрылымдарды түсіндіруге мүмкіндік беретін негізгі ұғымдардың бірі. А. Ислам уақыт концептісі туралы: «Қазақ философиясында уақыт өте жылдам ағып жатқан құбылыс ретінде қабылданады», – деп жазады [60, 60 б.]. Біздің ұғымымызда, концепт – ғаламның когнитивті бейнесінің адам санасында танылатын ұлттық менталдыққа ие мазмұнды құрылымдық бөлігі, менталды бірлік. Концепті когнитивті тіл білімі бірлігі болғандықтан, оған таза тілдік бірліктер еніп, оның атауыштық (номинативті) өрісін құрайды. Бастауыштағы когнитивті әдістеме негізіне концептінің атауыштық өрісі ену себебі, тілдік бірліктердің жүйе болып келуі, сондықтан зат есімдерді оқытуда концептілік құрылымдардан тыс бұларға да арнайы әдіс-тәсілдер құруға тура келеді.

З.Д. Попова, И.А. Стернин концептінің атауыштық өрісін құрайтын тілдік құралдарға мыналарды жатқызады: «а) концептіні атайтын кілт-сөз; б) осыдан туындайтын туынды, ауыспалы атаулар, в) газет – журнал; г) синонимдер; д) тұрақты сөз тіркестері; е) мақал-мәтелдер; ж) метафоралық атаулар; и) теңеулер; к) ассоциативті өріс (сөз-стимулдан туатын құрылымдық үлгілер); л) тақырыптық мәтіндер (концептінің мазмұнын сипаттайтын ғылыми мәтін); м) концептінің мазмұнын ашатын публицистикалық және көркем мәтіндер» [13, 70 б.]. Сонымен қатар, біз бұған антонимдер, деректі, дерексіз, жалпы, жалқы зат есімдер, адамзат және ғаламзат есімдерін қоса отырып, бір концептінің құрамындағы зат есімдердің семантикалық өрісін толық негіздеу әдістемесін құруға болады деп топшылаймыз. Бұл



топқа күрделі зат есімдерді қосқан жөн, себебі онда ұғым мен күрделі атаулардың қосылуы жүзеге асады, тек оларды бастауыштың соңғы сатыларында тапсырмаларға енгізуге болады.

Б. Қасым бұл туралы: «Ұғымға ат беруде заттың күрделі атаулары сыңарларының бастапқы лексикалық мағынасы сақталатынын, яғни тура немесе номинативті мағыналары, олардың қосындысынан түзілетінін көреміз. Осымен байланысты кез келген күрделі аталымның жасалуында сыңарлардың мағына сыйымдылығы мен сәйкестілігі ескерілуі тиіс», – деп жазады [62, 15 б.]. Ол үшін бұл бірліктердің бәрі қамтылған арнайы тапсырмалар мен жаттығулар жүйесін құру қажет екені белгілі. Концептінің атауыштық өрісінен басқа семантикалық өрісі бар және ол сөз мағынаның өрісі іспетті семантикалық белгілерге құрылады. Олар концептінің құрылымдық үлгілері деп аталады, мәселен, А.Б. Әмірбекова М. Мақатаев шығармашылығындағы табиғат концептілеріндегі мынадай құрылымдық үлгілерді көрсетеді: *Күз – шаруа; Күз – береке; Күз – сары дала; Күз – салқындық; Көктем – тіршілік; Көктем – қуаныш; Көктем – жылылық; Көктем – гүл*; [56, 97 б.].

Концептіні тану З.Д. Попова, И.А. Стерниннің көрсетуінше мыналар: «1) Концептінің атауыштық өрісін құру; 2) Концептінің атауыштық өрісіне енетін тілдік құралдардың мағынасын талдау; 3) Концептіні менталды бірлік ретінде қалыптастыратын когнитивті белгілерді анықтау; 4) Тіл тасушыларға тәжірибелер жүргізу арқылы когнитивті сипаттауды тексеру; 5) Когнитивті белгілер арқылы концепті мазмұнын сипаттау» [13, 160 б.].

Бастауыштағы балалардың тілдік санасындағы «ғаламның когнитивті бейнесін» құраушы концептілердің мазмұнындағы зат есімдерді талдауда біз де осы тұжырымдарды әдістанымдық негіз ретінде басшылыққа аламыз.

### **Бақылау сұрақтары мен тапсырмалар**

1. Концепт туралы ғалымдардың пікірлері қандай?
2. Концептінің құрылымдық үлгілері дегенді қалай түсінесіз?
3. Концепт терминіне қандай анықтамалар беріледі?
4. Концепт терминіне тағы қандай анықтама беруге болады?

**1-тапсырма.** Ғалымдардың «Концепт» ұғымын әр қырынан қарастырған еңбектері бойынша дәйексөздер келтіріп,

тұжырымдар жасаңыз.

**2-тапсырма.** Концепт терминіне берілген анықтамаларды жинақтап, талдау жасаңыз.

**3-тапсырма.** З.Д. Попова мен И.А. Стерниннің концептіні танудағы көрсеткіштерін анықтаңыз.

**4-тапсырма.** З.Д. Попова, И.А. Стернин концептінің атауыштық өрісін құрайтын тілдік құралдарына талдау жасаңыз.

**5-тапсырма.** А.Б. Әмірбекова М. Мақатаев шығармашылығындағы табиғат концептілеріндегі мынадай құрылымдық үлгілерді көрсетеді: *Күз – шаруа; Күз – береке; Күз – сары дала; Күз – салқындық; Көктем – тіршілік; Көктем – қуаныш; Көктем – жылылық; Көктем – гүл;*[56, 97 б.].

Осы үлгіге сай өз мысалыңызды келтіріңіз.

## Студенттердің оқытушымен бірлескен өздік жұмыстары

1. Концептіні психолингвистикалық аспектіде, лингвомәдениеттанымдық аспектіде, лингвокогнитивтік аспектіде талдау, өзара ерекшеліктерін анықтау.

2. Когнитивті белгілер арқылы концепті мазмұнын мысалдар арқылы сипаттау.

## ДҮНИЕ СУРЕТІ

Дүние суреті (картина мира) когнитивті лингвистикадағы ең басты бірлік болып табылады, кейде «ғалам бейнесі» терминінің орнына «дүниенің суреті», «ғалам образы», «ғалам моделі» немесе «ғалам туралы білімдер жүйесі» ұғымдары қолданылады. «Дүниенің суреті» когнитивті тіл біліміндегі басты категория болғандықтан, әртүрлі мектептер көзқарастары бойынша әртүрлі бағытта анықталады. Жалпы семантика өкілдері бала санасында ғаламның қарапайым бейнесі қалыптасатынын, оның негізінде ғаламның күрделі бейнесі дамитынын дәлелдейді. Ресей семантикасының көрнекті тілшілері З.Д. Попова, И.А. Стернин алдымен ғаламның тікелей бейнесі және тікелей емес бейнесін көрсетіп, одан ғаламның когнитивті бейнесі, одан ғаламның тілдік бейнесі туындайды деп көрсетеді. Олардың жазуынша, ғаламның когнитивті бейнесі негізінде адам санасында ғаламның тілдік бейнесі жасалады. Олар: «ғаламның когнитивті бейнесі» – адамның немесе халықтың когнитивті санасында құрылған сезу

мүшелері арқылы шындық болмыстың бейнеленуінің нәтижесі болатын шындық болмыстың менталды бейнесі. Ғаламның когнитивті бейнесі – бұл мәдениетпен берілген сананың концептосферасы мен стереотиптерінің жиынтығы», – деп анықтайды [13, 52 б.]. Сонымен қатар, олар мүлде қарастырылмаған «ғаламның тілдік бейнесі» ұғымынан туындайтын «ғаламның көркем бейнесі» мәселесін қозғайды, оның «ғаламның тілдік бейнесінен» басты ерекшелігі – суретшілер мен ақын-жазушылардың санасында қалыптасатыны және индивидтің өзіндік амал-тәсіл, құралдармен бейнелеуіне мүмкін болатындығы [13, 56 б.]. Бастауышта балаларға зат есімдерді оқытуда олардың тілдік санасындағы «ғаламның тілдік бейнесі» және «ғаламның көркем бейнесін» әдістемелік тәсілдер арқылы анықтауға болады деп ойлаймыз.

Жалпы алғанда, адам әлемді өз ана тілі арқылы таниды да, сол негізде ұлттық мінезді бойына қабылдай бастайды. Бұның негізінде «ғаламның ұлттық бейнесі» жатса керек, сондықтан «ғаламның тілдік бейнесі» бала санасында қалыптасқанда «ғаламның ұлттық бейнесі» бірге қабысып қалыптасады. «Ғаламның тілдік бейнесінің» негізін зат есімдер құрағандықтан, бастауыштағы бала санасында алдымен тілдегі зат есімдер жүйесі енген концептосфера беки бастайды да, ол менталдылық деп айтылып жүрген ұлттық сипатқа ұласады. Қай тілде «ғаламның қарапайым бейнесі» бала санасында орын тепсе, сол тіл иесі болатын ұлттың мінезі бала психикасында негізделе бастайды, ол дамып «ғаламның когнитивті бейнесіне» айналып, соңында «ғаламның тілдік бейнесі» болып тұрақталады. Кезінде Э. Сепир, Б. Уорф ұсынған болжамда адамдар әлемді өздерінің ана тілінің призмасы арқылы қабылдап, көретіні айтылған еді. В.А. Маслова: «Ғалам бейнесі кеңістік, уақыт, сан, этикалық және тағы басқа параметрлер арқылы көрінеді. Оның қалыптасуына тіл, дәстүр, табиғат және ландшафт, тәрбие, оқу және тағы басқа әлеуметтік факторлар өз әсерін тигізеді. «Ғаламның тілдік бейнесі» ғаламның ұлттық бейнесін бейнелейді және әртүрлі тілдік деңгейлердегі тілдік құралдарда көрінуі мүмкін», – деп жазады [1, 65 б.].

Дүниенің ғылыми суретін педагогикалық тұрғыдан қарастырған Ә.М. Мұханбетжанова антропоцентристік бағыт идея дей келе, былай дейді: «Қазіргі қоғамда адам мен табиғаттың қатынасы, оны тану барлық негізгі идеяларға әсер етуде:

антропоцентризм, натуроцентризм, гуманизм, адам, қоғам және табиғат бірлігі. Дүниенің қазіргі бейнесі дүниенің ғылым алдылық және механикалық бейнесінің мәніне қалыптасқан, жаратылыстану және гуманитарлық білімдердің үзілмейтін бірлігін береді» [45, 13 б.]. Ақпарат пен сезінудің бәрі сөзбен таңбаланбағандықтан және сана деңгейі әртүрлі деңгейде болғандықтан балада түйсіну көп болады да, ғаламның тілдік бейнесі күрделі деңгейде келеді. Біздің еңбегімізге арқау болатын «ғаламның тілдік бейнесі» қарапайым түрден ұласқан деңгейде келеді, сондықтан бұл – терең зерделеуді қажет ететін күрделі мәселе. «Ғаламның тілдік бейнесі» мәселесі көп астарлы, оның үстіне, когнитологияға енетін көптеген ғылымдар бар екені белгілі, осындай объективті себептерге орай, әр ғылымның өзіндік мақсатына сәйкес бұл ұғымның анықтамалары да көптеп саналады. Дүниенің суретін оқыту мәселесінің тиімділігі дүние суретінің типтері мен оқушылардың деңгейіне байланысты. Бұл мәселеге алғаш қалам тартқан Ә.М. Мұханбетжанова «Бастауыш білімнің интеграциясы арқылы оқушыларда дүниенің ғылыми бейнесін қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздері» атты зерттеуінде былай дейді: «Философияда қарастырылғандай, дүние бейнесі негізгі үш қыры арқылы: онтологиялық (дүние «өзінен өзі бар»); гносеологиялық (дүниені қалай тануға болады) және антропологиялық (дүниедегі адамның мәні, міндеті қандай) анықталады. Бізді қоршап тұрған Дүние (Әлем), Табиғат бір-бірімен күрделі, әрсалалы байланыста болатын және мегажүйе құрайтын объектілер мен құбылыстардың жиынтығынан тұратындығы белгілі» [45, 13 б.].

Қазақ когнитивті тіл білімінде «дүниенің тілдік суреті» мәселесіне өз зерттеуін арнаған А. Ислам бұл категорияның таза ұлттық танымның негізінде жасалатынын көрсеткен еді. Ол «ғалам бейнесі» туралы: «Дүниенің тілдік суреті» дегенімізді тілде көрініс тапқан, жалпы ұлт өкілдеріне және ұлттық әлеуметтік мәдени өкілдеріне ортақ ұжымдық ұлттық мәдени тәжірибе негізінде жиналған білім жүйесі деп түсінеміз», – деп жазады [59, 29 б.].

Тілдік тұлғаның сөйлеу, ойлау қызметінің базасы ретінде ғаламның жеке және субъектілік бейнесін қарастырған өзіндік нәтижелерін беретіні сөзсіз. Е.А. Керімбаев: «Ғалам бейнесі дегеніміз – адамның дүние танымындағы субъектілік және

объектілік бастауларының синтетикалық бірлігі, рухани жеке әрі мәдени тарихи субстанцияның синтезі екендігін еске алу қажет», – деп көрсетеді [63, 48 б.]. Ә.М. Мұханбетжанова дүниенің суретінің негізі білімде жатыр деп есептейді: «Біздің дүние туралы біліміміз әртүрлі заттар мен құбылыстар жөніндегі әр саладағы мәліметтердің кездейсоқ жиынтығы емес, қоршаған шындықтың белгілі бір дәрежеде өмір сүретін жүйесін көрсететін ұғымдар, ұстанымдар, заңдардың тәртіптелген жүйесі. Ғылыми білімдердің мұндай жүйесі – дүниенің діни және философиялық бейнесінен өзгеше оның ғылыми бейнесін жасайды» [45, 16 б.].

Ж.М. Абдрахманова «дүниені» концепті деп есептейді: «Егер дүниені жүйелеп қарар болсақ: дүние – әлем, ғарыш; дүние – табиғат және оның құбылыстары (тірі табиғат, өлі табиғат); дүние – қоғамдық орта, дүние – адамдар әлемі, дүние – идеалдық құбылыстар (мораль, эстетика, дін т.б.) Жалпы, «дүние» ұғымы қазақ мәдениетінің тұрақты концептісі болып табылады» [64, 11 б.]. Дүние суретін дүниетаныммен шатастыруға болмайды, дүниетаным философиялық ұғым болса, дүниенің тілдік суреті – лингвистикалық ұғым. Екі ұғымның да тамыры бір, бірі көлемді болса, бірінің көлемі тілдік аяда шектеулі. І. Ерғали: «Дүниетаным дегеніміз – адамның дүниеге (әлемге) деген рухани қатынастарының негізі болатын және солардың бәрін жалпылама түрде қамтитын, адам мен әлемнің сан алуан ара қатынасын білдіретін ұғым» [65, 181 б.].

Сонымен, қорытындылай келгенде, осы когнитивті категориялар зат есімді когнитивті оқытудың негіздері болады. Когнитивті оқытудың моделін осы когнитивтік ірі және кіші категорияларына байланысты құрамыз. Жеткіншектерге жалпы зат есімді, әсіресе, дерексіз зат есімді ұғындыруда ірі концептілік кешендерді ұсынса, олардың танымдық деңгейлері айқын аңғарылады. Мәселен, дерексіз зат есімдерді оқытуда кесек-кесек концептілерді ұсыну, толып жатқан зат есімдер жүйесінің ерекшелігін меңгерткеннен гөрі әлдеқайда тиімді. Мұнда сұрақ-жауап әдісін қолданғанда, әсіресе, риторикалық сұраулар қолданғанда балалар ойында белгілі танымдық көкжиек пайда болып, санаға күш түсіп, бала ойлануға мәжбүр болады да, мұнда концептілік, яғни тұтас ойлау үрдісі жүреді. Күрделі ойлау жүйесі бірден ұсақталып, әртүрлі концептілер, яғни ұлттық-мәдени, эмоционалды, контраст, лингвомәдени, калейдоскоптық,

метафизикалық концептілер жүйесі дәрежесінен төмендеп, санада таным үдерісі жүзеге асады. Содан кейін, ұсақталу үрдісі концепт құрылымы бойынша жүретіні байқалады, яғни фрейм, сценарий, скрипт, сызба, гештальт ірі концептілік құрылымдар, мәселен, «Адам», «Табиғат», «Отан», «Достық», «Қыс», «Көктем», «Жаз», «Күз» өз бойына басқа да деректі, дерексіз зат есімдерді жинақтап, біріктіреді.

## КОНЦЕПТІЛІК ҚҰРЫЛЫМ БӨЛШЕКТЕРІ

А.Б. Әмірбекова концептілік құрылым бөлшектерін қазақ ғылыми тілінде негіздейді: «Концептілік құрылымдардың санада бейнеленуі әртүрлі формада көрініс табады. Олар:

- 1) Қарапайым форма (фрейм)
- 2) Күрделі форма (скрипт)
- 3) Оқиғалы форма (сценарий)
- 4) Сызбалы форма (схема)
- 5) Бейнелі форма (ойсурет)» [56, 46 б.].

Адам санасында қалыптасатын бұл формалардың негізгі атқаратын қызметі – концептілік құрылымдарды санада бейнелеу және құрылым элементтерін (ақпараттарды) өңдеу. Енді осы концептілік құрылымдардың мәніне тоқталып өтелік.

**Фрейм** – концептілік жүйенің құрылымдық элементтерін танытатын қарапайым форма. Ол концептінің ең жақын семаларынан (мағына бөлшектерінен, кейде ассоциация) құралады да концептінің құрамдас бөлігі болады. Жалпы лингвистикада фрейм ұғымының негізін қалаған тілші – Ч. Филлмор. Фрейм – санада білім қалыптастырудағы басты операциялардың бірі болып есептеледі. М. Минский адамның көргеннен алған ақпараты мен есінде сақталған ақпаратын модельдеу тәсілін зерттеу арқылы фрейм ұғымын анықтады. Ол фрейм туралы: «...Мәселен, бөлмеге кірген адамның ондағы заттар мен құбылыстардың қандай екенін, қалай орналасқанын, санада сақталған осы ақпараттардың қаншалықтысы ақиқатқа сәйкес келетінін анықтау адам жадындағы модельдерді көрсетеді. Бұл модельдер *фрейм* деп аталады. Бұл құбылыс фильмнің әрбір кадры секілді санадағы дүниелерді визуалды, стереотиптік жағдайда тану әрекетіне келеді. Фрейм – есте сақталған білім мен ақпараттың бір дүние шеңберіне ұйымдасқан, адам тәжірибесіндегі дүние туралы нақты

үзіктерден құралған ақпарат», – деп анықтайды [66, 78 б.]. Мәселен, М. Минский фрейм құрылымының басты екі деңгейін көрсетеді:

1) Жоғары деңгейге оқиға не фактілерді талдауға қатысатын нақты мәліметтер жатқызылады;

2) Төменгі деңгей нақты мәліметтерді толықтыратын қосымша деректерден құралады. М. Минский мұны «*бос тізбектер*» деп атайды. Тілдегі фреймдер – бұл элементтері ұғымдық құрылымның жеке бөлігі (сөз, тіркес, сөйлем) болып табылатын лексикалық қатар. Қарапайым фреймдер бір ғана лексемамен берілуі мүмкін, ал күрделі фреймдер тіркестер немесе сөйлем арқылы танылуы мүмкін [67, 78 б.].

З.А. Харитончиктің зерттеуінде фреймнің лексикалық жүйе ішінде танылатыны сипатталса [68, 98-123 бб.], Г.А. Тюринаның зерттеуінде фрейм когнитивтік ақпараттарды ұйымдастырушы ретінде танылады [69, 108-110 бб.]. Зерттеушілер фреймнің осы екі жақты сипатына қарай оны концепт түзуші бірлік деп таниды. Фрейм – санада концепт түзуші оқиға бірліктерінің бірінен кейін бірінің жүйелі, тәртіпке сай өтетінін қадағалайтын ақпараттар жинағы деп түсінеді. З.Д. Попова, И.А. Стернин фреймді: «зат немесе құбылыс туралы кейбір стандартты білімнің жиынтығы, көлемді түсінік, көп компонентті концепт», – деп анықтап, мысалға, «*дүкен* (компоненттер – сатып алу, сату, тауар, құн, баға және т.б.), *стадион* (құрылысы, сырты, алаң, ойын және т.т.)», – келтіреді [13, 119 б.]. Сондай-ақ, олар сценарий мен скриптті фреймдік құрылым деп түсінеді. Фреймдік құрылымды тануда мынадай қағидаларды ұстануға болады:

– фрейм белгілі бір концепт төңірегінде ұйымдасқан санадағы ақпараттар бірлігі;

– ол ассоциациялық қор арқылы танылады;

– стереотиптік белгілер арқылы жинақталады;

– концепт төңірегінде ең жақын белгілер мен қасиеттер арқылы модельденеді;

– ұғым туралы нақты мәліметтерді танытады;

– когнитивті санадағы белгілі бір ұғым туралы ақпараттарды рет-ретімен жинақтайды. Э.Н. Оразалиева А.С. Гердтің фреймді үш түрлі ұстаным негізінде анықтауын келтіреді:

1) *онтологиялық тұрғыдан* фреймдер ғылыми-практикалық әрекеттерді ұйымдастыру құрылымы деп қаралу керек;

2) *гносеологиялық тұрғыдан* – аталмыш әрекеттердің танымдық бейнесі анықталады;

3) *когнитивтік тұрғыдан* – фреймдер адам санасындағы деректерді жинақтайтын, реттеп отыратын құрылым ретінде анықталады» [9, 272 б.].

**Схеманы** (сызба) когнитивті тіл білімінде екі мәнде түсіну орын алған. Бірінші, концептінің типі ретінде, екінші, концептінің құрамдас бөлігі ретінде қарастырылады. З.Д. Попова, И.А.Стернин оған мынадай анықтама береді: «Схема – жалпыланған кескінді сипаттағы сызбамен берілген концептінің типі» [13, 117 б.]. А.Б. Әмірбекова схеманы ұғымның бейнесін көрсететін тәсіл ретінде ұғынады. Ол былай деп жазады: «Схема–когнитивтік санада сыртқы сигналдар мен ішкі сезімдер көмегі арқылы жинақталған ақпараттарды бір құрылымда таныту тәсілі. Бұл тәсіл – концептіні құрайтын ақпараттардың ұқсас жақтарын ұқсас емес бөліктерден ажыратып, сұрыптау операциясын атқарады. Әрбір схема танылатын ұғымның заттық деталін жасауға ұмтылады. Концептіні көзбен көріп, қолмен ұстауға болатындай формада түсіндіретін таңбаларды құрайды. Схема – бейнелі репрезентацияның ең күрделі түрі деп танылып, когнитивтік операцияның логикалық (ментальді) бірлігі ретінде басқа құрылымдардан ажыратылады» [56, 48 б.]. Біздің ойымызша, схеманың басты ерекшелігі – бәріне белгілі бір қалыптағы бейне не сурет. Сондай-ақ, схема тек деректі зат есімдерге тән, себебі дерексіз зат есімдердің бейнесі белгісіз. З.Д.Попова, И.А. Стернин білім құрылымының схема деген түрінің реалды өмірде бар екендігін көрсететін басты белгісі оның суретін салуға болатындығы дейді [13, 117 б.]. Мәселен, **өзен** схемасы: *ирек сызықтар. Адам – қол, аяқ, бас, дене кескіні. Тамшы* – тұйықталған сызықтар. Бастауыштағы балалардың санасындағы басты когнитивті бірлік осы сызба деп есептейміз, себебі дүниенің тілдік суретінің нақты үзіктері осы сызба түрінде бала санасында сақталады. Бұл бейнебір бір үлкен ұғым не зат туралы танымдық әрекет нәтижесінде кескін, сұлба болып бала санасында қалыптасады. Негізінен, бір концептінің сызбасы «ғаламның көркем бейнесі» дәрежесінде болады да, бөлшегі ретінде танылады. Зат есімді оқытуда әртүрлі тәжірибеге арналған тапсырмалар арқылы балалардың интеллектуалдық даму деңгейінің әртүрлі ерекшеліктерін аңғаруға мүмкіндік туады.



Мәселен, *тау, құс, жел, қайық, балық* т.т. зат есімдердің оқушылардың санасында сақталу ұғымын бәріне белгілі сызбалар арқылы көрсетуге болады. Жалпы, сызба – дүниені тіл арқылы қабылдаған кездегі қоғамға белгілі дүниені тану үдерісінен туындайды.

**Сценарий (скрипт).** Концептің элементтері фрейм болса, әрбір фрейм тармақтары жүйе ретінде болады. Бұл жүйені құрайтын бөлшектер – сценарийлер мен скрипттер. Сценарий белгілі бір фреймнен туындайтын эпизод үзінділерінен құралады. Бірақ ол фреймнен уақыт өлшемін көрсететін деректер арқылы ажыратылады. Сценарийдің басты ерекшелігі концептінің идеясын танытатын сюжеттерден құрылады. Сценарийдің құрылымдық деңгейі мәтінде үлгіден, мағынадан, оқиғадан, мазмұннан тұрады, яғни сөйлемдегі предикаттық қатынас, семантикалық фрейм, тақырыптық фрейм, баяндау фреймі. Семантикалық фреймде кейіпкер, құрал-жабдықтар, іс-әрекет, оқиға, үзінділер болады. Баяндау фреймі мазмұндаудан тұрады.

К.Қ. Садирова: «Сценарий – оқиғаның уақыттық жағынан бірізділік сипатта туындауына мүмкіндік беретін когнитивтік құрылым», – деп жазады [70, 35 б.]. З.Д. Попова, И.А. Стернин: «Сценарий – кеңістік пен уақыттағы ретімен жүретін бірнеше эпизодтар; яғни қозғалыстың, дамудың белгілері бар стереотипті эпизодтар. Стадион – бұл фреймдер, ал стадионға бару, стадионда ән айту, стадионға реконструкция жасау және т.т. – сценарийлер», – деп жазады [13, 119 б.].

**Скрипт** – концептілік құрылымның бір типі ретіндегі сызба сияқты тек күрделі элемент. Скриптке тән қасиет – мәтінге енетін фреймдер мен сценарийлердің қайталануы. Скрипт қалыптастыратын оқиға фрагменттері мынадай мақсатта қолданылады: локациялық (уақыт пен кеңістіктегі оқиғаны бейнелеу); логикалық (ойлау әрекетін тану); процедуралық (оқиғаның өтілу тәртібі); насихаттау, үгіттеу, иландыру түрінде қолданылады [56, 50 б.].

**Ассоциация** – адамның танымдық әрекеті нәтижесінде туатын сөз мағынасының бөлшектері сияқты бейне, ұғым көріністері. А.Б. Әмірбекова: «Ассоциация – бұл адамның бұрынғы тәжірибесі негізінде пайда болып объект төңірегіндегі тұжырымдамалары мен сипаттамасы, бейнеленуі. Ассоциативтік элементтер арқылы бейнеленген модельдер концептілік

құрылымға ұласады», – дейді. Ассоциация – бұл білім алудың бір тәсілі, себебі ассоциация – когнитивтік модель қалыптастырады. Мысалы, «көктем» концептісі *малдың төлдеуі, күннің жылынуы*, «Астана» концептісі бәйтерек секілді **іргелес ассоциация** арқылы танылып, фрейм құрылымын құрайды. *Көктем – жастық шақ* **ұқсастық ассоциация** арқылы танылып, автор танымында ойсурет формасында қабылданады. Себебі, когнитивтік санада көктемгі құлпырған шуақты күндер жастық шақтағы бақытты, тәтті өмірмен теңеліп, ассоциациялық модель қалыптастырып тұр. *Көктем – күз қарама-қарсы ассоциация* арқылы көктемдегі жылылық, күздегі суықтық белгісімен танылу әдісіне сүйенеді. *Көктем* концептісін фреймдік құрылымда, ассоциативтік модельге салғанда тану ерекшелігін мына өлең арқылы түсіндірелік:

***Көктем – жел, су***

*Ой, балалар, балалар!*

*Жылы-жылы жел соқты,*

*Жылғалардан су ақты.*

***Көктем – құс***

***Көктем – көк, мал***

*Желкілдейді көк майса.*

*Желіндейді мал жайса.*

***Көктем – жер, су, шыбық, шуақ***

*Жер бусанып, көк шығып,*

*Арықтардан су ақты.*

*Бүрлеп, өсіп көк шыбық,*

*Жұтып жатыр шуақты* [71, 116 б.]. Осындағы *жел, су, жылы жел, көк шығу, шуақ* сөздері ассоциация және «көктем» концептісінің құрылымдық үлгілері болады. Концептінің ассоциациялы моделі метафора және ассоциация болып берілгендіктен, балалар хабарланған мысал арқылы айта алады. Сонымен бірге, «*Егінші, бақташы, сауыншы, трактор, соқа, тырма, сиыр т.б.*» сөздерін сұрақ қою әдісі арқылы жанды және жансыз зат есімдерге ажыратуға беріледі, ал жанды, жансыз деген белгінің өзі ірі ассоциациялар. *Кім?* сұрағына жауап беретін сөздерді бөлгенде де оқушылар осы ассоциациялық ерекшелікке сүйенетінін айтқымыз келеді.

**Когнитивті карта** – қоршаған ортада орын ауыстыруға байланысты бағдарлық когнитивтік сызба. Оның бойында фрейм

мен сценарий бірігеді. Джон Андерсон: «Біз елестетін дүние суретінің репрезентациясын когнитивті карта деп атайды. Біз бір жерден басқа жерге баруды жоспарлаған кезімізде, қоршаған ортаны жиі елестетеміз. Балалар дамыған сайын олардың когнитивті карталары өзгеріп отыратындығы туралы дәлелдер бар», – жазады [72, 130 б.]. Мысалы, «Көктөбеге демаламыз» деген хабар берілсе, бұл хабарды қабылдаушы сол объектінің орналасқан жерін көз алдына елестетеді. Сондай-ақ, белгілі бір заттың түр-түсін, пішінін, көлемін көру де көзбен шолу арқылы қабылданған.

**Ойсурет** – концепт қалыптастыру операциясының ең күрделі формасы, концепт құрайтын элементтерді суреттеу тәсілі. Бұл терминді енгізген ғалым – Н. Уәлиұлы. Ойсурет тілдік санада бейне, символ, метафора, аллегория арқылы танылады. Концептінің ойсурет формасы көркем мәтінде көрінеді. Ойсурет суреткердің қиялдау, суреттеу, ұқсату қабілетіне байланысты. Мысалы, Е. Өтетілеуұлының:

«Отан деген – *атамекен*,

Отан деген – *туған жер*.

Отан – *ана*,

Отан – *үлкен*.

Қазақстан – *туған ел*» өлеңінде *атамекен, туған жер, ана, үлкен, туған ел* немесе С. Мәуленовтың:

«Дала десе *көл* түседі есіме,

Дала десе *ел* түседі есіме.

Дала десе түседі еске *арғымақ*,

Кең далада шабатұғын *көсіле*» өлеңінде де *көл, ел, арғымақ* деген метафоралық қолданыстары ойсурет негізінде жазылғаны байқалып тұр.

Егер индивид тілдік тұлға болса, концептідегі ойсурет құрылымының деңгейі жоғары болады. Баланың ұлттық ойлау дәрежесі когнитивті оқытуда айқын кейіпте көрінеді де, дамыта ойлауға ұласады. Егер баланың ұлттық танымдық дәрежесі басқаша болса, когнитивті психология тұжырымы бойынша оның танымдық дәрежесі де өзгеше болады. Зат есімдерді меңгертуде баланың көз алдында концептілік құрылымынан бірінші болып ойсурет алға шығады да, сосын барып ойдерек және оның ерекше белгілері нақтылана бастайды. Ал деректі зат есімдерді оқытқанда, бірінші ойсурет болса, дерексіз зат есімдерді қабылдағанда,

алдымен, бұрынғы сипаттағы көлемі нақты емес ойдерекпайда болады.

Кез келген сөзді естігенде адам санасында, алдымен, зат не құбылыстың бейнесі, яғни денотаты пайда болады да, соның негізінде ол туралы ұғым, яғни сигнификат қалыптасады. Ал үлкен ірі ұғымды білдіретін ірі концептілік құрылымдарды оқытуда бұл категориялар көлемді күрделенген жүйеге келеді. Зат есімді оқытуда мұғалімнің сүйенетін басты когнитивті негіздері – ірі когнитивті константтар мен әр түрлі кіші сипаттағы концептілік құрылымдардың көлемді не тар құрылымдық үлгілері. Концептілік құрылымдар вербалданған кезде ұзын не қысқа сөйлемдердің түрімен нақтыланады. Мысалы, «Отан» концептісінің құрылымдық көрінісі мынадай түрде беріледі: «Отан – ата-ана», «Отан – туған жер», «Отан – ел, астана», «Отан – жасыл орман, шалқар көл, асқар тау», «Отан – алып киіз үй» т.б. [56, 97 б.]. Сонымен, біздің пікірімізше, зат есімді когнитивті оқытудың басты қызметі – балалар санасында концептілік құрылымдар арқылы зат есімдер туралы ақпараттарды жинақтау мен тұжырымдау; олардың танымдық парадигма деңгейін анықтап, нақтылау; жалпы концептілік бөліктер бойынша талдау арқылы бекіту.

Жалпы алғанда, бастауыш мектепте концептіні қарапайым ұғындыру жүйесі қолданылуға тиіс, яғни ірі концептілік құрылым жүйесін сыныптар бойынша бағдарлама негізінде жүйелеу; жеке концептіні құрылымдық бөліктері бойынша мысалдармен талдау. Бұл мысалдар концептілік жүйе бойынша құрылып, адамның танымдық әрекетінің қарапайым түріне негізделуі керек деп санаймыз.

Бұл еңбекте концептіні қорытуда А.Б. Әмірбекова ұсынған концептінің бастапқы ұғым, аралық ұғым, қорытынды ұғым жүйесі пайдаланылды (Кесте 1).

*Кесте 1 – «Қыс» концептісінің ұғымдар жүйесі*

Бастапқы ұғым	Аралық ұғым	Қорытынды ұғым
қар, аяз, боран	сықырлаған сары аяз, жапалақтап жауған қар	қыс → үскірік қыс → Аяз ата қыс → Жаңа жыл

Мысалы, «қыс» концептісі бойынша бастапқыда «қар, аяз, боран» сияқты қарапайым ұғым туады да, олардың қасиеттерін «сықырлаған сары аяз, жапалақтап жауған қар» т.б. деген тіркесімдер арқылы сипаттай келе, аралық ұғым және осы ұғымдарды жинақтап, қорытындылайтын когнитивті ұғым (сигнификат) – қорытынды ұғым пайда болады, мәселен, «қыс – үскірік, қыс – ақ мамық, қыс – Аяз ата, қыс – Жаңа жыл».

Сонымен, когнитивті тіл білімінің негізгі эпицентрі – санадағы *дүниенің бейнесі* (таңба), оның тірегі – *концептілік құрылымдар*. Дүниенің бейнесі – жан-жақты ақпарат, бұл ақпараттарды біріктіретін орта – концептілік жүйе, сондықтан тілдің когнитивті бағыты тілдегі ұғымды кешенді таныту мәселесін қарастырады. Р.И. Павиленис, В.В. Петров: «Адам тілдік көрінісін іздемес бұрын сол дүниені өзінің сезімдік қабілеттері, жинақталған ақпараты арқылы танып алады. Танымында қалыптасқан дүние туралы ақпараттардың ұқсас жақтары мен айырмашылығын санада сұрыптайды (өңдейді). Дүние туралы ақпаратты меңгеру әрбір тұлғаның өзіндік талдау, жүйелеу базасына қатысты. Осындай әрекеттер нәтижесінде пайда болған ұғым ақпараттарының құрылымын *концептілік құрылым* деп атаймыз», – дейді [73, 54-61 бб.].

Когнитивтік бағыттың басты мәселесі – Г. Гиздатовтың басты тұжырымы бойынша санадағы білімді жүйелеу, ал тілді табиғи жүйелейтін оның өзіндік ішкі заңдары. Бұл заңдар тілдің танымдық және коммуникативті қызметін реттеп отырады, сол себепті бастауыштан бастап тілді және оның бірліктерін *ұлттық танымдық әдістемеге құрып оқыту* өзінің заңды нәтижесін береді деп топшылаймыз.

### **Бақылау сұрақтары мен тапсырмалар**

1. Дүниенің бейнесі ұғымына қандай анықтамалар беріледі?
2. «Ойсурет» терминін енгізген ғалым?
3. Бастауыш мектепте тілді және оның бірліктерін ұлттық танымдық әдістемеге құрып оқытудың мақсаты қандай?
4. Концептілік құрылымдар дегеніміз не?
5. Концептілік құрылымдар санада қандай формада бейнеленеді?

**1-тапсырма.** «Ойсурет» терминіне мысалдар жазу.

**2-тапсырма.** Фрейм, сценарий, скрипт, сызба, гештальт ірі концептілік құрылымдарына анықтама беріп, мысалдар келтіру.

**3-тапсырма.** Ассоциация, іргелес ассоциация, ұқсастық ассоциацияға мысалдар жазу.

**4-тапсырма.** Бастауыш сыныпта зат есімді когнитивті оқытудың басты қызметі туралы ойыңызды жазыңыз.

**5-тапсырма.** А.Б. Әмірбекованың ұсынған концепті жүйесін пайдаланып, төмендегі кестеге «Күз» концептісінің ұғымдар жүйесін толтырыңыз.

Бастапқы ұғым	Аралық ұғым	Қорытынды ұғым

### Студенттердің оқытушымен бірлескен өздік жұмыстары

1. А.Б. Әмірбекованың ұсынған концепті жүйесін пайдаланып, «Қыс», «Көктем», «Жаз» концептісінің ұғымдар жүйесін толтырып, салыстырыңыз.

2. «Ойсурет» терминіне көркем шығармалардан мысалдар жазу, талдау.

#### Пайдаланылатын әдебиеттер

1 Оразалиева Э. Когнитивтік лингвистика: қалыптасуы мен дамуы.– Алматы: Ан Арыс, 2007.

2 Попова З.Д., Стернин И.А. Когнитивная лингвистика. – М.: АСТ: Восток – Запад, 2007.

3 Гумбольдт В. Избранные труды по языкознанию. – М.: Прогресс, 2000.

4 Мұханбетжанова Ә.М. Бастауыш білімнің интеграциясы арқылы оқушыларда дүниенің ғылыми бейнесін қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздері: пед. ғыл. докт. ...автореф. – Алматы, 2001.

5 Кубрякова Е.С. Части речи с когнитивной точки зрения. – М.: ИЯ. РАН., 1997.

6 Серебренников Б.А., Кубрякова Е.С., Постовалова В.И. Роль человеческого фактора в языке: язык и картина мира. – М., 1998.

7 Әмірбекова А.Б. Концептілік құрылымдардың поэтикалық мәтіндегі вербалдану ерекшелігі (М. Мақатаев поэзиясы бойынша): филол. ғыл. канд. ... дисс. – Алматы, 2006.

8 Аскольдов С.А. Концепт и слово // Русская словесность: Антология. – М.: Academia, 1997.

9 Жаманбаева Қ. Тіл қолданысының когнитивтік негіздері: эмоция, символ, тілдік сана. – Алматы: Ғылым, 1998.

10 Уәли Н. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері: филол. ғыл. докт. ... автореф. – Алматы, 2007.

11 Шунк Дейл Х. Оқыту теориясы: Білім беру көкжиегі. – Алматы, 2019. – 608 б.

12 Тер-Минасова С.Г. Тіл және мәдениетаралық коммуникация – Алматы, 2018. – 320 б.

## **ЗАТ ЕСІМДІ КОГНИТИВТІ ОҚЫТУДЫҢ ПСИХОЛИНГВИСТИКАЛЫҚ СИПАТЫ**

Педагогика ғылымы соңғы жылдары көптеген табыстарға жетуде, әсіресе, адамның психикалық даму табиғатын танып-білуде, ой-сананың жетілуін зерттеуде тың ғылыми зерттеулер жүргізіліп келеді. Осы орайда, психологияның қазақ тілін оқыту әдістемесін нақтылап түсіндіруде, мәселелердің басын ашып айқындауда алатын орны ерекше. Оқушылардың грамматикалық ережелерді саналы түрде меңгеріп, игерген білімін күнделікті өмірде дұрыс қолдануда психолінгвистика қазақ тілін оқыту әдістемесіне тікелей ықпал жасап отырады. Психолінгвистика ХХ ғасырдың 50-ші жылдары лингвистика мен психология ғылымының қосындысы негізінде шетелдерде, соңынан Кеңес Одағында қалыптаса бастады. И.А. Зимняя: «ХХ ғасырдың 60-80 жылдарындағы Г.У. Найссер, М. Бродбент, Д. Норман, Дж.Брунердің және басқалардың когнитивті психологиясы білімге, хабардар болуға, семантикалық есті ұйымдастыруға, болжаушылыққа, хабарды қабылдау және қайта өңдеуге, оқу және түсіну процесіне, когнитивтік стильдерге аса көңіл бөлген», – деп жазады [74, 14 б.]. Когнитивті психологияның негізгі зерттеу аймағы танымдық үрдістер – ес, тіл мен сөздің психологиялық қырлары, қабылдау, ойлау, зейін, қиял және танымдық даму.

Бастауышта ана тілін оқытуда балалардың танымдық дәрежесін ескеруде бірден бір басты қызмет атқаратын аспект бар.

Ол – оқушылардың психикалық көңіл-күйі мен әртүрлі психологиялық темпераменттері, сонымен қатар, ұлттық тәрбиедегі ойлау менталитеті. Танымдық сипатқа негізделген оқыту әдістемесінде мұғалімге басты кедергі болатын – әр жеке баланың өзіндік ойлауы және онымен ұштасқан жалпы қабылдау дәрежелері. Мұның бәрі бүгінде дербес ғылым саласына айналған психолінгвистиканың еншісінде жатқандықтан, бұл ғылымның когнитивті тіл білімімен байланыс сипаты қандай екеніне тоқталып өтпесек болмайтыны анық деп білеміз.

Бүгінде әр мектепте психолог болғанымен, ол әр оқушының, сондай-ақ, әр ұстаздың өзара қарым-қатынасын шешпесі белгілі. Алғаш мектеп табалдырығын аттаған балаға түсетін психологиялық жүктеменің ауырлығы тілді меңгерудегі жүктемеден кем емес, сондықтан әдістемені танымдық тұрғыдан оқытуға құру оңай іс деп ойлауға болмайды. Жалпы психологияның басты тұжырымдары танымдық тұрғыдан оқытуда үлкен тетіктерге айналатыны сөзсіз. Адам сөйлегенде және тілді ұғынғанда тілге сүйенеді, міне, осы сәтте тіл білімі мен психология түйіседі. Осы негізде тілдің психологиямен тығыз байланысы қалыптаса бастайды да, ол өз алдына оқытуда өзіндік жолдар мен жүйелер құрады. Жалпы алғанда, тіл мен адам психологиясы бір-бірінен ажырамас егіз ұғым болғандықтан, танымдық әрекетте басты психикалық категориялар бірлесе жүйе болып кетеді де, сөйлеу және лебізде олар бір-бірімен қабысып жатады.

К. Аханов бұл байланыс туралы кезінде былай деп жазған еді: «Сөйлеу арқылы қарым-қатынас жасау, пікір алысу, біреудің сөзін қабылдау, оны ұғыну процесін түсіндіру психологияның жәрдемін керек етеді...Бұлай болатындығы мынадан: тілдік жүйе адам санасында сақталынады, адам бұл жүйенің элементтерін өзара байланысты элементтер ретінде ұғынады. Заттың біздің санамызда сақталған атауымен байланысы – психикалық байланыс... Заттардың өзіне тән белгілері бойынша аталуы және ол белгілердің таңдалып алынуы – психологиялық факт» [75, 17 б.].

Тілдегі психологизмдік сипат Аристотель еңбектерінен басталып, ХІХ ғасырдағы Еуропаның көрнекті тілшілері еңбектерінде бөлек бағыт болып қалыптасты. Психологиялық бағыт ресми түрде шетелде басталды делінгенімен, Ресейде, сосын Кеңес Одағында қарыштап тез дами бастады. Психологизм В.А. Богородицкий, Ф.Ф. Фортунатов, А. Шахматов, Л.В. Щерба, И.А.



Бодуэн де Куртенэ еңбектерінде басты негізге алынып, қарастырыла бастады. Психолінгвистика ғылымының көрнекті өкілдері Е.Д. Поливанов, Л.С. Выготский, А.Р. Лурия, А.Н. Леонтьев, А.А. Леонтьев, Н.И. Жинкин, И.Н. Горелов, К.Ф. Седов, А.А.Залевская, И.А. Зимняя, Л.В. Сахарный, Е.Ф. Тарасов, Р.М.Фрумкина, В.А. Артемов, Б.В. Беляев т.б. ғалымдардың еңбектерінде осы ғылымның басты қағидалары жасалып, бірқатар маңызды мәселелері шешілді.

Бұл ғылым дамыған сайын адамның сөйлеу әрекетінің психикалық қалпы мен ерекшелігінің психологиялық тұжырымдамасы жасалып, тілдің, сөйлеудің, сөйлеу қызметінің, сөйлеу кезіндегі индивидтің мінез-құлқының жалпы бірыңғайлық жүйесі жасала бастады. Психолінгвистика тілді жарыққа шығару, сөйлеу әрекеті мен лебізді тілдік, психологиялық және психофизиологиялық аспектілерде зерттегендіктен, осы мәселелерді кешенді түрде қамтуға тырысты. Сол себептерге орай, тіл мен ойлау, тіл мен сөйлеу сияқты күрделі мәселелер мүмкіндігі кемтар балаларды зерттеу арқылы жүргізілді. Соның нәтижесінде, көптеген күнгірт жағдайлардың басы ашылып, сана мен тұлға, ақыл мен ес, қабылдау мен көру, ойлау мен сөйлеу, сөйлем құру сияқты басты мәселелердің өзара қатынасы айқындала бастады. Бұл мәселелердің қарастырылуы психолінгвистиканың өз ішінен бөлек бағыттарын қалыптастырды. Психолінгвистика ғылымы қарыштап дамыған сайын оның да әртүрлі ағымдары жеке ғылым салаларына айнала бастады. Когнитивті тіл білімі тіл білімінен бөлініп шыққаны сияқты когнитивті психологияда жалпы психологиядан іргесі ажырап шықты.

Австралиялық Анна Вежбицкая когнитивті лингвистиканың бастауларында өз зерттеулерін жүргізгенде, когнитивті педагогиканың алғашқы мәселелерінің негіздерінде жүргенін өзі сезбеген сияқты. Ол өз мектебінің өкілдерімен «примитивтер тілінің» негізін салғанда, бастауыш мектеп балаларының семантикалық базасына сүйенген еді. Ең басты деген сөздер мәнінің тізімін жасау және олардың шеңбері арқылы фразалар құрастырғанда зат есімдермен қатар, етістіктер, сын есімдер де қатыстырылады. «Примитивтер тілінің» басты мақсаты көптеген мәндердің сипаттамасын ұғындыру болып табылады. Бұл, әсіресе, бастауыш сатысындағы балалардың лексиконына аса қолайлы болатыны сөзсіз, сондықтан мұнда олардың психологиялық

ерекшелігі есепке алынғаны анық.

Тіл білімі тарихында психолінгвистика Америка Құрама Штаттарында 1950-шы жылдары қалыптаса бастаған деген тұжырым қалыптасқан. Ресей психолінгвистері А. Леонтьев, А.Залевская, Р. Фрумкина бұл ғылымның негіздері Қазан мектебінің өкілі И.А. Бодуэн де Куртенэ, Киев өкілі А.А. Потебня және жиырмамыншы ғасырдың бас кезіндегі Еуропаға белгілі Э.Бенвенист, В. фон Гумбольдт, К.Г. Юнг, В. Вундттың еңбектерінен басталатынын айтып кетеді [76, 18-31 бб.].

Кез келген тіл тек өзінің ұлттық дәстүрін танытуға қызмет ететіні белгілі. Басқа тіл өзге тілдің ұлттық мәдениетін танытуға қашанда әлсіздік танытатыны әртүрлі мәтіндік жағдайлар мен сөйлесулерде, лебізде, әсіресе, аудармаларда анық байқалады. Белгілі ресей психолінгвисті Р.М. Фрумкина тілдің бұл психолінгвистикалық аспектісі туралы былай дейді: «... Если в культуре есть определенные реалии, то в языке есть эффективные способы эти реалии поименовать, обозначить. Это аксиома современной гуманитарной науки. Но из нее, как из каждой аксиомы, должны вытекать следствия. Например: если в языке есть имена, обозначающие определенные культурные реалии, то их семантика может изучаться только при условии привлечения широкого культурного контекста» [74, 55 б.].

Мәселен, қазақ тіліндегі «жігіттің үш жұрты» деген тіркесті алсақ, тек қазақ мәдениетімен тәрбиеленген ұрпақ қана бұл тіркестің мәнін түсінеді деп ойлаймыз, себебі әр «жұрт» сөзінің мәнінің артында күрделі мән жатқаны анық. «Жұрт» сөзі қазақ көшпелі мәдениетімен өте тығыз астасып жатқандықтан, күрделі концептілік шеңбер құрайды. Бұл концептілік жүйені толық ұлттық тәрбиеде емес, яғни қалада басқа немесе аралас мәдениетте тәрбиеленген қазақ ұлтының өкілдері де ұлттық психологиялық қалыпта қабылдай қоюы қиын екені белгілі. Қалыпты қабылдау жүзеге асуы үшін, алдымен, басты ұлттық психологияны бойына сіңірген индивид тілдік қарым-қатынасқа түсуі қажет. Екіншіден, индивидтердің ұлттық дәрежелері ұлттық танымдық әрекеттерінен анық байқалып тұрғаны жөн, сонда ғана зат есімдердің, атаулардың толық құрылымдық үлгілері санада толық қабылданады. Бұл, ең алдымен, бастауышта оқитын балалардың тілінен олардың күнделікті лексиконынан көрініп отырады, яғни қандай отбасында тәрбиеленген болса, сол отбасындағы тілдік қатынас міндетті түрде баланың сөйлеу тілінде

орын алады. Мәселен, анасы орысша тәрбиеленіп, қазақ тілінде жиі сөйлемейтін болса, бала тілінде бұл, әрине, өзінің ізін қалдырады.

Зат есімді меңгертуде психоллингвистикалық сипаттың тағы бір көрінетін тұсы – жеке тұлғаның тілін қалыптастырудағы өзіндік әсері. Бастауыштағы бүгінгі бала – ертеңгі қоғамдағы жеке тұлға, сондықтан болашақ тілдік тұлға тілінің қалыптасуының көзі, біздіңше, оның «қарапайым ғаламның тілдік бейнесінен» гөрі «күрделі ғаламның тілдік бейнесін» сол алғашқы баспалдақ болатын бастауыш сатысында қабылдай бастауында жатса керек. Психологияның басты мәселесі жеке тұлға (личность) болса, сол жеке тұлға тілін танытушы – оның санасындағы ұлттық тілтаным көкжиегі. Ал тіл мен танымның тығыз байланысы субъектінің жеке физиологиялық қалпы мен саналық когнициясынан көрініп отырады.

Бүгінде психоллингвистиканың ірі мектептері мен зерттеушілері бар (Дж. Диз, Г. Хауэс, И. Осгуд, Р. Кейсли, Х.Сэвин, У. Ламберт, Н. Моор, Т. Слама-Казаку, С. Ервин, Х.Поллио, А.А. Леонтьев, Л.С. Выготский, Н.И. Жинкин, И.А.Зимняя, И.Н. Горелов, А.А. Залевская, А.Р. Лурия т.т.). Психоллингвистиканың пайда болу негізінде психофизиология ғылымы жатқаны белгілі, сондықтан психоллингвистика адамның физиологиялық ерекшеліктерімен бірге, сөйлесім әрекетін, индивидтің тілді жарыққа шығарудағы ішкі (ойлау, сөйлеу) және сыртқы (сөйлеу) қызметіндегі жеке және топтық, ұлттық ерекшеліктерін, қатысымдық, тілдесу әрекеттерін қарастырады. Көбіне, психоллингвистика жеке адамдар мен әртүрлі саналық деңгейдегі адамдарға психоллингвистикалық эксперименттер жасау арқылы тіл мен психологиялық ерекшеліктерді анықтайды.

Ресей ғалымдары А.А. Леонтьев, А.А. Залевская т.т. зерттеушілер психоллингвистиканың басты зерттеу нысаны сөйлеу, сөйлесім әрекетінің тілмен өзара байланысы деп көрсетеді [61, 7 б.]. А.А. Залевская өз кестесі арқылы жалпы адамның тілдік қабылдау мен жарыққа шығаруды Л.В. Щерба көрсеткен тілдік құбылыстардың үш аспектісін береді. Сонымен қатар, ол сөйлеудің ұйымдасу құбылысын төртінші аспект ретінде береді. Адам санасында сөйлеуді ұйымдастыру кезінде үнемі өнім мен процестің өзара екі жақты қатынасы жүріп жатады. Мысалы, адам бір затты не құбылысты қабылдайды, санасында оны тәртіпке салады, өңдейді, топтайды. Топтау жүзеге асқанда индивидтің

психо-физиологиялық ерекшеліктері өз әсерін тигізеді. Өмір сүрген сайын адам шындық болмыстағы заттар мен құбылыстарды өз санасында өңдеп топтай береді. Өңдеп топтаған сайын оның технологиялық қалпы да өзгерістерге ұшырай береді. Сөздің мағынасын түсіну, қабылдау, жарыққа шығару бала санасынан саналы адам сатысына көтерілгенге дейін құбыла береді. Сөздің мағынасы осы ерекшеліктерге байланысты екі түрлі дәрежеде болады. Біріншісі, жалпыға бірдей түсінікті лексикографиялық (төл мағына) мағына, екіншісі, психолингвистикалық мағына.

Лексикографиялық мағынаға жалпылық тән болса, психолингвистикалық мағынаға жекелікті сипат тән. З.Д. Попова мен И.А. Стернин осы екі мағына түрінің негізінде танымдық әрекет жатқанымен, танымдық әрекеттің басты нәтижесі ретінде осы сөз мағыналары емес, концептіні атайды. Олар былай дейді: «Концепт – концептосфераның бірлігі, яғни халықтың, ұлттың ойлау бірліктерінің ұйымдасқан жиынтығы. Концепт халық санасында бейнеленген бір немесе басқа құбылыстың барлық менталды белгілерінен тұрады» [13, 104 б.].

А.А. Залевская былай деп жазады: «Тіл психикалық қызметтің заңдары бойынша дамиды. Қоршаған ортаны біз сезім мүшелері арқылы қабылдаймыз. Егер адамда осылардың біреуінің ақауы болса, тілдік жүйенің қалыптасуында бірнәрсе жетпей тұрады. Ең басты нәрсе, тілдің жүйесі генетикалық жолмен берілмейді. Басты ерекшелік қоршаған мәдени ортада, егер тілдік орта болмаса, сәби адамзат тілін меңгермеген болар еді» [61, 12 б.]. Адамның сөйлеу қызметінің ұйымдасуында басты өнім ретінде қатысушылар – баланың психикалық қалпы, санадағы топтау нәтижесі болатын концептілер мен конструктілер және ең соңғысы сөз және лексикографиялық мағына.

И.Н. Горелов, К.Ф. Седов психолингвистикаға: «Сөйлеудің пайда болу, түсіндірілу, жүзеге асу ерекшеліктерін сипаттап зерттейтін ғылым саласы» деген анықтама береді [77, 3 б.]. Осы анықтамада айтылғандай, бүгінде психолингвистика мен когнитивті лингвистиканың қарқынды дамуының нәтижесінде когнитивті психолингвистика, когнитивті психология, когнитивті психосемантика сияқты жаңа ғылымдар қалыптаса бастады. Джон Андерсон: «1950 жылдардан бастап когнитивті психология тез дами бастады. 1967 жылы Ульрик Найссердің «Когнитивті психология» кітабының жарық көруі маңызды оқиға болды», – деп

жазады. Мысалы, когнитивті психолінгвистика қабылдау, сөйлесім қызметі, индивидтің тілдік деңгейі, ұлттық менталдық, концепт, констант, конструкт жүйесін тілдік бірлікте зерттеп, тіл мен оны тасушының барлық танымдық көлемін айқындауға тырысады.

Когнитивті тіл білімінің ұғымдары осы психология түрінде қарастырылғандықтан, бұлар өзара тығыз байланысты. Бастауыштағы баланың танымдық қызметінің ерекшелігі когнитивті психологияда зерттеледі, сондықтан зат есімді когнитивті тұрғыдан оқытуда баланың психикалық жағдайы ескерілуі тиіс. Джон Андерсон когнитивті картинаның қабылдаудың негізінде қалыптасатынын айта келе, мысалға иттің суретін алып, көзбен қабылдаудың төменгі нышандары оның сұлбасын құрайтынын, ал басты сұлба белгілерін паттерндер деп атайды [72, 22, 45 б.].

Дж. Андерсон балалар когнициясының тілмен байланысы туралы: «Стронер мен Нельсон екі-үш жасар балаларға ойыншықтарды беріп, *мысық тышқанды қуып жүр және тышқан мысықты қуып жүр* деген сөйлемдер бойынша құрыңдар дегенде, екі жағдайда да балалар мысық тышқанды қуып жүрген қылып ойыншықтарды орналастырады, сонда бұл балалардың мысық пен тышқан туралы біліміне сәйкес келеді, яғни бұл – балалар синтаксистік үлгілерге қарағанда, семантикалық паттернді басшылыққа алатынын көрсетеді», – дейді [72, 378-379 бб.].

Когнитивті психологияның негізінде танымдық әрекет жатады, яғни когнитивтік бағыт бойынша ойлауды дамыту таным әрекетімен байланысты, сонда когниция тілтаным мен тіл арқылы танылатын танымға ортақ негіз болады. Тілдік бірліктердің когнитивті тұрғыда зерттелуі адамның дүниені, қоршаған ортаны тануымен байланысты. Бастауыш сынып оқушысының дүниені тануы оның бақылауы, түйсінуі (көру, есту, сезу), қабылдауы, ойлауы, елестетуі, т.б. танымдық үдерістер арқылы жүзеге асады. Танымдық үдерістерді дамыту арқылы оқушының әлем жөніндегі танымдық көкжиегі кеңейеді. Біздің ойымызша, тілді оқытудың психолінгвистикалық аспектісі осы когнитивті лингвистикамен тығыз байланысты, себебі адам тілдің мазмұндық жағын кесек, ірі құрылымды фрагменттер бойынша қабылдайды.

Адам дүниені тіл арқылы таниды, сондықтан адам санасында сол ана тіл арқылы қалыптасқан ғаламның тілдік бейнесі мәңгіге

таңбаланады. Ғаламның тілдік бейнесі – когнитивті лингвистикадағы басты категория, сондықтан ана тілін, оның ішінде, заттар мен құбылыстарды көрсететін ең көп бірліктер, яғни зат есімдерді меңгеруді когнитивті танымдық тұрғыдағы әдістемеге құрғанда, баланың ұлттық тұрғыдағы ойлауы мен танымы ұлттық психология бойынша жүретіні белгілі. Мәселен, дүниені орыс тілі арқылы қабылдаған орыс мектебіндегі ұрпақтың антропологиялық жағынан қазақ болғанымен, қазақы психологиясы болуы мүмкін емес. Мұнда танымдық қабылдау да ұлттық деңгейде жүрмейтіні өз-өзінен түсінікті. Баланың дамуы кезінде оның тілінде белгілі бір жиі қолданылатын сөздердің азғантай ішкі лексиконы қалыптасатыны белгілі, бұл ерекшелік Э.Д. Сүлейменова, Т.Т. Аяпова еңбектерінде қарастырылған.

Э.Д. Сүлейменова бұл туралы былай деп жазады: «Данные, полученные в когнитивной лингвистике и психологии, свидетельствуют о первичности развития семантических интенций в соответствии с общим процессом усвоения языка с ассимиляцией информации в имеющихся языковых структурах и приспособлении этих структур к новой информации. Возникает естественный вопрос, откуда «берутся» языковые единицы, как и в каком виде существуют в мозгу знания о языке, его грамматика и словарь, как они «записаны» в мозгу. Один из возможных ответов на этот вопрос дан в концепции «внутреннего лексикона» [78, 86 б.].

Н.Т. Ерастов: «сөз тікелей сезімдік әсер беруден неғұрлым алыстаған сайын, оның адамға тигізер эмоциялық әсері соғұрлым әлсірей түседі», – деп жазады [79, 71 б.]. Сондықтан бастауыш мектепте балалар тіліндегі ірі концептілік құрылымдардың қабылдану деңгейін айқындау үшін психолінгвистикалық эксперименттерге жүгінуімізге тура келетіні сөзсіз.

Қазақ тілі – бастауыш мектептегі негізгі пән және ең бастысы; ол – ана тілі, сондықтан қазақ тілі пәні арқылы оқушы білім негіздерін игеріп қана қоймай, ұлттық психологияны, мәдениетті, дүниетанымды сезіне бастайды, қоршаған ортаны таниды, дүние туралы өз түсінігі мен танымы қалыптасады. Оқу әрекетінде оқушылардың ақыл-ой, сөйлеу дағдылары мен танымдық қабілеттері жетіліп, тұлғалық ерекшелігі айқындала түседі. Жеке тұлғаның қалыптасуы мен дамуы бастауыш сынып жасындағы балаларда қарқынды жүретіні белгілі, сондықтан бастауыш сыныпта зат есімді жаңаша оқытудың әдістемелік жүйесін жасау

жұмысында балалардың психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып жүргізілуі тиіс.

Оқушылардың психикалық дара ерекшеліктері олардың психологиялық даму себептері мен жағдайларына байланысты болғандықтан, көптеген ғалымдар, атап айтсақ, А.А. Леонтьев, С.Л. Рубинштейн, Л.С. Выготский, К.Д. Ушинский, В.А.Сухомлинский, А.А. Люблинская, Л.М. Фридман, Л.И.Божович және қазақ ғалымдары М. Жұмабаев, Ж.Аймауытов, М. Мұқанов, Қ. Жарықбаев, Ә. Сыдықов, Н.Айғабылов, С.Рахметова, Ә. Алдамұратов, т.б. өз еңбектерінде оқушының психикалық дамуын басқарудың жолдарын жан-жақты зерттеу қажеттігін айтады.

Мәселен, қазақ топырағында алғаш рет «Психология» оқулығын жазған Ж. Аймауытов осы еңбегінде қарапайым адамға жұмбақ сияқты көрінетін психикалық құбылыстардың себептерін, сырларын таныстырып, оны қарапайым тілмен талдайды. Мысалы, «Берне іліктестігі (ассоциация)», «Іліктестік заңы» туралы нақты тұжырымдар беріледі. Ол іліктестік заңының *орайлас іліктестік, ұқсас іліктестік* деген екі түрін түсіндіреді. Орайлас іліктестік заңында бір нәрсенің атын атау нәрсенің өзін ойға түсіреді; нәрсені көру атын еске түсіреді деп, мысал келтіреді: «Мәселен, біреу «Шегембай» десе, аяқ-қолы бақандай, аңсағай аңқау Шегембайдың түрі көзіме елестейді. Түрі есіме түсті-ақ, оның ісі тағы түседі: тірідей өзіне құран шығарып, қожа-молдаға жалғыз-жарым тоқтысын беретіні; .... – бәрі есіме түседі. Міне, осының бәрінде орайлас іліктестік заңының қызметі көрінеді.

Ұқсас іліктестік заңында біздің миымызда жүріп жататын қызметтерді орайлас іліктестік заңымен түсіндіруге болмайтын кездерде, тыңнан келетін заттар бұрынғы өткен заттармен ұқсас болады; ұқсас заттар бұрын ешуақытта бірге болып көрмесе де бола береді. Қиял кезген уақытта ұқсас іліктестік жиі ұшырайды» [80, 139-140 бб.]. Сондай-ақ, бұл еңбекте таным үрдістеріне сипаттама беріліп, олардың заңдылықтары мен қасиеттері талданады.

Тілдің когнитивтік психологиялық аспектісіне психолог ғалым М.М. Мұқанов та жан-жақты талдау жасайды. М. Мұқанов өз зерттеулерінде адамның ой-өрісінің дамуына қатысты тың ойлар береді. Ол когнитивтік эмпатия деген ой ертедегі оқымаған адамдарда кездеспеді деген пікірді зерттеп, талдау жасайды:

«Когнитивтік эмпатия (когнитив – таным, эмпатия – көңіл аудару) дегеніміз бір адамның өзге кісінің жағдайына көңіл аударып, оның ішкі ойын, не ойындағы орындағысы келген ісін өзіне айтқызбай-ақ алдын-ала білу болып табылады. Біреудің ойын басқа адамның емеурінінен білуі ақылдың ерекше түріне жатады» [81, 62 б.].

Ғалым «Жас және педагогикалық психология» атты еңбегінде кіші оқушылардың таным үрдістеріне (қабылдау, зейін, жат пен ес, қиял, ойлану) талдау жасайды. Ол кіші оқушыға не қызықты немесе не қажетті соған мән беріп, осыны қабылдауға икем келетінін және оқушы әр объектінің негізгі қасиеттеріне қабылдау кезінде мән беріп, салыстырылу жұмысы барысында негізгі қасиеттерді кездейсоқ қасиеттерден ажыратуға үйрене бастайтынын айтады. 2-3-сыныптарда балада жеке заттарды, солардың негізгі белгісіне қарап және соған сүйене отырып топтастыруға үйреніп, ойын ұғым арқылы жүзеге асыратын қабілеті болатынын жазады. «Бұл жастағылардың ой-өрісінің әлі күнге дейін еске алынбаған және тауысып бітпеген мүмкіншілігі туралы, біріншіден, әлеуметтік қоғамының алға өріс алуына қарай, екіншіден, қазіргі кіші оқушының мүмкіншілігін өткен дәуірлердегі осы жастағылармен бірден-бір теңестіруге болмайтыны сияқты деректерге негізделіп анықталғанын, осыны бастауыш сыныпта еске алғанды жөн көреді. Сонымен бірге, балаға берілетін тапсырманың жеңіл болғанынан гөрі қиынырақ келуі әлдеқайда ұтымды. Себебі, азды-көпті қиындығы бар тапсырмалар баланың қиналуына, ақыл-ойының алға қарай өрістеуіне жағдай туғызады», – дейді [82, 77-85 бб.].

Психолог ғалым мәтіннің ойды түзетудегі атқаратын қызметіне талдау жасаған мақаласында ой сөйлеу арқылы түзеліп, жөнделіп тұратынын айтады [83, 111-116 бб. ]. Ойдың үнемі түзетіліп, жөнделіп отыруы, біріншіден, үнсіз сөйлеу алабынан келген, екіншіден, мәтіндерден келген хабарлардың негізінде жүзеге асып отыратынын талдай келіп, мәтін ойды түзетеді дегенде, ол соны бірден түзетпейді, оны қайта оралу хабарын пайдаланып, мидағы бейнелермен (оймен) салыстыра отырып түзетудің нәтижесінде ойдың дамитынын айтады.

Мектеп оқушыларының қазақ тілі грамматикасы ұғымдарын меңгеру мәселелерін психология ғылымы тұрғысынан қарастырған елеулі еңбектің бірі – Ә.Ж. Алдамұратовтың «Оқушылардың грамматикалық ұғымдарды меңгеру



психологиясы» атты еңбегі [84]. Бұл еңбек оқушылардың тілдік категориялары туралы білімін көтеру, дүниетанымын кеңейту мақсатында өнімді әдістерді зерттеп, теория мен тәжірибе жүзінде дұрыс қолдана білу жайттарын психологиялық тұрғыдан негіздеуге арналады. Ол оқушыларға грамматикалық ұғымдарды меңгертуде П.Я. Гальперин концепциясын ұстанады.

П.Я. Гальпериннің белгілі ойлау іс-әрекетін кезеңдер бойынша қалыптастыру теориясы практикалық тұрғыдан ойлауға, ептілік пен дағдыларды меңгерудің тиімді жолы болып табылады. Бұл еңбекте грамматикалық ұғымдарды меңгеру психологиясы мен меңгеру мәселесі кең түрде сөз болады.

Бастауыш сыныптарда қазақ тілін оқыту мәселесіне терең зер салған профессор С. Рахметова ұзақ уақыт бойы кіші жастағы оқушының психикалық әрекетінің мазмұны дұрыс бағаланбай, «зейіні табиғатынан еріксіз, сондықтан бақылай алмайды; есінің мазмұны нақты-бейнелі, өту барысы механикалық, сондықтан мағыналы естің жұмысы әлсіз; ойлауы көрнекі әрекетті және нақты-бейнелі, сондықтан жалпылауға, ұғымдарды меңгеруге олардың әлі жетпейді; олар тек салыстырудан басқа ой операцияларын орындай алмайды; ой қорытындысын жасай алмайды, пікір қалыптастыруға да мүмкіндіктері жоқ» [36, 23 б.] деген пікір қалыптасқанын айта келіп, соңғы жылдардағы психологиялық зерттеулерде баланың белсенділігін пайдаланып, оларға теориялық білім беру деңгейін көтеруге болатындығын анықтаған ғалымдардың (Л.С. Выготский, П.Я. Гальперин, Д.Б.Эльконин, В.В. Давыдов, Н.Ф. Талызина, Л.В. Занков, т.б.) концепцияларындағы ортақ қағидаларды талдап көрсетеді:

1) Оқушыларды оқыту жүйесін қайта құрудағы мақсат олардың үлгерім деңгейін көтеру емес, интеллектуалдық күшін, мүмкіндіктерін дамыту.

2) Балалардың белсенділігін күшейтуге назар аудару. Ғалым зерттеушілердің «оқушының оқу әрекетінде негізгі таным үдерісі – ойлау жұмысы» деген пікіріне қосыла, өз еңбектерінде тілді меңгертуде ойлау мен қиялды іске қосуға ерекше көңіл бөледі. Яғни, оқушыларды тілдік ұғымдарды саналы түсіну үшін салыстыру, жалпылау, нақтылау, анализ, синтез жасау, дерексіздендіруге ғана үйретіп қоймай, онан әрі балада елес туғызу, жаңа бейне туғызу, шығармашылыққа үйретуге жетелейді.

3) Оқу мен дамудың арақатынасы жөніндегі қағидаға сүйенуде

зерттеушілер балалардың теориялық білімдерінің деңгейін көтеруді 1-сыныптан бастау қажеттігіне келісіп, қиындық деңгейінде оқыту қағидасын ұсынады. Бұл жаңа жүйенің жалпы негізі оқытудың ертеңгі мүмкіндіктеріне оларды бағыттау, балаларға «таяудағы психикалық дамудың» ең жоғары көріністеріне жетуге көмектесу болып табылады.

XX ғасырдың басында кеңестік педагогикалық психология саласында «Оқыту – адам баласының даму үдерісіне әсер етеді және анықтайды» деген Л.С. Выготский жасаған болжам пайда болды. Ол баланың ой-еңбегі дамуының екі деңгейі туралы өте маңызды ереже құрастырды: бұл өзекті дамудың деңгейі (оқушы өз бетімен орындай алатын тапсырмалардың көмегі арқылы анықталатын интеллектік дамудың деңгейімен сипатталатын дайындықтың қол жеткен деңгейі) және оның «жақын арада дамуының аумағын» анықтайтын деңгей. «Баланың өз бетімен не істей алатыны мен ынтымақтасып не іс істей алуына көшу мүмкіндігінің көп немесе аз болуы баланың ой-еңбектік әрекетінің табыстылығы мен даму динамикасын сипаттаушы, ең сезімтал белгісі болады екен. Ол оның болашақта дамуының аумағымен әбден сәйкес келеді» [85, 248 б.].

Соңғы кездегі жасалған стандарт, бағдарлама, жаңа буын оқулықтарының ғылыми негізі ретінде дамыта оқыту жүйесі алынып отыр. «Қазақ тілін оқыту әдістемесінде» бастауышта тіл білімінен берілетін материалдардың мазмұнына орай, оқушылардың психофизиологиялық мүмкіндіктеріне байланысты дамыта оқыту жүйесі көзделеді. Осы негізде «дамыта оқыту» қағидасы тұжырымдалып, мұндай оқытудың басты белгісі – оқу-танымдық қызмет барысында оқушылардың жеке тұлғасы дамуына өзгертулер енгізуге бағытталған ықпал ететін әдістерді күшейту жолы анықталды.

Оқу-танымдық қызметінің жүзеге асуын осы ізбен қарастырған С. Рахметова бастауыш сынып оқушыларының тілін дамытудың психологиялық негіздерін талдау арқылы қалыптастырды. Мәселен, ол өзінің «Тілді жүйелі түрде оқуға енді ғана кірісе бастаған 6-9 жастағы бастауыш сынып оқушыларының психологиялық ерекшеліктерін еске алсақ, бұларды тілге үйрету барысында нақтылау жақтарына көбірек көңіл аудару қажеттігі туады» деген пікірін білдіре отырып, грамматиканы оқытуда басшылыққа алынатын көрнекілік, саналылық, жүйелілік және

сабақтастық, өз бетімен орындау сияқты дидактикалық ұстанымдардың шартына қарай орындалуын талап етеді. Сонымен бірге, оқушылардың мүмкіндіктерін пайдаланып, дамыту мақсатында мұғалімдердің салыстырудың формалары мен түрлеріне, талдау мен жинақтау, жалпылаудың түрлі формалары, оқушы өздігінен орындайтын шығармашылық және қайта жасау қиялын іске қосатын алуан түрлі жұмыстарды орындату сияқты мәселелерге көңіл бөлуін ескертеді.

Ғылыми тану өзара бірлікте болатын нақтылы-сезімдік және абстрактілік түрде өтеді деп, С.А. Мұсаева, Г.Б. Бегалиева таным сатыларын психологиялық тұрғыдан былай қарастырады: «Таным процесінің әрбір сатысын психологтар екі тұрғыдан қарайды: бағыт сілтеуші және пайдалану; а) Бағыт сілтеуші; мұнда ұстаз бен шәкірттер біріге отырып танымдық міндеттерді түсіне бастайды. Олар бойында бар біліміне сүйене отырып, мүмкіндігінше мәселелік болмыстар мен жағдайларды меңгереді. Бұл ретте ұстаз әртүрлі оқу құралдары және материалдардың көмегімен өтілетін сабақтарға оқушылардың қызығушылығын туғызады. ә) Пайдалану; материалдарды тікелей оқу немесе оқыту нақты пайдаланудан басталады. Бұл жерде басты міндет, бейнелер мен деректерді жинақтай отырып, өтетін материалдар туралы оқушылардың түсінігін кеңейту және санасын өсіру. Мұнда адамның барлық сезім мүшелері арқылы қабылдау жүреді. Бұл процесте есту, көру, иіс мүшелері тегіс қатысады» [86, 380 б.].

Сайып келгенде, білім берудің негізі бастауышта қаланатындықтан, төменгі сыныптан-ақ, оқушыларды ізденуге, ойландыруға, көп қоятын сұрағының жауабын іздестіруге дағдыландырып, сондай-ақ, қабілетіне қарай шығармашылыққа жетелеуіміз керек. Оқушылардың танымдық әрекетін ұйымдастыру, оларды таным әдістерімен қаруландыру жөнінде психолог Т.В.Кудрявцев [87], Н.Ф. Талызина [84], Д.Б. Богоявленскаяның [88] еңбектерінде қарастырылады.

Бастауыш сыныптар мен жоғары сыныптарда морфологияны оқытуда оқушылардың психолінгвистикалық ерекшеліктері туралы мәселелер А. Ысқақовтың, С. Рахметованың, Ә. Алдамұратовтың, К.Ахановтың, Р. Құтхожинаның, Б. Кәтенбаеваның, Ж. Нұржанованың, А. Исабаевтың, Қ. Қасабекованың, Б. Қалимұқашеваның еңбектерінде қарастырылады.

Бұл пікірлерден шығатын қорытынды: оқыту үрдісі қызметтерінің орындалу барысында және балалардың психологиялық таным үдерістерінің (есте сақтауы, ойлауы мен қиялын, ерік-жігерін, т.б.) дамуы нәтижесінде, оқытуды айқындаудың арқасында қайшылықтарды шешуге, нақты нәтижеге жетуге болады. Сондықтан бұл еңбекті психолингвистикалық заңдылықтарға негіздеп жүргізу қажеттілігі туады.

### **Бақылау сұрақтары мен тапсырмалар**

1. Психолингвистика ғылымының когнитивті тіл білімімен байланыс сипаты қандай?
2. Психолингвистика ғылымы жөнінде ғалымдардың пікірлері қандай?
3. Бастауыш мектепте тілді оқытуда оқушылардың психофизиологиялық мүмкіндіктеріне байланысты қандай оқыту жүйесі алынған?
4. Оқушылардың танымдық әрекетін ұйымдастыру дегенді қалай түсіндіресіз?

**1-тапсырма.** Тілді оқытудың психолингвистикалық аспектісінің когнитивті лингвистикамен тығыз байланысына мысалдар келтіріп, талдаңыз.

**2-тапсырма.** Бастауышта тіл білімінен берілетін материалдарды неліктен дамыта оқыту жүйесі арқылы меңгерту көзделетінін түсіндіріңіз.

**3-тапсырма.** Бастауыш сыныптарда морфологияны оқытуда оқушылардың психолингвистикалық ерекшеліктері туралы мәселелерді қарастырған ғалымдардың еңбектеріне конспект жасап, тұжырым жасаңыз.

**4-тапсырма.** Психолингвистиканың ірі мектептері мен зерттеушілері туралы хабарлама жасаңыз.

**5-тапсырма.** Концептінің құрылымдық бірліктеріне жеке-жеке мысалдар келтіріңіз.

### **Студенттердің оқытушымен бірлескен өздік жұмыстары**

1. Ә.Ж. Алдамұратовтың «Оқушылардың грамматикалық ұғымдарды меңгеру психологиясы» еңбегіне талдау жасау.

2. Бастауышта зат есімді когнитивті оқытудың өзіндік ерекшелігі.

### **Пайдаланылатын әдебиеттер**

- 1 Андерсон Джон. Когнитивная психология. – Спб.: Питер, 2002.
- 2 Павиленис Р.И., Петров В.В. Язык как объект логико-методологического анализа: новые тенденции и перспективы // Вопросы философии. – М., 1987. – № 7.
- 3 Зимняя И.А. Педагогикалық психология. – Алматы: Логос TST-Company, 2005.
- 4 Фрумкина Р.М. Психоллингвистика. – М.: Академия, 2008.
- 5 Горелов И.Н., Седов К.Ф. Основы психоллингвистики. – М.: Лабиринт, 2001.
- 6 Сулейменова Э.Д. Казахский и русский языки: Основы контрастивной лингвистики. – Алматы: Демей, 1996.
- 7 Аймауытов Ж. Психология. – Алматы: Рауан, 1995.
- 8 Мұқанов М. Ақыл-ой өрісі. – Алматы: Қазақстан, 1980.
- 9 Мұқанов М. А. Жас және педагогикалық психология. – Алматы, 1982.
- 10 Алдамұратов Ә. Оқушылардың грамматикалық ұғымдарды меңгеру психологиясы. – Алматы: Мектеп, 1983.
- 11 Выготский Л.С. Мышление и речь // Соч. : В 6 т. – М.: Педагогика, 1982. – Т. 2.
- 12 Кудрявцев В.Т. Проблема творчества и новое мышление в психологии // Историзм и творчество. – М., 1990. – Ч. 2.
- 13 Богоявленская Д.Б. Интеллектуальная активность как проблема творчества. – Ростов на / Дону, 1983.
- 14 Шунк Дейл Х. Оқыту теориясы: Білім беру көкжиегі. – Алматы, 2019. – 608 б.
- 15 Тер-Минасова С.Г. Тіл және мәдениетаралық коммуникация – Алматы, 2018. – 320 б.
- 16 Мұсаев С.А., Бегалиева Г.Б. Жас ерекшелік педагогикасы. – Астана: Фолиант, 2006.
- 17 Исақова С.С. Қазақ тіліндегі психология терминдері: филол. ғыл. канд. ... дисс. – Алматы, 2000.

## ЗАТ ЕСІМДІ КОГНИТИВТІ ОҚЫТУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҰСТАНЫМДАРЫ

Қазақ тілін меңгерудің әдіс-тәсілдерін анықтау, берілген білім көлемі мен мазмұнын нақтылау оқытудың педагогикалық заңдылықтарына сүйенгенде ғана жүзеге асады. Ж. Аймауытов баланы оқытудың ережелерін, заңдарын баяндайтын, оқытудың дұрыс жүйесін тауып, білімді тез меңгерудің шарттарын көрсететін педагогиканың бөлімі – дидактика екеніне ерекше мән береді, ол мәселелердің әлеуметтік маңызын беріп, түрлі қырынан оқып-үйренуге назар аударған.

Дидактика – педагогиканың білім беру және оны оқыту теориясын қарастыратын саласы. Ол білімнің мазмұнын, оқыту ұстанымдарын, оқуды ұйымдастырудың әдіс-тәсілдерін, білік пен дағды қалыптастырудың амалдарын зерттейді. Мұғалім материалды меңгерту үшін дидактиканың оқыту, білім беру жөніндегі заңдылықтарын сақтай отырып, теориялық қағидаларын басшылыққа алады. «Дидактикалық принциптер оқу үдерісінің жалпы мақсаттары мен заңдарына сай келетін оқудың жалпы мазмұнын, ұйымдастыру формалары мен әдістерін айқындаушы тірек тұжырымдар жиынтығы» [89, 182 б.].

«Принцип» деген сөз көптеген ғалымдардың ғылыми еңбектерінде «ұстаным» деп қолданылады. Оқыту ұстанымдары мұғалім мен оқушының бірлескен әрекетіне негізделеді. Дидактикалық ұстанымдар жөнінде ғалымдардың пікірлері әртүрлі болып келетінін айту керек. Қазақ балаларына педагогика ғылымының не екенін, дидактикалық ұстанымдарды тәрбие үрдісімен ұштастыруын алғаш рет түсіндірген адам, «Педагогика» еңбегінің авторы – М. Жұмабаев болды. Кейінгі уақытта еліміздің педагог-ғалымдары (М. Мұқанов, Н.Көшекбаев, Р.М. Қоянбаев, Ж.Б. Қоянбаев, С.Б. Бабаев) өздерінің теориялық еңбектерінде оқытудың барлық пәнге ортақ жалпы дидактикалық ұстанымдары мен әдістерін негіздеп берді. Дегенмен, педагог-ғалымдардың ұсынған дидактикалық ұстанымдарында бірізділік сақталмайды.

Бұл ғалымдардың ұсынған ұстанымдарының бастылары мыналар: ғылымилық, жүйелілік, материалды дұрыс орналастыру, алдын-ала болжау, саналылық, беріктік, теорияның тәжірибемен, өмірмен байланысы, көрнекілік.

Мектепте қазақ тілін оқыту мәселелерін зерттеген ғалымдар (Д. Әлімжанов, Ы. Маманов, Б. Құлмағанбетова, С. Қазыбаев, С. Рахметова, Ә. Исабаев, А. Әбілқажыев, т.б.) осы дидактикалық ұстанымдарды грамматикалық ұғымдарды оқыту, тіл дамыту мәселелеріне қатыстыра отырып талдайды. Мәселен, Б. Құлмағанбетова дидактикалық ұстанымдардың осы сегіз түрін ұсынса, Ф.Ш.Оразбаева мен С. Рахметова оқытудың түсініктілік, жеңілденауырға қарай ұстанымы, оқушылардың психикалық дара ерекшеліктерін ескеру ұстанымдарын қоса, тоғыз түрлі ұстанымын ұстанады. Ф.Ш. Оразбаева «алдын-ала болжау ұстанымы сабақтастық ұстанымына алдыңғы сабақта өтілген материалдың толықтырылатынымен ұқсас болғанымен, оның айырмашылығы алдыңғы сабақта оқытылатын материалды меңгертудің тиімділігін алдын-ала болжап, бастауыш сыныптарда өтілген тақырыптар жоғары сыныптарда толықтырылып өтілетініне сүйеніледі. Сабақтастық ұстанымында әр күн, әр тақырып, әр бөлім бір-бірімен сатылап байланысады», – деп ерекшелігін көрсетеді [90, 52 б.].

С. Қазыбаев дидактикалық ұстанымның тоғыз түрін беріп, оларда белгіленген талаптар барлық пәнді оқыту ісінде бірдей басшылыққа алынатынын айтады да, кейбір пәндегі оқу материалының түріне, олардың өтілу кезеңдеріне қарай ерекшеліктер болатынын, соның ішінде, көрнекілік ұстанымының (грамматиканы оқытуда таблица, схема, карточка, техникалық құралдар) ана тілін оқытуда өзгеше қолданылатынын көрсетеді [91, 8 б.]. Әдіскер Ә. Исабаев ұстанымдарының басқа әдіскерлердің ұсынған ұстанымдарынан ерекшелігі – оқушылардың психикалық ерекшелігін ескеру ұстанымын басшылыққа алуы [92]. Ал Ш. Әуелбаев, Ә.Наурызбаева, Р. Изғұттынова, С.Тәжімбетова бірлесе жазған «Ана тілін оқыту әдістемесінде» (1-сынып) бастауыш сынып оқушыларының жас ерекшеліктеріне қарай: оқытудың түсініктілік, есте берік сақтау, оқушының өзіндік ерекшеліктерін есепке алу, тәрбиелік ұстанымдарын белгілейді [93, 7-10 бб.].

Сонымен, ғалымдардың ұстаным туралы пікірлерін жинақтай келе, дидактикалық ұстанымдар жүйесінің құрылымы өмір талабына сәйкес сараланып, толықтырылып, өзгеріп отыратыны байқалады. Аталған ұстанымдардың барлығы да білімнің жан-жақты тиянақты, жүйелі, саналы, бірізді, терең, сапалы т.б.

берілуін мақсат етіп, қазақ тілін оқытудың тиімді әдіс-тәсілдерін ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Біз бастауыш сыныпта зат есімді когнитивті оқытуда жоғарыда аталған педагог ғалымдардың грамматикалық ұғымдарды меңгертуде ұстанған басты дидактикалық ұстанымдарын басшылыққа ала отырып, қарастырып отырған тақырыбымыздың ерекшелігіне қарай, когнитивті тілі білімі ұстанымдарына сүйендік.

Сондай-ақ, өз еңбегімізде Л.В. Занковтың дамыта оқытуға ұсынған дидактикалық жүйесін басшылыққа аламыз, себебі мұнда когнитивті құрылымдардың оқушыларда қалыптасуы алғаш негізделеді. Көрнекті әдіскер Л.В. Занков жүйесін талдаған О.В.Нестерова бұл туралы былай деп жазады: «Л.В. Занков бойынша, оқыту үдерісі кезінде білім, білік пен дағды емес, когнитивті (танымдық) түріндегі олардың психологиялы жаңа баламалы құрылымдары пайда болады.

Когнитивті құрылымдар – бұл ақыл-ой дамуының субстраты, білімнің бірқалыпты, шағын, жалпыланған-мәнде жүйелі түрде берілуі, ұзақ жадта сақталатын білімді пайдалану мен алудың әдістері. Олар психикалық іс-әрекетте көрінеді, яғни перцепцияда, ойлауда, сөйлеуде, ерікті әрекет деңгейінде, білім мен біліктің саны мен дәлдігінде. Күрделі құрылымдар қарапайым құрылымдардан құрылады. Жаңа құрылымдардың пайда болуы тікелей оқыту арқылы емес, интеграциялы үдерістер нәтижесінде пайда болады. Әр жаңа құрылым психиканың барлық сферасының (ақыл, ерік, сезім) өзара қатынасқа түсуінің жемісі болады да, жеке тұлғаны жоғары деңгейге тұтасымен көтереді» [94, 30 б.]

Л.В. Занковтың түсінігіндегі «жаңа құрылым» ұғымы когнитивті ғылымдағы басты категория болып саналатын концепт ұғымына жақын келеді. Осыған орай, ғалымның дамыта оқытуда сүйенген ұстанымдарының көпшілігі зат есімді когнитивті оқытуда басшылыққа алынды. Енді осы ұстанымдардың бірнешеуіне сипаттама беріп өтейік:

***Қиындық деңгейінде оқыту ұстанымы.*** Ғалымның ойынша, қиындық деңгейінде оқылатын құбылыстың түпкі мәнін оқушылардың тануынан туындайды, яғни оқушыларды таза ғылым мен мәдениеттің басты құндылықтарын білуге дағдыландыруға қатысты болады. Бұл ұстаным балаға кеңдік пен еркін бағытта жұмыстануға мүмкіндік береді, баланың ішкі



рухани күштерін ашуға негізделеді. Зат есімді когнитивті оқытуда оқушыларға зат есімнің түпкі мәнін ашу үшін зат есімді үлкен заттық жүйенің бөлшегі ретінде алу қиындық туғызғанымен, оны танып-білуде балалар жеңіл іске асыратындай жолдар іздестіріліп, ой еркіндігі беріледі де, ол өз кезегінде оқушының қызығушылығын туғызады.

**Жедел оқыту ұстанымы.** Мұнда үздіксіз білім беру басты меже болады, яғни бұл ұстаным оқушыларды жаңа, одан да жаңа біліммен тоқтаусыз байыта беруге негізделеді. Мұнда үздік оқитын және нашар оқитын оқушылардың тез үрдісте оқуына басты әсер етуші әдістеменің ерекшелігі бағдарламаның белгілі бір мәселесі әртүрлі тереңдік деңгейінде оқытылуында жатыр.

**Теориялық білімнің жетекші рөлі ұстанымы.** Бұл ұстаным бастауыш сатыдағы оқушылар нақты ойлайды деген дәстүрлі түсінікке қарама-қарсы ұсынылған ұстаным болатын. Бұл ұстаным бойынша зат есімді оқушыларға нақты ойлау арқылы қабылдаудан гөрі жалпы ойлауға жетелейтін теориялық білім арқылы тұтас оқыту көзделеді. Зат есім туралы басты қаланған білім зат есімді когнитивті оқытуда жетекші болып, оқушының басты сүйену негізі болатыны анық.

**Оқушылардың оқыту үдерісін ұғынуы ұстанымы.** Л.В. Занковтың басты жетістігі ретінде кеңінен тараған ұстаным болатын. Бұл ұстаным бойынша зат есімді тұтастай ғаламның тілдік бейнесінің бір бөлшегі ретінде оқыту мақсат екенін бастауыштағы оқушылар өз тарапынан саналы түрде түсініп отыруы қажет болады.

**Барлық оқушыларды дамыту үшін мақсатты бағытта және жүйелі жұмыс жүргізу ұстанымы.** Сыныптағы барлық оқушылар таным үдерісіне толық түрде қатысуы үшін осы ұстанымға сүйенеміз, яғни когнитивті оқыту әдістемесінде тақырыпты меңгеру үшін сабақ бір мақсатты бағытта және жүйелі түрде ұйымдастырылады. Бұл ұстаным негізінде ғаламның қарапайым бейнесіндегі зат есімдер жүйесін оқыту әдістемесін құрғанда жоғары нәтижелерге жетуге болатыны байқалды. Оқушыларды заттар мен құбылыстар арасындағы өзара байланыс пен қатынасын және басқа объектілермен қарым-қатынасын ашуға, белгісі, қасиетін ажыратып, талдауға, ой қорытуға үйретеді. Белгілі мақсат көздеп, жүйелі түрде берілген білім жақсы нәтиже береді.

**Зат есімді оқытудың когнитивті ұстанымдарын** енгізуді жөн көрдік.

**Ғаламның тілдік бейнесін қалыптастыру ұстанымы.** Бұл ұстаным ғаламның тілдік бейнесінің көрінісін нақтылауға құрылады. Сонымен қатар, ғаламның қарапайым бейнесі, ғаламның когнитивті бейнесі, ғаламның көркем бейнесін негіздеу болады. Бұл ұстаным ұласпалы сипатта жүреді. Бірінші бала өз отбасында ғаламның қарапайым бейнесін қабылдайды.

Ғаламның когнитивті бейнесі баланың танымдық әрекеті арқылы қалыптасады. Есейе келе ғаламның көркем бейнесін өз санасында негіздейді. Мәселен, ғаламның қарапайым бейнесі – «көктем» – *жыл мезгілі*. Ғаламның когнитивті бейнесіне – *көктемде күн жылиды, ағаштар бүршік жарады*, т.т. үлгілерді айта отырып, бала көктемнің бейнесін тұтас қабылдайды, көкжиегі кеңейеді. Ғаламның көркем бейнесіне – *көктем – тіршілік белгісі, көктем – жаңару* т.с.с. үлгілерді балалар айта алады. Зерттеуде зат есімді когнитивті оқытуға берілген басты концептілерде оның құрылымдық бірліктері арқылы халық өмірінің, дүниетанымының, шаруашылығының көріністері беріледі, концептілер ғаламның тілдік бейнесін құрайды.

Дүниенің тілдік бейнесі, ұлттық рухани болмысы әр халықта әртүрлі болады. Мысалы, мал шаруашылығымен айналысқан қазақ халқының көру, есте ұстау, ұлттық дүние бейнесін қабылдау қабілеті ерекше дамыған. Мәселен, олар күнтізбе болмаған кезде көктемнің туғанын жер астындағы жылан, саршұнақтардың жер бетіне шығуынан біліп отырған. Олардың тіршілігі табиғатқа етене жақын болғандықтан, табиғат құбылыстарының сырын терең танып, ұлттық рухани болмысын бейнелейтін атаулармен белгілеп отырған. Мысалы, «ұзын сары» (күннің ұзаруы), «құралай салқыны» (мамыр айының үшінші онкүндігінде), «мамыр» (барлық құстардың балапанын атайды) айында құстар ұя салып, балапан шығарады.

**Когнитивті модельдеу ұстанымы.** Бұл – тілдегі зат есімдердің бір ұғымдық аяға бірігіп, құрылымдық үлгілер құрауы. Басқаша айтқанда, концептінің мәнін тез ұғыну үшін тірек ұғымдар (сөздер) арқылы үлгісін ұсыну. Мәселен, *күз – жомарт мінез; күз – күрең шақ; күз – жанған жапырақ т.т.* Зат есімдерді бір концептіге енгізу, біріктіру, топтастыру. Мысалы, *Отан*

концептісіне: *жер, су, тау, бұлақ, ағаш, үй, көше; дала – туған жер, атамекен, жұрт, ел, көл, егін, аргымақ, көңіл; т.б.*

**Ұлттық менталдыққа сүйене дамыту ұстанымы.** Бұл ұстаным ұлттық мәдени кеңістіктегі зат есімдерді құрайтын ғаламның тілдік бейнесін көрсетеді. Концептінің атауыштық өрісіндегі тілдік бірліктердегі ұлттық мәдени тұрмысқа қатысты зат есімдер жүйесі бар ғаламның бейнесін дамыту. Мысалы, қазаққа тән мінез-құлықтар: *қонақжайлылық, бауырмалдылық, кішіпейілділік, өнерпаз, шешендік т.т..* Тамақтар-сусындар: *тары, құймақ, бөртпе, құрт, ірімшік, жент, малта т.т...* Киіз үй жабдықтары: *шаңырақ, уық, кереге, босаға, таяныш, маңдайша, сықырлауық, табалдырық, түндік т.т.*

Талдауға берілген тапсырмаларда кездесетін ырым, халықтың тәрбиелік дәстүрлері, ұлағатты ұлттық ұғымдары, жер-су аттарының тарихы, жан-жануар мен өсімдіктер дүниесі туралы деректер баланың танымын арттырып, ел тарихын, ата тегін тануға, салт-дәстүрін білуге қызығушылық туғызады. Бұл оқушының бастауыш сыныптан бастап ұлттық тұлғалық қасиеттерінің артуына жағдай туғызады.

**Когнитивті пәнаралық байланыс ұстанымы.** Когнитивті оқытуда бірнеше пәннің этнопедагогика, саз, сурет, дүниетану, математика, ұлт тағылымы материалдары қатар игерілетіндіктен, зат есімдерді оқыту пәнаралық ұстанымға сүйене дамиды. Концептілер бойынша зат есімді сурет салу, ән айту, дүниетану, математика, ұлт тағылымы пәндерінен алған білімдерімен байланыстырып меңгертсе, оқушылардың таным көкжиегі кеңейеді, білім дәрежесі көтеріледі.

Мысалы, «Адам» концептісі бойынша өткізілетін «*мамандық*» тақырыбындағы сабақта ата-бабаларымыздың ата кәсібі мен ел байлығын игеруге қажетті мамандық атауларын меңгерту үшін дүниетану пәні бойынша «Қазақстан картасымен» жұмыс жасалады. Картада бейнеленген Қазақстанның әр облысына тән шаруашылықты, еліміздің байлығын суреттеу арқылы осы байлықты игеру үшін, дамыту үшін бүгіндегі қажетті мамандық иелерінің атын атап, ол туралы ой қозғап, болашақта кім болатындарын қиялдауға ерік беріледі. Сол арқылы оқушыларды өз Отанының байлығын қорғап, соны игеру үшін қажетті кәсіпті таңдай алуға, әр мамандықтың ерекшелігін анықтауға, мамандық туралы мәлімет алуларына және туған өлкесіне еңбек етуге

тәрбиелеуге болады, өз ойларын толық жеткізуге үйретіледі.

Математика пәнімен байланыста алсақ, мезгіл, мерзім атаулары, математикалық өлең есептер, санамақ, жұмбақ, мақал-мәтелдерді көптеп қолдануға болады. Мысалы:

«Атты күнде мінсең – тулақ,

Аптада мінсең – қунақ,

Айында мінсең – ат,

Жылында мінсең – тұлпар» деген мақал-мәтелден оқушылар мерзім өлшемдері мен жылқының қасиетін анықтай алады. Немесе мерзім атауларын (жыл, ай, тәулік, күн мен түн):

«Бір ағаштың он екі бұтағы бар,

Әр бұтағында отыздан жапырағы бар,

Жапырақтың бір жағы ақ,

Бір жағы қара» – деп, жұмбақ түрінде беру – баланың ақыл-ойын, қиялын, ой ұшқырлығын дамытудың ұтымды тәсілі. Бұл – мұғалімнің қиялына, шабытына байланысты.

**Оқытуды жалпыдан жекеге, дерексіздіктен нақтыға және нақтыдан дерексіздікке қарай жүргізу ұстанымы.** Н.А. Менчинская: «Оқытуды сараланбаған-жалпыдан жекеге, мазмұнды-дерексіздіктен нақтыға және нақтыдан дерексіздікке қарай жүргізген тиімді», – дейді [95, 72 б.].


Сараланбаған-жалпы ұғымына ірі концептіні, мазмұнды дерексіз ұғымына концептілердің дерексіздігін жатқызуға болады. Мысалы, «Достық», «Отан» концептілеріне дерексіздік, ал «Адам», «Табиғат» концептілеріне сараланбаған жалпы белгілер тән. Осындағы дерексіздікті нақтылап оқытуда балалар ұғына алатын нақты бір айқын белгілерге не құрылымдық үлгілерге сүйенеміз. Мәселен, «Адам» концептісін *бала, қыз* кейпінде, «Достықты» балалар арасындағы *сыйластық*, «Отанды» *Қазақстан елі* деп түсінеді.

Ал нақтыдан дерексіздікке қарай оқытуда, керісінше, қыз бен бала «Адам», балалар арасындағы сыйластық «Достық», туған жер, Қазақстан «Отан» концептісіне жатады.

Когнитивті оқытуда осы ұстанымды ұстану өзінің нәтижелерін береді. Ірі концептілердегі зат есімдерді тұтас және бөлшектік қалпында оқушыларға ұсыну материалды ұғындыруды жеңілдетеді. Жоғарыда айтылған теориялық негіздер мен ұстанымдарға сүйене отырып, зерттеу барысындағы жетекші теориялардан туындайтын тұжырымдарға сәйкес бастауыш

мектепте зат есімді когнитивті оқытудың моделі жасалды (Кесте 2).

Кесте 2 – Бастауыш мектепте зат есімді когнитивті оқытудың моделі



Модель құрастыру негізіне бастауыш мектепте зат есімді когнитивті оқытудың теориялық негіздері алынды. Бастауыш сыныпта зат есімді когнитивті оқытудың моделі зат есімді когнитивті оқытудың мазмұндық жүйесін нақтылау және оның бағдарламасы мен әдістемесін жасау міндеттерін шешуді көздейді. Модельдің мақсат-міндеттеріне қарай өлшемдер когнитивтік, уәжділік-құндылықты, іс-әрекеттік деп бөлінеді.

Бұл мәселе негізінен американдық ғалым Б. Блумның таксономиясына сүйенеді (Кесте 3).

Кесте 3 – Бастауыш мектепте зат есімді когнитивті оқытудың өлшемдері, көрсеткіштері мен деңгейлері

Өлшемдері	Көрсеткіштері	Деңгейлері		
		жоғары	орта	төмен
1	2	3	4	5
Когнитивтік	Ұлттық танымды білдіретін заттық ұғымдарды түсіну, олардың когнитивті белгілерін айыра білу, ойлау қабілеті дамып, тілдік ойлауға ұласуы, танымдық қызметінің даму дәрежесі	Тақырыпты толық баяндайды, өз ойын еркін жеткізеді, ұлттық танымдық шеңбері бар, оларды әртүрлі тәсілдер көмегімен толық және белгілі бір жүйеде еске түсіреді, заттардың белгілерін меңгеруді өз бетімен жүзеге асыра алады	Тақырыпты баяндайды, өз ойын берілген үлгіге сәйкес мұғалім жетекшілігімен нақты формада жеткізеді, қосымша құралдарды толық пайдалана білмейді	Қарапайым үлгідегі тапсырмаларды орындайды, ойы, ұлттық танымдық түсінігі шашыраңқы
Уәжділік-құндылықты	Оқуға, дүниенің когнитивті бейнесін меңгеруге деген қызығушылық, құштарлық, ұлттық танымдық бағдарлауды құндылық ретінде тану	Білуге қызығушылығы басым, ұғым белгілерін меңгеруді өзбетімен жүзеге асыра алады, қатесін тауып, түзете алады	Білуге қызығушылығы бар, ұғым белгілерін меңгеруде мұғалім ықпалын қажет етеді, оны өз бетімен тануға сенімсіз, қатесін табады, бірақ оны түзете алмайды	Ұғым белгілерін меңгеруге қиналады, оқу материалының кейбір бөліктерін ғана қабылдайды
Іс-әрекеттік	Когнитивті белгілер арқылы концепті мазмұнын сипаттау, ұғымдарды қорыту, басқа ұғымдармен байланысы мен қатынасын анықтаудағы танымдық, шығармашылық жұмыс, ұжымдық өзара қарым-қатынасқа түсуі, сөйлеу мәдениетінің нормаларын меңгеруі	Заттардың мәнді белгілерін бөліп алады, мәнді және мәнсіз белгілері арасындағы айырмашылықты табады. Сабаққа белсене араласады, тапсырмаларды өзгертілген жағдайда түсініп орындайды, өзіндік көзқарасын білдіре алады	Ұғымдарды саналы түрде анықтайды, ұғымдардың мәнді және мәнсіз белгілерін өз бетімен ажыратуға қиналады. Сабаққа араласады, тапсырмаларды саналы түрде орындайды, бірақ мұғалім көмегін қажет етеді	Ұғымдар жүйесіне саналы түрде анықтама бере алмайды, ұғымдар арасындағы байланысты орнатуда қиналады, жекелеген операцияларды тізбектелмеген күйде орындайды. Сабақта енжар, тапсырмаларды орындауда қиналады,

Бастауыш мектепте зат есімді когнитивті оқытудың өлшемдері мен көрсеткіштерін айқындау үшін Б. Блум, А.В. Усова т.б. негізге алып, үш деңгейде анықтауға болады.

**Жоғары деңгейде** бастауыш сынып оқушысы барлық тапсырмаларды өзгертілген жағдайда түсініп орындайды, мәселелік жағдайды өз бетімен шешеді, қолдану тәсілдерін біледі, меңгерген білімін өмірде пайдалана алады.

**Орташа деңгейде** бастауыш сынып оқушысы тапсырмалардың көп бөлігінің мағынасын түсінеді, орындалуға тиіс әрекетті ережеге сәйкес негіздеп бере алады, қатесін таба алады. Шығармашылық тапсырманы жинақталған түрде орындай алады, оқу материалын мағынасы бойынша бағдарлай алады, меңгерген ұғымды жекелеген жағдайларда ғана пайдалана алады.

**Төмен деңгейде** бастауыш сынып оқушысы берілген ұғымдардың мәнін мұғалімнің басшылығымен ғана түсінеді, іс-әрекетті үлгі бойынша ойланбастан орындайды, тапсырманың мағыналық құрылымында бағдар жасай алмайды, тек жекелеген операцияларды тізбектелмеген күйде орындайды. Бұл қарастырылып отырған үлгі білім беру субъектілері мен объектілері арасында әрекет алмасуын басқаруды қамтиды.

Сонымен, зат есімді когнитивті оқытудың моделі мектеп табалдырығын аттаған, отбасы тәрбиесімен ғана өскен баланың санасындағы «дүниенің қарапайым бейнесін» одан әрі дамытып, «дүниенің когнитивті бейнесін» қалыптастыруға құрылады. Дүниенің когнитивті бейнесін қалыптастыру бастауыш сыныпта ірі концептілер беру арқылы жүзеге асады. Бұл мәселе жөнінде бастауыш мектептің оқу-тәрбие үрдісінде зат есімді когнитивті оқыту қағидаларын басшылыққа алып құрылған оқу-әдістемелік кешенде (2-тарауда) кеңінен тоқталамыз.

Тұжырымдай келгенде, мектептің бастауыш сатысында «дүниенің когнитивті бейнесін» толық қалыптастыру арқылы біз үздік оқитын, саналы түрде ойлай алатын, өз елін, халқын жанымен сүйетін, жан-жақты дамыған жеке тұлғаға қол жеткіземіз.

### **Бақылау сұрақтары мен тапсырмалар**

1. Қандай дидактикалық ұстанымдарды білесіз, оларға сипаттама беріңіз?

2. Зат есімді когнитивті оқытуда қандай ұстанымдар басшылыққа алынған?

3. Зат есімді когнитивті оқытуда қандай ұстанымдар енгізілген?

4. Зат есімді «Жаз», «Күз», «Қыс», «Көктем», «Табиғат», «Отан», «Адам», «Достық» сияқты концептілер арқылы оқыту дегенді қалай түсіндіресіз?

**1-тапсырма.** Зат есімді оқытудың когнитивті ұстанымдарына талдау жасап, ұстанымдардың өзара байланысын табыңыз.

**2-тапсырма.** Бастауыш сыныпта ірі концептілер беру арқылы дүниенің когнитивті бейнесін қалыптастыруға болатынын мысалдар арқылы дәлелдеңіз.

**3-тапсырма.** Бастауыш мектепте зат есімді когнитивті оқытудың моделі берілген кестеге талдау жазыңыз.

**4-тапсырма.** Зат есімді оқытудың когнитивті ұстанымдарына ғылыми түсінік беріңіз.

**5-тапсырма.** Бастауыш мектепте зат есімді когнитивті оқытудың өлшемдері мен көрсеткіштеріне талдау жасаңыз.

### **Студенттердің оқытушымен бірлескен өздік жұмыстары**

1. Ұлттық менталдыққа сүйене дамыту ұстанымына мысалдар жазып, талдау жасаңыз.

2. Дидактикалық ұстанымдарды тәрбие үрдісімен ұштастыруды алғаш рет түсіндірген ғалым және «Педагогика» еңбегінің авторы жөнінде хабарлама жасаңыз.

## **ЗАТ ЕСІМДІ КОГНИТИВТІ ОҚЫТУ АРҚЫЛЫ ҰЛТТЫҚ МЕНТАЛДЫҚТЫ ТӘРБИЕЛЕУ**

Оқу-білімнің, тәлім-тәрбиенің түп қазығы үлгі берер ұстазда. Сол себепті, жаңа дәуірдің, жаңарған елдің мұғаліміне қойылар талаптың жүгі ауыр. Бүгінгі қазақ мектебі мұғалімінің кәсіби парызы – жас ұрпақты ұлттық рухта, өз ана тілінде, өз ата салтында, заман талабына сай сапалы оқытып, сауатты тәрбиелеу және мемлекеттік тілдің қолдану аясын білім беру жүйесі арқылы іске асыру.

Қазақ ұлттық мектебінің басты мақсаты – жаһандану үдерісінде қазақ ұлтының ежелден бойына жиған бар құндылықтарын сақтап, арттыру. «Ұлттық тәлім-тәрбие алмаған



жастың ұлттық рухы болмайды» деген қағиданы берік ұстанған ұлт зиялылары Ахмет, Міржақып, Мағжан, Жүсіпбектерден басталған берік ұстанымды ұлттық танымды оқушылардың бойына сіңіретін әдістемеге ұстаным етіп алу – біздің мақсатымыз.

Тәрбие қоғамдық құбылыс ретінде ұлттық тәрбиеден бастау алады. Әр ұлттың өзіндік психологиясы, тілі, діні, салт-дәстүрі бар. Бұлар баланы ұлт өкілі ретінде тәрбиелейді. Қ. Жарықбаев пен С. Қалиев: «Бала ұғымына, танымына лайықты кеңестерде айналадағы дүние мен адамның өзара қарым-қатынасын әр қырынан қамтыған сан алуан ақпараттар аз болмайды. Мұнда оқу мен еңбек, ойын мен өнер, сондай-ақ, адамның жақсы-жаман қасиеттері, елін сүю, ата-ананы құрметтеу, үлкенді сыйлау, мамандық алу, т.б. үлгі-өнегелер бала санасына біртіндеп құйыла береді» – деп айтқандай, қазақ тілі сабағында өмірден, оқулықтар мен түрлі кітаптардан грамматикалық тақырыпты түсіндіруге алынған мысалдар арқылы берілетін біліміміз, тәрбиеміз танымсыз, ұғымсыз іске аспайтынын көрсетеді [96, 61 б.].

Жалпы қазақ халқы бала тәрбиесіне терең мән беретіні соншалық, баланың бұл өмірде пайдалы азамат болып қалыптасуына дүниеге келген күнінен бастап ержеткенге дейінгі аралығын ұқыптылықпен зерделеген. Адам баласының тәрбиеге деген көзқарасы қай заман тұрғысынан алып қараса да, біртұтас жүйе және ол іштей бірнеше түрге бөлінеді.

Бүгінде қабылданған мемлекеттік тұжырымдамаларда білім беруде мынадай құндылықтарға қол жеткізу көрсетілген: тұлғалық құндылықтар (адам ары мен мәртебесі); отбасылық құндылықтар (ата-ана, отбасылық дәстүрлер); мемлекеттік құндылықтар (Отан сүйгіштік, патриотизм); ұлттық құндылықтар (ана тілі, ұлттық салт-дәстүр); жалпы адамдық құндылықтар (ар, намыс, достық, сыйластық, мәдениет, шындық, сұлулық, қайырымдылық т.б.). Тәрбиелеу мәселесінде, әсіресе, бала бойына осындай адамзаттық құндылықтарды сіңіру ең қиыны болмақ. Баланың өскен сайын өмірдің құпия сырларын ашуға деген танымдық қызығушылығы арта түседі. Олардың осы қызығушылығын жойып алмай, одан әрі дамытудағы ұтымды жол баланың саналы білім алуына ғана емес, дүниетанымын тәрбиелеуге де жол ашады.

Қазақ тілі сабағында зат есімді когнитивті оқытуда оқушыларды ұлттық менталдыққа тәрбиелеуде халық педагогикасының алатын орны ерекше. Себебі, халықтық тәрбие

қазіргі жағдайларда балаларды тәрбиелеудің күрделі мәселелерін шешуге көмектеседі. Бастауыш сынып балаларының бойына ұлттық менталдықты қалыптастыру қазақ тілі сабағында зат есімді меңгерту кезінде пайдаланылған дидактикалық материалдар мазмұнында болмақ. Қазақ балаларына ұлттық тәрбие беру негізінен бастауыш сыныптарда, соның ішінде, ана тілі, қазақ тілі пәндері арқылы жүзеге асады.

Барлық халықтардың педагогикасында негізгі мәселелердің бірі – ана тілі мәселесі болды. Сондықтан бастауыш сынып балаларын ана тілінің уызына жарытып қана қоймай, олардың ұлттық рухпен, салт-дәстүр, әдет-ғұрыптан мейлінше сусындауына ерекше көңіл аударымыз қажет.

Тілдің мәдени аспектісін зерттеген Г.Н. Смағұлова: «Тіл білімінде қазақ ұлтының таным парасатын, Жарық дүниені танудағы көркемдік көк жиегін, ой-қиялын жана ғасыр табалдырығында тұрған жас буын, келер ұрпақ алдында ұлттық мәдени ерекшеліктерін өз жасаған тілі арқылы зерделеу – ең маңызды мәселе», – дейді [97, 5 б.].

Ә. Табылдиев былай дейді: «Игі әдет көппен қайталанып, ол әдет-ғұрыпқа (қолданысқа) айналады, әдет-ғұрып ұлттық қолданыста әдеп болып қалыптасады да, ұлттық мәдениет белгісін көрсетеді, ұлттық мәдениет белгісі (әдеп) жалпы ұлттық қолданыста дәстүр деп аталады, дәстүр ұлттық заңға айналса, ол – салт болады, салттың ұлттық санада қалыптасқан көрінісін салт-сана дейміз» [98, 20 б.]. Сөз арқылы ұлттық мінезге тән тәрбие беріледі, мәселен, балаға кішкене кезінен айтылып, құлағына құйылатын фольклордың тәрбиелік мәнін атасақ та жеткілікті.

Б. Сүлейменова: «Жырларда мінез-құлық нормаларына, сәлемдесуге аса мән беріледі. Сондықтан батырлар жырында бетпе-бет жүздесіп қалған екі жақтың батырлары тұтқиылдан бір-біріне бас салмай, ең алдымен сөз қағыстырады», – деп жазады [99, 47 б.]. Тәрбие – ана тілімен қатар берілетін үрдіс болғандықтан, сол жағымды құндылықтарды білдіретін сөздердегі ұлттық танымды оқушыларға ұғындырмай, ұлттық ойлауды қалыптастыру мүмкін емес. Жалпы, С.С. Қожагелдиева жазғандай: «Адалдық, әділдік, шыншылдық, мейірімділік, қайырымдылық т.б. сезімдерден сәйкес ұғымдарға ана тілінсіз көшу мүмкін емес» [100, 41 б.].

Бала қай тілдің когнитивті бейнесін қабылдады сол тілде сөйлейтін ұлттың мінезін қабылдайды. Мысалы, қазақтың қонақжайлығы бұрыннан ұлттық белгіге айналып кеткені белгілі, өйткені оның негізінде ғасырлар бойы кең далада көшпелі мәдениетпен өмір сүрген, кең пейіл жатқаны дау туғызбайды.

Дүниенің когнитивті бейнесінен туындайтын ұлттық нышандардың дамуының этнопедагогикасымен айналысқан Ә.Табылдиев ұлттық салт-сананың қалыптасу жүйесін былай көрсетеді: «Игі әдет, әдет-ғұрып, әдеп, дәстүр, салт, салт-дәстүр, салт-сана, мәдени сәулет, мәдени негіздер» [98, 20 б.]. Жалпы алғанда, ұлттық мінезді көрсететін ең басты белгі әдет-ғұрып, салт-сана екені мәлім. Мұның астарында ұлттық ойлаудың көрсеткіші болатын когнитивтік негіздер жатқаны анық.

Мәселен, символ категориясын алайық. Символды зерттеген ғалым Қ.Т. Қайырбаева өз зерттеуінде: «Символ белгілі бір мазмұн идеясымен тығыз байланысты, ол өз кезегінде басқа бір, неғұрлым құнды мәдени мазмұнды білдіру қызметін атқарады. ...қай ұлттың болмасын өзінің ұзақ даму тарихында эстетикалық ұғым-түсініктеріне, шаруашылық кәсібіне, мінез-құлыққа, ырым-нанымы, салт-дәстүр ерекшеліктеріне байланысты сүйкімді образдары, сөз-символдары болады», – деп тұжырымдайды [101, 133 б.].

Мысалы, қазақтар үшін *жылқы* – киелі, қасиетті жануар, ата-бабалар әлемінің символы. *Аққу* – қазақ үшін киелі құс, яғни символ. Қазақ тіліндегі «аққуды атпа, досыңды сатпа» деген нақылда осы символдық мән назарға алынып тұр, ал орыс тіліндегі «лебединая верность» дегенде оның моногам құс екендігі, яғни басқа қасиеті айтылады. Дүние суретінің бұл бөлшегінің негізінде тотемизм нанымдары жатқаны анық, яғни қазақ үшін *аққу* – тотем (кие).

Символды көрсететін бұл ұлттық когниция туралы А.Әмірбекова былай дейді: «Символдың негізі – бейне. Бірақ бейне ұлттық мәртебе алып, бір ғана қасиеті арқылы символдық мәнін сақтап қалады. Келе-келе қосымша семалар көрінбей, ұқсату арқылы қалыптасқан бейне символға айналып, кейін бейнелілігін жояды. Символ мағынаға сілтеме жасайды, бірақ сол мағынаны сипаттай алмайды. Ал бейне ақиқат дүниені ұғынуды тереңдетеді. Символ оның формасын, моделін көрсетеді [56, 36 б.]. Сонда зат есімді сөз-символдарды, сондай-ақ, терең де күрделі мазмұнды

концептілік құрылымды бастауышқа оқыту арқылы ұлттық мінез-құлықты дамытуға болады.

«Дүниенің қарапайым бейнесі» «дүниенің когнитивті бейнесіне» ауысқанда ұлттық нышандардың негізі қаланады да, балалар санасында ұлттық діл қалыптаса бастайды. Ұлттық діл (менталитет) ұлттық менталдыққа алып баратын алып басқыш, сондықтан да ғаламның тілдік бейнесінің құрамындағы ірі концептілерді бастауышта оқыту қажет. Осы когнитивті негізде оқыту жүйесін құру – бастауыштан бастап, балаларға жағымсыз құлықтардан арылуға септігін тигізері сөзсіз.

Ұлттық мінез, ұлттық менталдылық сөздер арқылы бала психикасына беріледі де, ұлттық ділмен араласып, көптеген ғасырлар бойына сол ұлттық қасиетті сақтайды. Алайда, заман өзгерген сайын сөздермен бірге тіл де бірге жасасып, өзгерістерге түседі де, сонымен бірге, ұлттық мінез де өзгерістерге ұшырайды.

Белгілі философ І. Ерғали: «Адамның дүниемен байланысы, оны тануы – белгілі ұлттық жағдайда қалыптасатындықтан, дүниетанымның ұлттық белгілері болады. Ол белгілер мен көріністер осы халықтың менталитетіне (діліне) тәуелді. Бұл – халықтың бейнелер дүниесі, символдары (рәміздері) мен салт-жоралары, сезіну, ұғыну ерекшеліктері», – дейді [65, 181 б.].

Дүниетаным, дүниенің тілдік суреті, ұлттық менталды ойлау тек ұлттық психологияның сүзгісі арқылы көрініс табады.

Қ. Аймағамбетова: «Дүниетанымға ұлттық психологияның да әсері мол. Ұлттық психология өмір сүретін ортаға қарай салт-дәстүр тұрғысынан көрініп, адамның мінез-құлқы арқылы өзгереді», – деп жазады [102, 14 б.].

Дүние суреті ұлттық таным мен ұлттық мінез-құлық негізінде туғандықтан, онда міндетті түрде екі ұғым қатар өріледі, сондықтан немісте бар сөз орыста жоқ, ағылшындағы сөз орыста жоқ болуы – табиғи қалыпты құбылыс. Мәселен, ағылшын тілінде «жұманың кеші, сенбі және жексенбі» – *weekend*; «уақыттың екі апталық кезеңі» – *fortnight*; ал қазақ тілінде жексенбі – *демалыс* болса, өзбек, түрік тілінде – *базар күні*. Яғни, қазақ фольклорынан хабары жоқ қазақ баласы ұлттық менталды түрде ойлау мен ұлттық тәрбиемен өседі деу қате екені сөзсіз, себебі қазаққа тән тұрмыс нышандары жаһандану заманындағы қалаларда болмайтыны бәріне белгілі.

Қорыта айтқанда, зат есімді оқыту барысында бүгіндегі балаларда толық көрінбей бара жатқан ұлттық менталды ойлау мен ұлттық таным, ұлттық мінез, ұлтжандылық сияқты сезімдерді олардың бойына дарыту, сол қалыпта тәрбиелеуді когнитивті оқыту әдістемесі арқылы жүзеге асыруға болады.

1) Зат есімді «Жаз», «Күз», «Қыс», «Көктем», «Табиғат», «Отан», «Адам», «Достық» сияқты концептілер арқылы оқыту ұлтымыздың ұлттық танымына және ұлттық тәрбиесіне негізделеді.

2) Грамматикалық жаттығулар мен оқуға берілген әрбір дидактикалық материалдар оқушыны жан-жақты тәрбиелеуге лайықталған. Білім, білік, дағдыны қалыптастыру, бекіту үшін берілетін жаттығу, тапсырмаларды орындау, когнитивті сипаттағы ойындарды ойнау үстінде балалардың білімі, олардың санасындағы дүниенің қарапайым бейнесі тереңдеп, ұлттық танымы кеңейіп, өмірден мәліметтер алып қана қоймайды, ойлау, есте сақтау, зейінін бір нәрсеге шоғырландыру, елестету, қиялдау сияқты қабілеттері дамиды.

3) Үй тапсырмасын орындауда балалар қазақ халқының салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, тұрмыс-тіршілігі, мәдениеті, тарихы жөніндегі мағлұматтардан ұлттық құндылықтарды түсініп, бағалай білуге үйретіледі, өз бетімен іздену, әдебиеттермен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастырылады.

4) Қазақ тілі пәніне арналған сыныптан тыс шараларда, әдеби кештер, сайыстар, тәрбие сағаттарында «Достық», «Отан», «Адам» концептілері бойынша проблемалық жағдаяттар, ойтолғау, шығарма жазу жұмыстары барысында өз пікірін айту, дәлелдей білуге үйрету арқылы балалардың бойына рухани адамгершілік қасиеттерді игерту, патриоттық сезімін ояту жолдары қарастырылады.

5) Пәнаралық байланысты үйлесімді жүргізіп, сол материалдар негізінде таным көкжиегін кеңейтіп, балаларды адамгершілікке, қарапайымдылыққа, еңбек сүйгіштікке, эстетикалық сезімге тәрбиелеуге болады.

### **Бақылау сұрақтары мен тапсырмалар**

1. Ұлттық ойлау дегенді қалай түсінесіз?
2. Ұлттық мінез, ұлтжандылық қасиеттердің бала дамуындағы

маңызы қандай?

3. Балалардың бойына ұлттық менталды ойлау мен ұлттық таным, ұлттық мінез, ұлтжандылық сияқты сезімдерді дарыту, тәрбиелеуді когнитивті оқыту әдістемесі арқылы жүзеге асыру дегенді қалай түсінесіз?

4. Менталды ойлау, ұлттық таным, ұлттық мінез, ұлтжандылық ұғымдарына қандай анықтама беруге болады?

**1-тапсырма.** Ұлттық және жалпыұлттық құндылықтарға сипаттама беріңіз.

**2-тапсырма.** Ұлттық діл (менталитет), ұлттық менталдық ұғымдарына түсінік беріңіз.

**3-тапсырма.** Оқушылардың тұлғалық құндылықтарын қалыптастыруға арналған тапсырмалар дайындаңыз.

**4-тапсырма.** Отбасылық құндылықтарға тәрбиелеу мақсатындағы тапсырмалар дайындаңыз.

**5-тапсырма.** Мемлекеттік құндылықтарға тәрбиелеу мақсатындағы тапсырмалар дайындаңыз.

**6-тапсырма.** Ұлттық құндылықтарға тәрбиелеу мақсатындағы тапсырмалар дайындаңыз.

**7-тапсырма.** Жалпы адамдық құндылықтарға тәрбиелеу мақсатындағы тапсырмалар дайындаңыз.

### **Студенттердің оқытушымен бірлескен өздік жұмыстары**

1. Балалардың бойына ұлттық менталды ойлау мен ұлттық таным, ұлттық мінез, ұлтжандылық сияқты сезімдерді дарытуға арналған тапсырмалар жүйесін дайындау.

2. «Жаз», «Күз», «Қыс», «Көктем», «Табиғат», «Отан», «Адам», «Достық» концептілеріне ұлтымыздың ұлттық танымын және ұлттық тәрбиесін қалыптастыратын мәтіндер жинақтау, тапсырмалар дайындау.

### **Пайдаланылатын әдебиеттер**

- 1 Қазыбаев С. Қазақ тілі методикасы. – Алматы: Рауан, 1990.
- 2 Исабаев Ә. Қазақ тілін оқытудың дидактикалық негіздері. – Алматы: Қазақ университеті, 1993.
- 3 Нестерова О.В. Педагогическая психология в схемах, таблицах и опорных конспектах. – М.: Айрис пресс, 2008.

4 Менчинская Н.А. Проблемы учения и умственного развития школьника. Избранные психологические труды. – М.: Педагогика, 1989.

5 Жарықбаев Қ., Қалиев С. Қазақ тәлім-тәрбиесі. – Алматы: Санат, 1995.

6 Смағұлова Г.Н. Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық-мәдени аспектілері. – Алматы: Ғылым, 1998.

7 Табылдиев Ә. Қазақ этнопедагогикалық оқытудың дидактикалық негіздері: пед. ғыл. докт. ... автореф. – Алматы, 2004.

8 Қайырбаева Қ.Т. Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың символдық мәні: филол. ғыл. канд. ... дисс. – Алматы, 2004.

9 Бабаев С.Б. Бастауыш мектеп педагогикасы. – Алматы: Заң әдебиеті, 2007.

10 Шунк Дейл Х. Оқыту теориясы: Білім беру көкжиегі. – Алматы, 2019. – 608 б.

## **БАСТАУЫШ МЕКТЕПТЕ ЗАТ ЕСІМДІ КОГНИТИВТІ ОҚЫТУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҮЙЕСІ**

Бастауыш сыныпта дүниенің когнитивті бейнесін қалыптастыруда игерілетін білім, білік, дағды жеке тұлғаның танымдық іс-әрекетіне байланысты болғандықтан, олардың танымдық әрекетін дамытуға бағытталған жүйелі оқыту үдерісі ұйымдастырылады. Сондықтан зат есімді когнитивті оқыту дидактикалық негізде (білім беру жүйесі, көлемі, мазмұны, оны меңгертудің ұстанымдары мен әдіс-тәсілдері, оқытудың жаңа технологиялары) қарастырылады.

Біздің қарастырып отырған тақырыбымыз – сөз таптары, соның ішінде, зат есімнен меңгертілетін білім мазмұнын үйрету әдістемесі. Бастауыш сыныпта грамматикалық ұғымдарды бірден меңгеру балаларға оңай емес.

Грамматика ережелер мен анықтамалардан, күрделі қағидалар мен заңдылықтардан тұрады. Грамматикалық заңдылықтарды ұғыну адамның ақыл-ой әрекеттері болып табылатын ойлау тәсілдерін меңгере білуіне тікелей байланысты. Мысалы, заттардың, құбылыстардың аты зат есім деп аталуының себебін, зат есімнің түрлері жалпы және жалқы есімдер туралы түсіндіргенде, олардың бір-бірінен негізгі өзгешеліктерін көрсетумен қатар, ұқсастықтарына да баса назар аударып,

қорытынды жасау нәтижесінде оқушыларда «зат есім», «жалқы есім», «жалпы есім» деген бөлек ұғым пайда болады.

Зат есім – өзіне тән лексикалық та, грамматикалық та мағыналары бар, өзге сөздермен әр алуан қарым-қатынасқа түсе алатын дербес сөздер. Морфолог-ғалым А. Ысқақов өз еңбегінде: «Зат деген ұғым тек күнделікті өмірде кездесетін әдеттегі жай нәрселерді ғана емес, табиғат пен қоғамдық өмірдегі ұшырасатын әр алуан құбылыстар мен уақиғаларды, ұғымдар мен түсініктерді де қамтиды», – деп зат есімнің лексикалық-семантикалық сипаты салалы да, қарымды да екенін айта келіп, тілдегі өзге сөздердің барлығына әрі ұйтқы, әрі өзек болып қызмет атқаратын сөз табы екенін сипаттайды [31, 134 б.].

Ал «Қазақ грамматикасында» зат есім былайша сипатталады: «Айналамыздағы қоршаған дүниедегі зат пен жан-жануар атаулыға, барша құбылыс пен уақиға-болмыс атаулыға есім, атауыш болып келетін сөздердің бәрі – зат есімдер. Лексикалық тұрғыдан алғанда, зат есімдер өз алдына мағыналық дербестігі бар, заттық ұғымды білдіретін сөздер. ...Зат есімдер тікелей сезім арқылы тануға болатын дүниедегі нақтылы нәрселерден (су, жылқы, тағам, жел, дауыл, жейде, тал, терек, у-шу, айқай) бастап, адамның тек ақыл-ой қабілетінің жәрдемі нәтижесінде ғана түсінілетін түрлі абстракт ұғымдардың (наным, шама-шарық, ынсап, нарық, мінез-құлық, кәде-жора, ырым, пікір, тентектік, ұялшақтық) аттарын да білдіре алады» [103, 442 б.].

Қазақ тілінде атаушы сөздерге енетін сөз таптарының ішіндегі зат есімнің тілімізде сөйлеу үрдісінде алатын орны, атқаратын қызметі орасан. Балалардың өзін қоршаған орта туралы алғашқы түсініктері мектепке дейінгі кезеңде-ақ қалыптасып, олардың сөздік қорында негізінен зат есімдер көп болады.

Олар 1-сыныпқа оқуға келгеннен бастап, сауат ашу кезеңінен-ақ, әліппеде берілген суреттердің, айналасындағы заттар мен құбылыстардың атын атап үйренеді, олардың мағынасын түсінеді, сол сөздерді қатыстырып, 2-3 сөзден тұратын сөйлем құрайды, сөйтіп сөздік қорлары молаяды, сөйлеу кезінде үйренген сөздерін қосып айтады. Онан әрі мектепте оқу барысында қоғам, табиғат құбылыстары мен заңдылықтары туралы нақты білім қалыптастыруға болатындықтан, оқушылар бастауышта өзіне тән мағынасы бар тілдегі көптеген сөздің өмірдегі заттар мен табиғат құбылыстарының атауы екенін түсініп, олардың санасында



ғаламның қарапайым бейнесі тереңдей түседі.

Қазақ тілі грамматикасы жүйесінен білім қарапайым түрде 2-сыныптан бастап беріледі. Зат есім тақырыбы бойынша оқушылар алғашында, 1-сыныпта «сөз» тақырыбы бойынша зат, заттың аты туралы қарапайым грамматикалық ұғымдарды және затты танытуда грамматикалық сұрақтардың ерекше мәні барын түсінеді. Бұл жерде, алдымен, оқушыларды заттан оның атын білдіретін сөзді дерексіз ой арқылы бөліп алуға дағдыландыру қажеттігі ескеріледі. Заттың атын білдіретін сөз туралы ұғым берілгеннен кейін, сол сөздерге сұрақ қоя білуге дайындау жұмысы жүргізіледі де, әрі қарай оның лексикалық-грамматикалық жалпы белгілерімен тереңдеп таныса түседі.

Жаңартылған білім беру бағдарламасы бойынша жазылған оқулықтарда ортақ лексикалық тақырыптар мазмұнында оқушылардың танымын, ойлауын, шығармашылығын дамытуға байланысты жаттығулар мен тапсырмалар жақсы қамтылған. Бұл өз кезегінде зат есімді когнитивті тұрғысынан оқытуға септігін тигізеді.

Бүгінде әдістеме ғылымы даму үстінде. Білім мазмұнын жаңарту, білім беру жүйесін дамыту – өмір талабының объективті заңдылығы. Әр халықтың тарихи мәдени және әлеуметтік-экономикалық ерекшелігі диалектикалық бірлікте қарастырылып, мектептегі білім мазмұнын жаңартудың негізгі көзі болуы тиіс. Соңғы кезеңде педагогика ғылымында когнитивті оқыту әдістемесі зерттеле бастады. Осы ғылымның негізінде біз бастауышта зат есімді концептілер арқылы оқыту және оның тиімділігін анықтау мақсатында когнитивті оқытуды еңбегіміздің өзекті тақырыбы етіп алып, тәжірибе жұмыстарын жүргіздік.

Н.Ә. Тойбазарова өз зерттеуінде морфологиядан берілетін білім мазмұнын жүйелеуде: «...бастауыш сынып оқушыларына тек «қатаң, формальды» морфологияны оқытып келген тәжірибеміз арқылы ондай білім мазмұнының балалардың ұлттық, адамгершілік қасиеттерінің дамуына тигізетін әсерінің «әлсіздігі» де белгілі» дей келіп, морфология туралы ғылыми мәліметті оқушыларға меңгертуде тұтас дүниенің бейнесін көрсете алатын жүйелі білім мазмұны берілуі керектігін айтады [46, 81 б.].

Сондықтан кіші мектеп жасындағы балалардың зат есім туралы танымын кеңейту үшін, яғни заттар мен құбылыстардың түрлі қасиеттерін анықтап, олардың жалпы, жеке белгілерін

жылдам табуға, топтауға, өзара байланыстыруға, жалпылауға және оқушылардың есін, ойлауын, сезімін, қиялын дамыту мақсатында олардың ұғымына жақын басты-басты концептілерді алып, тақырыпқа сай, жаттығулар мен тапсырмалар зат есімнің семантикалық топтарына, яғни «*адам аттары, туыстықты білдіретін сөздерге, мамандыққа қатысты, жануарлар, құс, жәндіктер, өсімдік, заттар мен түрлі құбылыс атауларына, т.б.*» қарай негізделгені жөн. Себебі зат есімнің осы семантикалық топтары «*Адам*», «*Отан*», «*Табиғат*», «*Достық*», «*Жаз*», «*Көктем*», «*Қыс*», «*Күз*» т.б. сияқты ірі концептілерді бере алады. Зат есімді концептілер арқылы оқытқанда, оқушылар зат есім туралы білімді меңгеріп қана қоймай, олардың танымдық мүмкіндіктері, қабілеттері мен таным көкжиектері кеңейеді. Әр концептіге қатысты заттың атын білдіретін сөздермен танысқанда сөздік қорлары шектелмей, молая түседі.

Сондықтан дүниенің қарапайым бейнесінің басты бөліктерін құрайтын концептілерді, сол арқылы оның ішіндегі зат есімдерді мектеп бағдарламасына енгізіп, тақырып ретінде берсек, оқушыларға анағұрлым жеңілдірек болады. Сол сияқты бастауыш сынып балаларына «концепт» терминін қолданбай-ақ, басты-басты деген концептілерді ұсынып, мектеп бағдарламасына енгізсек, грамматиканы меңгертуді жеңілдетеміз.

Бұл еңбекте танымдық қабылдауға құрылған осындай басты мәселелердің негізін салған Ы. Алтынсарин, А. Байтұрсынов, Ж.Аймауытов, Қ. Жұбанов, С. Жиенбаев т.б. ғалымдардың ой-тұжырымдарын бүгінгі білім беру үдерісінде іске асыру қажеттілігі туындап отыр.

Мәселен, Ж. Аймауытовтың «Комплекспен оқыту жолдары» атты оқу-әдістемелік еңбегінде комплексті оқытудың артықшылығы мен оқу бағдарламасында берілген тақырыптарды талдайды. Ол бастауыш мектептің 1-2-сыныбына арналған оқу тақырыптары мен жұмыс жоспарын береді. Оқу тақырыптары жыл мезгіліне қатысты болатын құбылыстарға лайықталып алынады. Комплекс жүйесінде пәндер бірігіп, бір жолмен, бір арнамен ағып, араласып оқылатындықтан, бала өмірді, құбылысты өзі бақылап, зерттеп, өмірмен байланыстырып оқиды, нәрсені тұтас, түйдек түрінде ұғынады.

Мысалы, «Қыс басы» тақырыбының мазмұны: *Қысқы ауа мен күзгі ауаны салыстыру. Даланың түрі, қар, оның жұқалығы,*

*шаруаға әсері, жер тоң болып, мұз қату, терезе қыраулану. Қыстап қалатын құстар, көбік қарда тойынатын мал. Шана жолы. Ит, мысық сияқты үй хайуандарының қысқы тұрмысы. Құдықты, суатты күту. Күннің қысқаруы. Адамның кеш жатып, ерте тұруы. Еркек, әйел, балалардың күндізгі жұмысы.*

*Жаттығу: Қысқы жаратылыс, жұмыс, құс, мал туралы әңгіме оқу. Өлең жаттату. Қыстайтын құстарды атау. Қысқы тұрмысын сөйлету, жеке сөздер, қысқа сөйлемдер жазғызу, оңай нәрселердің суретін салдыру т.б. немесе «Малдың күтімі» тақырыбы төрт түлік мал, олардың пайдасы, жасын айыру, жасына қарай аттары, түсі, түгі, қай мал қай шөпті жақсы жейтіні, малдың орны, арықтау себебі т.б. мазмұнда келеді. [104, 40-46 бб.].*

Ол комплексті оқыту жүйесінің пән жүйесінен артықшылығын салыстыра көрсетіп, комплексті оқыту деп: «өмірдегі құбылыстарды, нәрселерді бір тақырыптың, бір пікірдің төңірегіне жинап, қосып, түйдектеп, біріктіріп оқытуды», – айтады. Ж. Аймауытовтың «комплексті оқыту» жүйесінің өзіндік ерекшелігі бірнеше пәндер бірігіп, араласып оқытылады. Ғалымның кіші мектеп жасындағы баланың өмірді, құбылысты өзі бақылап, зерттеп, өмірмен байланыстырып оқу арқылы нәрсені тұтас түрінде ұғынуы жөніндегі педагогикалық көзқарастары бастауыш сыныпта зат есімді когнитивті оқытудағы ой-пікірімізбен үндесіп жатады.


Бұл оқу құралында зат есімді когнитивті оқыту бастауыш мектептің алғашқы буынында ұғынылған баланың санасындағы «дүниенің қарапайым бейнесін» одан әрі дамытып, «дүниенің когнитивті бейнесін» қалыптастыруға құрылады.

## **БАСТАУЫШ МЕКТЕПТЕ ЗАТ ЕСІМДІ КОНЦЕПТІЛЕР АРҚЫЛЫ ОҚЫТУДЫҢ МАЗМҰНЫ**

Дүниенің когнитивті бейнесін қалыптастыру ірі концептілер беру арқылы жүзеге асады. Концептілердің құрылымдық бөліктері зат есімдерден тұратындықтан, когнитивті оқыту әдістемесі моделін зат есімдердің ішкі мазмұндық жағына басты көңіл бөле оқытуға құрамыз. Сонымен қатар, бала санасында бастауыш сатыда қалыптасқан «дүниенің когнитивті бейнесі» орта және

жоғары сатыда қаланатын «дүниенің көркем бейнесі», «дүниенің ғылыми бейнелерінің» алғышарты болуы тиіс деп санаймыз.

Ғалымдардың тұжырымдарына сүйене келе, бастауышта зат есімді когнитивті оқытудың жалпы моделін былайша беруге болады (Сурет 1).



Сурет 1 – Зат есімді когнитивті оқытудың жалпы моделі

Сонымен, жоғарыда аталған ғалымдардың ой-тұжырымдарына жүгіне отырып, концептілер жүйесі мен грамматикалық ұғымдарды ұтымды байланыстыру – зат есімді когнитивті оқытуға үлкен септігін тигізеді деп есептейміз. Осылайша оқытуда оқушылар зат есімді басты тақырыппен араласа қабылдайды, сондықтан грамматикалық тақырыптарды оқығандай шаршай қоймайды. Когнитивті үлгі бойынша оқытуда оқушылар үлкен қызығушылықта отырады да, сұрақтар мен тапсырмаларды белсенді түрде өз беттерімен орындайды.

Оқушылардың санасындағы «дүниенің когнитивті бейнесін» қалыптастыру мақсатын орындау үшін концептілердің құрылымдық бөліктері жекелеген тапсырмалар арқылы

меңгертіледі. Міне, осы кезде, оқушыларға зат есімдер молынан ұсынылады, себебі концептінің бөліктері зат есімдерге құрылады. Тек бір жайт, концептілерді ұсына оқытуда мұғалім ғылыми терминдерді қолданбау керектігін ескертеміз.

Қорыта келгенде, дүниенің когнитивті бейнесінің басты концептілерінің құрылымы жиынтығынан бастауыш мектепте зат есімді концептілер арқылы оқытудың мазмұны келіп шығады. Ол мынадай үлгіде жасалды (Кесте 5).

*Кесте 5 – Зат есімді когнитивті оқытудың мазмұнының үлгісі*

Бастауыш мектепте зат есімді когнитивті оқытудың мазмұны			
Концепті аты	Концепті құрылымының бірліктері		Тапсырма түрі
1	2		3
Отан	фрейм	туған жер, ана, атамекен, ауыл, қала, тарих, Астана т.т.	ассоциация құру когнитивті белгілерін анықтау аналогия жасау сұрақ қою, салыстыру зат есімнің септелуі когнитивті белгілер арқылы концепт мазмұнын сипаттау
	схема	Қазақстан жері, қалалар, өзен, көл, тау т.т.	сурет салу арқылы когнитивті белгілерін анықтау Қазақстан картасы
	сценарий	туған жер, өскен жер, қызмет ету, отанды қорғау, ел рәміздері, оны құрметтеу т.т.	сөйлем құрау әңгіме жазу суретпен жұмыс зат есімдерді табу оқиғаның себебін атау
	ойсурет	Отан – сенің ата-анаң, Отан – досың, бауырың. Отан – өлкең, астанаң, Отан – аудан, ауылың. Отан – тарих, Отан – тіл,	шығарма жазу өлең құрастыру жұмбақ шешу еліміздің болашағы туралы қиялдау
Адам		Жасаған елің, өз халқың. Отан – өлкең, отан – жыр, Көтерген көпке ел даңқын. Отан осы, достарым, Көңілге оны түйе біл! Отан деп өсіп жас жаның, Оны ардақтап сүйе біл!	«Атаңның баласы болма, еліңнің баласы бол» танымдық ойыны сурет салу
	фрейм	тірі жан, ойлайды, сөйлейді, тілі, ұлты, мінезі, діні, мамандығы, отбасы, ағайын-туыс, ұлы адамдар т.т.	ассоциация құру когнитивті белгілерін анықтау заттың жалпы, жеке, өзгеше белгілерін табу, салыстыру когнитивті белгілер арқылы концепт мазмұнын сипаттау
	схема	басы, қолы, аяғы, денесі, балалар ойнайды, адамдардың көңіл-күйі,	отбасы суретін салу жеті атасын жазу адамдардың көңіл-күйін бейнелеу

		тігінші тігеді т.т.	зат есімдерді табу
	сценарий	туады, өседі, сөйлейді, ойнайды, оқиды, жұмыс істейді, өледі т.т.	Ата, әже, әке, ананың, өзіннің, атақты адамдардың өмірін әңгімелеп жазу адамзат атаулары, септік, жіктік жалғауларын табу
	ойсурет	адамның іс-әрекетін суреттеу т.т.	өскенде кім болам! Балаарманын, қиялын беру адамға ең жақын кім? Атақты адамдар бейнесін сомдау, сипаттау
Табиғат	фрейм	аспан, жер, қоршаған дүние, ауа райы, күн, табиғат құбылыстары, топырақ, жан-жануар, жыл мезгілдері т.т.	ассоциация құру когнитивті белгілерін анықтау заттың жеке белгілерін табу, жалпылау, салыстыру сөздердің байланысын анықтап,
	схема	орман, тау, шөл, дала, өзен, көл т.т.	ауа райын болжау табиғат құбылыстарын бейнелеу
	сценарий	табиғат өзгереді, табиғат алмасады, жел тұрады, найзағай ойнайды, жанбыр жауады, ағаш өседі т.т.	сөйлем құру ертегі жазу, қорытынды ой айту құрылымдық үлгілерін беру зат есімнің септелуі, жіктелуін талдау сөйлем мүшесіне талдау
	ойсурет	балалардың санасындағы көркем бейнелер, ұшқан құс, секірген аң т.т.	тірек сөздер, суреттер бойынша мәтін құру, табиғаттың тұтас бейнесін беру (сурет салу, өлең)
Күз	фрейм	жыл мезгілі, айлары, қыркүйек, қазан, қараша, ауа райы, егін, жаңбыр, сарғайған жапырақ, жеміс-жидек, алғашқы қоңырау, табиғат құбылыстары, жан-жануар т.т.	ассоциация құру когнитивті белгілерін анықтау заттың жеке белгілерін табу, салыстыру құрылымдық үлгілері арқылы концепт мазмұнын сипаттау
	схема	орман, тау, шөл, сары дала, құраған ағаш, өзен, көл т.т.	күзгі табиғат көрінісін беру табиғат құбылыстарын бейнелеу зат есімдерді табу
	сценарий	таң суыйды, күн салқындайды, жанбыр жауады, егін жинайды, құстар жылы жаққа ұшады т.т.	сөйлем құру күзгі еңбекті әңгімелеу (егін даласы, бау бақша) заттың қасиеттерін атау сөйлем мүшесіне талдау
	ойсурет	А.Құнанбаевтың «Күз» өлеңі	сурет бойынша мәтін құру өлең, әңгіме бойынша сурет салу
Қыс	фрейм	желтоқсан, қаңтар, ақпан, қар, мұз, аяз, таза ауа, боран, қырау, шана, тон т.т.	когнитивті белгілерін анықтау заттың жеке белгілерін табу, жалпылау, салыстыру құрылым үлгілері арқылы концепт мазмұнын сипаттау
	схема	аппақ дала, боран, аңдар іздері т.т.	қысқы табиғат көрінісін елестету балалардың қысқы ойыны аң іздерін салу
	сценарий	қар жауады, боран соғады, қырау тұрады, су қатады т.т.	қысқы табиғат бейнесін суреттеу балалардың қысқы ойынын, адамдардың қысқы еңбегін әңгімелеу аңшы әңгімесіне мәтін құру

	ойсурет	А.Құнанбаевтың «Қыс» өлеңі	қысқы табиғат көрінісін тұтас сипаттау зат есімдерді топтастыру
Көктем	фрейм	сең, су, күн нұры, құстар, жануарлар, бәйшешек, ағаш, бүршік, Наурыз, Жеңіс күні т.т.	ассоциация құру когнитивті белгілерін анықтау заттың жеке белгілерін табу, салыстыру когнитивті белгілер арқылы концепт мазмұнын сипаттау
	схема	күн нұры, су, ұшып келе жатқан құстар, жасыл дала	көктемгі табиғат көрінісі көктемгі адам еңбегін елестету
	сценарий	қар ериді, сең жүреді, жылғалардан су ағады, құстар ұшып келеді, ағаштар бүршік жарады, адамдар жеңіл киінеді, мал жайылады, адамдар қуанады т.т.	көктемгі табиғат өзгерісі адамдардың қуанышын әңгімелеу ұлттық мейрамдар сұрақ қою арқылы мәтін құру зат есімнің септелуі, жіктелуі сөйлем мүшесіне талдау
	ойсурет	А.Құнанбаевтың «Жазғытұры» өлеңі	көктемгі табиғат көрінісін тұтас елестету, сурет салу Наурыз мейрамын суреттеу
Жаз	фрейм	маусым, шілде, тамыз, жасыл дала, күн нұры, жайлау, демалыс т.т.	ассоциация құру когнитивті белгілерін анықтау заттың жеке, өзгеше белгілерін табу, салыстыру
	схема	жасыл дала, жайылған мал, күн нұры, суға шомылған балалар т.т.	жазғы табиғат көрінісі жазғы адам еңбегі жайлау көрінісін елестету
	сценарий	күн ысиды, егін шығады, жайлауда мал жайылады, балалар ойнайды, адамдар суға түседі т.т.	тірек сөздер арқылы сөйлем құру «жайлау» суретімен жұмыс адамдардың жазғы тіршілігін әңгімелеу зат есімдерді септеу, жіктеу сөйлем мүшесіне талдау
	ойсурет	жайлау, жазғы демалыс т.т.	жаз бейнесін тұтас елестету «жазғы демалысты» қалай өткізетінін қиялдау, жоспар құру
	фрейм	адалдық, көмек, ақыл-кеңес, әңгіме-сыр, құпия т.т.	ассоциация құру кіммен кім, немен не дос? концептінің құрылымына енетін сөздердің байланысын анықтау
Достық	схема	----- (дерексіз ұғым)	
	сценарий	бірге ойнайды, сабақ оқиды, жұмыс істейді, сыр шертеді т.т.	кітап – біздің досымыз Құстар – біздің досымыз Адамға адам дос, бауыр тақырыбында ой қозғап, дос мәнін ашу, қорытынды ой шығару Ұлттар достығы /әңгіме жазу/ зат есімдерге сұрақ қою, сөйлем мүшесіне талдау
	ойсурет	-----	-----

Концептілерді құрылымдық бөліктеріне қарай бөлу кезінде, ерекшеленген басты заңдылық фрейм – сөз, сөз тіркестерінен, схема – сөз тіркестерінен, сценарий – сөйлемдерден, ал ойсурет – кішігірім

мәтіннен, күрделі синтаксистік тұтастықтардан, яғни шығармадан тұратыны байқалды. Мысалы, «Күз» концептісін тезаурустік, ассоциациялық, құбылысты байқау, салыстыру, компонентті талдау тәсілімен тануда, алдымен, оның *жыл мезгілі, күннің салқындауы, жаңбыр, сарғайған жапырақ, егін, жеміс-жидек, мектепке бару* секілді когнитивті белгілері анықталып, топтастырылады. Балалар күздің көрінісі мен табиғат құбылысын көз алдына елестеткенде, оның жалпыланған кескіні *сары дала, құраған ағаш, құстардың қайтуы* сияқты бейнені көз алдына әкелді. Күздің солғын табиғат көрінісі немесе күздің молшылығын түсіндіруде тілдік жағдаят туғызып, жинақталған ақпараттарды пайдаланып, ішкі ойын жинақтауға, оны жүйелі баяндап, тиянақты түрде жеткізуге мүмкіндік беріледі. Балалар анықтаған деректерді жүйелі байланыстырып, сөйлемдер құрады. Шығармашылық белсенділікті тудыруда балаларға есіне сақтаған бейнелерді суреттеуге немесе оларды жанартып, соның негізінде жаңа бейнелерді ойлап табуға, қиялдауға тапсырма (сурет салу, мәтін құру) беріледі. Күздің тұтас бейнесін қалыптастыруда өлеңдер оқылып, салыстырмалы талдау немесе суретпен жұмыс жүргізіледі. Концептінің құрылым үлгілері арқылы ой тұжырымдалады («Күз – береке айы», «Күз – қызған еңбек», «Алтын күз»).

Сонда концептілердің когнитивті белгілерін анықтау сөйлеу әрекеті арқылы жүреді. Ал сөйлеу әрекеті қатысымдық тұлғалар арқылы жүзеге асады. Қазақ тіл білімінде алғаш қатысымдық тұлғалардың теориялық негізін айқындаған ғалым Ф.Ш. Оразбаева өзінің «Тілдік қатынас: теориясы мен әдістемесі» еңбегінде қатысымдық тұлғаларға фразеологиялық тіркестерді, сөйлем және мәтінді жатқызады және сөйлеу үдерісінде қатысымдық тұлғаларды қолдану үшін оқушылардың ауызша сөйлеу дағдылары мен икемділіктері болуы керек деп есептейді. Концепт құрылымында берілген тапсырмаларды орындау барысында оқушылардың сөздік қорлары үнемі молайып, оларды өз ойларын тұжырымды етіп айтып, сауатты жазып жеткізе алуда ұтымды пайдалана алады. Концептілік құрылымдар арқылы оқыту – бастауыш сынып оқушыларының ауызша және жазбаша сөйлеу дағдыларын жетілдіруде тиімді тәсіл. Тағы бір ерекшелік, «Достық» концептісі дерексіз болғандықтан, оның схемасы мен ойсуреті болмайтыны анықталды. Балаларға «концепті», «фрейм», «сценарий» т.т. терминдерді қолданбай түсінік, бөлік, түр сөздерін қолдандық. Концептілердің бөліктері, негізінен, зат есімдерден тұратындықтан, зат есімдер араласа ұсынылып,



түсіндіріліп отырды. Зат есімді когнитивті оқытуда концептілерді негізге ала отырып, грамматикалық ұғымдарды оқушыларға игертуде тұтас дүниенің бейнесін көрсете алатын жүйелі білім мазмұны берілуі керек деп санаймыз. Бастауыш сыныпта зат есім, жалқы есім мен жалпы есім, жалқы есімнің жазылу емлесі, зат есімнің жасалу жолдары, зат есімнің түрленуі (көптелуі, тәуелденуі, септелуі, жіктелуі) мен сөйлемдегі қызметін меңгерту жоғарыда аталған концептілерді оқыту барысында берілетін жаттығулар мен тапсырмаларда жүзеге асырылады. Бастауыш сыныпта зат есімді когнитивті оқытуда берілген материалдардың күнтізбелік жоспары құрастырылды (Кесте 6).

Кесте 6 – Зат есімді когнитивті оқытуда берілетін материалдардың күнтізбелік үлгі-жоспары ( Барлығы – 20 сағат)

Сағат саны	Оқу материалдарының мазмұны		
	Тақырыптар (концепт)	Тапсырмалар түрі	
		когнитивті тапсырма	грамматикалық тапсырма
1	2	3	4
3	Отан	когнитивті белгілерін анықтау (жинақтау, топтастыру, жіктеу, жалпылау, арасындағы байланысты түсіну, түсіндіру, салыстыру, мәнді белгілерін бөліп көрсету) бейнелерді көз алдына елестету оқиғаны, құбылысты байланыстыру, жүйелі түрде әңгімелеу, суреттеу немесе оларды жаңартып, соның негізінде жаңа бейнелерді ойлап табу (мәтін құру, сурет салу) концептінің құрылымдық үлгілері арқылы ой тұжырымдау	зат есім туралы білімдерін жинақтау, одан әрі тереңдету сұрақ қоюға үйрету зат есімнің септелу жүйесін, септік жалғауларының емлесін меңгерту зат есімнің жіктелуі туралы түсінік беру сауатты жазу, сөйлеу дағдыларын жетілдіру сөздік қорын байыту, байланыстырып сөйлеу дағдысын дамыту
3	Адам		
3	Табиғат		
2	Күз		
2	Қыс		
2	Көктем		
2	Жаз		
3	Достық		

Сонымен бірге, зат есімнің адамзат атаулары мен ғаламзат атаулары және жанды және жансыз зат есімдер деп аталатын түрлерін де оқыту көзделеді. Бастауыш сыныпта зат есімдерді когнитивті оқытуда «адамзат атаулары мен ғаламзат атаулары» және «жанды зат есімдер мен жансыз зат есімдер» деген зат есімнің түрлерін оқыту бала ұғымына сай келеді деп есептейміз.

Бұл тақырыпқа «Қазақ грамматикасында» мынадай түсінік беріледі: «Зат есімдердің тағы бір тобын ғаламзат есімдері мен

*адамзат есімдері* деп атауға болады. Адамға қатысты есімдерге кісінің аты-жөнінен бастап, оның барлық әлеуметтік, қоғамдық жай-күйін, хал-ахуалын білдіретін (ағайын, жекжат, қарындас, құдаша, дәрігер, қойшы-қолаң, жарлы-жақыбай) атаулар жатады да, ал адамнан өзге өлі және тірі табиғат біткеннің бәріне қатысты атаулар (жартас, төбе, шыбын-шіркей, үміт, тілек, қой-ешкі, қалам, кітап) *ғаламзат есімдері* делінеді. Зат есімдердің бұл екі тобының бір-бірінен түбегейлі айырмашылығы – адамзатқа қатысты есімдер әлбетте кім? деген сұрақтың, ал ғаламзатқа қатысты есімдер не? деген сұрақтың жауабы ретінде айтылады» [103, 443 б.].

Тілдердің өзге жүйесінен, айталық, өзге текті орыс тілінен түркі жүйелі тілдерді, соның ішінде, қазақ тілін ерекшелеп, даралап көрсетіп тұратын белгілердің бірі – осы адамзат есімдері мен ғаламзат есімдеріне тән қасиеттер мен белгілер. Лексикалық мағынасы тек адамды, кісіні білдіретін зат есімдер ғана жіктеу есімдіктерінің барлық түрімен (мен, сен, ол, біз, сіз) предикаттық қатынаста айтыла алады, ал зат есімнің басқа түрлері болса, олар еш уақыт жіктеу есімдіктерінің бірінші, екінші жағымен предикаттық қатынасқа түсе алмайды. Есім сөздердің жіктелуін түркі тілдерінің морфология жүйесінің өзге тілдерден, айталық, еуропа тілдерінен басты бір ерекшелігі деп білуіміз керек. Мәселен, орыс тілін алатын болсақ, ондағы есім сөздерде мұндай жіктелгіштік қасиет жоқ. Ал түркі тілдерінде есім сөздердің жіктелуі – оның баяндауыш болатындығының кепілі. Мысалға, әйел, ұшқыш, жұмыскер, сен жұмыскерсің, ол көрші.

Адамға білдіретін зат есімдер мен адамнан тысқарғы ұғымды білдіретін зат есімдерді бір-бірінен ажырату үшін кей түрколог ғалымдардың орыс тілінде жазған еңбектерінде «категория лица и не лица» деген терминдерді қолданған да кезі бар. Мұндағы «лицо» деп отырғаны «кісі», «не лицо» деп отырғаны – «кісі емес, кісіден басқа» деген түсінік.

Нәрселер мен құбылыстардың, жан-жануарлардың аты болып келетін зат есімдердің адамға тән әр алуан қасиетін бейнелі түрде көрсету үшін кейде көркем әдебиетте, көбінесе, поэзияда, жоғарыда аталған «адам» ұғымындағы зат есімдердің орнына жүретін кездері де болады. Мұндайда олар жіктік жалғауында келе береді.

Мысалы:

*Дулат деген еліңмін, Асуы жоқ белиңмін (Жамбыл).*

*Хан емессің, қасқырсың, ... қара шұбар жылансың*  
(Махамбет).

Бір-бірімізбен тілдесіп сөйлескен кезімізде кім? деген сұрақты тек адамға ғана байланысты қоюға болады. Сонымен бірге, бұдан тыс фольклор шығармалары мен діни ұғым-нанымда және поэзияда адам бейнесінде ұшырайтын образдар жөнінде ғана кім? деп сауал қоюымызға болады дейді ғалымдар. Бұлардан өзге барша жан-жануар мен нәрсе атаулары не? деген сұраққа жауап береді. Зат есімнің бұл екі тобын бір-бірінен даралайтын басты бір белгі – осы.

Ал орыс тілінде кім? (кто?) деген сауалды адам мен барша кеудесінде жаны бар мақұлыққа қолданылатыны, не? (что?) деген сауалды өлі табиғат денелері мен өсімдіктер дүниесіне қатысты есімдер жөнінде қолданылатыны белгілі. Бұл жерде балаларға қазақ тілінің ерекшелігін таныту үшін «жанды, жансыз зат есімдерді» оқыту әрі қызықты, әрі оқушылардың зат есімге қатысты ұғымдарды жүйелі меңгеруін қамтамасыз етеді. Бұл тақырып балаларға қиындық тудырмайды, себебі, өлі табиғат, тірі табиғат туралы ұғымдарды 1-сыныптан-ақ дүниетану пәнінен меңгере бастайды.

Бастауыш сыныпта зат есімді концептілер бойынша оқытуды ұсына отырып, мынадай қорытындыға келеміз: Сөз таптары ішінде зат есім – басқа сөз таптарын меңгертудің негізі, алғашқы жолы және адамның жеке тұлғасын қалыптастыруда, бүкіл өмір тәжірибесін жинақтауда маңызды роль атқарады.

Зат есімді оқыту – жоғары сыныптарда зат есімге тереңдеп бойлаудың дайындық сатысы. Сол себепті зат есімді грамматикалық жағынан ғана таныту жеткіліксіз. Сондықтан ана тілін, оның әр алуан өмірлік қызметін, оның ішінде, зат есімді ұлттық танымдық негізде танытудың қажеттігі бастауыш сыныптан мақсатты түрде алға қойылады. Ал мұның өзі жеке тұлғаны дамытуға негізделген жаңа әдістер мен оқытудың жаңа технологияларын тиімді пайдаланудың қажеттігін дәлелдейді.

### **Бақылау сұрақтары мен тапсырмалар**

1 Бастауышта зат есімді концептілер арқылы оқытудың тиімділігі неде?

2 Қазақ тілін, оның әр алуан өмірлік қызметін, оның ішінде,

зат есімді ұлттық танымдық негізде танытудың қажеттілігі неліктен бастауыш сыныптан мақсатты түрде алға қойылады?

3 Когнитивті оқытудың бұрынғы танымдық оқытудан басты ерекшелігі қандай?

**1-тапсырма.** «Әліппе», «Қазақ тілі» пәндері бойынша жаңа оқу-әдістемелік кешеніне талдау жасаңыздар.

**2-тапсырма.** Қазіргі бастауыш сынып оқулықтарында зат есімнен берілген білім мазмұнын анықтап, оның оқыту әдістемесіне салыстырмалы талдау жасаңыз.

**3-тапсырма.** Берілген кестедегі күз концептісін когнитивті оқытудың мазмұнына талдау жасаңыз.

Бастауыш мектепте зат есімді когнитивті оқытудың мазмұны			
Концепті аты	Концепті құрылымының бірліктері		Тапсырма түрі
1	2		3
Күз	фрейм	жыл мезгілі, айлары, қыркүйек, қазан, қараша, ауа райы, егін, жаңбыр, сарғайған жапырақ, жеміс-жидек, алғашқы қоңырау, табиғат құбылыстары, жан-жануар т.т.	ассоциация құру когнитивті белгілерін анықтау заттың жеке белгілерін табу, салыстыру құрылымдық үлгілері арқылы концепт мазмұнын сипаттау
	схема	орман, тау, шөл, сары дала,	күзгі табиғат көрінісін беру
		қураған ағаш, өзен, көл т.т.	табиғат құбылыстарын бейнелеу зат есімдерді табу
	сценарий	таң суыйды, күн салқындайды, жаңбыр жауады, егін жинайды, құстар жылы жаққа ұшады т.т.	сөйлем құру күзгі еңбекті әңгімелеу (егін даласы, бау бақша) заттың қасиеттерін атау сөйлем мүшесіне талдау
	ойсурет	А.Құнанбаевтың «Күз» өлеңі	сурет бойынша мәтін құру өлең, әңгіме бойынша сурет салу

**4-тапсырма.** Бастауышта зат есімді концептілер арқылы

оқыту мазмұнына өз көзқарастарыңызды, ұсыныстарыңызды жазыңыз.

## **Студенттердің оқытушымен бірлескен өздік жұмыстары**

1. Концептілердің құрылымдық бөліктеріне (фрейм, схема, сценарий, ойсурет) тапсырмалар дайындаңыз.
2. Когнитивті тапсырмаларды концептілер бойынша жүйелеңіз.

## **ЗАТ ЕСІМДІ КОГНИТИВТІ ОҚЫТУДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ҰСТАНЫМДАР МЕН ӘДІС-ТӘСІЛДЕР**

Оқу-тәрбие үрдісінде инновациялық әдіс-тәсілдерді қолдануда жалпы орта білім беретін мектептерге қойылған талаптарға сүйенеміз. С.А. Көшімбетова өз зерттеуінде оқытудың инновациялық әдіс-тәсілдерін пайдалану мына жағдайда:

– әрбір оқушының жеке даму ерекшеліктері мен қабілеттері ескеріліп, оқытудың саралап оқыту әдісі мен жеке танымдық әрекетіне тән дағдыларды қалыптастыру үшін дамыта оқытуды жүзеге асырса;

– әрбір оқушының пәнге деген қызығушылығы мен білімге деген сенімін арттыру үшін деңгейлеп оқыту жүзеге асырылса;

– әрбір оқушы білімінің берік, тиянақты, сапалы болуы үшін модульдік оқыту жүйесі жүзеге асса ғана тиімді болатынын көрсетеді [105]. Когнитивті оқыту әдістемесінде оқушының қоршаған ортаны жекелеген ірі концептілік бөліктер арқылы тануы бірінші кезекте болады. Ф.Ф. Харисов былай деп жазады: «Білімді меңгеру мен жалпылаудың негізі танымдық әрекет болып табылады, сондықтан оны бала өзі шешетіндей етіп ұйымдастыру керек. Материалды игерудің танымдық сипаты, оны өзі жеке жүзеге асыру, тілдік материалды белсенді шығармашылықта қолдану оқушылардың ойлау әрекетін дамытады» [106, 43 б.]. Танымдық тұрғыдан оқытудағы басты ерекшелік оқушының жалпы танымы аңғарылады және оқушының өзіндік танымы мен ой қорытуы жетіледі. А.Е. Әбілқасимова: «Танымдық ізденімпаздықты жеке тұлғаның сан қырлы білім алуы ретінде қарастыруға болады, бұл білім алу танымдық әрекетке сезім, таным және ерік процестерінің нәтижесі болып табылатын өзін-өзі

икемдеу көрінісімен, танымдық уәж бен ізденімпаздық мінез-құлық тәсілдерінің синтезімен, оқушының мінез-құлқындағы танымға деген тұрақты көзқараспен сипатталады», – деп жазады [107, 14-15 бб.].

Л.В. Петленко бастауышта алғашқы морфологиялық ұғымдарды жүйелі оқытылса, оқушылардың бірқатар жетістіктерге ие болатынын жазады, яғни: «оқытудың табиғи бейнелілігін, жүйелілігін анықтайды, дамытудың тиімділігін күшейтеді». Сонымен қатар, ол: «табиғи бейнелілік – білімнің, дағдының дамуын, алдында қабылданған білім мен жаңалардың арасында логикалық байланыстың орнауын біртұтас жүйе ретінде қамтамасыз етеді. Ал жүйелілік орыс тілінің сөз таптары жүйесін тұтас қабылдауға, логикалық өзара байланыстың өзектенуіне жағдай туғызады. Дамытудың тиімділігі теориялық ойлаудың интенсивті жағдайын қамтиды» [108, 115-116 бб.].

Бастауыштың алғашқы сатысында балалардың танымдық қызығушылығы күшті болады. Осы инстинктік сипаттағы қызығушылықты білім беру мазмұнымен ұштастыру – әдістемедегі қиын іс. Білім беру мен дағдыландыруды қатар жүргізу бала танымы мен оның ойлау жүйесіне негіздеу арқылы жүзеге асырылады. Осы кезде алғашқы морфологиялық ұғымдар жүйесін білім берудің негізгі діңіне енгізу арқылы тұтас жүйе құруға болады. Әсіресе, зат есімді бастауыш сыныптарда оқытуда оларды қасаң сипаттағы ережелер арқылы оқытудан гөрі танымдық қызығушылықты күшейтуді басты іргетас ретінде алған әдістеме дұрыс болатыны сөзсіз.

Когнитивті педагогиканың басты тетігі адамның өзіндік интеллектуалды шеңберіне байланысты құрылатындықтан, тілдік ойлауға жетелейтіні сөзсіз. Жалпы балалардың ойлауы танымдық әрекеттен туындаған соң, тілдік ойлау сатысына көтеріледі, сондықтан когнитивті педагогиканың басты мақсаты осыған құрылған.

Когнитивті педагогиканың басты мақсаты да – өзіндік ерекшелігіне сәйкес оқыту әдістерінің кешенді түрін дамыту. Когнитивті оқытудың бұрынғы танымдық оқытудан басты ерекшелігі – оқушыларды кесек-кесек ірі концептілік жүйелер бойынша немесе «дүниенің тілдік суретінің» ірі бөліктері бойынша оқыту. Алдымен, мұнда енді орныға бастаған «ғалам бейнесіне» сүйене дамып келе жатқан жас баланың ойлау

деңгейіне алғашқы грамматикалық бірліктер мен ұғымдарды араластыра беру арқылы жүзеге асырылады. Оқушы мен мұғалімнің өзара қарым-қатынасынан, олардың ділінен, психологиялық жарасымдылығынан туындайтын оқыту әдістерінің ішінде когнитивті оқыту енді ғана қалыптаса бастағандықтан, мұнда басты күш түсетін өлшем – ұлттық таным мен ұлттық ойлау немесе осы екеуінің толық біріктіріле берілуі деп санаймыз. Оқыту әдістерінің когнитивті әдістемедегі басты ерекшелігі – оқушыларды ұлттық ойлаудың биік шыңына жеткізу. Бұрын көне Грецияда шешендік өнердің үйретіліп, оқытылғаны сияқты қазақ халқында ұлттық таным мен ұлттық ойлауға балаларды ұмтылдырған өзіндік дала мектебі болған. Ислам канондарын оқытатын молдаларды есептемегенде, қазақтың би-шешендерін, ақын, жырауларын дайындайтын қазақы дала мектебінде ұлттық ойлаумен қатар ұлттық психологияны меңгертетін ұлттық танымға құрылған өзіндік оқыту жүйесі болғанын біле бастадық. Барлық ұлттық салт-дәстүрлерді қатаң түрде басшылыққа алған бұл оқыту жүйесі когнитивті әдістерге құрылғаны бүгінде анық байқалып тұр.

Н.Ж. Құрманова өз зерттеуінде қазақ танымы туралы былай дейді: «Оқушыны танушы субъект ретінде ала отырып, таным үдерісінің жалпы заңдылықтарын оқу-танымдық қызметпен байланыстыра отырып қана жаңа идеялардың практикаға енгізілуін ғылыми ізбен жүргізу оң нәтиже бере алады. Қазақ халқында таным мәселесі барлық уақытта аса өзекті болған. Қазақ жырауларының: Айға барып келсе де,

Алтын үйге кірсе де,

Қызыққа тоймас адамзат, – деген толғауындағы «қызық» сөзі – таным қызметі, дүниені тану, соны қызығушылықпен танып-білу дегенді білдіріп тұрғаны белгілі. Осындай халықтық негізден бастау алып, ғылыми ілімдер жасалуына дейін үзілмей келе жатқан ұлттық таным маржандарын ана тілін оқытуда да негізге алынуы заңды» [109, 15 б.].

Қазақ когнитивті педагогикасына шешендер мен билердің тәлім-тәрбиесі жататыны мәлім. Мәселен, Сырым батырдың Малайсарыға баруы немесе Қазыбек би, Бала би, Бөлтірік шешендердің шәкірттерді сынаулары мен баталарын атауға болады. Дүниенің тілдік суретін ұлттық мінезді танытушы бояуға толы үлгілер арқылы қабылдау қалыпты жүруі үшін жеңілден

қиынға ұстанымы сақталынады.

Когнитивті педагогика халықтық педагогикамен қашан да астасып жатады, сондықтан оқушыға бұл екеуінің әдістері қатар берілсе, тиімді болары анық. Себебі бүгіндегі тілдік білімді халықтық педагогикаға барынша жуық келетін когнитивті педагогикамен негіздеп, астастыра беру оқушылардың санасына неғұрлым жеңіл болады. Зат есімді немесе басқа да грамматикалық ұғымдарды қарапайым тілдік концептілер көлемінде және мағыналық тезаурустық шеңберде беру оларды қабылдауда балаға да, оқытуда мұғалімге де жеңілдік тудырады.

Когнитология ғылымы адамның танымдық әрекетін зерттейді, ал когнитивті тіл білімі адам танымының жемісі болатын оның тілінде орныққан күрделі құрылымдарды қарастырады, сондықтан когнитивті әдістеме адамға қатысты ой-әрекеттің, тілдік ойлаудың адам санасында орнығуын зерттейді десек қателеспейміз.

Танымдық әрекет өзінен-өзі жүзеге асырылмайды, оны жүйелі жүргізіп, қалыптастыру қажет. Ал осы үрдіс барысында алдымен қандай жұмыстың атқарылуы тиіс екенін айқындау, олардың саналы әрі тиімді болуы бастауыш сынып мұғалімінің зат есімді когнитивті оқытудың мақсат-міндеттерін, ұйымдастыру формалары мен тиімді әдіс-тәсілдерін ғылыми түрде белгілеп алуына келіп тіреледі. Когнитивті оқытуда қолданылатын ұстанымдарда оқушылардың белсенділігін арттыратын, қызығушылығын оятатын, сезімін тудыратын амал-тәсілдерді ойластыру көзделеді.

«Адамзат баласы қашанда өзін қоршаған ортадағы заттар мен құбылыстардың мәнін, сыр-сипатын жете білуге тырысқан. Бірте-бірте олардың даму заңдылықтарын ашып, дүние танымын кеңейткен», – деп, Б. Сағындықұлы атап көрсеткендей [110, 5 б.], адамды қашанда дамытып отыратын күш – танымдық әрекет пен еңбек. Танымдық әрекетті қалыптастырып, дамытып отыру мәселесі Т. Сабиrowтың еңбегінде кеңінен сөз болады. Т. Сабиrow оқу әрекетінің құрылымын былай көрсетеді: «а) оқу міндеттері (немесе тапсырмалары); б) оқу әрекеттері (баланың қолданатын нақтылы практикалық және ой тәсіл-амалдары), одан соң бақылау, бағалау», – деп жазады [111, 22 б.].

Педагогикалық энциклопедияда: «Оқыту әдістері – мұғалім мен оқушының өзара байланысты әрекеттерінің бірізділігі. Сол



арқылы білім мазмұны меңгеріледі және меңгеріледі», – деп дұрыс көрсетіледі [112, 142 б.].

Э.Г. Азимов, А.Н. Щукин өз сөздігінде бірқатар әдіс түрлерін келтіреді, соның ішінде мынадай әдістерді когнитивті оқытуға алуға болады [113, 149-150 бб.]. Атап айтқанда: оқытудың тыңдау-көру әдістері; оқытудың тыңдаулингвалдық әдістері; оқытудың дедуктивтік-жалпылау әдістері; оқытудың индуктивтік-жекелеу әдістері; оқытудың қатысымдық (коммуникативтік) әдістері; оқытудың проблемалық-ізденіс әдістері; оқытудың репродуктивтік-креативтік әдістері; оқытудың саналы-салыстыру әдістері. Бұл әдістер концептінің атауыштық өрісіндегі тілдік бірліктер арқылы оқушылардың зат есім туралы ұғымдарын саналы меңгертуде араласа қолданылады. Әсіресе, зат есімді концептінің құрылымдық үлгілеріне құрылған жаттығулар арқылы оқытуда коммуникативтік, дедуктивтік-жалпылау, тыңдау-көру, проблемалық-ізденіс әдістері астаса, қатар жүріп отырады.

Сонымен қатар, зат есімді когнитивті тұрғыдан оқытуда әдіскер ұстаз С. Рахметованың еңбегінде қолданылған оқу-таным әрекетін ұйымдастыру әдістері басшылыққа алынады. Ол үшке бөлінеді: 1) Балалардың оқу-таным әрекетін ұйымдастыру және оны іске асыру әдістері; 2) оқу-таным әрекетіне түрткі (мотивация) жасау, әсер ету әдістері; 3) оқу-таным әрекеттерінің тиімділігін тексеру әдістері [36, 15 б.]. Мәселен, балалардың оқу-таным әрекетін ұйымдастыру және оны іске асыруда сөздік, көрнекілік, логикалық ойлауға негізделген индуктивтік, дедуктивтік әдістер мен өздігінен, мұғалімнің басшылығымен орындау, т.б. әдістері пайдаланылады.

Бастауыш сынып оқушыларының зат есімді танымдық тұрғыдан меңгеруде танымдық сұрақтар беріп, ойын ойнатып, тілдік жағдаят туғызып, ой қозғаудың, қиялдатудың маңызы зор. Эксперименттік оқытуда балалардың қызығу мүддесін туғызатын мұндай түрткі жасау, әсер ету әдістерін қолданғанда, оқушыларға берілген материалдарды меңгеру жеңіл болатыны анықталды. Оқушылардың танымдық әрекеттерінің тиімділігін тексеруде ауызша, жазбаша тексеру, тест, сұрақ-жауап әдістерін жиі қолданудың тиімділігі байқалды.

Когнитивті ұстанымдар мен зат есімді оқыту парадигмаларына сәйкес, бастауышта зат есімді когнитивті

оқытуда мынадай әдістерді қолдану қажеттігі анықталды: *тезаурустік әдіс, ассоциациялық әдіс, салыстыру әдісі, компонентті талдау, құбылысты байқау, тексеру әдісі және түсініксіз сөздердің мағыналық құрылымын ұғындыру әдісі.*

**1) Тезаурустік әдіс.** Ы. Алтынсариннің тезаурустік сөздік жасаған кезде қолданған, сөз мағыналарының өріс бойынша орналасуын іске асыратын *тезаурустік әдіс*. Мұнда тек зат есімдер емес, бір мағынаға жақын барлық сөз таптары қамтылады. Мәселен, «киім-кешек» тақырыптық тобында тек киім атауларын білдіретін зат есімдер болса, тезаурустік әдіс бойынша құрылған семантикалық өрісте етістіктер, сын есімдер т.б. сөз таптары болады. Мәселен, *киім пішу, киім тігу, тайжақы, түйежүн шекпен, киіз кебенек, қаптама, саптама етік, шегірен етік, сәукеле шашағы, екішу, бұру, ит көйлек* т.т.

**2) Ассоциациялық әдіс.** А. Байтұрсыновтың парадигмасындағы сөз мағынасының мағыналық бөлшегі (сема) немесе ассоциацияларын айқындайтын *ассоциациялық әдіс*. Балалардың санасында туатын басты ассоциацияны айқындау үшін қолданамыз.

Ағылшын ғалымы Э. Торндайк адам санасын ойдың біріккен ассоциациялық байланысынан тұратын жүйе ретінде қарастырады. Адам интеллектісі жоғары болған сайын, ол соғұрлым көбірек байланыс таба алады. Байланыс – ойлаудың негізі. Мәселен, *той – қуаныш, қарбыз – тәтті, доп – футбол, Аяз ата – сыйлық, балмұздақ – салқын, тұлпар – жүйрік, жыл мезгілі – күз, қыс, көктем, жаз* т.т.

**3) Салыстыру әдісі.** Көптеген тілші, әдіскерлердің (С.Жиенбаев, Г.И. Уәйісова т.т.) еңбектерінде қолданылған *салыстыру әдісі*. Мұнда ұғымы жақын немесе жақын емес зат есімдерді салыстыру арқылы оқыту жүзеге асады, оқушы салыстыра отырып, зат пен құбылыстың көзге онша байқала қоймайтын ұқсастығы мен ерекшелігін ажырата алады. Мәселен, ұғымы жақын *ит* пен *мысықты*, *қар* мен *жаңбырды* салыстыру, содан соң ұғымы жақын емес, бірақ мағыналық қатынасқа жататын *ит* пен *қасқырды*, *мысық* пен *барысты*, *қар* мен *мұзды*, *жаңбыр* мен *бұршақты* т.т. салыстыру тапсырмалары материалды мағыналы түрде есте сақтауға үйретеді.

**4) Компонентті талдау әдісі.** Дерексіз зат есімдердің мағыналық құрылымын нақтылайтын семасиологияда қолданылатын *компонентті талдау әдісі*. Бұл әдісте сөздің

мағыналық құрылымындағы макробөліктер, яғни *денотаттық* (затдерек), *сигнификаттық* (ойдерек), *коннотаттық* (сезімдерек) айқындалады да, сосын барып микробөліктер (семалар) типологиясы талданады (терминдерді аударған Н. Уәлиұлы). Мысалы: «есек» сөзінің затдерегі «үй жануары», ойдерегі «жұмысқа арналған», сезімдерегі «топас», ал затдеректік семалары «жылқыдан аласа», «кұлағы үлкен» т.т., ойдеректік семалары «арам», «қыңыр», «мінуге, жегуге болатын» т.т. сезімдеректік семалары «ақылсыз» т.б. Сөздерге компонентті талдау жасау баланың затты саналы ұғынып, қиялдай білу қабілетін дамытады.

**5) Түсініксіз сөздердің мағыналық құрылымын ұғындыру әдісі.** Бұл әдісті ұлттық танымды білдіретін және пассив лексикалық қабатқа жататын кейбір ұлттық мәдениетті білдіретін лингвокультуремалар, этнографизмдер, жана қолданыстарды ұғындыруда қолданамыз. Мәселен, оқушы материалды оқу барысында *адыраспан: (шөп) бәле-жаладан сақтайды, қасқырдың тісі: баланы қорғау үшін бесікке іледі, бағлан – шілде айындағы қозы, қошқар мүйіз – ою аты, бүлдіршін – екі-үш жаспан асқан ұрғашы түйе т.т.* сөздердің адам өміріне практикалық пайдасы бар екенін ұғынып, танымдық мүддесі туып, қызығушылығы арта түседі.

**б) Құбылысты байқау, тексеру әдісі.** Бақылауға берілетін зат не құбылысты танып білуде Ғ. Бегалиев, С. Жиенбаев, М. Балақаев еңбектерінде қолданылған құбылысты байқау, тексеру әдісі қолданылады. Бақылау нәтижелі болу үшін ұсынылған тақырып жайында қосымша мағлұмат алатындай нұсқау, сұрақтар беріледі. Мысалы, көктемнің белгісін қалай білесің? (ағаштардың бүршік жаруы, құстардың келуі, жердің көктеуі, т.т.). Мұғалім айтпай-ақ, балалар өздері талдаудан дұрыс қорытынды шығарады немесе мұғалімнің басшылығымен тапсырманы бірге тексеріп отырады.

Ғаламның когнитивті бейнесін тануда жекелеген әдістерді бөліп алу немесе оларды жеке-жеке қолдану көзделмейді. Таным әрекетінде олар бір-бірімен араласып, бір-бірін толықтырып, өзара үйлесімді байланыста қолданыла береді. Бұл әдістердің бәрі де когнитивтік әдістердің мазмұнына еніп, соның тарамдық жүйесін құрайды, сондықтан біздің басты әдісіміз – когнитивті оқыту әдісі. Осы әдістер арқылы зат есімдер дүниенің тілдік суретінің бөлшегі ретінде және зат есімдер ірі концептілердің көлемінде танымдық тұрғыдан оқытылады. Бұл көрсетілген әдістерді пайдаланып,

бастауышта зат есімді концептілік жүйе арқылы және концептінің құрылымдық үлгілері арқылы меңгертуге болады.

### **Бақылау сұрақтары мен тапсырмалар**

1. Бастауыш сыныпта зат есімді когнитивті оқытуда қандай әдістерді қолдануға болады?
2. Тезаурустік әдіс пен ассоциациялық әдістің ерекшелігі неде?
3. Тезаурустік әдіс пен ассоциациялық әдісті ойлап тапқан ғалымдар туралы не білесіз?
4. Когнитивті әдістерге қандай анықтама бересіз?

**1-тапсырма.** Ж. Аймауытовтың «Комплекспен оқыту жолдары» атты оқу-әдістемелік еңбегінде комплексті оқытудың артықшылығы мен оқу бағдарламасында берілген тақырыптарға талдау жасаңыз.

**2-тапсырма.** Дүниенің когнитивті бейнесін қалыптастыратын тапсырмалар дайындаңыз.

**3-тапсырма.** Тезаурустік әдіске мысал келтіріңіз.

**4-тапсырма.** Ассоциациялық әдіске мысал келтіріңіз.

**5-тапсырма.** Салыстыру әдісіне мысал келтіріңіз.

**6-тапсырма.** Құбылысты байқау, тексеру әдісіне мысал келтіріңіз.

**7-тапсырма.** Түсініксіз сөздердің мағыналық құрылымын ұғындыру әдісіне мысал келтіріңіз.

### **Студенттердің оқытушымен бірлескен өздік жұмыстары**

1. Тезаурустік әдіс, ассоциациялық әдіс, салыстыру әдісі, компонентті талдау, құбылысты байқау, тексеру әдісі және түсініксіз сөздердің мағыналық құрылымын ұғындыру әдісіне ғылыми тұрғыдан сипаттама беріңіз.

2. Жоғарыда берілген әдістердің қолданылу жолдарына тапсырмалар дайындаңыз.

### **Пайдаланылатын әдебиеттер**

1 Уәйісова Г.И. Лексикологияны оқыту әдістемесі. – Алматы: Ақыл кітабы, 2005.

2 Әбдікәрімова ТМ. Бастауыш сыныпта мәтін арқылы тіл дамытудың ғылыми негіздері мен оқыту әдістемесі: пед. ғыл. канд. ... дисс. – Алматы, 1992.

3 Жұмабаева Ә.Е. Бастауыш мектептегі сауат ашу кезеңінде жүргізілетін тіл дамыту жұмыстарының әдістемесі: пед. ғыл. канд. ... автореф. – Алматы, 1999.

4 Қабатай Б.Т. Ана тілі сабақтарында оқушыларды шығармашылыққа баулу әдістемесі: пед. ғыл. канд. ... автореф. – Алматы, 2005.

5 Игенбаева Б.Қ. Ана тілі сабағында жеке тұлғаның рухани-адамгершілігін дамыта оқыту әдістемесі (1-2 сынып): пед. ғыл. канд. ... автореф. – Алматы, 2002.

6 Тойбазарова Н.Ә. Бастауыш мектепте қазақ тілін дамыта оқыту арқылы морфологиялық ұғымдар қалыптастыру әдістемесі (3-4 сынып): пед. ғыл. канд. ... дисс. – Ақтөбе, 2006.

7 Қазақ грамматикасы. – Астана, 2002.

8 Аймауытов Ж. Бес томдық шығармалар жинағы: 5-т. – Алматы: Ғылым, 1999.

9 Петленко Л.В. Изучение морфологии в начальной школе с учетом принципов преемственности и перспективности: дис. ... канд. пед. наук. – М., 2006.

10 Құрманова Н.Ж. Қазақ мектептеріндегі сөз тіркесі синтаксисін дамыта оқыту технологиясының ғылыми-әдістемелік негіздері: пед. ғыл. докт. ... автореф. – Алматы, 2004.

11 Шунк Дейл Х. Оқыту теориясы: Білім беру көкжиегі. – Алматы, 2019. – 608 б.

12 Гритт Р. Бастауыш мектеп мұғалімі: шеберлікті шыңдау. – Алматы, 2020. – 600 б.

## **ЗАТ ЕСІМДІ КОНЦЕПТІЛІК ЖҮЙЕ ЖӘНЕ КОНЦЕПТІНІҢ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ ҮЛГІЛЕРІ АРҚЫЛЫ МЕНГЕРТУ**

Бастауыш сынып балаларына грамматикалық ұғымдарды жеңіл менгертудің жолдарын қарастырып, тәжірибеде тиімділігін анықтап, оқу бағдарламасына енгізіп отыруымыз сапалы білім беру талабынан туындайтыны анық. Осы тұрғыдан келгенде, білімнің нәтижелі әрі сапалы болуына көмектесетін жұмыс түрлерін, оқыту әдістерін тиімді әрі шығармашылықпен пайдалана білу керек. Оқу құралында ұсынылып отырған әдістер тобының

тиімділігін ескере отырып, оларды тұтас байланыста қолдануға тырыстық.

Зат есімді когнитивті оқытуда қолданылған әдістерді былайша топтап қолдану қолайлы:

1) *Зат есімді концептілік жүйе арқылы таныту әдісі.*

2) *Зат есімді концептінің құрылымдық үлгілері арқылы меңгерту әдісі.*

**1. Зат есімді концептілік жүйе арқылы таныту әдісіне** кеңінен тоқталайық. Бастауыш сыныпта зат есімді концептілік жүйе және концептінің құрылымдық үлгілері арқылы меңгертуде жоғарыда аталған әдістерді бір-бірімен тығыз байланыста, бірлікте қолданған нәтижелі болады. Зат есімді бастауышта концептілік жүйе арқылы танытуда когнитивті тіл білімінде қалыптасып кеткен концептілердің бәрін бірдей ала алмаймыз. Зат есімді концептілік жүйе арқылы танытуда зат есімнің мағыналық түрлері, сұрақтары, түрленуі оңай меңгеріліп, тез қабылданады. Танымдық әрекетке сүйенген қабылдау кезінде концептілік жүйелерге осы материалдарды беру үшін күнделікті қарым-қатынасқа барынша қажетті ірі ұлттық-мәдени аспектідегі «Адам», «Табигат», «Жаз», «Күз», «Қыс», «Көктем», «Достық», «Отан» концептілер тобын алуға болады. Бұл концептілер мазмұнының бастауыштағы балалардың ұғымына қолайлы, ұғынуына жеңіл келетінін экспериментте жүргізілген сабақтар тәжірибесі көрсетті. Концептілерді олардың *атауыштық өрісі* бойынша құрып, сол атауыштық өрісті құрайтын тілдік бірліктерге қатысты әдістер жасалды. Сонымен қатар, осы тілдік бірліктері бар тілдік шеңберді тақырыптық топтардан басқа семантикалық өріс моделі бойынша құрып берген балалар үшін әлдеқайда тиімді болады. Оқушыларға когнитивті тұрғыдан оқыту әдістемесіндегі басты басымдық концептілік жүйелерді ірілендіруге беріледі.

Концепт – танымдық құрылымнан туған тілдік санаға орын тепкен лексикалық мағына типтес, бірақ одан да ірі, көлемді категория. Нақтылай айтқанда, когнитивті тіл білімінің бірлігі болса да, бүгінде жалпы тіл саласына еніп кеткен танымдық әрекет пен ұлттық ділдің көрсеткіші. Бұл бір тұжырым іспетті құрылым болғандықтан, оған семантикалық өріс үлгісі де жақын келеді. Лексикалық мағына мен семантикалық өрістен концептінің басты айырмашылығы ол (концепт) – өз бойына осы тілдік ұғымдарды біріктіріп тұратын ірі бөлшек. Ол «дүниенің тілдік суретінің»

құрамдас бөлшегі, сондықтан оның ішінде лингвомәденитанымдық сипат пен ұлттық мінездің белгілері міндетті түрде болады. Мәселен, «Адам» концептісінің басты белгісі – адам сипаты, тіршілігі, сондай-ақ, оның ұлттық призмадағы бейнесі, оның тұрмысы, кәсібі және ауыспалы сипаттағы ұғымдары мен метафоралық үлгілері.

З.Д. Попова, И.А. Стернин концептінің атауыштық өрісіне мынадай тілдік құралдарды жатқызған болатын, соның ішінен бізге қажеттісі мыналар: а) концептілік атаудан туындайтын туынды, ауыспалы атаулар; б) синонимдер; в) тұрақты сөз тіркестері; г) мақал-мәтелдер; д) метафоралық атаулар; е) теңеулер; ж) ассоциативті өріс (сөз-стимулдан туатын құрылымдық үлгілер); и) тақырыптық мәтіндер (концептінің мазмұнын сипаттайтын ғылыми мәтін); к) концептінің мазмұнын ашатын публицистикалық және көркем мәтіндер.

Бұл аталғандардың ішінен бірқатар тілдік бірліктерге арнайы тапсырмалар құрып, бұған қоса антонимдер, жалпы, жалқы зат есімдерге арналған тапсырмаларды оқушыларға ұсынуға болады. Мысалы, зат есімді концептілік жүйе арқылы танытқанда Ы.Алтынсарин, А. Байтұрсынұлы т.б. ұстаздардың қолданған әдістеріне (тезаурустік, ассоциациялық) сүйену арқылы зат есімнің алғашқы ұғымдарын жеңілдетіп оқытуға болады.

М.Р. Львов бастаған ғалымдар лингвистикалық эксперимент әдісінің бастауыш сыныптарда өз тиімділігін беретінін жазады. Олар: «Лингвистикалық эксперимент әдісі адамның тілдік қабілетінің жасырын мүмкіндіктерін көрсетеді», – деп жазады [114, 217 б.]. Сонымен қатар, басқа да әдістерге сүйенеміз, мәселен, Г.И. Шайхутдинова морфологияны оқытуда өзіндік жұмыстарды ұсыну оқушылардың ойлау және танымдық қызметін қалыптастыратынын көрсетеді [115, 183 б.]. Бастауыш мектеп оқушысында осы кезеңдегі жетекші іс-әрекеттің негізгі элементтері, қажетті оқу дағдылары мен іскерліктері қалыптасады. Осы кезеңде ойлау формалары дамиды, олар әрі қарайғы ғылыми білімдер жүйесін меңгеруді, ғылыми, теориялық ойлаудың дамуын қамтамасыз етеді. Ю.Н. Гостева осы кезеңде алғашқы морфологиялық ұғымдарды жақсы меңгерген оқушылар орта сатыда осы сипаттағы жаттығуларды жақсы орындайтынын көрсетеді [116, 99 б.].

Ш. Әуелбаев бастаған авторлар «Ана тілін оқыту әдістемесі»

еңбегінде «Кім? не? кімдер? нелер? сұрағына жауап беретін сөздерді оқыту туралы» бөлімінде: «Кім? сұрағына жауап беретін сөздердің түрлерін адам аттары, туыстықты білдіретін сөздер, мамандықты білдіретін сөздер, адамға қатысты әртүрлі сөздер», – деп бөледі [93, 35 б.]. Бұлай бөлуді сабақта кесте түрінде берген тиіс деп есептеп, мәселен, туыстықты білдіретін сөздерге қазақтың туысқандық атауларын енгізеді. Бұл атаулар бастауыштағы балалар санасына сай келеді. Ал егер, «Адам» концептісін тұтастай ұсынса, онда «кім» сұрағына жауап беретін Ш. Әуелбаев бастаған авторлар жасаған жіктелу жүйесі толығымен семантикалық өріске енетін сөздердің болуымен ерекшеленеді. Авторлар бастапқы зат есімдер туралы ақпаратты сөйлемдер құрастыру арқылы бекітуге болатындығын көрсетеді де, былай деп жазады: «Кім? сұрағына жауап беретін сөздерді меңгертуде әр алуан логикалық жаттығулар жүргізіледі. Ондай жаттығулардың өтімді бір түрі – жалпылаушы және бірыңғай сөздер арқылы сөйлемдер құрастыру: Асан, Сәуле, Мұрат – адам аттары (Адам аттары: Асан, Сәуле, Мұрат). Ата, ана, аға – туыстықты білдіретін сөздер (Туыстықты білдіретін сөздер: ата, ана т.б.)» [93, 35 б.].

Біздіңше, концептілік жүйені басты назарда ұстау оқушылардың зат есімдерді жеңіл қабылдауына әсер етеді. Зат есімдерді оқытуда, алдымен, біз оқушылардың санасындағы дүниенің тілдік суретіне іргетас ретінде сүйенеміз. Олардың санасындағы дүниенің қарапайым бейнесін күрделі бейнеге ұштастыруымыз керек, яғни олардың қоршаған орта туралы таным көкжиегін кеңейтуіміз керек. Сонымен қатар, сабақ беру кезінде *концепті* терминін қолданбай, тақырып немесе осы концептіге енетін «*Отан*», «*Адам*», «*Табиғат*», «*Жаз*», «*Күз*», «*Қыс*», «*Көктем*», «*Достық*» сөздерін береміз.

Зат есімді когнитивті тұрғыдан меңгертуде соңғы кезде белең алған диалогтік оқыту технологиясы, деңгейлік оқыту, ойын технологиясы, интерактивті әдістер қолданылады.

Мысалы, интерактивтік оқытуға тоқталатын болсақ, бұл, ең алдымен, мұғалім мен оқушылардың өзара әрекеті жүзеге асырылатын диалогтық оқыту, танымдық іс-әрекетті ұйымдастырудың арнайы формасы. Оның өзінің нақты және болжанған мақсаттары болады. Оның мақсаттарының бірі – оқыту үрдісін жемісті ететін оқушының өзінің интеллектуалдық деңгейін, сезінуге жағдай жасайтын оқытуда жағымды



жағдайларды жасау. Интерактивті оқытудың мәні – оқыту үрдісінде барлық оқушылар таным үрдісіне тартылып, өздері білетін және ойлайтын нәрселерін қайта қарауға, түсінуге мүмкіндік беретіндей етіп ұйымдастыру. Таным үдерісіндегі оқушылардың өзара іс-әрекеті, тақырыпты меңгеруі – әрбір адам өзінің индивидуалдық көзқарасын кіргізеді, өзара білім, идея, іс-әрекет тәсілдерімен алмасады дегенді білдіреді. Бұл өзара көмек ынтымақтастықта өтіп, мұның өзі өз кезегінде жаңа білім алуды ғана емес, сонымен бірге танымдық іс-әрекетті дамытады, оны ұлттық танымның жоғары деңгейіне көтереді.

Ғалым Ж. Балтабаеваның зерттеуінде жоғары оқу орнында морфологияны оқыту арқылы студенттер тілін дамытуда интерактив технологиясына негізделіп қолданылған тіл дамыту әдістері (іскерлік ойын, ойталқы, ойбөліс) арқылы жоғары нәтижеге жетуге, танымдық қабілеттерін арттыруға, тілдік қатысымға белсене қатысуға мүмкіндік беретін ерекшеліктері талданады [117, 34-35 бб.]. Интерактивті оқыту әдістеріне оқушыларды білім алу және оны өңдеуге жағдай жасайтын әдістер жатады. Олардың ішінде белгілілері – *«Үлкен шеңбер»*, *«Өзара»*, *«Аквариум»*, *«Ми шабуылы»*, *«Дебат»*, *«Мозаика»*, *«Пікірталас жүргізу әдістемесі»*, *«Рөлдік пікірталас» және т.б.*

Қазір кез-келген пәнді оқытуда байланыс арқылы білімнің жинақтаушы, қорытындылаушы және үйлестіруші қызметін атқаруға болады. Осы тұрғыда оқытудың интерактивті әдісі өте тиімді. Себебі, бұл әдіс баланың жеке өмірлік тәжірибесіне сүйене отырып, оның бойында білім, білік, дағды және құндылық жүйесін қалыптастырады. Сабақ мұғалім мен сынып тобы, шағын топтар мен жеке бала арасындағы қатынас арқылы жүзеге асырылады. Мұнда мұғалім хабарлама беруші модератордың қызметін атқарады.

Мысалы, «Отан» концептісі бойынша мұғалім сабақ түсіндіруден бұрын балалардан «Отан» жайлы кім не білетіндігін ортаға салуларын сұрайды. Біразы теледидардан көргенін, естігендерін немесе алдын ала сұрап келгендерін, т.б. жағдайда алған мәліметтерін «миға шабуыл» әдісі арқылы ортаға салады. Бұл сәт – диагностика сәті. Мұғалім азғантай уақыттың ішінде алдында отырған балалардың осы тақырып төңірегінде не білетіндігін немесе білмейтіндігін аңғара алады. Одан кейін – ізденіс тенденциясы сәті. Мұнда балалар жұппен немесе топпен

жұмыс істей отырып, «миға шабуыл» әдісі арқылы тізген сөздерді кеңейтіп түсіндіру үшін өзбетінше суреттермен немесе басқа қосымша әдебиеттермен жұмыс істейді, 10 минут өткеннен кейін «тұсау кесер» сәтінде әрбір топ белгілі бір сұрақтар бойынша өз мәліметтерін қорғайды. Осыдан кейін барып мұғалім әлі де жеткіліксіз жатқан жағдайлардан ақпарат береді. Ал жаңа тақырып толық түсіндіріліп біткеннен кейін, пікір-сайыс, рөлдік ойын, т.б. интерактивті әдістер арқылы сабақты бекітіп, пысықтауға болады.

Нәтижесінде мұғалім уақыттың 4/1 бөлігін ғана алып, қалған уақыттың бәрінде балалардың өздері ізденіп, танымдарын арттыруына жағдай туады. Олар алған білім, білік, дағдылары бойынша бағаланады. Әсіресе өзін-өзі бақылау, жұптық өзара бақылау, топтық өзара бақылау кезеңдері сабақты бекітуде біршама көмегін тигізеді.

Бұл бақылауларды мына бағалау белгілері арқылы іске асыруға болады. Өзіндік бағалауы. (Бұл бақылауды жұптың өзара бақылауына да жаратуға болады). 1) Менің бүгінгі тақырыпқа өз бетімше дайындығым: төмен, орта, жоғары. 2) Бүгінгі жаңа тақырыпты игеруім: төмен, орта, жоғары. 3) Бүгінгі сабақ үстіндегі белсенділігім: төмен, орта, жоғары, т.б.

Топтың өзара бағалауы (топтар бір-бірін бағалайды).

1) Топ ұжымының татулығы, белсенділігі, өзара әрекет әдебі, топтық араласу стилі: төмен, орта, жоғары.

2) Жаңа тақырыпты өмірмен байланыстыра айтуы (қосымша материалдар, БАҚ жаңалықтары): төмен, орта, жоғары.

3) Сөйлеу шешендігі, мәдениеті, т.б. төмен, орта, жоғары.

Бұл бақылау мен бағалау баланың бойында мына қасиеттерді қалыптастырады: еріктілік, еңбексүйгіштік, өз күшіне сенуі, қабілеттілігі, жауапкершілікті сезінуі, адалдық, жолдастық қасиеттер, сөз қоры, ғылыми ақпараттарды ақтаруы, өзінше түйін жасауы, сөйлеу мәдениеті, т.б.

Зат есімді концептілік жүйе арқылы танытуда балалардың санасына сәйкес, бүгінде қабылданған технологиядан интерактивті әдіске қатысты диалогтік оқыту технологиясы үйлесімді келеді. Әңгімелесу, диалогтік оқыту ерекшеліктері В.И.Библер, И.Е. Берляндт, М.М. Бахтина, С.Ю. Курганова, С.Рахметова, М. Жазыбаев, Ж. Балтабаева т.б. зерттеулерінде сөз болады. Мұнда оқушылардың өзіндік ойлануы, өз көзқарасын жеткізуі, сұрақтарға жауап беруі, жалпы орнықты сөйлеуі сияқты

жетістіктерге қол жеткіземіз. Мұндағы басты ерекшелік оқушылар бір тақырыпқа әртүрлі көзқарасын білдіріп, өздерінің танымын байқатады. С.Б. Жораева өзінің оқушыларды ауызша сөйлеуге дағдыландыру жөніндегі ғылыми зерттеуінде диалогтік оқыту технологиясының белгілеріне мыналарды жатқызады:

«1) Бір тақырыпқа қарай түрлі көзқарастар мен пікірлерді қарастыру;

2) Мұғалім мен оқушының арасындағы өздерінің пікірін дәлелдеуге, нақтылауға арналған өзара сыйласымдылыққа негізделген ерекше қарым-қатынас орнату;

3) Оқушының өзіндік ойлауы мен өзіндік көзқарасын, оқушының жеке басын құрметтеу;

4) Оқушылар арасында өзара пікірталастық көзқарастардың көп болуына жағдай жасау;

5) Диалогтар арқылы оқушыға беймәлім ақпараттарды, сөйлесу формалары мен үлгілерін үйрету» [118, 72 б.].

Зат есімдерді концептілік жүйелер арқылы оқытуда танымдық жағдайға міндетті түрде басты көңіл бөлінеді. Мәселен, «Жаз» концептісін тақырып ретінде алғанда, мұғалім мынадай танымдық сұрақтар қояды:

1) Жылдың төрт мезгілінің ішіндегі ең ыссы мезгіл?

2) Жазда күн мен түннің қайсысы ұзақ?

3) Қазақтар жазда малды қайда баққан?

4) Жазда қандай тағамдар әзірлейді?

5) Құртты неге жазда жасайды?

6) Жазды не үшін жақсы көресіңдер?

Міне, осы сабақта балалардың ойлану үдерісінде дүниенің қарапайым бейнесі қалыптасуы іске асады. Олар отбасы мен үлкендерден алған білімдеріне сүйенген кезінде, шын мәнінде, концептілік фреймдерге, схемалар мен сценарийлерге сүйенеді. Мәселен, *жазды не үшін жақсы көресіңдер?* дегендегі ойлану кезінде оларға жаздағы іс-әрекеттері, яғни суға шомылу, басқа қала не ауылдардағы туыстарына барған сапарлары, ойын, достары т.т. естеріне түседі. Ал мұның өзі «Жаз» концептісінің құрылымындағы беткі, яғни денотаттық белгілері болып табылады, ал концептінің шеткі және терең ішкі белгілері басты болмағандықтан, олардың есіне түспейтіні анық. Бұл белгілерді ықтималды деп атауға болады, мәселен, бұларға жазда күн аңызқ болғанын, жәндіктердің көп болуын, адамдардың қандай жұмыс

істегенін, яғни егін, шөп шапқанын, қандай тағамдар мол болатындығын, тіпті, адамдардың қандай киімдер киіп жүргенін жатқызуға болады. Осыған байланысты концептінің атауыштық өрісіне енетін тілдік бірліктерді нақтылап отыруға немесе бөліп шығаруға болады. Мәселен, мұндай терең танымды сабақта мынадай сұрақтармен тереңдетуге де болады.

1) «Жаз» сөзін қандай сөздермен ауыстыруға болады? (мысалы, мұнда оқушылар санасында синонимдік ұғымдар нақтыланады, яғни *аптап, шілде, саратан, жазғытұры, сүмбіле т.т.*). Оқушылар тоқталып қалмас үшін көмектесу тәсілін қолданып, немесе оңайлатылған сұрақтармен ауыстыруға болады.

2) Шөпті қандай құралмен шабады? (нақты құралдармен салыстыру жүреді). Бұнда да салыстыру үшін баламалы жауаптарды айтқан жөн болады.

3) Жазға қатысты қандай мақал-мәтелдерді білесіздер? (сыныптағы ойлау қабілеті тез, озық оқушылар бірден байқала бастайды). Мақал-мәтелдерді молынан ұсынуға болады немесе оқушыларға оларды толық түсіндіріп айтуға да болады, сондай-ақ, мақалды аяқтауды өздеріне қалдыруға болады.

4) Жазда адамдар не істейді? (сұраққа бірнеше сөйлемдер арқылы жауап бергенінен оқушылардың ойлау және сөйлеу қабілетін байқап, біртіндеп күшейте беруге болады). Олардың жауаптарын жүйелеп отырса немесе нақтылап берсе де балалардың сөйлеу дағдылары жетілетіні сөзсіз.

5) Жазды не үшін ұнатасың? (бастауыш сатысындағы оқушының анық түрде өзіндік ойлануына, яғни танымның жоғары дәрежедегі ойлауға ұштасуына қол жеткіземіз). Оқушыларға «Жаз» концептісін ұсынғанда, яғни «жаз» сөзін естігенде көз алдына немесе ойыңа не түседі? дегенде, кіші жастағы балалардың ойына, алдымен, «ойын» сөзі, содан кейін «демалыс», «суға түсу», «балмұздақ», «тәтті құлпынай», «ауыл» т.б. сөздері.

Мысалы, тәжірибе жасау барысында сыныптағы 30 баланың 25-і бірінші «ойын» сөзін жазса, 5-і «демалыс» сөзін жазды. «Жазды не үшін ұнатасың?» дегенде де, әр түрлі ойындарға қатысты ойларын білдірді. Мысалы, оқушының жазған жауабынан үзінді келтірейік: «Мен сабақтан шаршаймын. Қашан жаз болады деп ойлаймын. Жазда ойнаймыз ғой. Жазда достарыммен қуыспақ доп ойнаймыз, Жайыққа шомыламыз». Немесе «Жазда демалысқа шығамыз. Әкем мені ауылға атамдарға жібереді. Олар жайлауда

тұрады. Онда кешке дейін ойнаймыз». Оқушыдан «жайлауды» қалай түсінетіндігін сұрағанда, «мал бағатын жер» деп жауап берді. Ал жаз мезгілінің суретін бейнелегенде, оқушылар жаздың табиғат құбылыстарын, яғни шөптер, қызылды-жасылды гүлдер, құстардың, жануарлардың суреттерін салса, бірқатары ойнап жүрген балалардың суретін салады. Үлгі ретінде осы тақырыпқа сай келетін кішкене мәтінді баяндап не суреттерді көрсетуге де болады.

Сонымен қатар, бүгінде көптеген баланың мектепке келгенде біраз нәрсені балабақшадағы сыныптарда меңгеріп, біліп, ішінара хабардар болып келетініне байланысты оларға таныс емес ұлттық танымға, мәдениетке қатысты заттық ұғымдарды кеңінен қамтып беруге болады. Мәселен, ұлттық ойын атаулары, олардың ойналу тәртібі қамтылуы болады. Алайда балаларға қабылдауға жеңіл болу керектігін әсте естен шығаруға болмайды. Жалпы кез келген концепті арқылы заттық ұғымдарды балаларға оқытқанда оларға тән барлық метафоралық сипаттағы және ассоциациялар жүйесінің белгілерін де үлгі арқылы бекітуге болады.

«Адам» концептісінде мынадай ойдеректік сипаттағы мысалдарды алып, оқушылармен бірге ізденіс әдісі арқылы жұмыстанса, бірқатар тым жақсы нәтижеге жетуге болады. Мұнда оқушылардың мақсаты *кім? не?* сұрақтарына жауап беретін адамға қатысты сөздерді анықтап, оларды түрлендіру арқылы септік жалғауын меңгеру болып табылады және бұл тапсырмалар дайын күйінде ұсынылады.

Мысалы: 1) *Асан – атасының немересі. Құтжол – Асанның күшігі. Асан кім?, атасының кімнің?, немересі кімі?, Құтжол не?, күшігі несі?* сұрақтарына жауап береді.

2) *Құтжол – ит. Ит – үйдің күзетшісі. Күзетші не?, үйдің ненің?* сұрақтарға жауап береді.

3) *Үйлердің ағаш үй, тас үй, киіз үй түрлері болады. Үй – адамдардың ұясы. Ұяда балапандар өссе, үйде балалар өседі. Балапан не? балалар кім?* сұрақтарына жауап беруін анықтағаннан кейін, басқа сөздерге сұрақ қойылып, сөйлем мүшесіне талданады.

4) *Киіз үй – қазақ халқының ежелден келе жатқан баспанасы. Ол ағаш пен киізден жасалады. Киіз қойдың жүнінен басылады. Зат есімдерге сұрақ қойып, қай септікте тұрғанын анықтайды.*

5) *Үйде ата, әже, әке, ана, ағалар, апалар, інілер, қарындастар тұрады. Ол – отбасы деп аталады. Ата, әже, әке,*

*ана, аға, апа, іні, қарындас кім?, отбасы не? сұрағына жауап береді.*

*б) «Ата көрген – оқ жонар, ана көрген – тон пішер» деген мақалдағы оқ – тұзу ағаштан не оның тұзу бұтағынан жасалатын садақтың оғы. Ал тон – қыста киетін иленген қой терісінен тігілетін киім. Зат есімдерді теріп жазып, оларға сұрақ қою. Ата көрген, шеше көрген тіркестерінің кім? сұрағына жауап беретінін түсіндіру.*

*7) Асан – бастауышта оқитын бала. Асанның атасы – шебер, ал әжесі – ісмер. Шебер – қолынан бәрі келетін адам, ал ісмер – қолынан бәрін тігу келетін адам. Асан кім? бала кім? шебер кім? ісмер кім? сұрақтарына жауап бергеннен кейін сөздерді әрі қарай септеуге тапсырма беріледі. Шығармашылық бағытта «Менің атам» тақырыбында әңгіме жаздыруға болады.*

Зат есімнің септелуін, жіктелуін меңгертуде концептілік жүйедегі барлық құрылымдық үлгілер мен тарамдарды қамтуға болады деп ойлаймыз. Соңынан сабақ беру тәжірибесінде осы бағыттағы мақсаттарымызды орындап, сабақ беру арқылы өз ойларымызды дәлелдедік. Сабақ беру барысында «Адам» концептісіне енетін мақалдардың мәнін оқушыларға толық ұғындыруды мақсат тұтпағанымызбен, олардың көпшілігі жанама сипатта түсіндірілді.

«Адам» концептісін алғандағы біздің басты мақсатымыз – оқушыларға халқымыздағы туыстық атауларды сипаттап, олардың мәнін ұғындыру. Осыған байланысты осы концептідегі атауыштық өрістегі сөздерді қарама-қарсы қойып немесе шендестіру арқылы ұғындырса, екі мақсатқа жетеміз. Біріншіден, оқушылар туыстық атауларға қатысты сөздердің ұлттық-мәдени мәнін түсінеді, екіншіден, оларға қойылатын сұрақтардың айырмашылығын көреді.

Сонымен қатар, бұл тапсырмаларды гипер-гипонимиялық (тек пен түрлік) құрылымда да бергенді жөн, өйткені тек антонимдік жағдай оқушыларды бір үлгіде ойлауға төселдірсе, гипер-гипонимиялық құрылым әртекті сипатта ойлауға дағдыландырады.

Мысалы: 1) *Ата .... (әже); әке ..... (шеше); аға ..... (апа); іні ..... (сіңлі); нағашы ..... (жиен); сіңлі ..... (қарындас).* Бұнда балалар қарапайым ұғымдарға, атап айтқанда, туыстық атауларға құрылған коннекторлық (қарсылық) сипаттағы тапсырмаларды

шешеді. Бұл тапсырмалардың деңгейін төменгі сатыдағы деңгей деп бағалаймыз, яғни бірінші деңгейге жатқызамыз.

2) *Аға* ..... (жеңге); *іні* ..... (келін); *ана* ..... (жезде); *қыз* ..... (күйеу). Бұнда гендерлік сипаттағы ұлттық танымға негізделген ұғымдар нақтылана бастайды. Бұл сипаттағы ұғымдар оқушыларға қиындық туғызбағанымен, күрделірек болып келеді, яғни орташа дәрежеде болады. Бұл тапсырмаларды екінші деңгейлік дәрежеге жатқызамыз.

3) *Жезде* ..... (балдыз); *ана* ..... (жезде); *ағайын*..... (туыс). Балалар антонимдік пен синонимдік мәнді аңғара білу керек болады. Бұл тапсырма екінші деңгейге жатады.

4) *«Жігіттің үш жұрты болады. Бірінші – ағайын жұрты; екінші – нағашы жұрты; үшінші – қайын жұрты»* деген осы қанатты сөздерді мұғалім дайын күйінде хабарлап, «ағайын, нағашы» деген сөздердің мәнін балалардан сұрайды. Балалар қысқаша жауап беріп, осы сөздердің мағынасын түсінсе жеткілікті, себебі бұл қиын дәрежедегі тапсырмаға жатады. Бұл тапсырма үшінші деңгейге жатады.

5) *«Отбасы – ағайындардан тұрады; жұрт – отбасылардан тұрады; ел – жұрттардан тұрады»* дегендегі «ағайын – жұрт – ел» сөздерінің айырмашылығы мен ұқсастығы неде екенін балалардың айтуы олардың жоғары танымдық көкжиегін көрсетеді. Бұл тапсырма төртінші деңгейге жатады.

6) *«Менің отбасымның мүшелері»* тақырыбына микромәтін құру. Бұл тектес тапсырмалар төртінші шығармашылық деңгейге жатады.

Когнитивті оқытуда *деңгейлік оқыту* технологиясына сүйенуге тура келеді, себебі сыныптағы оқушылардың ұлттық танымы мен жалпы танымы әртүрлі деңгейде болатыны белгілі. Деңгейлік оқыту технологиясы В.П. Беспалько, В.М. Монахов, Ж.А. Караев еңбектерінде кеңінен сөз болады. Білім деңгейлерін В.П. Беспалько саты түрінде жіктейді: бірінші – оқушылық деңгей, екінші – алгоритмдік деңгей, үшінші – эвристикалық деңгей, төртінші – шығармашылық деңгей. Осының ішінде, когнитивті оқытуда жиі сүйенетін деңгейлер – алгоритмдік деңгей, эвристикалық деңгей, шығармашылық деңгейлер. Алгоритмдік деңгейде оқушы санасындағы бұрынғы жинақталған біліміне іргетас ретінде сүйенеді.

С. Рахметова бұл деңгей туралы былай деп жазады:

«Алгоритмдік деңгейде мақсат пен шешілуге тиісті ситуация анық, оқушы бұрынғы жинақталған білімін пайдалана отырып, мақсатқа жету үшін өз бетімен жұмыс істейді. Эвристикалық деңгейде: мақсат анық болғанымен, ситуация түсініксіз, оны оқушының өзі толықтырады, табады, шешеді. Бұдан да бұрынғы білім көмекке келеді. Оқушы жаңа хабар, білімді өз ізденісімен ала алады. Бұл деңгей – өнімді деп есептеледі» [35, 19 б.]. Осындағы «бұрынғы білім» ұғымы балалар санасындағы «дүниенің қарапайым бейнесі» туралы білімнен шығады, сондықтан білімнің кез келген балада әртүрлі деңгейде болатыны сияқты балалардың танымдық білімінің деңгейі, семантикалық өрісінің сипаты әртүрлі болады.

Б.А. Тұрғынбаева шығармашылық деңгейдің қабілетке байланысты болатынын көрсетеді: «Шығармашылық қабілеттер шығармашылық елес, шығармалық ойлау арқылы қалыптасады. Ал шығармашылық ойлау деп ойдың жылдамдығы, икемділігі, дәлдігі алынады» [120, 54 б.]. Ж.А. Қараев саралап, деңгейлеп оқытудың көп тиімділігін жазған болатын [121].

Н.С. Сәрсенова былай деп жазады: «Ж.А. Қараев технологиясының тиімділігі сол, жаңа тақырыпты балалар шығармашылық ізденіс үстінде өздігінен меңгеруі тиіс. Сондықтан мұндай сабақтарда оқушылардың ынтасын, белсенділігін арттыру үшін мәселелік сұрақтар қойылып отырады. Тақырып бойынша жасалған деңгейлік тапсырмалар жүйесі дамыта оқыту идеясын жүзеге асыруға мүмкіндік береді, өйткені ол оқушының ойлауын, елестетуі мен есте сақтауын, белсенділігін, дағдысын, білім сапасының дамуын қамтамасыз етеді» [122, 15 б.].

Когнитивті оқыту технологиясындағы деңгейлік оқытудың орны оқушылардың санасындағы ұлттық танымның бейнесіне байланысты болады. Мәселен, «Табиғат» концептісін, яғни сабақта «тақырып» терминімен аталатын, осы бір ірі концептінің семантикалық өрісіне көптеген зат есімдер енетінін тек кең танымдық шеңбері бар балалар аңғара алады.

Концептінің лексикалық тақырыптан бір ерекшелігі онда семантикалық өріс те, атауыштық өріс те, метафоралық, теңеулік, ассоциациялық құрылымдар да қабаттаса орналасады. Ұлттық-мәдени концептілер шоғыры жиналып келіп, бала санасында тұтас ұлттық концептосфера құрайды. Саны шектеулі ұлттық



концептілердің толығымен бала санасында орын алуының өзі оның ұлттық мінезі мен психологиясын тұрақтандырады.

Бүгінде балаларда көрінбейтін, басқа үлкен буын өкілдерінде жоғалып бара жатқан ұлттық таным осы концептілер жүйесін бастауыштан бастап бала санасына оқытқанда ғана іргетас болып қаланады деп санаймыз. Осы себептерге орай, біз «Отан», «Адам», «Табиғат», «Жаз», «Күз», «Қыс», «Көктем», «Достық» концептілерін басты деп есептеп алып отырмыз.

Мәселен, Отанымыздың елтаңбасында бейнеленген жылқы – қазақтың символы. Ж.Күнпейіс жылқы түлігі туралы былай деп жазады: «Қазақ дүниетанымындағы жылқы, жоғарғы әлемнің символы, өйткені дүлейлі күшті желдің және күн нұрының шапшаң қимылына жылқының ғана шабысы архаикалық дүниетанымына тең келген. Көшпенділер танымында жылқы ақыл ой символы, әрі жылқы – Тәңірінің сүйген түлігі болған» [123, 133 б.].

Осыған орай, «Табиғат» концептісіндегі төрт түлік атаулары, олардың концептілік жүйесі мектеп табалдырығын жаңа аттаған балаларға етене жақын. Мысалы, «Табиғат» концептісінің семантикалық өрісіне тек қана зат есімдер емес, басқа сөз таптары семантикалық өріс заңы бойынша енеді.

Мәселен, «табиғат – сұлу; табиғат – ана» үлгілерінен басқа, концептінің семантикалық өрісіне *«жаңбыр, қар, ағаш, көл, жел, аспан, топырақ, дауыл, тау, жауу, ағу, тасу, кебу, соғу, туу, ұшу т.т.»* сөздер енеді. Ал атауыштық өріске *«табиғат, қоршаған орта, қоршаған әлем»* т.т. синонимдері, *«көркем, сұлу, тамаша, әсем, құлпырған, тамылжыған табиғат»* дегендегі синонимдер, *«өлі табиғат – тірі табиғат, жасыл ағаш – қураған ағаш, тамыры астында – жапырағы үстінде, ұшқан құс – қонған құс т.т.»* дегендегі антонимдер, *«табиғаттай әсем, бұралған биші қайыңдай, ақ селеулі даладай, аспанда жүзген ақ түбіт бұлттардай т.т.»* дегендегі теңеулерді, мақал-мәтелдерді, тұрақты тіркестерді, шешендік сөз үлгілерін, көркем шығармалардағы шағын пейзаждарды т.т. енгіземіз.

Міне, осыларды бәрін жүйелеп оқыту кезінде бір тақырыптан (концепті) көлемінен ауытқымай балалар санасындағы ұлттық таным деңгейін арттыруға күш салуымыз керек. Ол үшін концептілік жүйеге енетін семантикалық өрістегі сөздер мен тіркестерді және атауыштық өрістегі сөздер мен тіркестер,

микромәтіндерді деңгейлеп беру жөн болатыны сабақ беруде байқалды.

Заттық атауларды білдіретін сөздерді оқытуда когнитивті тұрғыдан келудің басты ерекшелігі ұлттық дүниетанымға сүйене отырып, сабақ жоспарын құру болып табылады. Тек сонда ғана балалар өз көргендерін саналарында сарапқа салып, белсенділікке ұмтылатыны байқалды.

Когнитивті оқытуда пәнаралық байланыс ерекше орын алады. Оқушылар ана тілі, дүниетану, саз, бейнелеу өнері, еңбек, дене тәрбиесі, ұлттық тағылым пәндерінен оқыған білімдерін пайдалана алады. Көптеген оқу тақырыптарын «табиғат», «суретші», «еңбек», «адамгершілік» т.б. интеграцияланған сабақ түрінде жүргізуге болады.

Жалпы алғанда, зат есімді концептілік жүйе арқылы танытудың әдіс-тәсілдері, оқыту құралдары когнитивті оқыту әдістемесін құрайды.

## **5. Зат есімді концептінің құрылымдық үлгілері арқылы меңгерту**

Концепті лексикалық мағынадан да көлемді мағыналық бірлік болғандықтан, адамның жас мөлшеріне қарай әртүрлі қабылданады. Мұндағы басты ерекшелікті ұстап тұрған метафоралық үлгіге келетін құрылымдық үлгілер.

Концептінің құрылымдық үлгілері – концептіні толық сипаттап көрсете алатын концептінің атауыштық және семантикалық өрісіне қатар енетін атау және сипаттаудан тұратын мағыналық тіркестер. Концептілік құрылымдық үлгілер түсінікті болу үшін кесте түрінде мысал келтірілік (Кесте 8).

*Кесте 8 - «Күз» концептісінің құрылымдық көрінісі*

Күз концептісі	Көркем бейнесі	Қарапайым бейнесі
Күз – береке	еңбек қызып қырларда, бидай толды қырманға. алтын таулар секілді, сап-сары боп тұрғанда.	молшылық, ырыс, астық жинау, жеміс- жидектерді теру

Сабақта осы кестені пайдалана отырып, «Күз – шаруа», «Көктем – қуаныш», «Көктем – тіршілік», «Көктем – мейрам», «Отан – ата-ана», «Отан – туған жер» т.б. концептілердің құрылымдық үлгілері арқылы оқушылардың берілген ақпараттарды жинақтап, тұжырым жасауын, сол арқылы когнитивті деңгейін анықтауға болады.

Құрылымдық үлгілер негізінен зат есімдерден тұратындықтан, бастауышта танымдық қызығушылықты осы бойынша өрістетуге өз жемісін беретіні сөзсіз.

Қорыта келгенде, бастауыш сыныпта зат есімді когнитивті оқытуды жоғарыдағы әдіс-тәсілдер мен оқыту құралдарының негізінде жүзеге асырғанда өзіндік ерекшеліктері байқалып, мынадай нәтижелерге қол жеткізуге болады:

1) Балалардың санасындағы дүниенің қарапайым суретінің шеңберін кеңейтіп, оны дүниенің тілдік суретіне және дүниенің көркем суреті дәрежесіне көтеру мақсат болады.

2) Дүниенің суретін құрайтын деректі және дерексіз сипаттағы әртүрлі концептілердің құрылымдық бөлшектері бойынша жаттығу және тапсырмалар құрылады.

3) Бұл әдістемеді халықтық педагогикаға жататын тілдік бірліктер, әсіресе, зат есімдер жиі қолданылады және халықтық педагогика мен этнопедагогикаға басымдық беріледі.

4) Когнитивті оқыту әдістемесінде қолданылатын барлық зат есімдер, жалпы, тілдік бірліктер ұлтымыздың ұлттық танымына және ұлттық тәрбиесіне негізделген.

5) Ұлттық таным, ұлттық мінез, ұлтжандылық сияқты бүгіндегі балаларда толық көрінбей бара жатқан сезімдерді олардың бойына дарыту, сол қалыпта тәрбиелеу когнитивті оқыту әдістемесі арқылы да жүзеге асады.

6) Когнитивті оқытуда интерактивті, диалогтік, деңгейлік, ойын технологиялары да қатар қолданылып, осы мазмұндағы тапсырмалар мен жаттығулар жасалады.

7) Концептінің құрамындағы атауыштық өріске енетін тілдік бірліктер мен семантикалық өріске енетін сөздерге қатысты тапсырмалар жүйесі беріледі. Концептінің атауыштық өрісіне енетін тілдік бірліктер, атап айтқанда, синонимдер, антонимдер, мақал-мәтелдер, теңеу, тұрақты тіркестер, еркін тіркестер, метафора, кіші көлемдегі көркем және көсемсөз түріндегі мәтіндер, оның ішінде, пейзаж енеді.

Метафора мен ассоциациялар концептінің басты құрылымдық үлгілері болатындықтан, оларды құрылымдық үлгілердің көлемінде оқушыларға тапсырмалар түрінде ұсынып, тым жақсы нәтижелерге жеттік. Осы себептерге орай, еңбегімізде оларды бір бөлек алып, концептінің құрылымдық үлгілеріне енгізіп, топтағанды жөн санадық.

8) Концептінің құрамындағы атауыштық өріске қатысты оқушылардың арнайы танымдық әрекетін арттыру үшін тапсырмалар мен жаттығулар құрылады.

Зат есімді когнитивті оқытуда оқушылардың жалпы танымы дамиды және сол аумақтың ішінде ұлттық танымы негізделеді. Бастауыштағы балаларда ұлттық танымның негізі зат есімдерді танудан, білуден тұрады.

Когнитивті оқытудың басты ұстанымы – оқушылардың танымдық қабілетін арттыру, сол арқылы қиын грамматикалық ұғымдарды жеңіл түрде олардың санасына меңгерту.

Зат есімді когнитивті тұрғыдан оқыту әдіс-тәсілдерінің бастапқы негізі ірі концептілердің құрамындағы зат есімдерді ұлттық танымдық тапсырмаларының кешенді жүйесі арқылы меңгертуінде жатыр.

**Бақылау сұрақтары мен тапсырмалар** (Деңгейлік тапсырмаларға анықтама беріп, төмендегі тапсырмаларды деңгейге бөліп орындаңыз).

*1. Концептілік семантикалық өріске енетін заттық атаулар бойынша тапсырмалар.*

а) Табиғаттағы жерде өсетін түсі жасыл заттарды ата... (*Ағаш, шөп, жапырақ, гүл*)

б) Табиғатта мал не жейді? ..... (*шөп*)

в) Олардың (шөп) түсі күзде қандай болады? ..... (*сары*)

г) Қай түлік ағаштың жапырағын жей алады? ..... (*ешкі*)

д) Қазақтар қандай түлікті мінген? ..... (*жылқы, түйе*)

е) Шөп, мал, түлік қандай сұрақтарға жауап береді? ..... (*не?*)

*2. Шендестіру тапсырмалары.*

**Жауабы:**

а) Орман, тоғайлардың түсі жазда қандай?

(*жасыл*)

Жабайы аңдардың түсі жазда қандай?

(*қоңыр*)

- б) Шырша, карағай, аршаның түсі қыста қандай? (жасыл)  
 Жабайы аңдардың түсі қыста қандай? (ақ)  
 в) Жайлауға қай мезгілде көшеді? (көктем)  
 Көшкенде жүкті қай түлікке артады? (түйе)  
 г) Жылқының сүті, түйенің сүті қалай аталады? (қымыз,  
*шұбат*)  
 Құлыншақ қай түліктің төлі? (жылқы)  
 д) Табиғаттың жазда түсі қандай? (жасыл)  
 Табиғаттың қыста түсі қандай? (ақ)  
 е) Қыста жауатын не? (қар)  
 Жазда жауатын не? (жаңбыр)

3. Қарсы мәнді ұғымдарды табыңыз.

**Жауабы:**

- а) Көктем ..... (күз)  
 б) Қыстау ..... (жайлау)  
 в) Ақ боран ..... (қара дауыл)  
 г) Жолға ерте шықсаң алдыңнан күн шығады,  
 кеш шықсаң алдыңнан ... шығады ..... (түн)  
 д) Құс қанатымен ұшады, құйрығымен ..... (қонады)  
 е) Тымақты қашан, тақияны қашан киеді? ..... (қыста,  
*жазда*)

4. Табиғат концептісінің семантикалық өрісі бойынша тапсырмалар.

**1-тапсырма.** «Төрт түлікке нелер жатады?». Балалар қай хайуанаттың төрт түлікке жататынын анықтау керек.

- Жауабы:**  
 а) Лақтайтын, қоздайтын қандай түліктер? (ешкі, қой)  
 б) Аузымен құс тістейтін жүйрік не? (тұлпар)  
 в) Мысықтың баласының атын білесің бе? (маргау)  
 г) Қасқырдың баласын қалай атайды? (бөлтірік)  
 д) Бұланның төлін қалай атайды? (бұзау)  
 е) Қоянның баласының аты қалай? (көжек)

**2-тапсырма.** «Олар қайда қыстайды?»

**Жауабы:**

- а) Қоян қайда қыстайды? (кеуекте)  
 б) Борсық қайда қыстайды (інінде)

- |                           |                             |
|---------------------------|-----------------------------|
| в) Аю қайда қыстайды?     | ( <i>апанында</i> )         |
| г) Тиін қайда қыстайды?   | ( <i>ағаштағы ұясында</i> ) |
| д) Қой қайда қыстайды?    | ( <i>қорада</i> )           |
| е) Қаздар қайда қыстайды? | ( <i>жылы жақта,</i>        |
- оңтүстіктегі елдерде)*

5. «Достық» концептісіндегі атауыштық өрісі бойынша тапсырмалар.

**1-тапсырма. Достарды табыңдар.**

**Жауабы:**

- |                        |                         |
|------------------------|-------------------------|
| а) Жылқы кімнің досы?  | ( <i>адамның досы</i> ) |
| б) Ән кімнің досы?     | ( <i>әншінің досы</i> ) |
| в) Ит кімнің досы?     | ( <i>адамның досы</i> ) |
| г) Бүркіт кімнің досы? | ( <i>адамның досы</i> ) |
| д) Аққу ненің досы?    | ( <i>көлдің досы</i> )  |
| е) Балық ненің досы?   | ( <i>судың досы</i> )   |

**2-тапсырма. «Досы көпті жау алмас».**

Сыныптағы достарыңның аттарын жазып, олардың қандай қасиетін ұнатасыңдар, сипаттап жазыңыздар.

**3-тапсырма. Мәтінді оқыңыз.**

- а) Адал достық дегенді қалай түсінесіз?  
 б) Амал достық дегенді қалай түсінесіз? Салыстырып, мысалмен дәлелдеңіз.

«Ертеректе ел ішінде Әйтiмбет деген сөзге шешен кiсi болыпты. Бiр отырыста Әйтiмбет шешенге замандастары:

- Достық нешеу? – деп сұрақ қояды. Сонда Әйтiмбет тұрып:
- Достықтың екі түрі болады. Бірі – адал достық та, екіншісі – амал достық.
- Дұрыс-ақ. Енді оларды қалай ажырата аламыз? – дегендерге:
- Адал достық – өмірлік нұсқа болады, амал достықтың өрісі қысқа болады, – деп жауап берген екен Әйтiмбет» [136, 145 б.].

**4-тапсырма. Кестеге «Күз» концептісінің құрылымдық**

көрінісінің үлгісіне қарап, басқа концептілердің құрылымдық көрінісін талдаңыз.

Күз концептісі	Көркем бейнесі	Қарапайым бейнесі
Күз – береке	еңбек қызып қырларда, бидай толды қырманға. алтын таулар секілді, сап-сары боп тұрғанда.	молшылық, ырыс, астық жинау, жеміс- жидектерді теру
Күз– молшылық		
Күз – мейрам		
Көктем– Наурыз мейрамы		

### **Студенттердің өз бетімен орындайтын жұмыстары**

1. Зат есімді концептілік жүйе арқылы таныту әдісіне деңгейлік, танымдық тапсырмалар әзірлеңіз.
2. Зат есімді концептінің құрылымдық үлгілері арқылы меңгерту әдісіне деңгейлік, танымдық тапсырмалар әзірлеңіз.

### **Пайдаланылатын әдебиеттер**

- 1 Львов М.Р., Горецкий В.Г., Сосновская О.В. Методика преподавания русского языка в начальных классах. – М.: Академия, 2008.
- 2 Жораева С.Б. Кіші жастағы оқушылардың ауызша сөйлеу дағдысын қалыптастыру әдістемесі: пед. ғыл. канд. ... дисс. – Алматы, 2007.
- 3 Беспалько В.П. Слагаемые педагогической технологии. – М.: Педагогика, 1989.
- 4 Караев Ж.А. Активизация познавательной деятельности учащихся в условиях применения компьютерной технологии обучения: автореф. ... докт. пед. наук.– Алма-Ата, 1994.
- 5 Тұрғынбаева Б.А. Дамыта оқыту технологиялары. – Алматы: Дәуір, 2000.
- 6 Қараев Ж.А. Деңгейлеп, саралап технологиясы // Қаз. мектеп. шетел тілдері. – 2005. - № 5.

7 Даутова О.Б., Крылова О.Н. Современные педагогические технологии в профильном обучении. – СПб.: КАРО, 2006.

8 Күнпейіс Ж. Бастауыш сыныптарда этнопедагогика материалдары арқылы оқушылардың дүниетанымын қалыптастыру. – Алматы: Дарын, 2007.

9 Молдабеков Қ., Ермекбаев М және т.б. Бастауыш мектеп қазақ тілі сабағында дамытушы ойындарды қолдану әдістемесі. – Алматы, 2003

10 Наркұлова Б. Рөлдік ойындар арқылы сөздік қорын, тілін дамыту // Бастауыш мектеп. – 2006. - № 1.

11 Гритт Р. Бастауыш мектеп мұғалімі: шеберлікті шыңдау. – Алматы, 2020. – 600 б.

## **ЗАТ ЕСІМДІ ОҚЫТУҒА АРНАЛҒАН КОГНИТИВТІ ЖАТТЫҒУЛАР ЖҮЙЕСІ**

Бастауышта зат есімді когнитивті оқытудың оқушы танымын дамытумен байланыста жүргізілетін жұмыс түрінің бірі – нақты мақсатқа негізделген жаттығулар жүйесі. Оқушының концептілік құрылымдар үлгілеріне мазмұндық топтастырулар жасау, ізденушілік-зерттеушілік, танымдық ойлау қабілетін қалыптастыру мен дамытуда, грамматикалық ұғымдарды меңгертуде жаттығулар мен тапсырмалардың мәні зор. Ғалымдар жаттығулардың мақсатына, орындау тәсіліне, сөйлеу формасы мен қызметіне қарай т.б. бірнеше түрін көрсетеді.

Жаттығудың маңызы жөнінде ғалым С. Рахметова былай дейді: «Балалардың тілі дамыған сайын мұғалімнің жетекшілігі азайып, жаттығуларды балалар өз бетімен орындайды. Алғашында мұғалім балаларға бақылау үлгісін көрсетіп, ойын жетектеп, тиісті сөздерді ауыздарына салып, басшылық етеді. Жаттығу балалардың ойын дамытатындай болуға тиіс» [124, 159 б.].

Жаттығуларды орындау барысында оқушылар алған білімдерін тез, дәл қолдана алу дағдысына ие болады. Өзбетімен жұмыс істеуге жаттығады. Ойлау қабілеттері артады.

Сондай-ақ, оқушының ойлау жүйесіне лайықталған тапсырмалар арқылы олардың әртүрлі табиғи, рефлексиялық қабілетін арттыруға болады. Мұндай сипаттағы әдістеме үлгілерін жасауда басты басшылыққа алатын өлшем – бастауыш сатысындағы жеткіншектердің қабылдауы үшін жеңіл болуы.



А.И. Уман: «Оқу тапсырмалары – оқу үрдісінде оқушы жүзеге асыратын интеллектуалды және практикалық сипаттағы әрекеттің барлық мүмкін боларлық түрлері», – деген болатын [125, 25 б.].

Когнитивті әдістемеге құрылған жаттығулар мен тапсырмалар мынадай талаптарға сай болуын көздедік:

а) Осы әдістемеге құрылған тапсырмалар оқушылар үшін қиындық туғызбайтын болуы тиіс.

б) Тапсырмалар оқушының ұлттық танымын арттыратын сипатта болғаны жөн.

в) Жаттығулар ұлттық ойлауды дамытатын дәрежеде ұсынылуы қажет.

г) Оларды оқушылар өз беттерінше орындай алатындай болуы шарт.

д) Шығармашылықтың ұлттық сипатта жүзеге асуын да естен шығармаған дұрыс. Тапсырмаларды әрқилы жағдайларға не басқа да әртүрлі ситуациялық жағдаяттарға орай құру жақсы нәтижелерге жеткізеді. Сонымен қатар, олардың ұлттық танымына орай, логикалық жүйенің берік сақталып отырғаны дұрыс деп есептейміз, себебі ондай тапсырмаларды орындау барысында оқушылардың ойлау қабілеті дамып, тілдік ойлауға ұласады, оның үстіне, олардың шығармашылық ойлауы дамып, шығармашылық қабілеті ашылады.

Бүгінгі заман талабына сай шығармашылықпен ойлайтын кез келген шешімді дұрыс қабылдайтын тұлға қажет. Осы мәселе Д.Б.Элькониннің зерттеулерінде басты мәселе ретінде қарастырылғанымен, әлі де күн тәртібінен түспей отырғанын айта кеткіміз келеді [126].

Әлі де болса мектептерде білімді меңгеруде шығармашылыққа көңіл бөлінбейді. Бір күйдегі әрекетті қайталай беру оқушылардың оқуға деген қызығушылығын жояды, олардың шығармашылық қабілеттері ашылмайды. Оқушыларды қиялдауға, қиын мәселелерді шешуге, шығармашылық ойлауға бағыттауды қалыптастыру үшін когнитивті оқыту керек екені айқын. Бұл жерде мұғалімнің ролі зор, өйткені мұғалім олардың әрекетін ұйымдастырып, танымнан туған нәтижені бағалайды. Бұл мәселені Ю.К. Бабанский өз зерттеуінде жақсы қарастырғанын айта кету керек [127].

Өнертапқыш Томас Эдисон шығармашылық үдерісті былай анықтады: «ойлап шығару – бұл 99% тер және 1% шабыт». Ойлау

киналған жағдайларда туатыны белгілі. Балалардың шығармашылық зерттеуі шығармашылық ойлауды дамытудың үш кезеңінен тұрады: көрнекі-әрекетті, себепті және эвристикалық. Көрнекі-әрекетті ойлау әрекеттен туады. Бала кіші жаста қиялшыл келеді, оларды қиялдауға жетелеуде шығармашылық белсенділікті туғызудың әртүрлі әдістері мен тәсілдері бар:

– бейнелік салыстыру тәсілі (аналогия), қиын жағдайда немесе құбылыс жай және түсінікті салыстырылғанда қолданылады. Атап айтқанда, бұл тәсіл жұмбақ, мақал-мәтелдер құрастыруда қолданылады;

– миға шабуыл әдісі. Бұл әдіс коллективтік мәселелерді шешу болып табылады: «миға шабуыл» авторы – А. Осборн. Миға шабуыл жасау арқылы мәселелік жағдайларды жаңаша және өзгеше шешу туады;

Ғылыми зерттеулер бүгінде оқушылардың өз ойын жеткізе алмауы, сөздік қоры азаюы, синоним мен антонимдерді қолдана алмауы және оқушылардың шығармашылық жұмыстармен айналыспайтындығын көрсетеді. Сондықтан когнитивті тұрғыдан оқытуда сөзбен, сөйлеммен және тұтас мәтінмен жұмыстану жаттығулары беріледі. Бастауышта зат есімді меңгертуде әр концептіге жататын әртүрлі тілдік бірліктерге арналған жаттығулар жүйесі жасалды. Бұл жаттығулар мен тапсырмалар метафоралық, ассоциациялық деп екіге бөлінеді.

### **1. Метафоралық жаттығулар.**

Концептілер когнитивті метафоралардан тұрады да, олар концептінің құрамында жеке адамның көзқарасы мен ұлттық дүниетаным негізінде құрылады. Когнитивті метафоралардың басты ерекшелігі сөздің лексикалық мағынасының басты бөлшектерінің ұштасуы арқылы мағыналық үйлесімділікке бағынады.

Б. Хасановтың айтуынша: «Метафора – заттар мен құбылыстардың бүтіндей, не бір ғана белгі; форма, қасиет пен қимыл ортақтығына орай, түр, түс, иіс, дыбыс ұқсастығына, құрамына, өз арақатысына қарай ауыстыру. Ал метафораны қолдану – көру, есту, сезу әсерлерінің кірігуі» [151, 18 б.]. А.Б.Әмірбекова концепт қалыптастырудағы метафораның қызметі семаларға сүйене жүзеге асатынын сызбалармен бейнелейді. Мысалы: «*Жігіт – бүркіт*» метафорасындағы С1 – жігіт-батыр, қайсар; С2 – бүркіт-мықтылық, жыртқыш, күшті; Қ1 – ел қорғаны;

Қ2 – құс патшасы». Концепт қалыптастырудағы метафораның қызметі ерекше болады, яғни, ол: «метафора концепт қалыптастыратын құрылымдық элементтердің бейнелену қызметін атқарады. Метафоралану әрекеті адам тәжірибесіндегі ассоциативтік, стереотиптік, символдық танымына негізделеді. Концепт қалыптастырудағы метафораның қарапайым қызметі – танылатын дүниенің бір қасиетін ауыстырып, санадағы гештальт құрылымда жаңа фон қалыптастыру», – деп жазады [56, 89-90 бб.].

Ал В.Н. Телия: «Когнитивті метафоралар – дерексіз ұғымдарды қалыптастырушы және атаушы метафоралар», – деп көрсетеді [129, 193 б.].

Е.С. Федотов когнитивті метафора ғаламның тілдік бейнесіндегі байқалмайтын мәндердің тұтас және белгілі концептуалды кескіндерін көрсете алатын сипатта болатынын жазады [130, 46 б.].

Концептілердегі метафораларды бастауыштағы балаларға ұғыну ауыр болғанымен, оларды жеңілдету арқылы меңгертуді осы кезде бастаған жөн деп есептейміз. Метафораларды ұғына білген оқушының бойында шығармашылық деңгейдегі дарындылық негізі қалыптаса бастайды.

Сабақ беру барысында мұндай мазмұндағы тапсырмаларды жеңіл түрде беретін болса, оқушылардың заттың белгілерін білдіретін сөздерді іздестіріп, дұрыс қолдануда және сөйлемдегі сөздерді тиісті орнына қоюда қызығушылық тудырады. Берілген тапсырмаларда оқушылардың зат есімдерді қолдана білу дағдысын байқау мақсатында ғана зат есімдердің санын шектеп беруге тура келеді. «Үздік болсам» деген ниетпен тез орындауға тырысқан оқушыларда тілдік ойлау үдерісі анық байқалып тұрады.

## **2. Ассоциациялық жаттығулар.**

Когнитивті оқытуда лексикалық мағынаның үлкен және кіші бөлшектері, яғни семалары сияқты концептінің әр алуан бөлшектерін ұғындыруға тура келеді. Лексикалық мағынаның ірі, кіші семалары сол сөзді қабылдағанда, бірден ойға сап ете түсетін бейнелер мен ұғымдар болса, концептінің семалары ассоциациялар болады.

Ассоциациялар – стереотиптер сияқты концептіні қабылдаудан туатын құрылымдар іспетті тізбектер. Концептілік ассоциациялардың мағынаның әртүрлі семаларынан ерекшелігі олар өте күрделі сипатта болады. Бір ірі концептіде көптеген

сөздердің тура, ауыс мағыналары жинақталғандықтан, ассоциациялар көптарамды болып келеді. Концептілік ассоциациялар лексикалық мағынаның бөліктеріне қарағанда, тізбектеле кезек құрап келуі мүмкін.

Концептінің ассоциацияларын көптарамды түрде бастауыш сатысына когнитивті тұрғыдан оқытуға енгізе беруге болмайды, өйткені ассоциацияларды бірден тауып, айта салу оқушыларға қиын болатыны тәжірибе кезеңінде байқалды. Осы тұрғыдан сабақ беру кезінде концептілердің ассоциацияларын жаттығулар түріне енгізгенде, оқушылардың санасындағы дүниенің қарапайым бейнесіне сүйенген дұрыс болады. Белгілі бір концептінің ассоциацияларын айқындау бастауыш балаларына оңай болады, сондықтан оны концептілердің күрделілігіне қарай саралай ұсынуға болады.

Жалпы ассоциациялық жаттығуларды оқушылардың деңгейін анықтайтын диагностикалық тапсырмалар ретінде пайдаланған тиімді. Осы тектес тапсырмалар арқылы олардың танымдық әрекеті мен танымдық деңгейін нақтылауға болады. Бұл түрдегі тапсырмалар бұрыннан бастауышта тіл оқыту әдістемесінде қолданылып келеді, сондықтан танымдық қызметтің жүзеге асу жағдайы бастауыш психологиясында қарастырылған.

Ассоциацияларды анықтау үшін оқушыларға ойлануға тура келеді, сондықтан концептіні өзіндік ойлау арқылы таныған оқушыларда табиғи дарын нышандары қалыптаса бастайды. Бастауышта ұлттық таным мен ұлттық мінезді білдіретін көптеген пассив лексикаға жататын сөздерді, әсіресе, этнографизмдерді, этнонимдерді т.б. сөздерді меңгерген баланың ойлау әрекеті тез болып, қиялы ұшқыр келетіні анық.

Егер, бастауыштағы бала ұлттық танымды тереңдететін ұлттық-мәдени концептілерді құрайтын сөздерді, олардың мағынасын меңгермесе, одан өз ұлтының жоқтаушысы, суретшісі не ақыны, жалпы, тілдік тұлға шықпайтыны өз-өзінен түсінікті. Сол себепті танымдық тұрғыдан зат есімдерді оқыту оқушыларды жоғары сатыға көтерер деп ойлаймыз. Зат есімдерді терең меңгерген оқушы үшін басқа сөз таптарын түсіну қиынға соқпаса керек, сондықтан концептілердің құрамындағы басқа сөздерді ұштастыра ұсынып оқыту әдістемесін құрған жөн.

Ассоциациялар кез келген концептінің құрылымдық үлгілерінің бір парасын құрағандықтан, оны әр концепті бойынша

саралап берген жөн болар. Бастауыш сыныпқа табиғат мезгілдеріне қатысты концептілерді оқыту жеңілдік тигізеді. Ассоциациялы байланыстар ұғымның ішкі жиынтығы болады, сондықтан тұтас ұғымдарды концептілік шеңберде қабылдау оқушыларға жеңіл болады.

Л.С. Выготский: «Ұғым – жадының көмегімен игерілетін, тек ассоциациялы байланыстардың қарапайым жиынтығы ғана емес, ойлаудың күрделі актісі. Оны құр жаттап игеруге болмайды, олар санада пайда болу үшін ол баланың ойы ішкі дамуы арқылы өзі жоғары сатыға көтерілуін талап етеді», – деп жазады [85, 215 б.]. Ұғымдар көлемді түрде бала санасында орын тебуі үшін ойлау әрекеті үнемі сабақ үдерісінде жүруі керек. Ойлау қызметі жүзеге асуы үшін танымдық қызмет түрткі болуы шарт, сондықтан танымдық әрекет баланың өзіндік ұлттық мінезі мен табиғатына сай құрылса, нәтижелі болары сөзсіз. Ұлттық танымды тереңдететін концептінің құрылымдық үлгілеріне сай құрылған тапсырмалар мен жаттығулар осы мақсатты көздеуі тиіс.

Метафоралық және ассоциациялық жаттығулар оқушыларды тек бір ұғым, яғни концепті көлемінде ойлауға мәжбүр етеді, сондықтан оқушыларда енжарлық пайда болмай, керісінше әртүрлі көлемдегі нәрселерді ойламағандықтан, қызығушылығы төмендемей, шаршамай жұмыстанады. Концептінің құрылымдық үлгілері бойынша мұғалімге әр алуан тапсырмалар мен жаттығулар жүйесін, топтамасын жасап, оқушыларға ұсынып отыруына болады. Концептінің құрылымдық үлгілеріне қатысты тапсырмаларды орындау арқылы балалардың жалпы танымы өрістеп, ұлтымыздың басты мәдени әдептерін мен ұлттық мінез нышандарын бойларына сіңіреді.

Зат есімді когнитивті оқыту барысында бастауыш сынып мұғалімдерінің көмегімен жинақталған өз бетімен іздену, ішінара зерттеу, шығармашылық жұмыстарына арналған тапсырмалар, жаттығулар, ойындар, сюжетті суреттер, сызбалар, кестелер, тест тапсырмалары оқушылардың қызығушылығын оятып қана қоймай, олардың өз таңдауымен *жазушылар, суретшілер, зерттеушілер* деген топ бойынша жұмыс жасауына жол ашады.

Бастауыш сынып оқушылары мұндай жаттығуларды үлкен қызығушылықпен орындайды. *Бейне құрастыру* жаттығуы затты не құбылысты тұтастай қабылдауға, *жалпылауға* арналған жаттығу заттың қасиеттерін, мәнді, мәнсіз белгілерін бөліп

көрсетуге үйретеді, жалпылау іскерлігін қалыптастырады. *Сөздік ассоциация* жаттығуы ойлаудың нақтылығына әсер етеді. Берілген сөзге нақты анықтама, түсінік беріледі. Бұл түсінікте мәнді, когнитивті белгілерді енгізу қажет. Жұмыс нәтижесі бойынша оқушылардың концептілерге ассоциация құра отырып, олардың когнитивті белгілерін анықтап, түсіндіру және дұрыс қолдана алу іскерліктері айқындалады. Тапсырмаларды орындау кезінде концептілердің когнитивті қасиеттерін анықтау, мәнін ашу, салыстыру арқылы оқушылардың танымдық көкжиегі кеңейеді.

## Бақылау жаттығулары (Жаттығулар үлгісі)

### 1. Метафоралық жаттығу үлгілеріне қарап жаттығу құрастыру

**1-жаттығу.** Ұғымдардың ұқсас белгілерін табыңыз.

Міндеті: Зат есімдердің ұқсастығын ажырата білуге, логикалық байланысын табуға үйрету

Үлгі: *қыз – аққу; шөп – кілем; мұз – тас; тау – батыр.*

#### **Жауабы:**

Ит –	(дос)
Табиғат –	(ана)
Әке –	(асқар тау)
Туыс, ағайын –	(орман)

**2-жаттығу.** Кім? не? сұрақтарына жауап беретін сөзді тауып, оларды бейнелі сөзбен беріңіз.

Міндеті: Зат есімдерді тауып, сұрақ қоюға, оларды бейнелі сөзбен беруге үйрету, бейнелі ойлауын дамыту

#### **Жауабы:**

Асқар тау – кім?	(әке)
Балалар панасы – кім?	(ана)
Бала – не?	(бақыт, қуаныш)

**3-жаттығу.** Мәтіннен алмастырылған зат есімдерді тауып, бөлек жазыңдар. Мағынасына талдау жасап, салыстырыңдар.

Міндеті: Алмастырылған сөздердің мағынасын салыстыруға, талдауға үйрету

Жириенше шешен бір күні жолда келе жатып, алдынан қарсы кездескен бір баладан:

– Дүниеде бәрінен не тәтті, балам? – деп сұрайды.

Сонда бала:

– *Бал тәтті*, – деген екен.

– Ал, жұмсақта не жұмсақ?

– *Мамық жұмсақ*.

– Қаттыда не қатты?

– *Тас қатты*.

Бұл баланың жауабын тыңдап тұрған екінші бала: «Осы сұрақтарыңызға мен жауап беріп көрейін, рұқсат етіңіз», – деп өтінеді.

– Ал, айта ғой, балам, не тәтті? – дейді Жиренше шешен.

– Ананың *сүті*, – деп жауап беріпті бала.

– Не жұмсақ?

– Ананың *қолы*!

– Ал, енді не қатты? – деп сұрағанда:

– Атаның *жүрегі*, – деген екен. Шешен екінші баланың жауабына риза болып, батасын беріпті.

**4-жаттығу.** «Табиғат» концептісіндегі ағаш, өсімдіктердің жиі қолданылатын ауыспалы мағынасын есте сақтап, жазып алыңыздар. Қандай белгісіне байланысты айтылып тұрғанын талдаңыздар.

Міндеті: Сөздердің ортақ белгілерін табуға үйрету

Қайың – *биші*

Емен – *жігіт*

Бәйшешек – *көктем*

Жапырақ – *бала*

Құрақ – *ұрпақ*

**5-жаттығу.** «Күзге» тән сипаттау сөздерін тауып, оларды «күз» сөзімен тіркестеріңіздер. Үлгі: күз – сары жапырақ.

Міндеті: Оқушылардың сөздерді орынды қолдануға үйрету

*Ақ дала, жомарттық, жүдеу көңіл, қайтқан құс, келген аққу, сары уайым, жайқалған шөп, сары гүл, бәйшешек, береке, қылыш, мошылық, жасыл кілем.*

**6-жаттығу.** Мақсаты: «Адам» концептісіне жататын зат есімдерді тауып, оларға сұрақ қойыңыздар.

Міндеті: Туыстық атауларды ажырату

1. Атадан – пейіл, анадан – мейір, баладан – қайыр.
2. Туыс – тау, қайын – қанат, нағашы – нар.

**7-жаттығу.** Көп нүктенің орнына тірек сөздерді қойып, көшіріп жазыңыз.

Міндеті: Зат есімдерді дұрыс қолдануға дағдыландыру

*Тірек сөздер: қыз, мұз, із*

*Байлық – қолға ұстаған ...*

*Бақыт – ұзатылған ...*

*Бала – артта қалған ...*

**8-жаттығу.** Мақалды жалғастырыңыз, мағынасына талдау жасаңыз.

Міндеті: Сөздерді сөйлемде дұрыс қолдануға үйрету

Жауабы:

Ер қанаты – ...

(ат)

Жылқы – ...

(сәндік)

Білім – ...

(шырақ)

Түйе – ...

(байлық)

Ілім – ...

(бұлақ)

**9-жаттығу.** Қазақтың малды бағалауын жазып, неліктен бұлай айтылғанын ойлап көріңіз.

Түйе – салтанат. Жылқы – мақтан. Сиыр – қанағат. Қой – қазына.

**Ассоциациялық жаттығу үлгілеріне қарап жаттығулар құрастыру:**

**1-жаттығу.** «Достық», «Табиғат» концептісі бойынша «Оның досын тап» деген тапсырма беріледі.

Жауабы:

Елдің досы кім?

(ер)

Жердің досы кім?

(диқан)

Суретшінің досы не?

(бояу)

Жауынгердің досы не?

(қару)



Атбегінің досы не? (тұлпар)  
Оқушының досы не? (кітап).

**2-жаттығу.** Түсі ақ, сары, қоңыр, ала хайуанаттарды атаңыз, салыстырыңыз.

Мәселен: Түсі ақ: ақтиін, ақкіс, қасқыр т.т.

**3-жаттығу.** Достықты бұзатын не екенін ойлап, сөздерді өзара мағыналық қатынастарына қарай топтастырыңыздар, мағынасын түсіндіріңіздер? Олардың ішінен ең бастысы қандай?

Достықты бұзатын ұғымның ассоциациялары: сатқындық, күншілдік, мақтаншақтық, өтірік, өсек, қорқақтық, ашу, сабырсыздық т.т.

**4-жаттығу.** Төмендегі зат есімдердің мағыналық қатынастарына қарай сыңарларын тауып, талдау жасаңыздар.

*Орман, өзен, достық, қамшы, бесік.*

Үлгі: орман – ағаш, ағаш – тамыр, тамыр – бұтақ, бұтақ – жапырақ;

қағаз – қалам, қалам – дәптер, дәптер – парта, парта – сабақ, сабақ – оқушы, оқушы – мектеп.

**5-жаттығу.** Сөздердің сәйкесетін жұптарын тауып, дәлелдеңіздер.

Өзен, жылқы, бұйда, тау, сексеуіл, тазы, асық, арба

Керекті сөздер: *Арқар, шоқ, сақа, ер-тоқым, аңшы, балық, түйе, дөңгелек*

Үлгі: өзен – балық, бұйда – түйе, арба – дөңгелек

**6-жаттығу.** «Отан» дегенде есіңе түсетін зат есімдерді атаңыз. Аталған зат есімдерді байланыстырып, мәтін құраңыз. Септік жалғауларын ажыратыңыздар.

**7-жаттығу.** Үлгіге қарап, сөйлемді аяқта.

Үлгі: Өзендер: *Іле, Сырдария, Жайық, Ертіс, Нұра, Қаратал.*

Таулар: .....*Қаратау, Ұлытау, Алатау, Мұғалжар т.т.*

Көлдер: .....*Балқаш, Алакөл, Қорғалжын, Шолақ, Бурабай.*

Құмдар:.....*Атай, Матай, Борсық, Нарын, Аққұм, Тайсойған.*

**8-жаттығу.** «Отан», «Достық», «Көктем», «Табиғат» тақырыбына қатысты сөздерді жинақтап жазыңыздар.

Үлгі: «Отан – ата-ана», «Отан – туған жер», «Отан – ел, астана», «Отан – жасыл орман, шалқар көл, асқар тау», «Отан – алып киіз үй».

**9-жаттығу.** Бағандағы берілген сөздердің мағына жақындығын сызып көрсетіңіздер. Мысалы:

<b>Қайың</b>	<b>Орал</b>
Гүл, бақша, шөп, ағаш.	Тау, өзен, қала, су.

**10-жаттығу.** Жалқы есімдер бойынша кестедегі көп нүктені толтырып, қосымша ақпарат келтіріңіздер (Кесте 9).

*Кесте 9 – Жалқы есімнің емлесі*

Түрлері	Мысалдар
Кісі аттары	
Атақты күйшілер	Құрманғазы, Дина....
Батырлар	Сырым, Махамбет, Мәншүк ...
Ақындар	Махамбет, Қадыр .....
Атақты әншілер	Мұхит, Ғарифолла, .....
Жер-су аттары	
Өзен атаулары	Қараөзен, ....
Құм атаулары	Аққұм, ....
Көл атаулары	Егіндікөл, .....

Бұл кесте арқылы «Белгілі адамдар» немесе «Менің өлкем» ойынын жүргізуге болады. Ойынды жүргізгеннен кейін кестенің ішінен бір адамның бойынан бірнеше қасиеттер кездескенде ситуациялық жағдайға түсіріп, оқушыға өз ойын айтқызуға, талдауға, дәлелдетуге, бағалауға үйретіледі. Мысалы, *Махамбет – әрі батыр, әрі ақын*. Мұндай тапсырмалар оқушылардың оқу сауаттылығын арттырып қана қоймай, туған өлкесін тануға жетелейді.

**Студенттердің оқытушымен бірлескен өздік жұмыстары**

1. Метафоралық жаттығуларға мысалдар дайындап, талдаңыз.

2. Ассоциациялық жаттығуларға мысалдар дайындап, салыстырыңыз.

## КОНЦЕПТІЛЕР БОЙЫНША БІЛІМДІ ҚАЙТАЛАУҒА, БЕКІТУГЕ АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР ҮЛГІСІ

**«Жануарлар» концептісі бойынша ойын тапсырмалары.**

### **1. «Кім екенін тап» ойыны**

Бұл ойында балалар екі топқа бөлінеді. Әр топтан бір бала кезекпен шығып, үй не дала хайуанатының шығаратын дыбысын дыбыстайды, не айнытпауға тырысып салады. Оны білдім деген бала қарсы топтан қолын көтеруі керек. Қай топ жануардың дыбысын ажырата алмаса, сол топ ұпай саны бойынша жеңіледі.

### **2. «Төл қалай өсті?» ойыны**

Бұл ойында балалар екі топқа бөлінеді. Бір топтың мүшесі *қошақан*, сол топтың келесі баласы *бағлан* т.т., яғни балалар эстафета тәрізді рөлдерде болады. Қошақаннан бастап қой болғанға дейінгі аралықтағы атауларды көрсеткен балаларды қарсы топ білуі керек. Мәселен, *қошақан, қозы, бағлан, марқа, тоқты, тұсақ, қой т.т.* Қарсы топтың мүшелері басқа жануардың төлінің өсу кезіндегі аттарын жасырады. Мәселен, *құлыншақ, құлын, құнаншығар, құнан, дөненшығар, дөнен, бесті т.т.* Барлық атауларды тапқан топ ұпай саны бойынша жеңіске жетеді.

### **3. «Үй жануарларының ауруын табыңыздар? Малға қатысты тиымдарды атаңыздар?»**

Мақсаты: Танымдық деңгейді кеңейту.

Өткізу әдісі: Сынып екі топқа бөлінеді. Бір топ жануардың атын айтса, қарсы топ оған тән аурудың атын айтады.

Мысалы, Сиыр – *аусыл*

Түйе – *қараөкпе*

Қой – *айналма*

Ешкі – *кебенек*

Жылқы – *сақау*. Осыдан кейін әр топтан оқушылар кезекпен малға қатысты тыйым сөздерді айтады. Мәселен: *малды теппе, малды сөкпе, малды басқа ұрма, жылқыны үстіне-үстіне қамшылама т.т.* Бұл жаттығуларды жасауда С. Кенжеахметовтың «Жеті қазына» еңбегіне сүйендік [154].

### **4. «Жануарлар қалай дыбыстайды?» ойыны**

Мақсаты: Қазақ тілінде әр жануардың тек өзіне ғана тән дыбыстауы бар, соны меңгеру.

Сыныптағы балалар екі топқа бөлінеді. Бір топ хайуанаттың атын айтады, ал қарсы топ оның дыбыстауын айтады не жазады.

Сондай-ақ, сәйкестендіру үшін мұғалімге кесте жасап, ұсынуға болады. Мәселен:

*Қошқар мекіренеді. Бұқа күжілдейді. Айғыр арқырайды.  
Азбан азынайды. Қасқыр ұлиды. Күшік қыңсылайды.  
Түйе боздайды. Теке бақылдайды. Жылан ысылдайды.  
Тышқан шиқылдайды. Мысық пырылдайды.*

#### **5. «Бірдей белгісін ізде» ойыны.**

Сиыр, барыс, ит, доңыз, жылан, жылқы, тышқан, маймылдың бірдей белгісі не? (1 жауабы: бәрінің де құйрығы бар; 2 жауабы: шығыс күнтізбесі бойынша жыл атаулары).

#### **6. «Айырмашылығын тап» ойыны.**

Ұшақ – ит, шкаф – мысық, магнитофон – құс. Ұшақ (жансыз); ит (жанды)

**«Адам» концептісінің бейнелік құрылымы бойынша тілдік бірліктер берілген, әрқайсысына мысалдар жазыңыздар:**

- 1) Адамның аты, ұлты, жасы, тегіне қатысты зат есімдер.
- 2) Адамның киімі, төрт мезгілге қатысты киім атаулары мен киінуіне қатысты сөздер.
- 3) Адамның мінезіне қатысты сөздер мен тіркестер.
- 4) Адамның жұмысы, мамандығына қатысты зат есімдер мен басқа сөз таптары.
- 5) Адамның туыстық қатынасына қатысты зат есімдер.
- 6) Адамның атқаратын қызметіне қатысты тілдік бірліктер.
- 7) Адамға қатысты дерексіз ұғымдарды білдіретін зат есімдер.

**«Адам» концептісінің бейнелік құрылымы бойынша тапсырмалар**

**1-тапсырма.** Қандай ұлттар қазаққа туыс? Дәлелдеңіз.

Тірек сөздер: қырғыз, татар, башқұрт, ноғай, қарақалпақ, құмық, әзербайжан, қарайым, өзбек, түркімен, ұйғыр т.т.

**2-тапсырма.** Топшамаларда бас киім, сыртқы киім, аяқ киім түрлері және мезгіл бойынша түрлері жазылып таратылады.

Мысалы:

**№1 топшама.** Қазақ қыздарының ұлттық бас киімін табыңыздар?

Бас киімдер: берет, тақия, кепи, хиджаб, шәлі, малақай.

**№2 топшама.** Қазақ жылқышылары қыста киген бас киімі қандай?

Тақия, орамал, қалпақ, далбай, тымақ.

**3-тапсырма.** Мінез түрлеріне қатысты мына *ерке, шолжың, мейірімді, ертекішіл, тіл алғыш, турашыл, ақсақалды, сыйлас, таяқты, жарқын жүзді* сөздермен *ата, әже, ана, әке, аға, апа, қыз, іні, қарындас, көрші, қойшы* сөздерді сәйкестендіріңіздер.

Ерке – (қыз); шолжың – (қарындас); мейірімді – (ана); сыйлас – (көрші); қатаң – (әке); ақсақалды – (ата); ертекішіл – (әже); тіл алғыш – (іні); турашыл – (аға); таяқты – (қойшы); жарқын жүзді – (апа).

**4-тапсырма.** Мамандық атауларын жазыңыздар. Әр мамандыққа баға беріңіздер.

Үлгі: Кәсіп+кер

Сиыр, арба, қой, жылқы, мал, қасап, дәрі, балық, құрылыс.

**5-тапсырма.** Туыстарыңның аттарын жазыңыздар.

Мәселен: Нұржан – ағам; Алуа – апам (әпкем); Балым – (сіңлім);

Амантай – (інім); Сағынтай – (нағашым); Самат – (бөлем);

Шырын – (жиенім).

**6-тапсырма.** Мына мамандардың (ағаш шебері, ұста, шопыр, құрылысшы) қызметіне қатысты зат есімдерді тауып, жазыңыздар. Мысалы: Ағаш шеберіне қатысты зат есімдерді жазу: *Сүргі, бұрғы, шапқы, тескіш, қырғыш, ара, ойғыш, қажсағыш т.т.*

**7-тапсырма.** Адамға тән ұғымдардың мағынасына талдау жасаңыздар.

Арман, бақыт, қиял, парасат, көңіл, қуаныш, қайғы.

**«Көктем» концептісінің атауыштық өрісіндегі мәндес сөздер бойынша құрылған тапсырмалар**

**1-тапсырма.**

Нұсқау: сөздерді қатыстырып, сөз тіркесін не сөйлемдер құрастыру.

өзен – су

құс – келу

ағаш – бүршік жару

жылға – су ағу

аю – ояну

наурыз – қуаныш

үт – тозаң

ұя – балапан

бәйшешек – қар еру

**2-тапсырма.**

Нұсқау: Мәндес сөздерді қосыңыз.

Үлгі: көктем – аналар мейрамы – құстар келеді.

Наурыз айы – наурыз тойы, (наурыз көже, көкпар тарту т.т.)

Сәуір айы – үт туды, (бесқонақ, отамалы, көк шығу т.т.)

Мамыр айы – Жеңіс мейрамы, (соңғы қоңырау, демалысқа шығу т.т.)

Құс қанаты (соңғы қар жауу) – құстардың келуі, (ұя салу, ұя басу тт.)

Бәйшешек – бүршік жару, (қызғалдақты дала, сарғалдақ теру т.т.)

### **«Табиғат» концептісінің құрылымдық үлгілерінің тапсырмалары**

**1-тапсырма. Олар не жейді?** Екі бағанға топтап жазыңыздар.

Қасқыр (ет, шөп)

Түлкі

Қарсақ

Киік

**2-тапсырма. Құстар қалай ұшады?** жазыңыздар, есте сақтаңыздар.

Аққу суылдайды Бүркіт қалықтайды

Сұңқар самғайды Үйрек сусылдайды.

**3-тапсырма. Аңдар қалай жүреді және немен қоректенеді?** жазыңыздар, анықтаңыздар, есте сақтаңыздар.

Қасқыр (бүкеңдейді). Тасбақа (жорғалайды). Елік (елеңдеп жүреді).

Құндыз (жүзіп жүреді). Қасқыр (жануарларды), тасбақа (балық, шаяндарды), Елік (шөпті), Құндыз (ағаш бұтақтарын) жейді.

### **Тест тапсырмалары**

Оқушылардың зат есімнен алған білімін бақылау мен тексерудің тиімді жолдарының бірі – **тест тапсырмалары**. Тест жеке адамның ақыл-ойы дамуының, білік-дағдыларының, қабілеттері дамуының белгілі бір деңгейін тексеруге арналған тапсырмалар жиынтығынан тұрады. Оқушылардың жауабын тексерудің бірнеше жолдары бар, әсіресе, түрлі түсті белгілер арқылы өзінің білімін өзі бағалау балалардың білуге құштарлығын тудырады.

**Зат есім туралы білім деңгейлерін анықтауға арналған тест тапсырмаларының мазмұны:**

**I- нұсқа**

**1) Кімді? сұрағына жауап беретін сөзді тап.**

а) шаңғымен

б) бүркіт

- в) әжемді
- 2) Немен? сұрағына жауап беретін сөзді тап.**
- а) домбырамен
  - б) күшікке
  - в) ұстаздар
- 3) Заттың көптігін білдіретін сөзді тап.**
- а) кептер
  - б) қауындар
  - в) жапырақ
- 4) Мамандықтың атын білдіретін сөзді тап.**
- а) қала
  - б) шопан
  - в) ауыл
- 5) Қай сөйлемде қате жіберілген.**
- а) Алпамыстың салған суреті әдемі.
  - б) Апам анарға қуыршақ сыйлады.
  - в) Абай Құнанбаев – ақын.
- 6) Қай сөз артық?**
- а) Сазан
  - б) Жайын
  - в) Бақа
- 7) Жалқы есім ненің атауы? *Ақтөс***
- а) жер атауы
  - б) жануар аты
  - в) кісі аты
- 8) Шөптің атын білдіретін жалпы есімді тап.**
- а) өзен
  - б) Шөптікөл
  - в) жусан

***II- нұсқа***

- 1) Кімге? сұрағына жауап беретін сөзді тап.**
- а) Машинаға
  - б) мұғалімге
  - в) сыныпқа
- 2) Неден? сұрағына жауап беретін сөзді тап.**
- а) сазгердің
  - б) бишімен
  - в) доптан

**3) Көп затты білдіретін сөзді тап.**

- а) гүлдер
- б) дала
- в) егін

**4) Мамандық атын білдіретін сөзді тап.**

- а) ауыл
- б) құрылыс
- в) әнші

**5) Көп нүктенің орнына нелер? сұрағына жауап беретін сөзді жаз.**

**.... көкке жайылатын болды.**

- а) құс
- б) сиырлар
- в) қасқыр

**6) Сөйлемдегі қай сөз бас әріппен жазылмайды?**

*Ақмарал Саматқызы – Мұғалім.*

- а) Ақмарал
- б) Саматқызы
- в) Мұғалім

**7) Мәтінде не туралы айтылған?**

**Еріктің ең жақсы көретіні – цирк. Ерік циркке жиі барады. Ол момақан жануарларға мәз болып, қол соғады. Ортаға күлдіргіш шыққанда, өзін-өзі ұмытып кетеді.**

- а) Ерік
- б) цирк
- в) күлдіргіш

**8) Бас әріппен жазылатын сөздер қандай сөздер?**

- а) жалпы есім
- б) сан есім
- в) жалқы есім

## **КОНЦЕПТІЛЕР БОЙЫНША САБАҚ ҮЛГІЛЕРІ**

**Сабақтың тақырыбы:** «Көктем» концептісі.

**Сабақтың мақсаты:**

1) Көктем концептісі арқылы ғаламның когнитивті бейнесін қалыптастыру, көктем концептісінің семантикалық өрісін құру арқылы заттың атын білдіретін сөздерді ұғындырып, танымын кеңейту.



2) Оқушылардың санасына ғаламның когнитивті бейнесін қалыптастыруда концепт арқылы ойға жетелеуге, когнитивті белгілерді анықтауға, ішінара ізденуге, сөздік қорын молайтып, жүйелі сөйлеуге үйрету, жазбаша, ауызша тілін дамыту. Білімдерін пайдалана білуге үйрету.

3) Ұйымшылдыққа, адамгершілікке, ізденімпаздыққа, шығармашылыққа тәрбиелеу, эстетикалық, табиғатқа қамқорлық сезімін тудыру.

**Сабақ түрі:** Жаңа сабақ.

**Сабақтың әдіс-тәсілдері:** когнитивті әдіс, интерактивті әдіс, фрейм,

**Көрнекілігі:** табиғат суреттері, кесте, топшамалар

**Пәнаралық байланыс:** дүниетану, әдебиеттік оқу, бейнелеу, ұлттық тағылым.

**Сабақтың барысы:**

**Бағдарлау-мотивациялық кезең.**

1) Психологиялық дайындық. Оқушыларды жаңа материалды қабылдауға дайындау. Жыл мезгілдерін түстерге қарай таңбалату және таңдау: көк – көктем; жасыл – жаз; сары – күз; ақ – қыс.

2) Ассоциация құру. **Көктем** сөзін естігенде нені елестетесіңдер? (*құстар, ағаш, бүршік* т.т.).

3) Когнитивті белгілерін анықтау. Сонда көктемде қандай құбылыстар болады екен? (*қар ериді, күн жылынады, жылғалардан су ағады, құстар келеді, ағаштар бүршік жарады, мал төлдейді, адамдар қуанады, Наурыз мейрамы тойланады*, т.б.).

4) Көктем айлары қандай? Көктем айлары: *наурыз, сәуір, мамыр*.

**Операционалдық-орындаушылық кезең.**

1) Көктем тақырыбына қатысты суреттермен жұмыс. Суретте бейнеленген құбылыстар мен оқиғаларды грамматикалық сұрақтар қою арқылы анықтап (оқушылардың жауабын тақтаға немесе интерактивті тақтаға арнайы белгілермен жазып отыруға, мысалы, **жел** соғады, **күн** жылынады, тіпті алдын-ала жазылған болжамдарды пайдалануға да болады), аталған сөз, сөз тіркестерін дәптерлеріне жаздырып, қарамен жазылған сөздерге ауызша сұрақ қойылады. Ал дәптерлеріне мына үлгі бойынша тапсырма орындатылады:

2) Тапсырма. Көп нүктенің орнына Кім? Кімдер? Не? Нелер? сұрақтарына жауап беретін сөздерді жазыңдар.

Тірек сөздер: *Қар, күн, су, құстар, жануар, ағаш, адам, балалар.*

Кім? Кімдер? ....

Не? Нелер? .....

3) Жалпылау әдісімен балалардың санасында көктем концептісі бойынша жинақталған ақпараттар арқылы семантикалық өріс жасауға болады. Бұл арқылы балалардың санасында көктемнің когнитивті бейнелері нақтылана бастайды.

а) **Көктемдегі табиғат құбылыстары.** (Заттарды мезгілдік байланысына қарай айырту. Көктемде қандай табиғат құбылыстарын байқаймыз? *жаңбыр, су* ағады, *күн* жылынады, *жел* соғады, *күн* ұзақ, *түн* қысқа).

б) **Құстар мен жануарлар тіршілігі.** (*құстар* ұшып келеді, *жануарлар* төлдейді).

в) **Көктемгі мейрамдар.** (Наурыз, Әйелдер мейрамы, Жеңіс күні, т.б.).

г) **Көктемгі еңбек.** (*ұя* жасау, *жер* жырту, *егін* егу, *үй* ақтау (жаңарту)).

4) I. Жансүгіровтың «Жазғытұрым» өлеңін талдау арқылы *Көктем* концептісін ассоциативтік модельге саламыз.

*Ой, балалар, балалар!*

*Жылы-жылы жел соқты,*

*Жылғалардан су ақты.*

*Қаңқыл-қаңқыл қаз кепті.*

*Жер қарайды – жаз кепті.*

*Желкілдейді көк майса.*

*Желіндейді мал жайса.*

***Көктем – жел, су***

***Көктем – құс***

***Көктем – көк, мал***

*Көктем* концептісін ассоциативтік модельге салғанда (***Көктем – жел, көктем – су, Көктем – құс, Көктем – көк, Көктем – мал, Көктем – жер, Көктем – шуақ, Көктем – мейрам***) осындағы *жел, су, құс, мал, көк, жер, шуақ, мейрам* сөздері ассоциация және «көктем» концептісінің құрылымдық үлгілері де болады. Концептінің ассоциациялы моделі метафора және ассоциация болып берілгендіктен, балалар хабарланған мысал арқылы айта алады.

1) Сөздерді мәніне қарай байланыстыруға үйретіледі.

Мәндес сөзді қос. Үлгі: *көктем* – аналар мейрамы – *құстар* келеді.

Наурыз айы – наурыз тойы (наурыз көже, көкпар тарту т.т.)

Сәуір айы – ұт туды (бесқонақ, отамалы, көк шығу т.т.)


Мамыр айы – Жеңіс мейрамы (соңғы қоңырау, демалысқа шығу т.т.)

Құс қанаты (соңғы қар жауу) – құстардың келуі (ұя салу, ұя басу т.т.)

Бәйшешек – бүршік жару (қызғалдақты дала, сарғалдақ теру т.т.)

### **Рефлексиялық-бағалау кезеңі.**

1) Көктем концептісінің басты белгілері анықталғаннан кейін, топтастыру әдісімен кім? кімдер? не? нелер? сұрақтарына жауап беретін сөздерді жаздырып, олардың *зат, құбылыс, оқиға* атаулары болатынын білдіріп, сабақты бекітуге болады. Мысалы,



2) Сабақты бекіту кезеңінде оқушылардан көктемде адамдардың қуану себебін сұрау мақсатындағы жағдаяттарды шешуге, «көктем – тіршілік көзі» деген ойға өз қарастарын айтуға, дәлелдетуге арналған тіл дамыту жұмыстары жүргізіледі. Көктем туралы білімдерін жинақтау.

3) Бағалау.

Үйге тапсырма. Көктем – тіршілік белгісі (Ертегі, әңгіме жазу).

**Сабақтың тақырыбы:** «Отан» концептісі.

**Сабақтың мақсаты:**

1) Отан концептісі арқылы ғаламның когнитивті бейнесін қалыптастыру, концептісінің семантикалық өрісін құру арқылы заттың атын білдіретін сөздерді ұғындырып, таным көкжиегін кеңейту.

2) Оқушылардың санасына ғаламның когнитивті бейнесін қалыптастыруда концепт арқылы ойға жетелеуге, когнитивті белгілерді анықтауға, ішінара ізденуге, сөздік қорын молайтып, жүйелі сөйлеуге үйрету, ойын дамыту. Білімдерін пайдалана білуге үйрету.

3) Ұйымшылдыққа, адамгершілікке, ізденімпаздыққа, шығармашылыққа тәрбиелеу, патриоттық сезімін ояту, Отанына, туған еліне сүйіспеншілігін тудыру.

**Сабақ түрі:** Жаңа сабақ.

**Сабақтың әдіс-тәсілдері:** когнитивті әдіс, ассоциациялық әдіс, интерактивті әдіс, фрейм, миға шабуыл» әдісі

**Көрнекілігі:** Қазақстан картасы, еліміздің қалалары, ауыл суреттері, кесте

**Пәнаралық байланыс:** дүниетану, ана тілі, бейнелеу, ұлттық тағылым.

**Сабақтың барысы:**

**Бағдарлау-мотивациялық кезең.**

1) Психологиялық дайындық. Оқушыларды жаңа материалды қабылдауға дайындау. «Отан» концептісі бойынша мұғалім сабақ түсіндіруден бұрын балалардан «Отан» жайлы кім не білетіндігін ортаға салуларын сұрайды. Біразы теледидардан көргенін, естігендерін немесе алдын ала сұрап келгендерін, т.б. жағдайда алған мәліметтерін «миға шабуыл» әдісі арқылы ортаға салады Мұғалім М. Мақатаевтың Отан туралы өлеңін мәнерлеп оқып, ақынның еліне деген сүйіспеншілігін талдау арқылы оқушылардың Отанына деген өз сүйіспеншілігін айтқызып, түсініктерін байқайды.

**Операционалдық-орындаушылық кезең.**

1) Ассоциация құру. Отан сөзіне көбірек анықтама беру (Мысалы, «Отан – ата-ана», «Отан – туған жер», «Отан – ел, астана», «Отан – туған тіл», «Отан – жасыл орман, шалқар көл, асқар тау», «Отан – алып киіз үй»). Мұнда балалар жұппен немесе топпен жұмыс істей отырып, «миға шабуыл» әдісі арқылы тізген сөздерді кеңейтіп түсіндіру үшін өзбетінше суреттермен немесе басқа қосымша әдебиеттермен жұмыс істейді. Оқушыларға тақырыптың когнитивті белгісін ашатын суреттер және өлеңдер мәтіні беріледі. Мәселен, Қазақстан картасы, Астана, табиғат суреттері және мәтіндер.

2) Қазақстан картасы бойынша жұмыс. «Отан – туған жер», «Отан – ел, астана», «Отан – жасыл орман, шалқар көл, асқар тау» деп берілген анықтамаларды картадан іздеттіріп, қала, өзен-көл, таулар аттары айтқызылады.

3) Қазақстанның қала, өзен-көл, таулар аттарын дәптерлеріне жаздырып, жалпылау әдісімен бір сөзбен қалай атауға болатынын сұрау. Мысалы,

*Іле, Сырдария, Жайық, Ертіс, Нұра, Қаратал т.т.* – өзендер.  
*Қаратау, Ұлытау, Алатау, Мұғалжар т.т.* – таулар.

*Балқаш, Алакөл, Қорғалжын, Шолақ, Бурабай, Шалқар т.т.* – көлдер.

*Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шымкент, Тараз, Қостанай т.т.* – қалалар.

4) Қала, өзен-көл, таулар аттарының бас әріппен жазылуына көңіл аудару.

5) Оқушылардан өз қаласындағы ауыл аттары, өзен, көлдер, таулар жөнінде сұрап, дәптерлеріне жаздыру. Сөйлем құруға беріледі де, қала, өзен-көл, таулар аттарын бас әріппен жазуын қадағалау және олардың аталу тарихын сұрауға болады. Сөйлемдегі зат есімдердің септік жалғауларына талдау жасалады.

### **Рефлексиялық-бағалау кезеңі.**

1) Сабақты қорытындылау.

– «Отан» деген сөздің мағынасы көптеген ұғымдарды білдіреді екен, ендеше біздің Отанымыз қалай аталады?

– Отанымыз – Қазақстан Республикасы деп аталады. Егеменді еліміздің белгісін білдіретін ел рәміздері бар. Кімдер атайды?

Жауаптары тыңдалады.

2) Сабақты Б. Ысқақовтың «Отан» өлеңімен бекітуге болады. Осы өлең арқылы Отан туралы ұғымдарды топтастыруға болады.

Отан – сенің ата-анаң,

Отан – досың, бауырың.

Отан – өлкең, астанаң,

Отан – аудан, ауылың.

Отан – тарих, Отан – тіл,

Жасаған елің, өз халқың.

Отан – өлкең, отан – жыр,

Көтерген көпке ел даңқын.

Отан осы, достарым,

Көңілге оны түйе біл!

Отан деп өсіп жас жаның,

Оны ардақтап сүйе біл!

3) Бағалау.

4) Үйге тапсырма. Оқулықтағы жаттығу. Астана қаласы, ел рәміздері туралы мәліметтерді оқып келуге тапсырылады.

Отан концептісінің келесі сабағында «Астана қаласы, ел рәміздерінің» маңызы, олардың авторлары жөніндегі мәліметтер талданылады. Бас әріппен жазылатын кісі аттары, жер-су аттары бойынша тапсырмалар орындалады. Атамекен, туған жер туралы

ой қозғалады. Астана келбетін, өз өлкелерінің болашағын жобалайды. Өз туған жерлеріне не жетіспейді, оны өздері қалай көркейте алады, осы сияқты мәселелік жағдаяттар арқылы Отанына деген қамқорлық сезімдерін оятып, ел қамын ойлауға жасынан үйретіледі.

Сабақты 4 жұмбақ жасырып, оның шешуі (*От. Түтін. Ара. Нан.*) болатын сөздердің бастапқы әрпінен «**Отан**» сөз құрау арқылы ашуға болады.

Ал мына өлеңмен сабақты қорытындылауға болады.

Отанды әркім анасындай,  
Қастерлейді, қорғайды  
Өйткені Отан баласындай,  
Бізді асырап қорғайды.  
Отан деген – атамекен,  
Отан деген – туған жер.  
Отан – ана, Отан – пана,  
Қазақстан – туған ел.

Мұндай тапсырмаларды орындау кезінде оқушыларда мынадай дағды мен білік қалыптасады:

- 1) Оқушылардың ойлау қабілеттері дамиды;
- 2) Ізденімдік қасиеттері қалыптасады;
- 3) Өз ойын дәлелді, жүйелі жеткізуге дағдыланады;
- 4) Сөздік қорлары молайып, танымы кеңейеді;
- 5) Шығармашылық жұмыс істеуге үйренеді.

6) Туған жеріне деген сүйіспеншілігі оянып, оны қорғап, дамытуға деген патриоттық сезімі дамиды.

Әр концепті бойынша балалар жан-жақты білім алып қана қоймай, концептінің семантикалық өрісін құрайтын сөздердің синоним, антоним, омонимі болатын сөздермен танысып, сөздік қорларды көбейеді, тұрақты тіркестер, мақал-мәтелдер арқылы тіл байлығы дамиды. Елі, туған жері, халқы, тарихы, салт-дәстүрі, мәдениеті, әдебиеті жөнінде түсініктері молайып, елжанды тұлға қалыптасады.

**Сабақтың тақырыбы:** «Табиғат» концептісі.

**Сабақтың мақсаты:**

1) Табиғат концептісі арқылы ғаламның когнитивті бейнесін қалыптастыру, концептісінің семантикалық өрісін құру арқылы заттың атын білдіретін сөздерді ұғындырып, таным көкжиегін кеңейту.

2) Оқушылардың санасына ғаламның когнитивті бейнесін қалыптастыруда концепт арқылы ойға жетелеуге, когнитивті белгілерді анықтауға, ішінара ізденуге, сөздік қорын молайтып, жүйелі сөйлеуге үйрету, ойын дамыту.

3) Қамқорлыққа, ізденімпаздыққа, шығармашылыққа тәрбиелеу, туған еліне сүйіспеншілігін тудыру.

**Сабақ түрі:** Жаңа сабақ.

**Сабақтың әдіс-тәсілдері:** когнитивті әдіс, ассоциациялық әдіс,

**Көрнекілігі:** қала, ауыл суреттері, жыл мезгілдері, жануарлар суреті, кесте

**Пәнаралық байланыс:** дүниетану, ана тілі, бейнелеу, ұлттық тағылым.

**Сабақтың барысы:**

**Бағдарлау-мотивациялық кезең.**

1) Психологиялық дайындық. Оқушыларды жана материалды қабылдауға

дайындау. *«Жануарлар қалай дыбыстайды?» ойынын ойнау.*

Мақсаты: Қазақ тілінде әр жануардың тек өзіне ғана тән дыбыстауы бар, соны меңгеру. Сыныптағы балалар екі топқа бөлінеді. Бір топ хайуанаттың атын айтады, ал қарсы топ оның дыбыстауын айтады не жазады. Мәселен: *қой – маңырайды.* Сондай-ақ, сәйкестендіру үшін мұғалім кесте жасап, ұсынуға болады. Мәселен:

*Қошқар мекіренеді. Бұқа күжілдейді. Айғыр арқырайды.*

*Азбан азынайды. Қасқыр ұлиды. Түйе боздайды.*

*Теке бақылдайды. Жылан ысылдайды. Тышқан шиқылдайды.*

**Операционалдық-орындаушылық кезең.**

1) «Табиғат» концептісіне ассоциация құру. Мәселен, концептінің семантикалық өрісіне *«жаңбыр, қар, ағаш, көл, жел, аспан, топырақ, дауыл, тау, жауу, азу, тасу, кебу, соғу, туу, ұшу т.т.»* сөздер енеді.

Ал атауыштық өріске *«табиғат, қоршаған орта, қоршаған әлем»* т.т. синонимдері, *«көркем, сұлу, тамаша, әсем, құлпырған, тамылжыған табиғат»* дегендегі синонимдер, *«өлі табиғат – тірі табиғат, жасыл ағаш – құраған ағаш, тамыры астында – жапырағы үстінде, ұшқан құс – қонған құс т.т.»* дегендегі антонимдер, *«табиғаттай әсем, бұралған биіші қайыңдай, ақ селеулі даладай, аспанда жүзген ақ түбіт бұлттардай т.т.»* дегендегі теңеулерді, мақал-мәтелдерді, тұрақты тіркестерді,

шешендік сөз үлгілерін, көркем шығармалардағы шағын пейзаждарды т.т. енгізуге болады.

2) Деңгейлік тапсырмалар орындау.

1-деңгей

а) Табиғаттағы жерде өсетін түсі жасыл заттарды ата.

..... *Ағаш, шөп, жапырақ, гүл.*

б) Табиғатта мал не жейді? ..... *(шөп)*

в) Қай түлік ағаштың жапырағын жей алады? ..... *(ешкі)*

г) Қазақтар қандай түлікті мінген? ..... *(жылқы, түйе)*

д) Шөп, мал, түлік қандай сұрақтарға жауап береді? ..... *(не?)*

2-деңгей

Шендестіру тапсырмалары.

а) Орман, тоғайлардың түсі жазда қандай? *(жасыл)*

Жабайы аңдардың түсі жазда қандай? *(қоңыр)*

б) Жайлауға қай мезгілде көшеді? *(көктем)*

Көшкенде жүкті қай түлікке артады? *(түйе)*

в) Жылқының сүті, түйенің сүті қалай аталады? *(қымыз, шұбат)*

Құлыншақ қай түліктің төлі? *(жылқы)*

г) Табиғаттың жазда түсі қандай? *(жасыл)*

Табиғаттың қыста түсі қандай? *(ақ)*

3-деңгей

1-тапсырма. «Төрт түлікке нелер жатады» атты тапсырма.  
Балалар қай хайуанаттың төрт түлікке жататынын анықтау керек.

а) Лақтайтын, қоздайтын қандай түліктер? *(Ешкі, қой).*

б) Аузымен құс тістейтін жүйрік не? *(Тұлпар).*

в) Мысықтың баласының атын білесің бе? *(марғау).*

г) Қасқырдың баласын қалай атайды? *(бөлтірік)*

д) Бұланның төлін қалай атайды? *(бұзау)*

е) Қоянның баласының аты қалай? *(көжек).*

2-тапсырма. «Олар қайда қыстайды?» атты тапсырма.

а) Қоян қайда қыстайды? *(кеуекте).*

б) Борсық қайда қыстайды *(інінде).*

в) Аю қайда қыстайды? *(ананында).*

г) Тиін қайда қыстайды? *(ағаштағы ұясында)*



д) Қой қайда қыстайды? (*қорада*)

е) Қаздар қайда қыстайды? (*жылы жақта, оңтүстіктегі елдерде*).

3) Зат есімдердің ассоциациялы гипонимдік сыңарларын табындар. Мәселен: *Орман* сөзін алайық.

орман – ағаш            ағаш – тамыр            тамыр – бұтақ

бұтақ – жапырақ    жапырақ – қағаз    қағаз – қалам

**Сабақты қорытындылау.** «Үйлестіру» ойыны. Сөздерді топтарға бөліп, сөйлем құрау. Мысалы: *жануарлар, қайың, өсімдік, қоян, шортан, сиыр, қарағай, ағаш, гүлдер, қасқыр, ат, жыртқыш, қой, жайын.*

<b>жануарлар</b>	<b>өсімдік</b>	<b>жыртқыш</b>	<b>ағаш</b>
гүлдер	қоян	шортан	қайың
сиыр	қызғалдақ	жайын	бұлан
қарағай	қасқыр	ат	қой

**Рефлексиялық-бағалау кезеңі.**

1) Сабақты қорытындылау.

2) Бағалау.

3) Үйге тапсырма.

**Сабақтың тақырыбы:** «Адам» концептісі.

**Сабақтың мақсаты:**

1) Адам концептісінің когнитивті бейнесін қалыптастыру, концептісінің семантикалық өрісін құру арқылы сөздердің мәнін ұғындырып, ұлттық танымын кеңейту;

2) Оқушыларды концепт арқылы ойға жетелеуге, когнитивті белгілерді анықтауға, ішінара ізденуге, сөздік қорын молайтып, жүйелі сөйлеуге үйрету, ойын дамыту;

3) Оқушыларды татулық, сыйластыққа, адамгершілікке тәрбиелеу, ата-бабадан қалған дәстүрді сақтауға, жалғастыруға жетелеу.

**Сабақ түрі:** Жаңа сабақ.

**Сабақтың әдіс-тәсілдері:** когнитивті әдіс, ассоциациялық әдіс, фрейм, схема, сценарий, ойсурет.

**Көрнекілігі:** Отбасы суреті, шежіре, киіз үй, топшамалар.

**Пәнаралық байланыс:** дүниетану, ана тілі, бейнелеу, ұлттық тағылым.

**Сабақтың барысы:**

**Бағдарлау-мотивациялық кезең.**

1) Психологиялық дайындық. Оқушыларды жаңа материалды

кабылдауға дайындау. Адамның көңіл-күйі бейнеленген сурет арқылы ішкі сезімдерін анықтау. Оқушылардың өз бет-әлпетін салдырып, ішкі сезім толқынысы, қиналысына көңіл аударылады.

Адамның мінезіне қатысты сөздер мен тіркестерге түсінік беріледі. Мінез түрлеріне қатысты мына *ерке, шолжың, мейірімді, ертектіл, тіл алғыш, турашыл, ақсақалды, сыйлас, таяқты, жарқын жүзді* сөздермен *ата, әже, ана, әке, аға, ана, қыз, іні, қарындас, көрші, қойшы* сөздерді сәйкестендіру арқылы ерке – (қыз); шолжың – (қарындас); мейірімді – (ана); сыйлас – (көрші); қатаң – (әке); ақсақалды – (ата); ертектіл – (әже); тіл алғыш – (іні); турашыл – (аға); таяқты – (қойшы); жарқын жүзді – (ана) адамдарға мінездеме беріледі.

### **Операционалдық-орындаушылық кезең.**

1) Ассоциация құру арқылы түсінік беру. *Адам – тірі жан, сөйлейді,*

*ойлайды, мінезі, діні, тілі, ұлты, мамандығы т.т.* Малмен айырмашылығы салыстырылады.

1) *Адамның аты, ұлты, жасы, тегіне қатысты зат есімдер.*

2) *Адамның киімі, төрт мезгілге қатысты киім атаулары мен киінуіне қатысты сөздер.*

3) *Адамның туыстық қатынасына қатысты зат есімдерді* табуда мынадай тапсырмалар беріледі.

**1-тапсырма.** Қандай ұлттар қазаққа туыс? (*қырғыз, татар, башқұрт, ноғай, қарақалпақ, құмық, әзербайжан, қарайым, өзбек, түркімен, ұйғыр т.т.*).

**2-тапсырма.** Топшамаларда бас киім, сыртқы киім, аяқ киім түрлері және мезгіл бойынша түрлері жазылып таратылады. Мысалы: №1 топшама. Қазақ қыздарының ұлттық бас киімін табындар?

*Бас киімдер: берет, тақия, кепі, хиджаб, шәлі, малақай.*

№2 топшама. Қазақ жылқышылары қыста киген бас киімі қандай?

*Тақия, орамал, бөрік, қалпақ, далбай, тымақ, құлақшын.*

**3-тапсырма.** Адамға тән ұғымдарды біл.

*Арман, бақыт, қиял, парасат, көңіл, қуаныш, қайғы.*

**4-тапсырма.** Аталған сөздерге септік жалғауларын жалғап, сөйлем, мәтін құрастыруға беріледі.

2. Отбасы бейнеленген суретпен жұмыс. Суретпен жұмыс жүргізгенде *Кім? кімдер?* сұрағына «Адам» концептісіндегі мынадай ойдеректік сипаттағы мысалдарды алып, оқушылармен

бірге ізденіс әдісі арқылы жұмыстанса, бірқатар тым жақсы нәтижелерге жетуге болады. Алдымен, отбасы мүшелері айтылады. Оған балалар үй жануарын да кіргізуі мүмкін.

Мысалы: 1. *Асан – атасының немересі. Құтжол – Асанның күшігі. Немере кім? күшік не?* деген сұрақтарға жауап береді.

2. *Құтжол – ит. Ит – үйдің күзетшісі. Құтжол не? үйдің ненің?* деген сұрақтарға жауап береді.

3. *Асан – бастауышта оқитын бала. Асанның атасы – шебер, ал әжесі – ісмер. Шебер – қолынан бәрі келетін адам, ал ісмер – қолынан бәрін тігу келетін адам. Асан кім? бала кім? шебер кім? ісмер кім?* деген сұрақтарға жауап береді. Кім? сұрағына жауап беретін сөздерге басқа септік жалғауы жалғанғанда қандай сұрақ қойылатыны талданады.

**«Адам» концептісінде оқушыларға халқымыздағы туыстық атауларды сипаттап, олардың мәнін ұғындыру.** Бұл тапсырмаларды гипер-гипонимиялық (тек пен түрлік) құрылымда да бергенді жөн деп есептедік, өйткені тек антонимдік жағдай оқушыларды бір үлгіде ойлауға төселдірсе, гипер-гипонимиялық құрылым әртекті сипатта ойлауға дағдыландырады.

Мысалы: 1. *Ата .... (әже); әке ..... (шеше); аға ..... (апа); іні ..... (сіңлі); нағашы .... (жиен); сіңлі ..... (қарындас).*

2. *Аға ..... (жеңге); іні ..... (келін); апа ..... (жезде); қыз ..... (күйеу).*

3. *Жезде ..... (балдыз); апа ..... (жезде); ағайын..... (туыс).*

4. *«Жігіттің үш жұрты болады. Бірінші – ағайын жұрты; екінші – нағашы жұрты; үшінші – қайын жұрты»* деген қанатты сөздердегі «ағайын, нағашы» деген сөздердің мәні сұралады.

5. *«Отбасы – ағайындардан тұрады; жұрт – отбасылардан тұрады; ел – жұрттардан тұрады»* дегендегі «ағайын – жұрт – ел» сөздерінің айырмашылығы мен ұқсастығы салыстыру.

6. *«Менің отбасымның мүшелері»* тақырыбына микромәтін құру.

Сабақты пысықтауда «сөздік» ойынын ойнату барысында кім? сұрағына жауап беретін заттың атаулары алуан түрлі болатынын танытуға болады. Басқарушы кім? дегенде, оқушы жауабында «бала, оқушы, ғарышкер, Аружан, іні т.б.» сөздер аталуға тиісті. Оқушыларға көмек ретінде осы сөздер бейнеленген суреттерді көрсету арқылы және «оны тағы қалай атауға болады?» сұрағын қою арқылы меңгертіледі. Аталған сөздерді төмендегі бағанға толтырту жұмысы беріледі.

*Адам аттары*      *Туыстық атаулар*      *Мамандықты білдіретін сөздер*      *Адамға қатысты сөздер*

Бағандарға сөздерді орналастыру арқылы *кім?* сұрағының тек адам аттарына ғана қойылмайтынына көздерін жеткізуге болады.

**Рефлексиялық-бағалау кезеңі.**

1) Сабақты қорытындылау;

2) Бағалау;

3) Үйге тапсырма. Оқулықтағы жаттығу. «Менің отбасым» тақырыбына шағын әңгіме жазу. Жеті атасын жазып келу беріледі.

Бұл концептінің **екінші сабағында «мамандық»** туралы ой қозғап, болашақта кім болатындарын қиялдауға ерік беріледі.

**Сабақтың түрі:** жаңа сабақ

**Сабақтың әдісі:** сұрақ-жауап, көрнекілік, интерактивті,

**Сабақтың көрнекілігі:** интерактивті тақтадағы мамандық суреттері, қуыршақтар,

**Пәнаралық байланыс:** дүниетану, саз, бейнелеу өнері

**Сабақтың мақсаты:**

білімділік: сурет арқылы мамандық иелері туралы түсінік беру;

тәрбиелік: оқушыларды шешімшілдікке, болашақ мамандық таңдауына, ұқыптылыққа, байқампаздыққа, өз Отанының байлығын қорғап, соны игеру үшін қажетті кәсіпті таңдай алуға және туған өлкесіне еңбек етуге тәрбиелеу;

дамытушылық: әр мамандықтың ерекшелігін анықтауға, мамандық туралы мәлімет алуларына өз ойларын толық жеткізуге дағдыландыру.

**Бағдарлау-мотивациялық кезең.**

1) Психологиялық дайындық. Оқушыларды жаңа материалды қабылдауға дайындау. *Қазақстан картасы бойынша жұмыс.*

1) Картада не бейнеленгенін атау (қала аттары, балалар, мұғалім, әртүрлі белгілер) (Сурет 3).

2) Мұғалім мен балалардың іс-әрекетін сипаттау. Сол арқылы Қазақстанның әр облысына тән шаруашылықты, еліміздің байлығын суреттеу.

3) Осы байлықты игеру үшін, дамыту үшін бүгіндегі қажетті мамандық иелерінің атын атау.



Сурет 3 – «Қазақстан картасы»

**Операционалдық-орындаушылық кезең.**

1. Суретпен жұмыс.

- 1) Ата-бабаларымыздың ата кәсібін атау.
- 2) Бүгіндегі мамандық атауларын атау.
- 3) Ел байлығын игеруге қажетті мамандық атаулары.
- 4) Адамның жұмысы, мамандығына қатысты зат есімдерге сұрақ қоя білу.



Сурет 4 – «Мамандық»

1) **1-тапсырма.** Мамандық атауларына байланысты еліміздегі белгілі, шебер, маман иелерінің аттарын атау. Адам аттарының бас әріпмен жазылуын ескеріп, сөйлем құру (Сурет 4).

Сөйлемдегі септік, жіктік жалғаулы сөздеріне сұрақтар қойып,

сөйлем мүшесіне талданады.

**2-тапсырма.** «Белгілі адамдар» кестесі бойынша жұмыс (Кесте 11).

*Кесте 11 – Белгілі адамдар*

Түрлері	Мысалдар
Кісі аттары	
Атақты күйшілер	Құрманғазы, Дина....
Ақындар	Махамбет, Қадыр .....
Атақты әншілер	Мұхит, Ғарифолла, .....

Белгілі, атақты адамдарды кеңірек таныту мақсатында Ана тілі пәнімен байланыстырып, «Құлын мінген бала» әңгімесінің кейіпкері кім? (Б. Момышұлы), Сәулелі жұлдыз іздеген адам? (Ы. Алтынсарин), Қырдың жас түлегі? (Ш. Уәлиханов), Қазына көтерген бала? (Қ.Сәтпаев) т.б. бейнелі сұрақтар беруге болады.

**3-тапсырма.** *Дәрі – дәрігер, қой – қойшы, гарыш – гарышкер* т.т. сияқты сөздерге сөйлем құратып, ерекшелігін таныту.

**4-тапсырма.** Дәрі, кесе, алма т.б. Сөздерді қолдану жолдарына қарай бірнеше мәнін көрсету. Мысалы, кесе – шыныдан жасалады, сұйық нәрсені ішуге арналған, онымен шеңбер сызуға болады т.б. Септік жалғауларына талдау жасалады.

**5-тапсырма.** Мамандық атауларын жазыңдар.

Тірек сөздер: *Сиыр, арба, қой, жылқы, мал, қасап, дәрі, балық, құрылыс.* Үлгі: Кәсіп+кер

**6-тапсырма.** Мына мамандардың (ағаш шебері, ұста, шопыр, құрылысшы) қызметіне қатысты зат есімдерді тауып, жазыңдар.

Мысалы: Ағаш шеберіне қатысты зат есімдер: *балға, шеге, бұрғы т.т.*

3) «Кім болам!» суреті бойынша қиялдау (Сурет 5).



## **Рефлексиялық-бағалау кезеңі.**

- 1) Сабақты қорытындылау;
- 2) Бағалау;
- 3) Үйге тапсырма. «Кім болам!» тақырыбына шағын әңгіме жазу.

Сондай-ақ, өтілген тақырыптар сыныптан тыс шараларда, тәрбие сағаттарында «Отан», «Белгілі адамдар», «Кім болам!», «Әке, ана, бала», «Жыл мезгілдері» т.б. тақырыптар мазмұнында танымдық, тәрбиелік жағынан кеңінен талданды.

Мәселен, «Әке, ана, бала» атты тәрбие сағатында сынып үш топқа («Әке», «Ана», «Бала») бөлініп, әр топ берілген тақырыпты жан-жақты ашу үшін, алдымен, аталған ұғымдарға түсінік беріп, олар қандай адам болуға тиіс, ол үшін қандай қасиеттер болу керектігі жөнінде өз ойларын ортаға салды. «Әке, ана, бала» кейпіне еніп, асыл арманын, тұңғыық ойларын білдірді. Соңында әкесі, анасы немесе өзінің кім екенін жан-жақты таныту мақсатында сурет салуға берілді. Оқушылар қағазды бірнеше бөлікке бөліп, бірінші бөлікте отбасының ұйтқысы, екінші бөлікте мамандығына байланысты қызметі, қалған бөліктерде тағы басқа қабілеттерін беруге тырысты. Оқушылар тапсырылған жұмысты аса қызығушылықпен беріліп орындады. Сондай-ақ, сюжетті суреттерді де қолдануға болады.

Бұл әдіс жөнінде Ж. Балтабаева: «Сурет мазмұнын ауызша әңгімелеу, оны өңдеп, жазбаша әңгіме жазу» – тіл дамытудың ең ұтымды жолы» – дей келе, мұндай тапсырмалардың оқушыларды сөйлетуге тілдік жағдаят жасайтынын айтады [117, 34 б.].

Осы бағытта өткізілген сабақтан тыс тәрбие сағаттары мен әдеби шаралардың тәлімдік, тәрбиелік, танымдық, дамытушылық мәні орасан.

## **ТЕСТ ЖӘНЕ ТАПСЫРМАЛАР ЖИЫНЫ АРҚЫЛЫ БІЛІМДІ БЕКІТУ ТАПСЫРМАЛАР ҮЛГІЛЕРІ**

### **1. Тест тапсырмалары**

- 1) Көп нүктенің орнына тиісті зат есімді жазыңыз. *Жаз, күз, қыс, көктем*
  - а) ... *туады*
  - б) .....*түседі*
  - в) .... *келеді*

г) .... шығады

**2) Сөздерді мағынасына қарай байланыстырыңыз.**

1) түйме            а) көкініс

2) шие             б) көйлек

3) қызанақ       в) жеміс

**3) Артық сөзді табыңыз.**

а) аға

б) қарындас

в) мұғалім

г) нағашы

**4) Қыс мезгіліне қатысты сөзді табыңыз.**

а) найзағай

б) құйын

в) жел

г) қырау

**5) Қашау, сүргі, бұрғы құралдарымен жұмыс істейтін адамды кім деп атайды?**

а) мұнайшы

б) ұста

в) егінші

г) зергер

**б) Бас әріппен жазылатын сөзді табыңыз.**

а) қар

б) ана

в) бақыт

г) қала

**7) Көп нүктенің орнына жақша сыртындағы сөздердің мағынасын білдіретін сөзді жазыңыз. Емен (...) қарағай**

а) гүл

б) ағаш

в) орман

г) тоғай

## **2. Тапсырмалар жиыны**

**№1 Тапсырмалар жиыны** – «Сөздік ассоциация». Сұрақ түрінде беріледі.

«Отан» дегенді қалай елестетесіздер?

«Отан» сөзіне анықтама беру арқылы Отан туралы алғашқы түсініктері бағаланады.





*Көктем* концептісі бойынша жазылған сөздер мен суретте салынған құбылыстар салыстырылады.

### **№7 Тапсырмалар жиыны.**

«Табиғат» концептісі бойынша төрт сөз ұсынылды. Олардың арасындағы жалпы нәрсені анықтау қажет. Әрбір жағдайда сөздің мәнді жалпы белгілерін табуы керек.

*Сырым, Махамбет, Мәншүк, Әлия – ....(халық батырлары)*

### **№8 Тапсырмалар жиыны.**

1) «Табиғат» концептісі бойынша «не қажет?» сұрағына жауап жазу керек.

Мысалы,

*Адамға не қажет: ..... (ауа, өмір, денсаулық)*

*Өсімдікке не қажет: ..... (су, ...)*

*Жануарға не қажет: ..... (азық, ....)*

2) *Адамның өсімдік пен жануардан айырмашылығы мен ұқсастық жақтарын салыстырып жазу тапсырылады. Мысалы, Адам – табиғат перзенті, тірі жан, ойлай алады, сөйлейді, кім? сұрағына жауап береді, т.т.*

*Жануар – тірі табиғатқа жатады, жанды, сөйлей алмайды, не? сұрағына жауап береді.*

**№9 Тапсырмалар жиыны.** «Отан» концептісі бойынша семантикалық өріс құру. Бұл әдістеме оқушыларға «*Туған жеріңнің несімен мақтана аласың?*» сұрағын қою арқылы жүргізіледі. Сөздерді атап жазу және сөйлем құрап немесе мақал-мәтелдер келтіру.

Үлгі: көл \ / мұнай  
          / \ туған жер  
әнші | \ дала  
          |  
          | тарихи ескерткіштер

**№10 Тапсырмалар жиыны.** «Заттарды пайдалану» Жай заттан ерекшеленетін заттардың қолдану тәсілдерін неғұрлым көбірек санап шығу.

Нұсқау: кесе тамақ ішу үшін пайдаланылады. Сен оның тағы не үшін қолданылатыны туралы ойланып көр. Одан не жасауға

болады. Мұндай жаттығулар адамның өмір сүру әрекетіндегі әр заттың, құбылыстың мәнін ашуға үйретеді.

Берілген жауаптарды талдай отырып, ұғымдарды меңгеру деңгейі есепке алынады: түсініктердің мазмұны мен толықтығы, объект немесе құбылысты ауызша бейнелеу, моделін құрастыру, суретін салу, заттар мен объектілерінің арасындағы байланысты айыра алу білігі.

Студенттердің білімі танымдық түсінік деңгейіне сәйкес ұпайлармен бағаланады: «жоғары» деңгей – 5 ұпай, «орташа» деңгей – 4 ұпай, «төмен» деңгей – 3 ұпай, «өте төмен» деңгей – 2 ұпай.

**Сондай-ақ, мына үлгідегі танымдық тапсырмалар сұрақтың жауабын тез тауып айтуға негізделеді, әрі ұлттық танымын, құндылықтарын кеңейтеді:**

1 Қазақтың ұлттық мінез-бітістері: ..... (отансүйгіштік, намысқойлық, шешендік, әдептілік, қонақжайлық, бауырмалдық, қайырымдылық)

2 Кендебайдың .....(Керқұласы),

3 Қобыландының.... (Тайбурылы),

4 Алпамыстың .....(Байшұбары),

5 Қамбардың .....(Қарақасқасы),

6 Ақанның .....(Құлагері)

7 Қазақтың ұлттық ойындары: ..... (бәйге, көкпар, теңге ілу, аударыспақ, жарыс)

8 Аттың көркі – ..... (құйрығы, жалы, құлағы)

9 Таудың көркі ..... (тасы менен бұлағы)

10 «Құлын мінген бала» әңгімесінің кейіпкері (Б. Момышұлы)

11 Қазақтың бұлбұл әншісі (К. Байсейітова)

12 Қазақтың бишісі (Ш. Жиенқұлова)

13 Атақты суретші (Ә. Қастеев)

14 Қазақтың тұңғыш ғарышкерлері (Т. Әубәкіров, Т. Мұсабаев)

15 Сәулелі жұлдыз іздеген адам (Ы. Алтынсарин)

16 Қырдың жас түлегі (Ш. Уәлиханов)

17 Қазына көтерген бала (Қ. Сәтпаев)

18 Шығыс шынары (Ә. Молдағұлова)

19 Желтоқсанда үзілген жауқазын (Сәбира)

20 Әнші Әмірқан (Әміре Қашаубаев)

21 Марқа қозыны неге қырқады? Жүнінен нелер жасайды?

22 Киіз үйдің қандай жиһаз-жабдықтарын жасайды (алаша, кілем, сармақ, текемет)

23 Айшылық алыс жерлерден

Көзіңді ашып-жұмғанша

Жылдам хабар алғызды. Бұл не?

24 Теңізде жүзді балықтай,

Дүниені кезді жалықпай. Бұл не?

25 Аты жоқ құр арбаны

Мың шақырым жерлерге

Күн жарымда барғызды. Бұл не?

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Маслова В.А. Введение в когнитивную лингвистику. – М.: Флинта: Наука, 2007. –296 с.
- 2 Соссюр Ф. Курс общей лингвистики. – М.: КомКнига, 2006. – 256 с.
- 3 Алефиренко Н. Поэтическая энергия слова. Синергетика языка, сознания и культуры. – М.: Academia, 2002. – 394 с.
- 4 Маслова В.А. Когнитивная лингвистика. Учебное пособие. – Минск: ТетраСистемс, 2004. – 255 с.
- 5 Аймауытов Ж. Жан жүйесі мен өнер таңдау. – Алматы: Қазмембас, 1926. – 80 б.
- 6 Демьянков В.З. Термин парадигма в обыденном языке и в лингвистике // Парадигмы научного знания в современной лингвистике: сб. науч. трудов. – М., 2006. – С. 15-41.
- 7 Краткий словарь когнитивных терминов // Под общей ред. Е.С. Кубряковой. – М., 1996. – 245 с.
- 8 Кун Т. Структура научных революций. – М., 1977. – 300 с.
- 9 Оразалиева Э. Когнитивтік лингвистика: қалыптасуы мен дамуы.– Алматы: Ан Арыс, 2007. – 312 б.
- 10 Дәулетбекова Ж.Т. Жалпы білім беретін орта мектептерде қазақ тілінен сөз мәдениетін оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері: пед. ғыл. докт. ... автореф. – Алматы, 2004. – 44 б.
- 11 Мұхтаров С.С. Қазақ тіл біліміндегі сөздерді таптастыру мәселесі. – Алматы: Ғылым, 2001. – 70 б.
- 12 Қайдаров Ә.Т. Основные вехи развития и достижения лингвистической мысли в Казахстане // Қазақ ССР ҒА-ның Хабарлары. – 1976. - № 3. - 17-25 бб.
- 13 Попова З.Д., Стернин И.А. Когнитивная лингвистика. – М.: АСТ: Восток – Запад, 2007. – 314 с.
- 14 Кубрякова Е.С. Язык и знание: На пути получения знаний о языке: Части речи с когнитивной точки зрения. Роль языка в познании мира. – М., 2004. – 560 с.
- 15 Манкеева Ж.А. Қазақ тілін зерттеудің когнитивтік негіздері // Тілтаным, – Алматы. – 2001. – № 4. – 39-43 бб.
- 16 Алтынсарин Ы. Таңдамалы шығармалары. – Алматы: Мектеп, 1955. – 415 б.
- 17 Кобозева И.М. Лингвистическая семантика. – М.: КомКнига, 2007. – 352 с.

- 18 Алтынсарин Ы. Таза бұлақ. – Алматы: Жазушы, 1988. – 320 б.
- 19 Сыздық Р. А. Байтұрсынов. – Алматы: Қазақ ССР «Білім» қоғамы, 1990. – 52 б.
- 20 Ыбыраимжанов Қ.Т. Ахмет Байтұрсыновтың бастауыш мектеп жайлы педагогикалық мұралары: пед. ғыл. канд. ... дисс. – Алматы, 2001. – 148 б.
- 21 Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 448 б.
- 22 Қалыбеков Б.Е. 50 жылдардағы бастауыш сынып оқулықтарының лексикалық жүйесі мен морфологиялық құрылымының статистикасы (соңғы жылдардағы оқулықтармен салыстыра зерттеу): филол. ғыл. канд. ... дисс. – Алматы, 2003. – 144 б.
- 23 Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1999. – 581б.
- 24 Жазықова М.Қ. Құдайберген Жұбановтың әдістемелік мұрасы: пед. ғыл. канд. ... автореф. – Алматы, 2008. – 30 б.
- 25 Сұлтан Ж.И. Тілтанымдағы антропологиялық парадигманың Қ.Жұбанов мұраларындағы көрінісі: филол. ғыл. канд. ... автореф. – Алматы, 2007. – 26 б.
- 26 Кемерова Ж. Профессор Қ. Жұбановтың когнитивтік пайымдаулары, тілдік негіздері // Жұбанов тағылымы: VI халық. ғыл.-теор. конф. материалдары. – Ақтөбе, 2005. – 136-139 бб.
- 27 Сауранбаев Н.Т. Қазақ тіл білімінің проблемелары. Проблемы казахского языкознания. – Алма-Ата: Наука, 1982. – 352 с.
- 28 Қордабаев Т. Қазақ тілі білімінің қалыптасу, даму жолдары. – Алматы: Рауан, 1995. – 175 б.
- 29 Жиенбаев С. Қазақ тілінің методикасы. – Алматы: Қазмембас, 1946. – 118 б.
- 30 Уәйісова Г.И. Бастауыш мектепте қазақ тілін оқыту әдістемесінің тарихы. – Алматы: ҚазҰПУ, 2007. – 93 б.
- 31 Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 384 б.
- 32 Балақаев М. Қазақ тіл білімінің мәселелері. Вопросы казахского языкознания. – Алматы: Арыс, 2008. – 592 б.
- 33 Төлеуов Ә. Сөз таптары. – Алматы: Мектеп, 1982. – 124 б.

- 34 Оразбаева Ф.Ш. Тілдік қатынас. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2005. – 271 б.
- 35 Рахметова С. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. – Алматы: Өлке, 2003. – 130 б.
- 36 Рахметова С. Қазақ тілі әдістемесінің теориясы мен технологиясы. – Алматы: ҚазҰПУ, 2007. – 184 б.
- 37 Рахметова С. Қазақ тілін оқыту методикасы. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 184 б.
- 38 Уәйісова Г.И. Бастауыш сыныптарда морфологиялық ұғымдарды оқыту. – Алматы, 1994. – 101 б.
- 39 ҚР жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (жалпы бастауыш білім). – Алматы: РОНД, 2002. – 136 б.
- 40 Қазақ тілі бағдарламасы (2-4 сынып). – Алматы: РОНД, 2003. – 28 б.
- 41 Уәйісова Г.И. Лексикологияны оқыту әдістемесі. – Алматы: Ақыл кітабы, 2005. – 230 б.
- 42 Әбдікәрімова ТМ. Бастауыш сыныпта мәтін арқылы тіл дамытудың ғылыми негіздері мен оқыту әдістемесі: пед. ғыл. канд. ... дисс. – Алматы, 1992. – 165 б.
- 43 Жұмабаева Ә.Е. Бастауыш мектептегі сауат ашу кезеңінде жүргізілетін тіл дамыту жұмыстарының әдістемесі: пед. ғыл. канд. ... автореф. – Алматы, 1999. – 23 б.
- 44 Қабатай Б.Т. Ана тілі сабақтарында оқушыларды шығармашылыққа баулу әдістемесі: пед. ғыл. канд. ... автореф. – Алматы, 2005. – 30 б.
- 45 Игенбаева Б.Қ. Ана тілі сабағында жеке тұлғаның рухани-адамгершілігін дамыта оқыту әдістемесі (1-2 сынып): пед. ғыл. канд. ... автореф. – Алматы, 2002. – 28 б.
- 46 Тойбазарова Н.Ә. Бастауыш мектепте қазақ тілін дамыта оқыту арқылы морфологиялық ұғымдар қалыптастыру әдістемесі (3-4 сынып): пед. ғыл. канд. ... дисс. – Ақтөбе, 2006. – 180 б.
- 47 Уәйісова Г.И., Жұмабаева Ә.Е., Омарова Г.Ж. Ана тілі. Әдістемелік құрал. 1-сынып. – Алматы: Алматы кітап, 2008. – 144 б.
- 48 Кубрякова Е.С. Части речи с когнитивной точки зрения. – М.: ИЯ. РАН., 1997. – 180 с.
- 49 Серебренников Б.А., Кубрякова Е.С., Постовалова В.И. Роль человеческого фактора в языке: язык и картина мира. – М., 1998. – 240 с.

50 Жаманбаева Қ. Тіл қолданысының когнитивтік негіздері: эмоция, символ, тілдік сана. – Алматы: Ғылым, 1998. – 140 б.

51 Уәли Н. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері: филол. ғыл. докт. ... автореф. – Алматы, 2007. – 51 б.

52 Күштаева М.Г. «Тары» концептісінің семантикалық құрылымы мен лингвомәдени мазмұны: филол. ғыл. канд. ... дисс. – Алматы, 2002, – 192 б.

53 Демьянков В.З. Когнитивная лингвистика как разновидность интерпретирующего подхода // Вопросы языкознания. – М., 1994. - № 4. – С. 17-33.

54 Петрушкова Е.В. Сознание // Новейший философский словарь. – Минск, 2001. – 950 с.

55 Павиленис Н.И. Проблемы смысла; Современный логико-функциональный анализ языка. – М.: Мысль, 1983. – 286 с.

56 Әмірбекова А.Б. Концептілік құрылымдардың поэтикалық мәтіндегі вербалдану ерекшелігі (М. Мақатаев поэзиясы бойынша): филол. ғыл. канд. ... дисс. – Алматы, 2006. – 122 б.

57 Гиздатов Г.Г. Типология и динамика когнитивных моделей в речевой деятельности: дисс. ... докт. филол. наук. – Алматы, 1999. – 250 с.

58 Утебалиева Г.Е. Усвоение неродного языка: коммуникативно-когнитивная модель. – Алматы: Қазақ университеті, 2008.–232 с.

59 Аскольдов С.А. Концепт и слово // Русская словесность: Антология. – М.: Academia, 1997. – С. 267-280.

60 Ислам А. Ұлттық мәдениет контексіндегі дүниенің тілдік суреті (салыстырмалы-салғастырмалы лингвомәдени сараптама): филол. ғыл. докт. ... дисс. – Алматы, 2004. – 340 б.

61 Залевская А.А. Актуальные проблемы психолингвистики (лекции). – Алматы: Қазақ университеті, 2004. – 49 с.

62 Қасым Б.Қ. Қазақ тіліндегі заттың күрделі атауларының теориялық негіздері: филол. ғыл. докт. ... автореф. – Алматы, 2002. – 50 б.

63 Керимбаев Е.А. Этнокультурные основы номинации и функционирования казахских собственных имен: автореф. ... докт. филол. наук. – Алма-Ата, 1992. – 49 с.

64 Абдрахманова Ж.М. Тіл мен дүниетаным сабақтастығы (Ә. Кекілбаев шығармалары негізінде): филол. ғыл. канд. ... дисс. – Алматы, 2004, – 112 б.



65 Ерғали І.Е. Философия как духовная деятельность. – Астана, 2003. – 283 с.

66 Минский М. Фреймы для представления знаний. – М.: Энергия, 1979. – 151 с.

67 Тюрина Г.А. Фреймовая гипотеза и проблема организации лексики // Семантика языковых единиц// Докл. межд. конф. — М., 1996. – Т. 1. - С. 108-110.

68 Харитончик З.А. Способы концептуальной организации знаний в лексике языка // Язык и структуры представлений знаний: сб. – М.: ИНИОН. РАН, 1992. – С. 98-123.

69 Тюрина Г.А. Фреймовая гипотеза и проблема организации лексики // Семантика языковых единиц// Докл. межд. конф. — М., 1996. – Т. 1. - С. 108-110.

70 Садирова К.Қ. Қазақ тіліндегі көп пропозициялы дискурстың құрылымдық негіздері: филол. ғыл. докт. ... автореф. – Алматы, 2009. – 48 б.

71 Әуелбаев Ш., Наурызбаев Ә., Изғұттынова Р., Тәжімбетова С. Ана тілі. 1-сынып оқулығы. – Алматы: Атамұра, 1997. – 240 б.

72 Андерсон Джон. Когнитивная психология. – Спб.: Питер, 2002. – 496 с.

73 Павиленис Р.И., Петров В.В. Язык как объект логико-методологического анализа: новые тенденции и перспективы // Вопросы философии. – М., 1987. – № 7. - С. 54-61.

74 Зимняя И.А. Педагогикалық психология. – Алматы: Логос TST-Company, 2005. – 368 б.

75 Аханов К. Тіл білімінің негіздері. – Алматы, 1993. – 496 б.

76 Фрумкина Р.М. Психолінгвистика. – М.: Академия, 2008. – 320 с.

77 Горелов И.Н., Седов К.Ф. Основы психолінгвистики. – М.: Лабиринт, 2001. – 304 с.

78 Сулейменова Э.Д. Казахский и русский языки: Основы контрастной лингвистики. – Алматы: Демей, 1996. – 208 с.

79 Ерастов Н.Т. Психология общения. Пособие для студентов. – Ярославль: ЯрГУ, 1979. – 96 с.

80 Аймауытов Ж. Психология. – Алматы: Рауан, 1995. – 312 б.

81 Мұқанов М. Ақыл-ой өрісі. – Алматы: Қазақстан, 1980. – 172 б.

82 Мұқанов М. А. Жас және педагогикалық психология. – Алматы, 1982. – 246 б.

83 Муканов М. А. Речь: исследование и обучение // Психология.. – Алма-Ата, 1971. – Вып. 1. - 111-116 бб.

84 Алдамұратов Ә. Оқушылардың грамматикалық ұғымдарды меңгеру психологиясы. – Алматы: Мектеп, 1983. – 150 б.

85 Выготский Л.С. Мышление и речь // Соч. : В 6 т. – М.: Педагогика, 1982. – Т. 2. – 272 с.

86 Мұсаев С.А., Бегалиева Г.Б. Жас ерекшелік педагогикасы. – Астана: Фолиант, 2006. – 472 б.

87 Кудрявцев В.Т. Проблема творчества и новое мышление в психологии // Историзм и творчество. – М., 1990. – Ч. 2. – 74 с.

88 Богоявленская Д.Б. Интеллектуальная активность как проблема творчества. – Ростов на / Дону, 1983. – 145 с.

89 Исақова С.С. Қазақ тіліндегі психология терминдері: филол. ғыл. канд. ... дисс. – Алматы, 2000. – 128 б.

90 Бабаев С.Б. Бастауыш мектеп педагогикасы. – Алматы: Заң әдебиеті, 2007. – 413 б.

91 Оразбаева Ф.Ш. Тілдік қатынас пен қатысым әдісінің ғылыми-теориялық негіздері: пед. ғыл. докт. ... автореф. – Алматы, 1996. – 57 б.

92 Қазыбаев С. Қазақ тілі методикасы. – Алматы: Рауан, 1990. – 113 б.

93 Исабаев Ә. Қазақ тілін оқытудың дидактикалық негіздері. – Алматы: Қазақ университеті, 1993. – 160 б.

94 Әуелбаев Ш., Наурызбаев Ә., Ізғұттынова Р., Тәжімбетова С. Ана тілін оқыту әдістемесі. 1-сынып. – Алматы: Атамұра, 1998. – 80 б.

95 Нестерова О.В. Педагогическая психология в схемах, таблицах и опорных конспектах. – М.: Айрис пресс, 2008. – 111 с.

96 Менчинская Н.А. Проблемы учения и умственного развития школьника. Избранные психологические труды. – М.: Педагогика, 1989. – 224 с.

97 Жарықбаев Қ., Қалиев С. Қазақ тәлім-тәрбиесі. – Алматы: Санат, 1995. – 352 б.

98 Смағұлова Г.Н. Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық-мәдени аспектілері. – Алматы: Ғылым, 1998. – 196 б.

99 Табылдиев Ә. Қазақ этнопедагогикалық оқытудың дидактикалық негіздері: пед. ғыл. докт. ... автореф. – Алматы, 2004. – 43 б.

- 100 Сүлейменова Б. Бастауыш сынып оқушыларын қазақ батырлар жыры арқылы адамгершілікке тәрбиелеу: пед. ғыл. канд. ... дисс. – Алматы, 2006. – 140 б.
- 101 Қожагелдиева С.С. Бастауыш сынып оқушыларын ана тілі арқылы адамгершілікке тәрбиелеу: пед. ғыл. канд. ... дисс. – Түркістан. 2006. – 177 б.
- 102 Қайырбаева Қ.Т. Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың символдық мәні: филол. ғыл. канд. ... дисс. – Алматы, 2004. – 133 б.
- 103 Аймағамбетова Қ. Бастауыш сыныптарда дүниетануды оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері: пед. ғыл. докт. ... автореф. – Алматы, 1998. – 50 б.
- 104 Қазақ грамматикасы. - Астана, 2002. – 784 б.
- 105 Аймауытов Ж. Бес томдық шығармалар жинағы: 5-т. – Алматы: Ғылым, 1999. – 304 б.
- 106 Көшімбетова С.А. Оқу-тәрбие үрдісінде инновациялық әдіс-тәсілдерін пайдаланудың педагогикалық шарттары.: пед. ғыл. канд. ... дисс. – Алматы, 2004. – 122 б.
- 107 Харисов Ф.Ф. Лингвистические и психолого-педагогические основы начального обучения татарскому языку в школах с русским языком обучения: дисс. ... докт. пед. наук. – Казань, 2000. – 538 с.
- 108 Әбілқасымова А.Е. Студенттердің танымдық ізденімпаздығын қалыптастыру. – Алматы: Білім, 1994. – 192 б.
- 109 Петленко Л.В. Изучение морфологии в начальной школе с учетом принципов преемственности и перспективности: дис. ... канд. пед. наук. – М., 2006. – 225 с.
- 110 Құрманова Н.Ж. Қазақ мектептеріндегі сөз тіркесі синтаксисін дамыта оқыту технологиясының ғылыми-әдістемелік негіздері: пед. ғыл. докт. ... автореф. – Алматы, 2004. – 50 б.
- 111 Сағындықұлы Б. Қазіргі қазақ тілі. Лексикология. 1-бөлім. – Алматы: Қазақ университеті, 2003. – 101 б.
- 112 Сабилов Т. Оқушылардың оқу белсенділігін арттыру жолдары. – Алматы: Мектеп, 1978. – 112 б.
- 113 Педагогический энциклопедический словарь. – М.: БРЭ, 2003. – 142 с.
- 114 Азимов Э.Г., Щукин А.Н. Словарь методических терминов. – М: Злотауст, 1999. – 148 с.

115 Львов М.Р., Горецкий В.Г., Сосновская О.В. Методика преподавания русского языка в начальных классах. – М.: Академия, 2008. – 464 с.

116 Шайхутдинова Г.И. Дидактическая система организации самостоятельной работы учащихся при изучении морфологии татарского языка: дисс. ... канд. пед. наук. – Казань, 2005. – 284 с.

117 Гостева Ю.Н. Формирование морфологических понятий при изучении частей речи в общеобразовательной школе: дисс... канд. пед. наук. – М., 1999. – 176 с.

118 Балтабаева Ж.Қ. Жоғары оқу орнында студенттер тілін дамытудың ғылыми-әдістемелік негіздері: пед. ғыл. докт. ... автореф. – Алматы, 2009. – 48 б.

119 Жораева С.Б. Кіші жастағы оқушылардың ауызша сөйлеу дағдысын қалыптастыру әдістемесі: пед. ғыл. канд. ... дисс. – Алматы, 2007. – 151 б.

120 Беспалько В.П. Слагаемые педагогической технологии. – М.: Педагогика, 1989. – 191 с.

121 Тұрғынбаева Б.А. Дамыта оқыту технологиялары. – Алматы: Дәуір, 2000. – 90 б.

122 Қараев Ж.А. Деңгейлеп, саралап технологиясы // Қаз. мектеп. шетел тілдері. – 2005. - № 5. - 14-46 бб.

123 Сәрсенова Н.С. Педагог кадрлардың біліктілігін арттыруда оқытудың жаңа технологияларын енгізудің тиімді жолдары. – Алматы, 2006. – 40 б.

124 Күнпейіс Ж. Бастауыш сыныптарда этнопедагогика материалдары арқылы оқушылардың дүниетанымын қалыптастыру. – Алматы: Дарын, 2007. – 184 б.

125 Рахметова С. Бастауыш класс оқушыларының жазу тілін дамыту (мазмұндама мен шығарманың методикасы): пед. ғыл. канд. ...дисс. – Алматы, 1969. – 169 б.

126 Уман А.И. Учебные задания и процесс обучения. – М., 1989. – 54 с.

127 Эльконин Д.Б. Избранные психологические труды. – М., 1989. – 554 с.

128 Бабанский Ю.К. Оптимизация процесса обучения. – М., 1977. – 254 с.

129 Хасанов Б. Қазақ тілінде сөздердің метафоралы қолданылуы. – Алматы: Мектеп, 1966. – 207 б.

130 Телия В.Н. Метафора как модель смыслопроизводства и ее экспрессивно-оценочная функция // Метафора в языке и тексте. – М., 1988. – С. 26-52.

131 Федотов Е.С. Функционирование и формирование концептов (на материале русского, английского и французского языков): дисс. ...канд. филол. наук. – Саратов, 2004. – 223 с.

132 Шунк Дейл Х. Оқыту теориясы: Білім беру көкжиегі. – Алматы, 2019. – 608 б.

133 Гритт Р. Бастауыш мектеп мұғалімі: шеберлікті шыңдау. – Алматы, 2020. – 600 б.

134 Тер-Минасова С.Г. Тіл және мәдениетаралық коммуникация – Алматы, 2018. – 320 б.

## АНЫҚТАМАЛАР МЕН БЕЛГІЛЕР

Бұл еңбекте келесі терминдерге сәйкес анықтамалар қолданылады:

**Когнитивизм** – адамның білімі мен танымы, әлемді қабылдау үдерісіндегі адамның әрекеті туралы ғылым.

**Когнитология ғылымы** – бұл адамның ой-өрісі мен тілдің арақатынасын, антропоцентристік ерекшеліктерін, сонымен қатар, индивидтің санасында жүзеге асатын танымдық әрекеттің ерекшеліктерін зерттейді.

**Ғаламның когнитивті бейнесі** – бұл мәдениетпен берілген сананың концептосферасы мен стереотиптерінің жиынтығы.

**Дүниенің тілдік суреті** – тілде көрініс тапқан, жалпы ұлт өкілдеріне және ұлттық әлеуметтік мәдени өкілдеріне ортақ ұжымдық ұлттық мәдени тәжірибе негізінде жиналған білім жүйесі.

**Концепт** – адамның әлем туралы өз бойына жинақтаған мәдени түсініктерін бейнелейтін ғаламның тілдік бейнесі. Ұлттық болмысқа негізделген ментальді білім жиынтығы.

**Концепт** – адам санасының ойлау көрсеткіштері мен психикалық ерекшелігін, білім мен тәжірибенің бейнелі суретін құрайтын, терең мазмұнды құрылымдарды түсіндіруге мүмкіндік беретін негізгі ұғымдардың бірі.

**Концептосфера** – бұл халықтың концептілерінің жиынтығы, ойлаудың ақпараттық базасы.

**Когнитивті модель** – концепттің құрамдас бөліктерін көрсетуші әртүрлі ассоциативтік, символдық белгілер арқылы танылатын үлгі, құрылым.

**Ұлттық мәдени кеңістік** – бұл ұғымның аясы мен негізгі айырым белгілері өзге мәдени құбылыстармен бетпе-бет келгенде ғана айқындалатындықтан, оның мағыналық ерекшелігін информациялар мен эмоциялар тізбегі, адам өмір сүретін және қызмет ететін виртуалды әрі шынайы шарттар құрайды.

**Тілдік тұлға** дегеніміз – ұлттық тіл ортасында, ұлттық құндылықтар негізінде тәрбиеленген, ұлттық рух пен ұлттық тілді толық меңгерген жеке адам, бүкіл ұлттық болмысты бойына жинақтаған жеке тұлға.

**Фрейм** – концептілік жүйенің құрылымдық элементтерін танытатын қарапайым форма. Ол концептінің ең жақын

семаларынан (мағына бөлшектерінен, кейде ассоциация) құралады да концептінің құрамдас бөлігі болады. Фрейм – белгілі бір концепт төңірегінде ұйымдасқан санадағы ақпараттар бірлігі.

**Ассоциация** – адамның танымдық әрекеті нәтижесінде туатын сөз мағынасының бөлшектері сияқты бейне, ұғым көріністері.

**Схема** – жалпыланған кескінмен берілген концептінің типі.

**Сценарий** – оқиғаның уақыттық жағынан бірізділік сипатта туындауына мүмкіндік беретін когнитивтік құрылым.

**Ойсурет** – концепт қалыптастыру операциясының ең күрделі формасы, концепт құрайтын элементтерді суреттеу тәсілі.

## МАЗМҰНЫ

1	АЛҒЫ СӨЗ.....	3
2	КОГНИТИВТІЛІК ҰҒЫМЫ ТУРАЛЫ ТҮСІНІК .....	5
3	ЗАТ ЕСІМДІ КОГНИТИВТІ ОҚЫТУ ПАРАДИГМАСЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ.....	6
4	ЗАТ ЕСІМДІ ОҚЫТУДЫҢ КОГНИТИВТІ НЕГІЗДЕРІ.....	38
5	КОНЦЕПТ – КОГНИТИВТІ ЛИНГВИСТИКАНЫҢ БАСТЫ БІРЛІГІ .....	45
6	ДҮНИЕ СУРЕТІ.....	50
7	КОНЦЕПТІЛІК ҚҰРЫЛЫМ БӨЛШЕКТЕРІ.....	54
8	ЗАТ ЕСІМДІ КОГНИТИВТІ ОҚЫТУДЫҢ ПСИХОЛИНГВИСТИКАЛЫҚ СИПАТЫ.....	63
9	ЗАТ ЕСІМДІ КОГНИТИВТІ ОҚЫТУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҰСТАНЫМДАРЫ .....	78
10	ЗАТ ЕСІМДІ КОГНИТИВТІ ОҚЫТУ АРҚЫЛЫ ҰЛТТЫҚ МЕНТАЛДЫҚТЫ ТӘРБИЕЛЕУ.....	88
11	БАСТАУЫШ МЕКТЕПТЕ ЗАТ ЕСІМДІ КОГНИТИВТІ ОҚЫТУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҮЙЕСІ.....	95
12	БАСТАУЫШ МЕКТЕПТЕ ЗАТ ЕСІМДІ КОНЦЕПТІЛЕР АРҚЫЛЫ ОҚЫТУДЫҢ МАЗМҰНЫ.....	99
13	ЗАТ ЕСІМДІ КОГНИТИВТІ ОҚЫТУДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ҰСТАНЫМДАР МЕН ӘДІС- ТӘСІЛДЕР.....	109
14	ЗАТ ЕСІМДІ КОНЦЕПТІЛІК ЖҮЙЕ ЖӘНЕ КОНЦЕПТІНІҢ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ ҮЛГІЛЕРІ АРҚЫЛЫ МЕНГЕРТУ .....	117
15	ЗАТ ЕСІМДІ ОҚЫТУҒА АРНАЛҒАН КОГНИТИВТІ ЖАТТЫҒУЛАР ЖҮЙЕСІ .....	136
16	КОНЦЕПТІЛЕР БОЙЫНША БІЛІМДІ ҚАЙТАЛАУҒА, БЕКІТУГЕ АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР ҮЛГІСІ.....	147
17	КОНЦЕПТІЛЕР БОЙЫНША САБАҚ ҮЛГІЛЕРІ.....	152
18	ТЕСТ ЖӘНЕ ТАПСЫРМАЛАР ЖИЫНЫ АРҚЫЛЫ БІЛІМДІ БЕКІТУ ТАПСЫРМАЛАР ҮЛГІЛЕРІ.....	167
19	ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....	173
20	АНЫҚТАМАЛАР МЕН БЕЛГІЛЕР.....	182



*Көлемі 11,8 б.т. Таралымы 500 дана. Офсет қағазы. Тапсырыс № 58*  

---

*М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің  
редакциялық баспа орталығы.  
Орал қаласы, Н.Назарбаев даңғылы, 162*